


Оқу-әдістемелік құрал

Учебно-методическое пособие

Базовый уровень

A2

Базалық деңгей

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

# ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по определению уровня владения казахским языком способом тестирования

АСТАНА 2011

Базовый уровень

A2

Базалық деңгей

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

# ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7
Т 93

«Тіл – құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралын» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірледі

**Пікір жазғандар:**
Р.Ә. Авакова, С.Ш. Ақымбек, А.М. Алдаш, Е.Қ. Әбдірәсілов, Ж.Р. Әмірова, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.А. Досжан, Т.Н. Ермекова, А.Ә. Жаңабекова, А.Ж. Жапбаров, Ш.К. Жаркинбекова, О.С. Жұбаева, Е.А. Журавлева, А.Ф. Зейнулина, З.С. Күзекова, С.Б. Қоянбекова, Г.А. Мұратова, Х.А. Ордабекова, Г.Т. Өтелбай

Т 93 **Тіл–құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы** / Авторлар: М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева, М.С. Жылқыбаева, С.М. Иманқұлова, Н.Ж. Егізбаева, Р.Т. Наралиева, Л.Қ. Тұрабаева, Г.М. Текесбаева, Б.Т. Күзембаева, С.К. Нарынбекова, А.М. Байғұтова, Ж.Т. Құлмағанбетова – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 270 бет.

Қазақ тілін меңгерудің базалық деңгейін бағалау мақсатында тестілеу әдісімен емтихан тапсыру үшін дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құралында тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және емтиханға дайындалудың тиімді жолдары мен әдістері ұсынылған.

Басылым – азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің әдістемелік материалдарының бір бөлігі.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін екінші тіл ретінде, шетел тілі ретінде үйренушілерге, тест тапсырушыларға, сондай-ақ оқытушылар мен маман әдіскерлерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне және көпшілік тіл үйренушілерге арналған.

Учебно-методическое пособие предназначено для подготовки к сдаче экзамена по оценке базого уровня владения казахским языком способом тестирования. В учебном пособии представлен материал по таким видам речевой деятельности как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической структуре языка, также предлагаются эффективные методы и приемы подготовки к экзамену.

Данное издание является одной из структурных частей методических материалов системы оценки уровня владения казахским языком – КАЗТЕСТ.

Учебно-методическое пособие предназначено для изучающих казахский язык как иностранный, как второй язык, для тех, кто готовится к тесту, для преподавателей и методистов, студентов, а также для широкого круга читателей, изучающих язык.

ISBN 978-601-7185-46-6

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7

© Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, 2011
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2011

# МАЗМҰНЫ


Кіріспе.................................................................................... 4
Түсініктеме.............................................................................. 8
**І тарау. ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ**........................................................ 10
Тыңдалым бөлігіне шолу.............................................................. 11
**1.** Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест................................................ 16
**2.** Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.............................. 21
**3.** Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест................................................ 32

**ІІ тарау. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК**................................ 38
Лексика-грамматикалық бөлікке шолу............................................. 39
**1.** Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест.............................. 41
**2.** Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау....... 53
**3.** Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест............................ 118

**ІІІтарау. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ**.......................................................... 130
Оқылым бөлігіне шолу................................................................... 131
**1.** Оқылым бөлігі. Алдын ала тест.................................................. 133
**2.** Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау................................ 145
**3.** Оқылым бөлігі. Қорытынды тест.................................................. 168

**ІVтарау. ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ**.......................................................... 180
Жазылым бөлігіне шолу................................................................. 181
1. Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар.................................... 183
2. Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау...................................... 184
3. Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар................................... 197

**V тарау. ҚОСЫМШАЛАР**.............................................................. 198
**1.** Тыңдалым бөлігінің қосымшасы.................................................. 199
**2.** Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы............................... 205
**3.** Оқылым бөлігінің қосымшасы .................................................... 231
**4.** Жазылым бөлігінің қосымшасы ................................................... 236

**5.** Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері......................................... 247

**6.** Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері............................................................................. 256

**7.** Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері..... 258

**8.**Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері............................................ 260

**ӘДЕБИЕТТЕР**.............................................................................. 267

# КІРІСПЕ

Тіл үйренушінің басты мақсаты және арманы – сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезеңде тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде пайдалана отырып, тілді деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл әдістеме, ең алдымен, оқыту материалдарын «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы бойынша орналастыру арқылы тілді үйренудің оңтайлы екендігін, тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді жолдарын айқын дәлелдеп берді. Деңгейлік жүйеде оқытудың бағыттары одан әрі тереңдетіле түсті; осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің оңтайлы әдістері жинақталған, тіл үйренушінің тілдік дағдыларының қалыптасуына көмек беретін сан алуан оқу-әдістемелік құралдар, шет тілі ретінде ағылшын тілінен емтихан тапсыруға арналған тест жүйесінің кешендері жарық көрді. Әсіресе, тілді шет тілі дәрежесінде меңгерудің деңгейін анықтауға арналған тест жүйесінің, тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік құралдардың маңызы жоғары. Осындай материалдарды пайдаланудың нәтижесінде тіл үйренуші тіл меңгеру сабақтары мен әдістері арқылы нақты бір деңгейге (мысалы, базалық деңгейге) қажетті тілдік құрылымдарды меңгерген соң, дәл сол деңгейде тілді меңгергендігін растайтын емтихан бар екенін және ол емтихан мақсатына қарай әртүрлі талаптармен ұсынылатынын біледі, сондықтан емтихан тапсырмаларын түсіну арқылы тіл меңгерудегі білімін одан әрі шыңдай түседі.

Мұндай оқу-әдістемелік құралдар тест бөліктері, яғни тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуын нақтылайды.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді. Осы кезеңдерден соң тапсырмаларға қатысты жаттығулар беріледі. Бұл жаттығулар да тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Қорытынды тест бөлігі алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан тілдік құзыреттіліктерді тексеру тапсырмалары ретінде беріледі. Әрбір тест тапсырмаларының жауаптары оқу-әдістемелік құрал соңындағы қосымшада беріліп отырады, яғни тіл үйренушінің әрбір кезең сайын өзінің жауаптарын тексеріп отыруға мүмкіндігі бар. Жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері үшін аудиожазбалар компакт-дискіде қосымша беріліп отырады. Бұл тәсіл де сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, тапсырмалардың маңыздылығы мен негізгі мән берілетін тұстарын есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге әртүрлі әдістемелер бойынша оқу құралдары, сөздіктер мен грамматикалық анықтағыштар, тілді меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық сүйемелдеулер, сондай-ақ БАҚ материалдары ұсынылып келеді. Соңғы 15-20 жыл көлемінде өзге тілді аудиторияларға арналып жарияланған сан түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының, басқа да лингводидактикалық материалдардың республика өкілдеріне тілді үйрету, меңгерту, сайып келгенде, Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқандығын айрықша атап өтуге тиіспіз.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің халықаралық жүйелермен ұқсастығы бар. ҚАЗТЕСТ жүйесі екі түрлі арнамен беріледі: бірі шетел тілі ретінде тіл үйренушінің тіл меңгеру деңгейін бағаласа, енді бірі қазақ тілін екінші тіл ретінде бағалауға бағытталған. Тест құрамы тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктерден тұрады. Әрбір бөліктер бойынша тапсырмалар «өте оңай тапсырмадан күрделіге» қағидатын негізге ала отырып құрастырылған. Тест тапсырмаларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттар* негізінде анықталады

.

Тапсырмалардың өзі тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тіл қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген. Деңгейден деңгейге өтуде сабақтастық қағидаты сақталып отырады, төменгі деңгейде белгілі бір тақырып бойынша өте қарапайым тапсырма берілсе, одан жоғары деңгейде дәл сол тақырып қарастырылады, бірақ сөздік қоры да күрделірек, тапсырма түрі де қиынырақ болып келеді.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың ерекшелігі жоғарыда айтылғандай тест құрамындағы сөйлеу әрекетінің түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларына тоқталып, талдап, қорытынды тест тапсыру арқылы тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгеруге жету үшін 180-200 оқу сағаты қажет деп есептеледі.

Қазақ тілін меңгеруде бұл еңбек өз тиімділігін берер деген ниетпен тіл үйренушіге сәттілік тілейміз!

---

* *1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».*
*2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».*
*3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».*
*4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».*
*5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».*

# ВВЕДЕНИЕ

Основная цель при обучении языку – достичь уровня, позволяющего излагать свои мысли на данном языке. В связи с этим на современном этапе в мировой практике обучения языкам одной из передовых является методика поуровневого обучения, использующая в качестве наиболее эффективного способа изучения видов речевой деятельности во взаимосвязи и единой системе. Такого рода методика доказывает, что обучение языку посредством соблюдения принципа расположения учебного материала «от простого к сложному» является наиболее приемлемым и определяет наиболее эффективные способы формирования речевых навыков. Обучение языку по уровневой системе более углублено, благодаря этому разработаны эффективные методы обучения английскому языку, изданы многочисленные учебно-методические пособия для формирования речевых навыков пользователя языка, комплексы тестовых заданий для сдачи экзамена по английскому языку как иностранному. Особое значение приобретает при этом система тестирования для определения уровня владения языком как иностранным, а также учебно-методические пособия, предназначенные для самостоятельной подготовки к тестированию. В результате их изучения для пользователя языка после усвоения определенных навыков, необходимых для того или иного уровня (к примеру базового), зная о существовании экзамена, подтверждающего владение языком на данном уровне и о том, что в зависимости от цели к сдаче экзамена предъявляются определенные требования, выполнение экзаменационных заданий способствует совершенствованию знаний и навыков.

Подобные учебно-методические пособия способствуют формированию навыков по видам речевой деятельности, предлагая анализ тестовых заданий по таким блокам теста, как аудирование, чтение, письмо, а также лексико-грамматическая структура языка.

Учитывая опыт применения наиболее эффективных методов для пользователя языка, совершенствующийся в течение многих лет, в представленных учебно-методических пособиях для начала с помощью проверочного теста определяется уровень пользователя языка, затем идет разъяснение заданий по каждому блоку путем неоднократного анализа однотипных заданий. Таким образом, данные пособия, предлагая задания, содержание которых необходимо усвоить, способствуют пониманию языковой структуры языка. После прохождения данных этапов предлагаются упражнения, вытекающие из заданий. Задания помогают пользователю языка понять специфику языка и закрепить сформированные навыки. Блок итогового теста основан на заданиях для проверки усвоенных ранее языковых умений и навыков. Ответы к тестам по каждому блоку даются в Приложении к учебно-методическому пособию, что дает возможность пользователю языка сверять ответы на каждом этапе. Раздел упражнений предусматривает использование пособия и в качестве рабочей тетради. К блокам Аудирование и Письмо прилагаются компакт-диски с аудиозаписями текстов, что способствует правильному формированию орфоэпических норм языка, запоминанию содержания заданий и основных моментов, на которые необходимо обратить внимание.

На современном этапе для тех, кто изучает казахский язык, предлагается широкий спектр учебно-методических комплексов: учебные пособия, составленные по различным методикам, словари и грамматические справочники, пособия, предназначенные для оценки уровня языка, информационная поддержка и материалы средств массовой информации. Следует подчеркнуть, что опубликованные за последние 15-20 лет многочисленные учебники, учебные пособия и другие лингводидактические материалы по обучению казахскому языку иноязычной аудитории внесли значительный вклад в реализацию языковой политики Республики Казахстан.

Отечественная система оценки уровня владения казахским языком – КАЗТЕСТ аналогична международным системам. Система КАЗТЕСТ представлена в двух направлениях, первый из которых оценивает усвоение казахского языка как иностранного, второй – усвоение казахского языка как второго. Тест состоит из таких блоков, как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической части. Задания каждого блока составлены в соответствии с принципом «от простого к сложному». Особенности формирования тестовых заданий основаны на государственных стандартах, определяющих требования к коммуникативным языковым компетенциям владения казахским языком.*

Задания в зависимости от уровня владения языком направлены на формирование умения пользователя языка употреблять язык в языковой среде в соответствии с потребностями повседневной жизни и среды окружения. Система КАЗТЕСТ позволяет выявить такие уровни владения казахским языком, как элементарный, базовый, средний, уровень выше среднего и высокий уровни, которые соответствуют международным уровням владения языком. При переходе от одного уровня к другому соблюдается принцип преемственности. Если на первоначальном уровне даны простые задания на определенную тему, то на более высоком уровне предлагается эта же тема, но усложняется словарный запас и сами задания.

Особенность предлагаемого учебно-методического пособия заключается в том, что приведенный анализ тестовых заданий и итоговые тесты по таким видам речевой деятельности, как аудирование, чтение, письмо, а также лексико-грамматическая структура языка, способствуют формированию языковых навыков. Для достижения базового уровня владения казахским языком считается необходимым 180-200 учебных часов.

Каждому, кто изучает казахский язык желаем больших успехов и надеемся, что наше пособие поможет Вам в этом!

---

* *1. СТ РК 1926-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Элементарный уровень. Общее владение».*
*2. СТ РК 1928-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Базовый уровень. Общее владение».*
*3. СТ РК 1929-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Средний уровень. Общее владение».*
*4. СТ РК 1925-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Уровень выше среднего. Общее владение».*
*5. СТ РК 1927-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Высокий уровень. Общее владение».*

# Құрметті Тіл үйренуші!

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлерде меңгеру үшін тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық бөліктері бойынша қазақ тілін меңгерудің емтиханына дайындық құралы ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралды әрбір бөлік бойынша тест тапсырмаларының түрлері, оларға дұрыс жауап берудің әдістері, әрбір бөлімдердегі тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарының кілттері Сіз үшін ыңғайлы болу тұрғысынан берілген.

Оқу-әдістемелік құралдың құрылымы төмендегідей:

1) Алдымен тест тапсырып көруге мүмкіндік беріледі, бұл үшін алдын ала тест ұсынылған;

2) әртүрлі тест тапсырмаларына талдау жасалады, талдау арқылы тілдік құрылымдарды еске түсіріп, оларды нақтырақ түсінуге болады;

3) қорытынды тест арқылы біліміңізді шыңдауға мүмкіндік бар;

4) қосымшада жаттығулар мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері келтірілген.

Алдымен сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бөліктерге шолу жасалады. Тест тапсырмаларының түрлеріне сипаттама берілген соң алдын ала тест тапсыруға мүмкіндік қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері бойынша репликалар, диалогтер, монологтер мен мәтіндер компакт-дискіде қосымша беріледі. Мүмкіндігінше аудиоматериалдарды бір рет қана тыңдау керек. Бұл өз ретінде есте сақтау мен сөздік қордың қалыптасуына септігін тигізеді.

Тест талдау бөлімінде бөліктер бойынша түрлері мен күрделілік дәрежесіне қарай тест тапсырмаларына түсіндірме жасалады. Тест тапсырмасының жауап нұсқаларына талдау жасалады немесе қазақ тілінің тілдік құрылымдары бойынша қысқаша түсіндірме беріледі. Алайда дұрыс жауап нұсқасы мақсатты түрде әдейі көрсетілмейді. Талдаудан дұрыс жауапты түсініп, саралап табу өзіңізге қалдырылады. Бұл тәсіл де тілді меңгеруге деген ұмтылысты күшейте түсетіні анық.

Тест талдау бөліміндегі шыңдаған біліміңіз арқылы алдын ала тест тапсырудағы кемшіліктеріңізді Қорытынды тест бөлімінде түзетерсіз деген үміттеміз. Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары да алдыңғы бөліктерге мазмұны бойынша ұқсас болғанымен, материалды кеңірек қамту мақсатында өзге де тақырыптар мен жағдаяттар қарастырылады.

Қосымша бөліміндегі тілдік құрылымдар бойынша әзірленген анықтамалар, жаттығулар мен әртүрлі мысалдар қазақ тілі бойынша біліміңізді шыңдайды.

Тест талдау бөлімінде Т́ белгісі («түсіндіру», «талдау» сөздерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Т» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасы бойынша талдау немесе түсіндірменің басталған жерін білдіреді.

Ė белгісі («ескерту», «ескертпе», «еске түсіру», «еске салу» сөздері мен сөз тіркестерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Е» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасына қатысты қазақ тілінің тілдік құрылымы бойынша ескерту немесе грамматикалық элементтерді еске салу бөлігінің басталғанын анықтайды.

Қосымшаларда берілген анықтамалар, мысалдар мен өз бетінше орындауға берілген жаттығулар сіздің қазақ тілінен біліміңізді тереңдете түсетініне сенеміз!

Қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысыңызға сәттілік тілейміз!

# Уважаемый Пользователь языка!

Учебно-методическое пособие рекомендовано для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком на элементарном, базовом, среднем, уровне выше среднего, высоком уровнях в соответствии с такими видами речевой деятельности, как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматическая структура языка. Для эффективной подготовки в учебно-методическом пособии представлены виды тестовых заданий по каждому блоку, способы определения правильных ответов, ключи правильных ответов тестовых заданий.

Структура данного учебно-методического пособия такова:

1) перед тем, как приступить к разбору заданий предоставляется возможность сдать предварительный тест;

2) далее приведен анализ разных видов заданий, что позволяет освежить в памяти и лучше усвоить языковую структуру;

3) с помощью итогового теста предоставляется возможность закрепить свои знания;

4) в приложении приведены упражнения и ключи правильных ответов тестовых заданий.

Для начала приведен обзор каждого блока по видам речевой деятельности. После описания вида речевой деятельности следует предварительный тест. Реплики, диалоги, монологи и тексты по блокам Аудирование и Письмо прилагаются на компакт-диске. По возможности аудиоматериал следует прослушать не более одного раза. Это оказывает влияние на формирование словарного запаса и закрепление его в памяти.

В разделе анализа тестов даются пояснения и разъяснения к различным видам тестовых заданий по степени сложности. Варианты ответов тестовых заданий подробно анализируются, либо даются краткие разъяснения по языковым конструкциям казахского языка. Но варианты правильных ответов не указываются намеренно. Умение понять и на основе анализа определить правильный ответ оставлено за Вами, что также усиливает стремление к усвоению языка.

Надеемся, что после усвоения анализа заданий пробелы, которые были допущены в предварительном тестировании будут отработаны и успешно выполнены в разделе итогового тестирования. Несмотря на то, что тестовые задания данного раздела схожи по структуре с предыдущими, здесь предусмотрены другие темы и ситуации с целью охвата большего объема материала.

Правила, справочная информация, упражнения и различные примеры, приведенные в приложении, помогут Вам закрепить свои знания по казахскому языку.

В разделе анализа тестовых заданий знак **Т́** (выбрана начальная буква слов түсіндіру – «разъяснение, толкование», талдау – «анализ» и использована иная форма традиционной буквы «Т») означает начало анализа или пояснения к тестовому заданию.

Знак **Ė** (выбрана начальная буква слов ескерту – «примечание», ескертпе, еске салу, еске түсіру – «напоминание» и использована иная форма традиционной буквы «Е») означает начало информации по языковым конструкциям казахского языка или грамматическим элементам, на которую необходимо обратить внимание, закрепить в памяти.

Искренне верим в то, что справочная информация, примеры и упражнения для самостоятельной работы, данные в приложении, помогут Вам углубить знания по казахскому языку.

Желаем успехов в изучении казахского языка!

# I тарау

# Тыңдалым бөлігі

# Блок Аудирование

- Тыңдалым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

# Тыңдалым бөлігіне шолу

Тыңдалым – тілдік қатысым барысында ауызша айтылған мәтінді түсінуге және жауап беру мен сұрақ қоя білуге бағытталған сөйлеу әрекетінің түрі.

Базалық деңгейдің қазақ тілін меңгеру дәрежесін бағалауға арналған тыңдалым тесті төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлімдегі тест тапсырмаларының түрлері белгілі бір мақсатты көздейді және өзара сабақтастық ұстанымына негізделген.

**Бірінші бөлім** көлемі шағын, мазмұны жеңіл болып келетін 4 диалогтен тұрады. Әрбір диалог бойынша 2 тест тапсырмасына жауап беру ұсынылады, олар түсіну мен есте сақтау дағдысына, диалог мазмұнына сәйкес келетін ақпараттарды табуға бағытталған. Бұл бөлімдегі барлық тапсырма саны – 8.

Сәйкес келетін ақпараттарды табу екі түрлі сипатта болады. Біріншіден, тест тапсырушының диалогті түсінгені түрлі жолдармен сұралады: диалог тақырыбын анықтау, диалогке қатысушылардың кімдер екенін ажырата білу, диалог өтіп жатқан орынды және уақытты көрсету түрінде келеді. Екіншіден, есте сақтауға арналған тапсырмаларда диалог мазмұнына сәйкес келетін (дұрыс) немесе сәйкес келмейтін (қате) ақпаратты көрсету сұралады.

Бұл деңгейдің тапсырма жауаптарында диалог мазмұнындағы сөз қолданыстар сөзбе-сөз қайталанбайды, мағына сақтала отырып, басқа сөз қолданыстарымен берілген. Ал диалогтер мазмұны жағынан аялдама, отбасы және түрлі қоғамдық орындардағы (кітапхана, әуежай кассасы, сауда орталықтары, ателье, шаштараз, мейрамхана) ауызекі сөйлеу тіліне негізделген құрылымдардан тұрады.

**Екінші бөлім** көлемі орташа, мазмұнында ақпарат біршама мол қамтылған 2 диалогтен тұрады. Әр диалогке 3 тест тапсырмасына жауап беру ұсынылады, барлық тапсырма саны – 6. Тыңдалым материалдары баспасөз беттерінен немесе көркем шығармадан бейімделіп алынған диалогтер.

Мазмұны жағынан бірінші бөлімдегі тақырыптар деңгейге сай күрделенген түрде қайталанады және одан өзге қазақтың ұлттық ерекшеліктеріне қатысты танымдық сипаттағы ұлттық киім, ұлттық музыкалық аспаптар жайында, мәдени орындар мен қоғам қайраткерлерінің өмірбаяны, қызметі, сондай-ақ соңғы кездері жарық көрген кітаптар, түсірілген фильмдер туралы және т.б. тақырыптармен толығады. Бірнеше ақпарат қамтылатындықтан мазмұны жағынан диалог күрделі және көлемді болып келеді.

Екінші бөлімнің тапсырмалары басқа сөз қолданыстары арқылы сұралған сұрауларды және берілген жауаптарды түсіне білуге арналған. Олар мазмұнға сай келетін дұрыс ақпаратты табу, мазмұнына сай жауапты (сөйлемді) қажетті ақпаратпен толықтыру әрі аяқтау, бірнеше ақпаратты есте сақтай отырып, қандай ақпараттың жоқ екенін таба білу түрінде болып келеді.

**Үшінші бөлім** көлемі ұзақ, орта есеппен он бес сөйлемнен тұратын және мазмұны күрделі 2 диалогтен тұрады. Әр диалогке 4 тапсырма беріледі, барлық тапсырма саны – 8. Түсіну мен есте сақтау дағдысына бағытталған алғашқы екі бөлімдегі тапсырмалар диалогтегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білуге байланысты негізгі ақпаратты табуға, қосымша ақпаратты көрсетуге, мәтіндегі сындық/сандық белгіні нақтылауға арналған тапсырма түрлерімен толыға түседі.

Диалогтер кино, театр қойылымдары, жаңа басылымдар, баспасөз жаңалықтары, пайдалы кеңестер және т.б. тақырыптарды қамтиды және олар баспасөз беттерінен алынған материалдар болып келеді.

**Төртінші бөлімде** 2 мәтін немесе монолог тыңдалады. Әр мәтінге 4 тапсырма беріледі, барлық тапсырма саны – 8. Бұл бөлім келесі жаңа тапсырма түрлерімен толығады: мәтін мазмұнына сай келетін тақырыпты анықтау, мәтінді бөліктерге бөлу, әр бөлікте айтылған ақпаратты табу, мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді көрсету, мәтіндегі мағыналас және қарсы мәндес сөздерді ажырата білу.

Мазмұны жағынан Қазақстанның көрікті жерлері, қазақ жеріндегі аң-құстар тіршілігі, өмірбаяндар, баспасөз тарихы, табиғат ғажайыптары, салт-дәстүрлер, тарихи және т.б. тақырыптағы мәтіндер болып келеді.

Тыңдалым тапсырмаларын дұрыс орындау үшін мынадай талаптарды қатаң сақтау қажет:

- мұқият тыңдау;
- мазмұнды жалпы түсіну;
- бірнеше ақпаратты бөлшектеп есте сақтау;
- көлемді диалогтер мен мәтін мазмұнын толық түсіну;
- мәтіндегі ақпараттың берілуіне – грамматикалық құрылымына (болған іс, болатын іс, болып жатқан іс) назар аудару.

Тыңдалым тапсырмаларын орындау ережесі:

- Тыңдалым бөлігінде тапсырмалар саны – 30.
- Тыңдалым бөлігіне 25 минут уақыт беріледі.
- Тыңдалым тапсырмалары жеңілден қиынға қарай беріледі.
- Тыңдалым бөлігі тест тапсырмаларының мақсаты – тыңдаған материалды түсіну, есте сақтау, тыңдаған мәтін бойынша берілген сұрауға жауап бере алу.
- Мақсатқа жету үшін мұқият тыңдап, ақпаратты түсіну, есте сақтай білу, есте сақталғанды мәтіндегі немесе мағыналас сөздермен жеткізе алу керек.

**Қосымша диск бойынша нұсқаулық**

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгі арқылы бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден Тыңдалым бөлігін таңдайсыз. Мәтіндердің реттік нөмірлеріне сәйкес аудиожазбаны таңдап, арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Аудиожазбаны тыңдау арқылы мәтінге сәйкес тест тапсырмаларын орындаңыз. Әр тапсырманы орындау үшін 15 секунд уақыт беріледі.

# Обзор блока Аудирование

Аудирование – это вид речевой компетенции, связанный с умением адекватно воспринимать на слух звучащую речь, усваивать содержащуюся в ней информацию, отвечать на поставленные вопросы в рамках данной информации.

Предназначенные для базового уровня тестовые задания по аудированию разделены на 4 части; задания каждой из частей имеют свою цель и взаимосвязаны между собой.

**Первая часть** состоит из 4 диалогов, небольших по объему и несложных по содержанию. Каждый из них сопровождается двумя заданиями на понимание и усвоение содержащейся в них информации. Данный раздел включает 8 заданий.

Предлагаемые задания являются разнообразными как по уровню сложности, так и по своим целям: ряд заданий основывается на усвоении экстралингвистической информации, содержащейся в диалоге (информация о месте и времени действия, об участниках диалога, о тематике диалога и пр.). На следующем этапе для восприятия информации требуется усвоение контента (содержания) диалога; в данном случае пользователю языка предлагается тест, содержащий 1 верный и 3 неверных (или неполных) варианта ответов.

При разработке теста целью являлась проверка уровня владения синонимикой казахского языка (в заданиях нет дословного повторения информации, содержащейся в диалогах). Тематика диалогов основана на ряде жизненных ситуаций, часто встречающихся в разговорной речи (диалоги в библиотеке, железнодорожных и авиакассах, торговом центре, ателье, ресторанах и т.д.).

**Вторая часть** включает в себя 2 диалога, больших по объему и информативной насыщенности. Каждому диалогу соответствует 3 задания, общее количество заданий – 6. В данном разделе представлены адаптированные диалоги, базирующиеся на реальном материале, извлеченном из художественных и публицистических (газетных и журнальных) текстов.

Содержание данных диалогов частично соответствует тематике, представленной в первой части, но на качественно ином уровне; помимо этого, в данную часть включается материал, содержащий национальный колорит (описание казахской национальной одежды, специфики казахской культуры), а также биографические сведения об общественных деятелях, информация о культурной жизни современного Казахстана (сведения о новых книгах, фильмах и т.д.). Многоплановость информации обусловливает увеличение объема и усложнение содержания диалогов.

Во второй части представлены, в частности, такие виды заданий, как перефразированные вопросы, а также задания на восполнение недостающей информации (к примеру, дополните предложение информацией, соответствующей содержанию диалога; выберите вариант, содержащий представленную/ не представленную в диалоге информацию).

**Третья часть** состоит из двух значительных по объему и сложных по содержанию диалогов, включающих в себя не менее 15 предложений. По каждому диалогу дается 4 задания, также имеющих преемственную связь с заданиями 1 и 2 частей. Специфика данной части заключается в том, что здесь представлены задания на выявление основной и дополнительной информации, а также содержащихся в диалоге качественных и количественных характеристик.

В диалогах третьей части представлены такие темы, как кино, театр, новые издания, а также полезные советы и т.д., которые являются материалами периодических изданий.

**В четвертой части** предложено 2 монолога, каждый из которых сопровождается 4 заданиями. В данной части задания представлены в более сложной форме и содержат такие задания, как определение темы по содержанию монолога, деление монолога на части, поиск информации по каждой части, поиск опорных слов, соответствующих содержанию текста, умение различать синонимы и антонимы различных понятий. Специфика данной части заключается в том, что в ней представлены разнообразные задания, связанные с делением прослушанного текста на части, выявлением основной информации по каждой из частей, логическим структурированием текста, определением ключевых (опорных) слов, а также с использованием синонимов/антонимов.

Тексты, представленные в данной части, отражают информацию об истории Казахстана, его достопримечательностях, флоре и фауне, а также включают автобиографические материалы и описание национальных обычаев и традиций.

Для успешного выполнения заданий по аудированию необходимо соблюдать следующие требования:

- внимательно прослушать информацию;
- понять ее общее содержание;
- при прослушивании диалогов/текстов большого объема необходимо понимать основную идею текста, воспринимать его в целом;
- объемную информацию нужно запоминать по частям, необходимо также логически структурировать прослушанную информацию;
- следует обращать внимание на грамматические особенности текста (в частности, на время действия – прошедшее, настоящее, будущее и пр.).

Правила выполнения заданий:

• на прослушивание материала и выполнение заданий дается 25 минут;

- в целом тест включает 30 заданий, расположенных по принципу возрастающей сложности;
- целью аудирования является понимание и усвоение прослушанного материала, умение отвечать на вопросы по тексту;
- для достижения поставленной цели необходимо внимательно прослушать, понять содержание текста и запомнить информацию, уметь передавать его словами и конструкциями из текста или другими словами, близкими по значению.

**Инструкция к прилагаемому диску**

Установите программу на прилагаемом диске в операционную систему Windows. Щелкнув на специальный значок на рабочем столе, запустите программу. На появившемся окне выберите Тыңдалым бөлігі (блок Аудирование). Прослушайте аудиозапись, соответствующую порядковому номеру текста, нажав на кнопку проигрывателя. Прослушав аудиозапись, выполните тестовые задания по тексту. Для выполнения каждого задания отводится 15 секунд.

# 1 Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест
# Блок Аудирование. Предварительный тест

## *Бірінші бөлім*

- Бірінші бөлімде компакт-дискіден 4 шағын диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 2 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Диалогтерді бір рет қана тыңдау қажет.

- В первой части прослушайте 4 минидиалога с компакт-диска.
- К каждому диалогу предлагается 2 тестовых задания, всего 8 заданий.
- Диалоги необходимо прослушать только один раз.

### 1-диалог тапсырмасы

**1** Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Таксиді шақырту себебі – ... .
A) вокзалға бару
B) әуежайға бару
C) автовокзалға бару
D) қонақүйге жетіп алу

**2** Дұрыс ақпаратты табыңыз.
Найдите правильную информацию.

A) Салтанат ұшақпен келеді.
B) Салтанат пойызбен келеді.
C) Салтанат қонақүйге орналасады.
D) Аслан әуежайға өз көлігімен барады.

### 2-диалог тапсырмасы

**3** Диалогтің не туралы екенін анықтаңыз.
Определите содержание диалога.

Диалог не туралы?
A) бәйгеге ат қосу
B) ұлттық спорт ойындары
C) көкпар тартып көру қажеттігі
D) тоғызқұмалақ ойнаудың ережесі

**4** Қате ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите неверную информацию.

Атқа міне білу ... үшін қажет.
A) көкпар
B) қыз қуу
C) ат бәйгесі
D) тоғызқұмалақ

### 3-диалог тапсырмасы

**5** Сұхбат өтіп жатқан орынды анықтаңыз.
Определите место, где происходит диалог.

A) Сән үйі
B) Ателье
C) Киім дүкені
D) Кеңес беру орталығы

**6** Диалог мазмұнына сай сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Сатушының берген кеңесі – ... .
A) костюмді жеке сатып алу
B) ательеде тапсырыспен тіктіру
C) орталықпен серіктес болу
D) кәсіби тігіншілермен ақылдасу

### 4-диалог тапсырмасы

**7** Дұрыс ақпаратты табыңыз.
Найдите правильную информацию.

Сәкен баратын оқу орны – ... .
A) орта мектеп
B) физика факультеті
C) Ұлттық техникалық университет
D) Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығы

**8** Диалог болған мезгілді анықтаңыз.
Определите, в какое время года проходит диалог.

A) жазда
B) күзде
C) қыста
D) көктемде

## *Екінші бөлім*

- Екінші бөлімде компакт-дискіден 2 диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 3 тапсырмадан, барлығы 6 тапсырма беріледі.
- Диалогтерді бір рет қана тыңдау қажет.

- Во второй части прослушайте 2 диалога с компакт-диска.
- По содержанию каждого диалога предлагается ответить на 3 тестовых задания, всего 6 заданий.
- Прослушайте диалоги только один раз.

### 5-диалог тапсырмалары

**9** Сөйлемді қажетті ақпаратпен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужной информацией.

Бекзат Саттарханов туралы мәліметтер маған ... үшін қажет.
A) ол туралы кино түсіру
B) оның балалық шағын білу
C) ол жайында шығарма жазу
D) оны арнайы сыйлыққа ұсыну

**10** Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес аяқтаңыз.
Закончите предложение в соответствии с содержанием диалога.

«Бекзат» фильмінің тұсаукесері ... .
A) Бекзаттың туған ауылында болды.
B) Қазақстан кинематографистер одағында өтті.
C) Халықаралық қазақ-түрік университетінде өтті.
D) Қазақ телеарнасының «Еларна» арнасында өтті.

**11** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) «Бекзат» фильмінің түсірілуі Түркістанда өтті.
B) «Бекзат» фильмі «Құлагер» сыйлығын жеңіп алған.
C) Фильмнің түсіру жұмыстары 2009 жылы күзде аяқталды.
D) Фильм Қазақстанның барлық телеарналарынан көрсетілді.

### 6-диалог тапсырмалары

**12** Диалог мазмұнын толық ашатын сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, наиболее полно раскрывающее содержание диалога.

A) «Жамбыл» журналына шыққан әңгіме туралы.
B) Соңғы кездері шетелде жазылған кітаптар жайында.
C) Жазушы М. Мағауиннің жетпіс жасқа толуы туралы.
D) М. Мағауиннің «Жармақ» атты шығармасы жайында.

**13** Сөйлемді мәтін мазмұнына сай ақпаратпен толықтырыңыз.
Дополните предложение информацией, соответствующей содержанию текста.

«Жармақ» романы алғаш ... жарық көрді.
A) жеке кітап түрінде шетелде
B) Қазақстанда жеке кітап түрінде
C) үзінді түрінде «Жұлдыз» журналында
D) «Жамбыл» журналында толық нұсқада

**14** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Шығарма оқырман арасында қызығушылық тудырды.
B) «Жамбыл» журналына қысқартылған нұсқасы берілген.
C) Жазушының жетпіс жылдығына орай журналға жарияланды.
D) Роман биылғы «Жұлдыз» журналының соңғы санына шықты.

## *Үшінші бөлім*

- Үшінші бөлімде компакт-дискіден көлемді және күрделі 2 диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Диалогтерді бір рет қана тыңдау қажет.

- В третьей части прослушайте 2 объемных и содержательных диалога с компакт-диска.
- По содержанию каждого диалога предлагается ответить на 4 тестовых задания, всего 8 заданий.
- Прослушайте диалоги только один раз.

### 7-диалог тапсырмалары

**15** Сұхбаттың негізгі тақырыбын анықтаңыз.
Определите тему диалога.

A) Театрдың тарихы
B) Пьесаның жанрлық түрлері
C) «Махаббат мелодрамасының» қойылымы
D) Режиссер Болат Ұзақовтың еңбекжолы

**16** Сұхбат берушіні анықтаңыз.
Определите кто дает интервью.

A) көрермен
B) пьесаны жазған адам
C) драма театрының әртісі
D) пьесаны қоюшы режиссері

**17** Сұхбат бойынша сахналанған қойылым мерзімін анықтаңыз.
Определите время постановки сценического представления, обсуждаемого в диалоге.

A) күзде
B) қыста
C) жазда
D) көктемде

**18** Сөйлемді қажетті ақпаратпен аяқтаңыз.
Закончите предложение нужной информацией.

Режиссер қойылымды ... .
A) жақсы шығарды
B) сәтсіздеу шығарды
C) тамаша алып шықты
D) ел көретіндей сахналады.

**8-диалог тапсырмалары**

**19** Диалогтегі негізгі ақпаратты көрсетіңіз.
Найдите основную информацию диалога.

A) Тұмаудың алдын алуы.
B) Ағзаны С дәруменімен толықтыру жолдары.
C) Суық тигенде лимонмен шай ішудің пайдасы.
D) Апельсин құрамындағы С дәруменінің мөлшері.

**20** Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Құрамында С дәрумені көп жеміс – ... .
A) киви
B) лимон
C) апельсин
D) болгар бұрышы

**21** Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Ағзаға қажетті С дәруменінің бір күндік нормасын ... қамтамасыз ете алады.
A) екі тілік лимон
B) бір орташа лимон
C) екі тілік апельсин
D) бір орташа апельсин

**22** Мазмұнға сай сөйлемді қажетті ақпаратпен толықтырып, аяқтаңыз.
Закончите предложение, дополнив соответствующей информацией.

Лимон тілігін ыстық шайға салғанда, құрамындағы С дәрумені ... .
A) азаяды
B) артады
C) жойылады
D) сақталады

## *Төртінші бөлім*

- Төртінші бөлімде компакт-дискіден 2 мәтін немесе монолог тыңдайсыз.
- Әр мәтінге 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Мәтіндерді бір рет қана тыңдайсыз.

- В четвертой части прослушайте 2 текста или монолога с компакт-диска.
- По содержанию каждого текста предлагается ответить на 4 тестовых задания, всего 8 заданий.
- Прослушайте тексты только один раз.

## 1-мәтін тапсырмалары

**23** Мәтін мазмұнына сай нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точную тему к тексту.

A) Ауыл өмірі
B) Отбасы татулығы
C) Қарттың жауабы
D) Патшаның сауалы

**24** Мәтіннің ортаңғы бөлігінде берілген ақпаратты анықтаңыз.
Определите информацию, которая изложена во второй части текста.

A) Үлкен отбасы туралы.
B) Патшаның ақсақалмен кездесуі.
C) Патшаның келіп, ауыл өмірін көруі.
D) Ақсақалдың патшаға берген жауабы.

**25** Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді көрсетіңіз.
Укажите опорные слова, которые раскрывают содержание текста.

A) үлкен, қағаз, жазу, қауым
B) отбасы, татулық, патша, ақсақал
C) ұрыс-керіс, дау-жанжал, өмір сүру
D) қария, балалар, шыдамдылық, қағаз

**26** Берілген сөйлемге мағынасы сәйкес келетін сөйлемді анықтаңыз.
Определите предложение, которое соответствует по смыслу данному предложению.

Бұл отбасы туралы хабарды патша да естиді.
A) Отбасы жайындағы әңгіме патшаның да құлағына жетеді.
B) Отбасындағы бұл жағдайды патша да біледі.
C) Бақытты отбасы жайында патшаға да айтады.
D) Отбасы туралы аңызға патшаның да көңілі толады.

## 2-мәтін тапсырмалары

**27** Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точную тему для текста.

A) Журнал тарихы
B) Қазақ журналдары
C) Франциядағы жунал
D) Жекеменшік журнал

**28** Мәтіннің басында берілген ақпарат мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание информации, данной в начале текста.

A) Тұңғыш журнал «Журнал де Саван».
B) Жекеменшік журналдардың мазмұны.
C) Журналдың ерекшелігі, қызметі мен түрлері.
D) Журналдың құрылымы мен пайда болу тарихы.

**29** Дұрыс ақпаратты табыңыз.
Найдите правильную информацию.

Алғашқы журналдардың қызметі – ... .
A) ел арасында қоғамдық пікір қалыптастыру
B) қоғамның саяси өмірін сати-рамен көрсету
C) көркемөнер туындыларына терең талдау жасау
D) түрлі сала жаңалықтарын баяндау, кітаптарға шолу жасау

**30** Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, которая не соответствует содержанию текста.

A) Әлемде ең бірінші журнал Францияда жарық көрді.
B) Алғашқы журналдар тек діни жаңалықты баяндаумен ғана шектелді.
C) Журнал газетке қарағанда оқиғаны кең баяндап, тереңі талдау жасайды.
D) XIX ғ. екінші жартысында жарық көрген журналдар безендіріле бастады.

# 2 Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау
# Блок Аудирование. Анализ тестовых заданий

## *Бірінші бөлім*

- Бірінші бөлімде компакт-дискіден 4 шағын диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 2 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Диалогтерді бір рет қана тыңдау қажет.

- В первой части прослушайте 4 минидиалога с компакт-диска.
- К каждому диалогу предлагается 2 задания, всего 8 заданий.
- Прослушайте диалоги только один раз.

**1-диалог**

– Атырау-Алматы бағытына ұшатын ұшақтың билеті қанша тұрады?
– 27 мың теңге. Қазір жеңілдіктер жүріп жатыр. Егер бару және қайту билеттерін бірден алсаңыз, 35 мың теңге.
– Жақсы екен. Бірақ менің қайту уақытым белгісіз. Сондықтан тек бір ғана бағытқа аламын.
– Онда 27 мың теңгеге аласыз.

**1** Диалогке қатысушыларды анықтаңыз.
Определите участников диалога.

A) жолаушы мен кассир
B) сатушы мен жолаушы
C) жолаушы мен жолаушы
D) сатып алушы мен кассир

1) Кассир – билет сататын адам.
2) Сатушы – затты сататын адам.
3) Жолаушы – белгілі бір мақсатпен жол жүретін адам.
4) Сатып алушы – затты сатып алатын адам.

**2** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Выберите правильный вариант.

Жолаушының жеңілдікті пайдаланбау себебі – ... .
A) ақшасы жеткілікті
B) билеттің құны қымбат
C) қашан қайтатынын білмейді
D) жеңілдіктің уақыты өтіп кеткен

Т́

1) Ақшасы жеткілікті – ақшасы жетеді, бірақ диалогте бұл туралы ақпарат жоқ.
2) Билеттің құны қымбат – билеттің құны қымбат, алайда, екі бағытқа бірден алса, арзан.
3) Қашан қайтатынын білмейді – қайтатын уақыты белгісіз.
4) Жеңілдіктің уақыты өтіп кеткен – керісінше, жеңілдік қазір жүріп жатыр.

Ė жеңілдік – белгілі бір уақыт аралығында бағаның төмендетілуі

**2-диалог**

– Сіз көк шайды ұнатасыз ба?
– Иә, себебі көк шайдың денсаулыққа пайдасы зор. Кеше теледидардан да ол туралы бір хабар болды.
– Қандай пайдасы бар екен?
– Адамның өзін сергек сезінуіне, дене сұлулығына, жасартуға тіпті қатерлі ісік ауруларының алдын алуға да пайдасы бар көрінеді.

**3** Диалог мазмұны бойынша негізгі ақпаратты анықтаңыз.
Определите основную информацию по содержанию диалога.

A) сұлулық
B) денсаулық
C) қатерлі ісік
D) көк шайдың пайдасы

Т́

1) Сұлулық – әдемілік, дене сұлулығына көк шай пайдалы, бірақ бұл толық ақпарат емес.
2) Денсаулық – денсаулыққа көк шай пайдалы, алайда бұл да толық ақпарат емес.
3) Қатерлі ісік – рак ауруы, қатерлі ісіктің алдын алуға шай көмектеседі, бұл толық ақпарат емес.
4) Көк шайдың пайдасы – көк шай көп нәрсеге пайдалы: сұлулыққа, денсаулыққа, қатерлі ісіктің алдын алуға, бұл толық ақпарат.

**4** Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите правильную информацию.

A) Көк шайды көп ішпеу керек.
B) Көк шайдың емдік қасиеті жоқ.
C) Көк шайдың денсаулыққа пайдасы зор.
D) Сұхбат беруші көк шайды ұнатпайды.

Т́

1) Көк шайды көп ішпеу керек – мұндай ақпарат диалогте жоқ.
2) Көк шайдың емдік қасиеті жоқ – керісінше, көк шай қатерлі ісіктің алдын алуға көмектеседі.
3) Көк шайдың денсаулыққа пайдасы зор – көк шай дене сұлулығына, аурудың алдын алуға пайдалы.
4) Сұхбат беруші көк шайды ұнатпайды – керісінше, көк шайды ұнатады.

**3-диалог**

– Әже, сіз қайда барасыз?
– Тойға барамын. Үсеннің алты жасар қызы балабақшамен қоштасып, енді мектепке барады. Соған отбасы той жасап жатыр.
– Оның неше баласы бар?
– Екі ұл, үш қызы бар. Мынау – кенже қызы.
– Отбасы үлкен екен ғой.
– Иә, үлкен ұлы – студент. Басқалары мектепте оқиды.

**5** Сөйлемді дұрыс ақпаратпен толықтырыңыз.
Дополните предложение правильной информацией.

Үсеннің кіші ұлы – ... .
A) студент
B) оқушы
C) жұмысшы
D) балабақшада

Т́
1) Студент – жоғары оқу орнында оқитын бала;
2) Оқушы – мектепте оқитын бала;
3) Балабақша – үш жастан мектеп жасына дейінгі бала тәрбиелейтін орын;
4) Жұмысшы – өндірісте жұмыс істейтін адам.

**6** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Үсеннің кенже қызының жасы – ... .
A) екіде
B) үште
C) бесте
D) алтыда

Т́
1) Екі – ұл баласының саны;
2) үш – қыздарының саны;
3) бес – барлық баласының саны.
4) алты – ең кіші қызының жасы

**4-диалог**

– Әке, мына жігітті танисың ба?
– Жүзі таныс, бірақ аты есіме түспей тұр.
– Екі жыл бұрын бірінші курсты бітірген кезде жазғы каникулда ертіп келген курстасым ғой. Есімі – Ғали. Солтүстіктің жігіті.
– Ә-ә, амансың ба, балам? Енді есіме түсті. Домбыра тартатын жігіт қой. Қош келдің, қарағым!

**7** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Ғали домбыра тартады.
B) Әкесі Ғалиды бірден танымады.
C) Ғали – Солтүстік өңірінің жігіті.
D) Ғали досының үйіне бірінші рет келіп тұр.

Т́
1) Домбыра тарту – домбырада ойнау.
2) Бірден танымау – есіне түсіре алмау.
3) Солтүстік өңірден – солтүстік жақтан, солтүстіктен.
4) Бірінші рет келу – бұған дейін келмеген.

Ė
Өңір – өлке, аймақ, жер
Жүзі таныс – бұрын көрген

**8** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Баласы әкесіне ... көрсетті.
A) атын
B) курстасын
C) солтүстікті
D) домбырасын

Т́
1) Ат – адамға қойылатын есім.
2) Курстас – бір курста оқитын студенттер.
3) Солтүстік – әлемнің төрт бұрышының бірі, оңтүстікке қарсы жақ.
4) Домбыра – қазақтың кең тараған екі шекті ұлттық музыкалық аспабы.

## *Екінші бөлім*

- Екінші бөлімде компакт-дискіден 2 диалог тыңдайсыз.
- Әр диалогке 3 тапсырмадан, барлығы 6 тапсырма беріледі.
- Диалогтерді бір рет қана тыңдау қажет.

- Во второй части прослушайте 2 диалога с компакт-диска.
- По содержанию каждого диалога предлагается 3 тестовых задания, всего 6 заданий.
- Прослушайте диалоги только один раз.

**5-диалог**

– Әже, осы үй жиһаздарының атауының бірі де қазақша емес: шкаф, шифонер, тумба. Сонда қазақтарда ондай мүліктер болмаған ба?
– Неге болмасын, болған. Және олар көшіп-қонуға ыңғайлы болған. Киім ілуге арналған адалбақан деген, ыдыс-аяқ қоятын – асадал деген бұйымдар болған.
– Екі атаудың да құрамында «адал» сөзі бар екен, ә?
– Атауының өзі айтып тұрғандай ондағы ілулі киім де, қойылатын ыдыс та таза, адал тұратын болған.
– Тағы қандай жиһаздар болған?
– Абдыра – артық заттарды, бұйымдарды салып қоятын сандық, киім, мата салып қоятын сырты темірмен қапталған үй мүлкі. Одан басқа жүкаяқ деген төрт аяқты, бетіне ою салынған ағаш мүлік болған. Сол жүкаяқтың немесе сандықтың үстіне көрпе-төсекті биік етіп жинап қоятын.

**9** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Киім ілетін мүліктің атауы – ... .
A) адалбақан
B) асадал
C) абдыра
D) сандық

Т́
1) Адалбақан – киім іліп қоятын жиһаз түрі.
2) Асадал – ыдыс-аяқ салатын бұйым түрі.
3) Абдыра – артық затты салатын жиһаз түрі.
4) Сандық – киім, мата салатын мүлік түрі.

**10** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Немересінің білгісі келгені – ... туралы.
A) үй жиһаздарының жасалуы
B) үй жиһаздарының қазақша атауы
C) қазақтарда үй жиһаздарының болу/болмауы
D) қазақтардағы үй жиһаздарының түрлері

Т́
1) Ол әжесінен жиһаздың жасалуын сұраған жоқ.
2) Оның немересін қызықтырған жиһаз атауы емес.
3) Ол қазақта үй мүлкінің болған, болмағанын білгісі келді.
4) Немересі жиһаз түрлерін сұраған жоқ.

**11** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жүкаяқ – ... мүлік.
A) киім салатын
B) ыдыс аяқ қоятын
C) көрпе-төсек жинайтын
D) артық заттарды салатын

Т́
1) Киім салатын мүлік – сандық.
2) Ыдыс-аяқ қоятын мүлік – асадал.
3) Көрпе-төсек жинайтын – жүкаяқ.
4) Артық заттарды салатын мүлік – абдыра.

**6-диалог**

– Жазғы демалысты қайда өткіздің, Еркін?
– «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында демалып қайттым.
– Ол қандай орталық? Қайда орналасқан?
– Елбасы қолдауымен салынған. Көкшетауда, Шортан көлінің жағасында.
– Алған әсерлерің қандай, демалыс орны көңіліңнен шықты ма?
– Онда тек демалып қойған жоқпын, түрлі тренингтер мен концерттерге, спорттық ойындар мен үйірмелерге қатыстым. Қаншама достар таптым. Қысқасы, демалыс тамаша өтті.
– Жаңа достарың Қазақстанның әр түкпірінен демалуға келген балалар ғой?
– Жоқ, тек Қазақстаннан ғана емес, Қытай, Ұлыбритания, Венгрия, Франция сияқты алыс елдерден де демалуға келген балалар болды.

**12** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Еркін жазғы демалысына ... .
A) риза
B) риза емес
C) көңілі толмады
D) қанағаттанбады

Т́
1) риза – көңілі толу, ойлағанындай болу
2) риза емес – көңілі толмау, ойындағысы болмау
3) көңілі толмау – ойлағанындай болмау.
4) қанағаттанбау – көңілінен шықпау, нашар

**13** Диалогтің не туралы екенін көрсетіңіз.
Укажите, о чем идет речь в диалоге.

A) Еркіннің жазғы демалысы туралы.
B) Елбасының Көкшетауға баруы туралы.
C) Көкшетаудағы Шортанды көлі туралы.
D) «Балдәурен» демалыс орнының салынуы туралы.

Т́
1) Еркін жазғы демалысын «Балдәуренде» өткізді, бұл диаогтегі негізгі ақпарат.
2) Диалогтегі Елбасы туралы ақпарат – оның Көкшетауда «Балдәуренді» салуға қолдау көрсеткендігі туралы.
3) «Балдәурен» Шортанды көлінің жағасында орналасқан, бірақ негізгі ақпарат емес.
4) Еркін демалған сауықтыру орталығы – «Балдәурен», бұл диалогтегі қосымша ақпарат.

**14** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Оқу-сауықтыру орталығы Шортанды көлінің жағасына орналасқан.
B) Демалуға келген балалар түрлі үйірмелер мен іс-шараларға қатысады.
C) «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығы елбасы қолдауымен салынған.
D) Оқу-сауықтыру орталығына алыс шетелдерден демалушылар келмейді.

Т́
1) Бұл ақпарат мазмұнға сәйкес келеді.
2) Балалар тренинг, концерт, спорт ойындары мен үйірмеге қатысады.
3) Бұл ақпарат мәтін мазмұнында бар.
4) Қытай, Ұлыбритания, Венгрия, Франциядан балалар демалуға келеді.

## *Үшінші бөлім*

● Үшінші бөлімде компакт-дискіден көлемді 2 диалог тыңдайсыз.
● Әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
● Диалогтерді бір рет қана тыңдау қажет.

● В третьей части прослушаете 2 объемных диалога с компакт-диска.
● По содержанию каждого диалога предлагается ответить на 4 тестовых задания, всего 8 заданий.
● Прослушайте диалоги только один раз.

**7-диалог**

– Бұлан, сіз, жыр алыбы Жамбылдың шөбересі боласыз. Жамбыл атаңыздың өлеңдеріне қанық болып өскен шығарсыз?
– Иә, атамның бірнеше томдық қызыл кітабына бала кезімнен қанық болып өстім.
– Жыр алыбының көзі ретінде соңында не қалды?
– Атамның өзі қолданған бұйымдары ауылындағы мұражайында сақтаулы тұр. Әкемде жайнамазы, шапаны және бөркі, өзімде бірнеше суреттері мен жыр кітабы бар.
– Бойыңызда атаңыздан дарыған өнердің ұшқыны бар ма?
– Әлбетте, 8 жасымнан қолыма домбыра ұстадым. Алғашқы әнімді 15 жасымда шығарғанмын. Терме айтып, ән де орындадым, айтысқа да қатыстым. 9-сыныпта, яғни 1993 жылы Алматы облысы, Қаскелең ауданы бойынша айтыстан бас жүлдені жеңіп алдым. Алматыда өткен қалалық айтыста 2-орынды иелендім. Жамбыл атам ақын ғана емес, сазгер де болған. Менің де шығармашылығым атама ұқсап, екі бағытта келеді. Бірі – ақындық, екіншісі – сазгерлік. Өлеңдерім мерзімді басылым беттерінде жарық көріп жүр. «Кестелі орамал» әнім өз орындауымда «Қазақ радиосынан» жиі беріледі. Алдағы уақытта өзге де әндерімді жаздырып, халыққа таныту ойымда бар.

*(«Жұлдыздар отбасы» журналынан)*

**Ė**

қанық – бір нәрсе туралы жақсы білу
көзі ретінде – біреуден естелікке қалған зат, бұйым ретінде
шөбере – немереден туған бала, үшінші ұрпақ
ұшқын – жалын шашқан ұсақ шоқ; қалдығы, бір бөлігі

**15** Диалог мазмұнындағы негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль по содержанию диалога.

A) Жамбылдың шөбересі Бұланның өнері.
B) Жамбыл шөбересінің «Кестелі орамал» әні.
C) Жыр алыбы Жамбылдың қолданған заттары.
D) Жамбылдың ақын ғана емес, сазгер де болғаны туралы.

**Ť**

1) Жамбылдың шөбересі Бұлан да атасының кітабы мен суреті бар, терме айтып, ән салады, айтысады, өлең жазады, ән шығарып, оны өзі орындайды.
2) Бұланның «Кестелі орамал» әнінің өз орындауында радиодан жиі берілуі туралы ақпарат соңғы бөлікте ғана кездеседі.
3) Ақынның жайнамазы, шапаны, бөркі мен кітабы туралы ақпарат диалогтің басында ғана айтылады.
4) Шөбересінің де атасы сияқты өнердің екі бағытын ұстануы туралы диалогтің соңында ғана айтылады.

**16** Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

«Қазақ радиосында» көп насихатталатын Бұланның өнері – ... .
A) әні
B) айтысы
C) термелері
D) жазған өлеңдері

Т́

1) ән – әуені, сазы бар музыкалық шығарма;
2) айтыс – ақынның бірден өлең шығарып, сөз жарысына түсуі;
3) терме – өлеңмен айтылатын сазды әннің бір түрі;
4) өлең – ұйқасқа құрылған көркем сөз, поэзия.

Ė насихаттау – тарату, таныстыру

**17** Сұхбат берушінің алдағы жоспарын көрсетіңіз.
Укажите планы на будущее участника диалога.

A) Атасының мұражайын ашу.
B) Атасының құрметіне айтыс өткізу.
C) Өз әндерін жаздырып, халыққа таныту.
D) Атасының жарыққа шықпаған өлеңдерін шығару.

Т́

1) Атасының мұражайы аулында ашылған.
2) Диалогте Бұланның жалпы айтысқа қатысқаны айтылған.
3) Әндерді үнтаспаға, дискіге жазып, көпшілікке жеткізу – Бұланның алдағы мақсаты.
4) Атасының кітабы бұрын жарық көрген.

**18** Дұрыс ақпаратты табыңыз.
Найдите правильную информацию.

Бұлан шығармашылығының бағыты – ... .
A) әншілік
B) сазгерлік
C) ақындық
D) ақындық, сазгерлік

Т́

1) әншілік – ән айту
2) сазгерлік – ән жазу
3) ақындық – өлең шығару
4) ақындық, сазгерлік – өлең шығару әрі ән жазу

**8-диалог**

– Амангелді аға, сіз оқушы кезіңізде кім болуды армандадыңыз?
– Мен мұғалім болуды армандадым. Себебі ол кезде біз мұғалімдерді құдайдай көріп өстік. Ол кездегі мұғалімнің беделі қандай десеңші?
– Сіздің докторлық диссертацияңыздың аты «Ұлтшылдық мәселелері» екен, 20 жыл бұрын жазылған. Қазіргі көзқараспен қарағанда диссертацияңыздың көп жері өзгеріп кетті ме?
– Әрине, ол кезде ұлтшылдық Совет үкіметінің идеологиясына жүгінетін еді ғой. Мұның астары терең. Ұлтшылдық деген – жақсы мағынасында патриот деген сөз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов «Ұлтшыл емес адам – хайуанмен тең» деген ғой.
– Сіз Азаматтық партияның атынан екі рет депутат болдыңыз. Бір жағы Парламентте депутат болып, екінші жағынан ғалым болдыңыз. Осылардың қайсысы сізге жақын?
– Депутат болу адамның өмірге деген көзқарасынан, адам болып қалыптасуынан шығады ғой. Әрине, жоғары оқу орнында профессор болу – өте жақсы жұмыс. Үкімет жалақысын көтеріп, сыйлап жатпағанмен, бұл ел үшін өте қажет жұмыс.

*(Амангелді Айталымен сұхбат «Жұлдыздар отбасы» журналынан).*

**19** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бала Амангелдінің арманы – ... болу.
A) ұстаз
B) ғалым
C) депутат
D) профессор

Т́
1) ұстаз – білім және тәлім-тәрбие беретін адам, мұғалім.
2) ғалым – ғылыммен айналысатын адам.
3) депутат – мемлекет парламентіне сайланған халық өкілі.
4) профессор – жоғары оқу орны оқытушысы мен ғалымдарға берілетін ғылыми атақ.

**20** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Амангелді Айталының ғылыми жұмысы ... туралы болды.
A) ұлт
B) ұлтшылдық
C) партия тарихы
D) Совет үкіметі

Т́
1) ұлт – тіл, жер, ортақ мінез-құлық негізінде қалыптасқан этнос тобы.
2) ұлтшылдық – ұлтын ерекше сүю.
3) партия – саяси ұйым.
4) үкімет – мемлекеттің жоғары атқару және басқару органы.

**21** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Амангелді аға депутаттыққа партия атынан сайланған.
B) Ғалымның ғылыми еңбегі ұлтшылдық мәселесіне арналған.
C) Амангелді аға – Парламентке бір рет депутат болған кісі.
D) Амангелді Айталы – докторлық диссертация қорғаған ғалым.

Т́
1) Бұл туралы ақпарат диалогтің ортаңғы бөлігінде берілген.
2) Бұл ақпарат диалогте бар.
3) Азаматтық партия атынан екі рет депутаттыққа сайланған.
4) Бұл ақпарат диалогтің алғашқы бөлігінде кездеседі.

**22** Қосымша ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите дополнительную информацию.

A) Амангелді аға – Парламент депутаты.
B) Үкіметтің оқытушылардың жалақысын көтермеуі.
C) Амангелді ағаның ұлтшылдыққа қатысты көзқарасы.
D) Амангелді ағаның докторлық диссертациясының тақырыбы.

Т́
1) Сұхбат берушінің Палрамент депутаты екендігі – негізгі ақпарат.
2) Оқытушылардың жалақысын көтеру туралы ақпарат сөз арасында ғана кездеседі, оған нақты тоқталмаған.
3) Амангелді ағаға ұлтшылдық туралы нақты сұрақ қойылған.
4) Амангелді ағаның докторлық диссертациясының тақырыбына байланыстырылып нақты сұрақ қойылған.

Ė
депутат – жоғары билік органына халық атынан сайланатын адам;
жалақы – істеген еңбек үшін төленетін ақшалай қаражат;
көзқарас – пікір, ой;
тақырып – жазылған еңбектің аты.

## *Төртінші бөлім*

- Төртінші бөлімде компакт-дискіден 2 мәтін немесе монолог тыңдайсыз.
- Әр мәтін немесе монолог бойынша 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Монологтарды бір рет қана тыңдау қажет.

- В четвертой части прослушайте 2 текста или монолога с компакт-диска.
- По содержанию каждого текста предлагается ответить на 4 тестовых задания, всего 8 заданий.
- Прослушайте тексты только один раз.

**1-мәтін**

Барлық өркениетті мемлекет күнтізбе қолданады. Ежелгі Римде әр айдың бірінші күні календы деп аталған. Ерте кезде адамдар қардың кетуі, өзеннің тасуы сияқты құбылыстарға негізделген табиғи күнтізбені пайдаланды. Бірақ табиғат құбылыстары құбылмалы, сондықтан мұндай күнтізбелер дәл болмады. Аспан денелерінің қозғалысына негізделген күнтізбелер алғаш Шығыста пайда болған. Мұндай күнтізбенің 3 түрі бар: күн күнтізбесі; ай күнтізбесі және аралас күнтізбе. Күн күнтізбесі Мысырда шыққан. Мысырлықтар жылдың ұзақтығын 365 тәулікке тең деп, оны 30 күннен тұратын 12 айға бөлген. Артық қалған 5 күнді ешбір айға қоспайды. Оларды құдайға құлшылық ететін күндер деп санаған.

Алғашқы ай күнтізбесі ежелгі Вавилонда пайда болды. Араб күнтізбесі де айдың қозғалысына негізделген. Бұл күнтізбесі араб елдерінде және Азия мен Африканың мұсылман дінін ұстанатын көптеген елдерінде ресми қолданылады. Ал ежелгі түркілер негізінен күн күнтізбесін пайдаланған. Кейін ол қазақ, өзбек, түрікмен, татар, әзірбайжан халықтарының күнтізбелеріне негіз болды. Қазақстанда 1918 жылдан бастап Григорий күнтізбесі қолданылып келеді.

*(Балалар энциклопедиясынан)*

**23** Мәтін мазмұнына сай тақырыпты таңдаңыз.
Выберите тему, соответствующую содержанию текста.

A) Ай күнтізбесі
B) Күн күнтізбесі
C) Күнтізбе тарихы
D) Шығыс күнтізбесі

1) Ай күнтізбесі – мәтіннің соңында айтылады.
2) Күн күнтізбесі – мәтіннің ортаңғы бөлігінде баяндалады.
3) Күнтізбе тарихы – күнтізбенің пайда болуы, түрі мәтін мазмұнын құрайды.
4) Шығыс күнтізбесі – мәтіннің ортаңғы және соңғы бөлігінде айтылады.

**24** Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Алғашқы ай күнтізбесі қайда пайда болған?
A) Римде
B) Мысырда
C) Вавилонда
D) Шығыста

**Т́**
1) Римде табиғат күнтізбесі қолданылған.
2) Мысырда күн күнтізбесі шыққан.
3) Вавилонда ай күнтезбесі пайда болған.
4) Шығыста аспан денелерінің қозғалысына негізделген күнтізбелер жасалған.

**25** Дұрыс ақпаратты табыңыз.
Найдите правильную информацию.

Араб күнтізбесі ... негізделген.
A) аралас күнтізбеге
B) айдың қозғалысына
C) күннің қозғалысына
D) табиғат құбылыстарына

**Т́**
1) аралас күнтізбе – күн мен айдың қозғалыстарына негізделген күнтізбенің түрі.
2) Айдың қозғалысына негізделген күнтізбе – ай күнтізбесі.
3) Күннің қозғалысына негізделсе, ол күн күнтізбесі болады.
4) Табиғат құбылыстарына негізделген күнтізбе – табиғи күнтізбе.

**26** Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді анықтаңыз.
Выберите опорные слова, которые раскрывают содержание текста.

A) тәулік, күн, ай
B) өзеннің тасуы, аспан денелерінің қозғалысы
C) Вавилон, ежелгі түркілер, араб күнтізбесі
D) күн күнтізбесі, ай күнтізбесі, табиғи күнтізбе

**Т́**
1) Тәулік, күн, ай – бұл сөздер мәтіннің үшінші бөлігінде ғана кездеседі.
2) Өзеннің тасуы, аспан денелерінің қозғалысы – алғашқы сөз бірінші бөлікте ғана бар, ал кейінгі сөз мәтін мазмұнының негізін құрайды.
3) Вавилон, ежелгі түркілер, араб күнтізбесі – бұл сөздер мәтіндегі соңғы бөліктің ғана мазмұнын ашады;
4) Күн күнтізбесі, ай күнтізбесі, табиғи күнтізбе – мәтін бөліктері осы күнтізбенің әр түріне арналған.

**Ė** құбылмалы – өзгермелі

### 2-мәтін

Алакөл – Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан көл. Көлдің орташа тереңдігі – 22 метр. Көлдің ортасында үлкен және кіші арал бар. Алакөлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды. Олардың бастылары: Үржар, Қатынсу, Емелқұйса, Жаманөткел, Жаманты. Алакөлдің суының түсі ақ пен көк, осы түстер кезек-кезек алмасып жатады. Ақ жері – жылы, көгілдір тұсы – салқындау. Алакөл деп аталуы да осыған байланысты. Алакөлдің суында фтор мен бром көп және суы өте кермек. Көл суының қатуы әрқалай. Тайыз бөлігі қараша айының соңында, орта тұсы ақпанның басында тегіс қатады. Мұзқұрсау екі айға дейін созылады. Көлден сазан, көксерке, алабұға және шармай ауланады. Көл маңы құстарға бай және көлдің жағалауында демалыс пен емдеу мекемелері орналасқан. Тұзды суы денсаулыққа пайдалы, сондықтан көпшілік мұнда демалу үшін келеді.

**27** Мәтіннің соңғы бөлігіндегі ақпаратты анықтаңыз.
Определите информацию, изложенную в последней части текста.

A) көл суының қыста қатуы туралы
B) көл атауы мен суының түсі туралы
C) көлдегі балықтар мен көл жағасы туралы
D) көлге құятын өзендер мен көлдегі арал туралы

Т́
1) Көл суына қатысты ақпарат (судың түсі, судың құрамы), мәтіннің ортаңғы бөлігінде.
2) Көлдің Алакөл аталуы туралы ақпарат мәтіннің ортасында.
3) Көлдегі балықтар мен көл маңы (сазан, көксерке, алабұға, шармай; көл жағасындағы құстар мен демалыс орындары) туралы ақпарат мәтіннің аяғында.
4) Көлдің орналасқан жері, тереңдігі, көлге құятын өзендер, көлдегі аралдар туралы ақпарат алғашқы бөлікте.

**28** Мәтінге сәйкес сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием текста.

Көлдің Алакөл аталу себебі ... болуына байланысты.
A) суының тұзды
B) суының тек ақ түсті
C) суының ақ және көк түсті
D) суының тек көгілдір түсті

Т́
1) Суының тұзды болуына байланысты – көлдің суы тұзды, бірақ атауға қатысы жоқ.
2) Су түсінің тек ақ болуына байланысты – ақпарат мазмұнға сәйкес, алайда толық емес.
3) Судың ақ және көк түсті болуына байланысты – көл суы ақ және көк түсті болып, кезек алмасып жатады.
4) Су түсінің тек көгілдір болуына байланысты – ақпарат мазмұнға сәйкес келгенімен, толық емес.

**29** Мәтін мазмұнына қайшы келетін ақпаратты табыңыз.
Найдите информацию, не соответствующую содержанию текста.

A) Алакөлдің суы тұщы болады.
B) Көл айналасында құс көп.
C) Көлдің суының түсі екі түрлі.
D) Алакөлдің суы әрқалай қатады.

Т́
1) Тұщы – тұзды емес, ащы емес.
2) Құс көп – құс көп кездеседі, құсқа бай.
3) Судың түс екі түрлі – көл бетіндегі су ақ және көгілдір түсті.
4) Судың қатуы – судың мұзға айналуы.

**30** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите педложение.

Халықтың демалыс орны болып табылатын жердің атауы – ... .
A) Үржар
B) Алакөл
C) Көксерке
D) Емелқұйса

Т́
1) Үржар – көлге құятын өзен.
2) Алакөл – халық демалуға баратын жер.
3) Көксерке – көлде мекендейтін балық.
4) Емелқұйса – көлге құятын өзен.

Ė
Мағыналас сөздер: кермек – ащы; тайыз – терең емес; мұзқұрсау – мұз басу; халық – көпшілік.

# 3 Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест
## Блок Аудирование. Итоговый тест

### *Бірінші бөлім*

**1-диалог тапсырмасы**

**1** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Димаш ағаның орындалмаған арманы – ... .
A) жол-ана қасиетін сезіну
B) өмірде көп нәрсеге қол жеткізу
C) Алматыда жер асты жолын салу
D) іссапар алдында әкесінен бата алу

**2** Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите правильную информацию.

Меңдіахмет ақсақал неге риза болушы еді?
A) Ұлына өзінің бата бергеніне
B) Ұлының келіп бата сұрағанына
C) Ұлының іссапарға шығатынына
D) Ұлының қол жеткізген табысына

**2-диалог тапсырмасы**

**3** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Саябаққа тіке баратын көлік жоқ.
B) Саябаққа № 9 троллейбус барады.
C) Саябақ опера және балет театрының жанында.
D) Саябақ аялдамадан түскен соң оң жақта болады.

**4** Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите правильную информацию.

Жөн сұраушы қайда бара жатыр?
A) Такси тоқтатуға.
B) Театрға опера тыңдауға.
C) Кондуктордан жөн сұрауға.
D) Театр жанындағы саябаққа.

**3-диалог тапсырмасы**

**5** Диалогті мазмұнына сәйкес аяқтаңыз.
Дополните диалог в соответствии с содержанием текста.

Несиені толық төлеп тастау үшін бірінші ... .
A) өтініш қағазын толтыру қажет
B) кассаға барлық соманы төлеу керек
C) барлық түбіртек көшірмелерін көрсету керек
D) кепілдікте тұрған пәтер құжаттарын ресімдеу керек

**6** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Кепілдікке пәтер қойылған.
B) Касса үзіліссіз жұмыс істейді.
C) Касса бірінші қабатта орналасқан.
D) Құжат бес күн ішінде дайын болады.

**4-диалог тапсырмасы**

7 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Диалог ... арасында өтіп жатыр.
A) байқауға қатысушылар
B) шетелде білім алған магистранттар
C) магистратураға түсуші талапкерлер
D) жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші маман

8 Дұрыс ақпаратты табыңыз.
Найдите правильную информацию.

A) Сәуле Алматқызын жұмысқа алу туралы шешім әлі шыққан жоқ.
B) Сәуле Алматқызын үш тіл білгендіктен жұмысқа бірден қабылдады.
C) Сәуле Алматқызы қазақ тілін жетік меңгермеген, ағылшынша біледі.
D) Байқау талабына сай мамандық бойынша еңбек өтілі 2 жыл болу керек.

## *Екінші бөлім*

**5-диалог тапсырмасы**

9 Диалог өтіп жатқан жерді (орынды) анықтаңыз.
Определите место, где происходит диалог.

A) Кітапхана
B) Кітап дүкені
C) Тіл үйрету орталығы
D) Үнтаспаға жазу орталығы

10 Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

10% пайыздық жеңілдік ... .
A) кез келген тауар түріне бар.
B) тек сөздік алған жағдайда ғана беріледі.
C) алғаш тауардың жалпы бағасы 15 мың теңгеден асқанда беріледі.
D) тілдескіш, оқу құралы мен үнтаспаны бірге сатып алғанда ғана болады.

11 Диалог мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание диалога.

A) Қазақ әндері жазылған үнтаспаның сапасы жайында.
B) Сатылымдағы тауарларға берілген жеңілдіктер туралы.
C) Екі және үш тілді сөздіктердің бағасы мен көлемі туралы.
D) Қазақ тілін үйренуге арналған кітаптар мен олардың бағасы туралы.

### 6-диалог тапсырмасы

**12** Сұхбат өткен елді анықтаңыз.
Определите страну, где происходит диалог.

A) Түркия
B) Қазақстан
C) Қырғызстан
D) Еврей елінде

**13** Сұхбаттың негізгі мазмұнын анықтаңыз.
Определите основное содержание диалога.

A) Түркия президенті С. Демирелдің іссапары
B) Ш. Айтматовтың Нобель сыйлығына ұсынылуы
C) Нобель сыйлығын алған жазушының отбасы
D) Нағип Махфуздың Нобель сыйлығының лауреаты атануы

**14** Сұхбатқа қатысушы адамдардың санын анықтаңыз.
Определите количество участников диалога.

A) Екеу
B) Бесеу
C) Үшеу
D) Төртеу

## *Үшінші бөлім*

### 7-диалог тапсырмасы

**15** Сұхбат өткен елді анықтаңыз.
Определите страну, где происходит диалог.

A) Режиссер Шәкәрімнің шетелдерде болғанын айтуы.
B) Режиссердің Абай мен Шәкәрім туралы фильм түсіру арманы.
C) «Мұтылған» фильмінде көрерменге әсер ететін детальдар болды.
D) «Мұтылған» фильміне Абай мен Шәкәрім арасындағы үш жай негіз болды.

**16** Диалог мазмұнына сай сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение в соответствии с содержанием диалога.

Режиссердің «Мұтылған» фильмін түсірудегі негізгі мақсаты – ... .
A) Шәкәрімнің өмір жолын көрсету
B) Шәкәрімнің шығармаларын таныту
C) Шәкәрімнің Стамбулға сапарын баяндау
D) Абай мен Шәкәрім арасындағы қатынасты көрсету

**17** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Фильм мазмұнында қамтылмай қалған көрініс – ... .
A) Шәкәрімнің алыс шетелдерде өткен күндері
B) Шәкерімнің өлең жазуы және Абайдың оны сынауы
C) Ұлы ақын өмірден кеткеннен кейінгі Шәкәрімнің өкініші
D) Абайдың Шәкәрімді басқа елге ғылым іздеуге жібермек ойы

**18** Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

«Анық Абай» – режиссер түсірген ... деректі фильмі.
A) соңғы
B) екінші
C) бірінші
D) үшінші

### 8-диалог тапсырмасы

**19** Диалог мазмұны бойынша негізгі ақпаратты анықтаңыз.
Определите основную информацию в содержании диалога.

A) Сәнді қазақы ою салынған түлкі тымақ.
B) Аңшылық өнердің қызығы мен қиындығы.
C) Саятшылық саласының терминдер сөздігі.
D) Мата мен теріден тігілген соңғы үлгідегі қолғап.

**20** Сөйлемді қажетті ақпаратпен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужной информацией.

Құсбегінің киімі ... болуы керек.
A) ыңғайлы
B) өте қалың
C) қызыл түсті
D) ою-өрнек салынған

**21** Қате ақпаратты табыңыз.
Найдите неверную информацию.

A) Балапан құсты дыбысқа, сосын атын атап шақыруға үйретеді.
B) Ақжелкені жаңа сойылған тұздалмаған етпен тамақтандырады.
C) Ақжелкенің томағасын құсбегі арнайы тапсырыспен жасатады.
D) Құсбегі қолына ішіне киіз салынған теріден тігілген қолғап киеді.

**22** Сөйлемді қажетті ақпаратпен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужной информацией.

Ақжелкені күз келгенде ... .
A) ұшырып үйретеді
B) түлеуге отырғызады
C) аң аулауға алып шығады
D) тұздалмаған ет жеуге үйретеді

## *Төртінші бөлім*

### 1-мәтін

**23** Мәтін мазмұнын ашатын тақырыпты таңдаңыз.
Выберите заголовок, который раскрывает содержание текста.

A) Туған күн
B) Ағаға құрмет
C) Алғашқы очерк
D) Менің сүйікті жазушым

**24** Мәтіннің алғашқы бөлігіндегі ақпаратты анықтаңыз.
Определите информацию, изложенную в первой части текста.

A) Университет студентінің бөлім меңгерушісі болуы.
B) Оралхан Бөкейдің «Лениншіл жас» газетіне жұмысқа тұруы.
C) Екі жазушының туған айы мен күнінің сәйкес болуы жайында.
D) Оралхан Бөкейдің Шерхан ағамен танысуы және оған деген құрметі.

**25** Мәтін мазмұнына сай сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение по содержанию текста.

Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкей ... астам уақыт ағалы-інілі қарым-қатынаста болған.
A) 60 жылдан
B) 25 жылдан
C) 28 жылдан
D) 3-4 жылдан

**26** Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табыңыз.
Найдите опорные слова, которые раскрывают содержание текста.

A) аға, құрмет, 60 жас
B) жазушы, жаһан, журналистика
C) университет, курс, үлкен бөлім
D) ширек ғасыр, 28 қыркүйек, 60 жас

**2-мәтін**

**27** Мәтіннің соңғы бөлігіндегі ақпаратты табыңыз.
Найдите информацию, изложенную в последней части текста.

A) Дойбы ойынының мақсаты жайлы.
B) Дойбы спортының тарихы мен түрлері туралы.
C) Жидебай мұражайындағы Абайдың дойбысы туралы.
D) Дүниежүзілік дойбы федерациясының талаптары жайында.

**28** Мәтін мазмұнын ашатын тақырыпты таңдаңыз.
Выберите заголовок, который раскрывает содержание текста.

A) Дойбы ойыны
B) Абай мұражайы
C) Қазақстан чемпионаты
D) Дойбы отаны – Мысыр елі.

**29** Мәтін мазмұнына қайшы келетін ақпаратты белгілеңіз.
Выберите информацию, не соответствующую содержанию текста.

A) Ұлы ақын Абайдың атасы Өскенбай дойбы ойнаған.
B) Дүниежүзілік дойбы федерациясы XXI ғасырда құрылған.
C) Дойбы ойын тастарының санына қарай екі түрге бөлінеді.
D) Қазақстанға дойбы шамамен XVIII ғасырдың ортасында келген.

**30** Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздер қатарын көрсетіңіз.
Укажите ряд опорных слов, раскрывающих содержание текста.

A) дойбы, ойын тасы, шаршы тақтай
B) он екі тас, тасты жою, құмарта ойнау
C) жиырма тас, жүріс жолын жабу, мұражай
D) чемпионат, ұлы ақын, дойбы федерациясы

# II тарау

# Лексика-грамматикалық бөлік

# Лексико-грамматический блок

- ☐ Лексика-грамматикалық бөлікке шолу
- ☐ Алдын ала тест
- ☐ Тест тапсырмаларын талдау
- ☐ Қорытынды тест

# Лексика-грамматикалық бөлікке шолу



Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тілдік құзыреттілікті функционалдық тұрғыдан қалыптастыру, тілдік ерекшеліктерді ескеру, берілген тест тапсырмалары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі, тест мазмұнының тіл қолданушының тілдік деңгейіне сай келуіне және т.б. қажетті тілдік білік-дағдыларын қалыптастыруға бағыттау ұстанымдары басшылыққа алынды.

Мақсаты мен міндеттері:

- тіл қолданушының лексика-грамматикалық құрылымдарды орынды қолдана алу, тілдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау;
- тіл қолданушының білімін тілдік, танымдық, лингвомәдени-танымдық, ұлттық-әлеуметтік тұрғыдан тереңдету;
- берілген тест тапсырмалары арқылы коммуникативтік бағыттағы дағдыларды қалыптастыру.

Лингвистикалық біліктілікті бағалау тестілерін орындау үшін алдымен лексика-грамматикалық, фонетикалық түсінік қалыптастыру керек. Ол үшін грамматикалық ережелермен мұқият танысып, сол бойынша тілдік материалды коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай деңгейге жеткен жөн. Тест мазмұнында мүмкіндігінше тілдік терминдер қолданылмайды, тест тапсырушы контекске, лексика-грамматикалық құрылымдардың тіркесуіне қарай дұрыс жауапты таңдай алады.

Оқу құралындағы лексика-грамматикалық бөліктің құрылымы:

- тіл қолданушы өз мүмкіндіктерін алдын ала тексеру үшін 70 тест тапсырмасы беріледі;
- лексикалық немесе грамматикалық тақырыптың түсіндірмесі, ережесі мысалдармен беріледі;
- сол тақырыпқа қатысты тест тапсырмалары талданады, дұрыс жауапты табу жолдары көрсетіледі;
- сол тақырып бойынша түрлі тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін тест тапсырмалары жауапсыз беріледі;
- тілдік дағдыларды пысықтау үшін әр тақырыпқа арналған жаттығу жұмыстары оқу-әдістемелік құралдың соңындағы қосымшада көрсетіледі;
- соңында 70 қорытынды тест тапсырмасы беріледі.

Лексика-грамматикалық бөліктің тест тапсырмаларын орындау үшін 60 минут беріледі.

# Обзор лексико-грамматического блока

Для формирования языковой компетентности с позиции функциональности при разработке тестовых заданий лексико-грамматического блока были взяты за основу принципы, ориентированные на формирование таких речевых умений и навыков пользователя языка как учет языковых особенностей, аутентичность содержания предлагаемых тестовых заданий, соответствие реальной жизни, соответствие содержания теста уровню пользователя языка и др.

Цели и задачи блока:

- уместное употребление лексико-грамматического материала, определение уровня формирования языковой компетенции пользователя языка;
- углубление знаний пользователя языка с точки зрения языковых, познавательных, лингвокультурологических, национальнальных и социальных позиций;
- формирование коммуникативных навыков посредством тестовых заданий.

Выполнение тестовых заданий, оценивающих лингвистическую компетентность требует усвоения фонетических и лексико-грамматических понятий. Для этого необходимо внимательно ознакомиться с правилами по грамматике и научиться употреблять языковые материалы при коммуникации. В содержании теста по возможности не используются языковые термины, тестируемый выбирает правильный ответ в соответствии с контекстом и сопоставимости лексико-грамматических единиц.

Структура лексико-грамматического блока

- для предварительной проверки своих возможностей пользователя языка предлагается 70 тестовых заданий;
- дано пояснение лексических и грамматических тем, соответствующие правила с примерами;
- предложен анализ тестовых заданий по определенной теме и ориентир на выбор правильного ответа;
- по этой же теме с целью формирования языковых навыков даны тестовые задания без ответов;
- для закрепления языковых навыков по каждой теме в приложении к учебному пособию даны тренировочные упражнения;
- в завершение предложен итоговый тест из 70 заданий.

Для выполнения тестовых заданий лексико-грамматического блока выделено 60 минут.

# 1 Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест
## Лексико-грамматический блок. Предварительный тест



**1** Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующий аффикс.

Бүгін Асан... өнім туралы сөйлесеміз.
A) - бен
B) - мен
C) - пен
D) - кер

**2** Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующий аффикс.

Бүгінгі кездесуге белгілі қалам... шақырылды.
A) -қой
B) -еке
C) -гер
D) -паз

**3** Қосымша жалғанған кезде түбірдің соңғы дыбысы өзгерген сөзді көрсетіңіз.
Найдите слово, в котором при прибавлении окончания меняется последний звук корня.

A) бақшада
B) бағының
C) көшеден
D) саябаққа

**4** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Сіздің кешегі ... дұрыс.
A) сұрағым
B) жауабыңыз
C) сұрақтарың
D) жауаптарың

**5** Мағыналары қарама-қарсы сөздерді табыңыз.
Найдите слова с противоположным значением.

A) зиянды – қауіпті
B) зиянды – қатерлі
C) пайдалы – зиянды
D) пайдалы – шипалы

**6** Мағыналары қарама-қарсы сөздерді табыңыз.
Найдите слова с противоположным значением.

A) оңай – қиын
B) қиын – ауыр
C) оңай – жеңіл
D) оңай – қарапайым

**7** «Әңгімелесу» сөзімен мәндес сөзді белгілеңіз.
Найдите слово, близкое по значению слову «әңгімелесу».

A) сұрау
B) кеңесу
C) сөйлесу
D) ақылдасу

**8** «Қолайлы» сөзіне мәндес сөзді белгілеңіз.
Найдите слово, близкое по значению слову «қолайлы».

A) тиімді
B) пайдалы
C) ыңғайлы
D) қызықты

**9** Екі сөздің бірігуінен жасалған сөзді табыңыз.
Найдите слово, образованное путем слияния двух слов.

A) ел
B) өлке
C) аудан
D) атамекен

**10** Екі сөздің бірігуінен жасалған сөзді табыңыз.
Найдите слово, образованное путем слияния двух слов.

A) ерте
B) ертеден
C) таңертең
D) таңнан

**11** Көп нүктенің орнына күрделі сөздің екінші сыңарын қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия пропущенную часть сложного слова.

Ол әке-... жиі ойлайтын.
A) балам
B) шешесін
C) ағаларың
D) туысқаны

**12** Көп нүктенің орнына күрделі сөздің бірінші сыңарын қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия пропущенную часть сложного слова.

... -шағаң аман-есен бе?
A) Ұл
B) Аға
C) Қыз
D) Бала

**13** Қысқарған сөздің толық түрін көрсетіңіз.
Найдите полную форму сокращенного слова.

БҒМ бекіткен құжаттар.
A) Білім жетілдіру институты
B) Білім және ғылым министрлігі
C) Білім және ғылым департаменті
D) "Болашақ" халықаралық стипендиясы

**14** Қысқарған сөзді көрсетіңіз.
Найдите сокращенное слово.

A) таңертең
B) ұжымшар
C) кәсіпорын
D) бүгін-ертең

**15** Бір ғана ұғымды білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Найдите слово, которое обозначает только одно понятие.

A) қатты құрт
B) ащы қымыз
C) салқын көже
D) наурызкөже

**16** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Неге ... сатып алмадыңыз?
A) баскиім
B) тоқыманың
C) жақсы талғам
D) үлкен сөмкеге

**17** Көп нүктенің орнына еркелету мәнді адам атын қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия имя человека в уменьшительно-ласкательной форме.

..., әжеңді тыңдап, көмектесіп жүр.
A) Нұрбибі
B) Нұрақмет
C) Нұрсұлтан
D) Нұржантай

**18** Сыйлау мағынасындағы адам атын табыңыз.
Найдите имя человека, которое употреблено в уважительной форме.

A) Ерік
B) Ерлан
C) Ереке
D) Ерасыл

**19** Саналмайтын зат атауын белгілеңіз.
Отметьте название предмета, не подлежащего счету.

A) газет
B) ақыл
C) кітап
D) қалам

**20** Саналмайтын зат атауын белгілеңіз.
Отметьте название предмета, не подлежащего счету.

A) ұн
B) нан
C) бәліш
D) бауырсақ

**21** Дұрыс жауапты белгіленіз.
Отметьте правильный ответ.

– Алматыға не үшін барасың?
– ... .
A) Дәрігерді білемін
B) Дәрігерге қаралуға
C) Дәрігерді кездестірдім
D) Дәрігерлер кеңесі болды

**22** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бас есепшіге ... бардым.
A) есеп тексеру
B) есеп беруден
C) ақпарат алуды
D) есеп тапсыруға

**23** Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Отметьте правильный ответ.

Сіз мұнда қашаннан бері жұмыс істейсіз?
A) ешқайдан
B) биылдан кейін
C) былтырдан бері
D) келесі жылдан бастап

**24** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

– Жарысқа қашаннан дайындаламыз?
– ... бастап.
A) Кеше
B) Таңға
C) Бүгінді
D) Ертеңнен

**25** Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Отметьте правильный ответ.

Саяхатқа қашан шығасыз?
A) былтыр
B) көктемде
C) кешеден бері
D) қыстың басын

**26** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Спортшылардың ант беру рәсімі ... өтеді.
A) жаз
B) күзде
C) көктем
D) қыстың

**27** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Айжан, мұны ... кескен дұрыс.
A) иненің
B) қаламды
C) қайшымен
D) қарындашқа

**28** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жас сәбиге тамақты күміс ... берген пайдалы.
A) кесеге
B) қасықпен
C) пышақтың
D) шанышқыны

**29** Заттың иесін білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое обозначает владельца предмета.

A) Туысымның хаты.
B) Анама уәде бердім.
C) Ағамнан көмек сұраймын.
D) Әкемді ертең күтіп аламын.

**30** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мен "Қайрат" ... жанкүйерімін.
A) командасында
B) командасының
C) командасынан
D) командасымен

**31** Екі сөзден құралған бір түстің атауын көрсетіңіз.
Отметьте слово, состоящее из двух слов и обозначающее один цвет.

A) қызыл гүл
B) қызыл ағаш
C) қызыл сары
D) қызыл таң

**32** Асты сызылған сөз тіркесіне сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому словосочетанию.

<u>Қызыл көйлекті</u> қыз – біздің көрші.
A) қай?
B) кімге?
C) қайда?
D) қашан?

**33** Адамның қасиетін білдіретін сөз қатарын белгілеңіз.
Найдите ряд слов, которые обозначают черты характера человека.

A) ұзын, ұзақ
B) күлгін, жасыл
C) сенімді, қабілетті
D) қызықты, пайдалы

**34** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жанар ... пәтер алды.
A) ең тиімді
B) бес бөлмелі
C) екі бөлменің
D) өте тиянақты

**35** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жомарттың ... қызы да тұрмыс құрған.
A) үш
B) жетеу
C) бір-бірден
D) екіден бесі

**36** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Жер Күннен неше шақырым қашықтықта?
– ... километр қашықтықта.
A) Жүз сексендей
B) Жүз жиырмадан
C) Жүз елу миллион
D) Жүз қырықтан аса

**37** Заттың ретін білдіретін сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое обозначает порядок предмета при счете.

A) жеті
B) алтау
C) оныншы
D) бес-бестен

**38** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Ол концертте ... қатарда отырды.
A) алтау
B) бірінші
C) он-оннан
D) он сегіздей

**39** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... кешегі "Егемен Қазақстан" газеті бар ма?
A) Сізді
B) Оған
C) Сенде
D) Біздің

**40** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қызметкерлердің айлық есептері кімде?
– ... .
A) Бізді
B) Менде
C) Бізден
D) Менімен

**41** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... басқа тағы кім баяндама жасайды?
A) Сені
B) Мен
C) Сенен
D) Бізбен

**42** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... бұрын он екі адам тапсырыс берген.
A) Біздің
B) Оларға
C) Сендердің
D) Сіздерден

**43** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... бағдарламаларында шахмат туралы айтыла ма?
A) Біздің
B) Олардың
C) Сіздердің
D) Сендердің

**44** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... осы материалдармен танысуыма Ерлан көмектесті.
A) Менің
B) Сенің
C) Оның
D) Сіздің

**45** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

Наурыз мерекесіне ... барасыз ба?
A) одан
B) сенің
C) бізбен
D) сізден

**46** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Күзде ... келісім жасаймыз.
A) сіздерде
B) сіздерден
C) сіздердің
D) сіздермен

**47** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... бұрын спорт жарыстарына қатысқан жоқпын.
A) Бұдан
B) Сонда
C) Осыған
D) Мұнымен

**48** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово вместо многоточия.

... біраз жыл тұрдық.
A) Бұған
B) Осында
C) Мынаған
D) Сонымен

**49** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Кәсіпқой боксшыларды ... бөлдіңдер?
A) кім
B) қайда
C) нешеу
D) нелерден

**50** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Соңғы деректерді <u>мына мәліметтерге</u> қос.
A) қайда?
B) ненің?
C) кімдерде?
D) нешеудің?

**51** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қазақстан ... Жер серігін ғарышқа дайындады.
A) өзі
B) өзің
C) өзім
D) өзінің

**52** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әркімнің ... пікірі болады.
A) өз
B) өзіңіз
C) өзіміз
D) өздерің

**53** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

– Мәжілісті ... жүргізесіз бе?
– Жоқ, өзім жүргізе алмаймын, мен баяндама жасаймын.
A) өзім
B) өзіңіз
C) өзімнің
D) өзімізден

**54** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Студенттердің ... басқару ұйымы құрылды.
A) өзімді
B) өзін өзі
C) өзіне-өзі
D) өзінен-өзі

**55** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Мен дөңгелек үстел туралы ... .
A) білген емессің
B) көрген емессіз
C) айтқан емеспін
D) сөйлеген емеспіз

**56** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Ол бүгін бізбен ... .
A) хат жазған жоқ
B) хабарласқан жоқ
C) сөйлескен жоқпыз
D) телефон соққан жоқ

**57** Бұрын орындалған іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором действие совершено ранее.

A) М. Әуезовтің шығармаларын оқимыз.
B) М. Әуезов тамаша шығармалар жазады.
C) Мен осы романды қызығып оқығанмын.
D) Ол – өте тартымды шығармалардың авторы.

**58** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасын ... .
A) зерттеген
B) ойлаймыз
C) құрастырдың
D) қарастырамын

**59** «-та» қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому можно присоединить аффикс «-та».

A) ой
B) бас
C) қол
D) көз

**60** «Көркем...» сөзіне жалағана алатын қосымшаны көрсетіңіз.
Укажите аффикс, который присоединяется к слову «көркем...».

A) -лан
B) -ар
C) -де
D) -дес

**61** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Осы мәселемен ... жүрдік.
A) қазір
B) әлі ерте
C) бүрсігүні
D) күні бойы

**62** Құрамында мезгіл мәнді сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Найдите предложение со словом, обозначающим время действия.

A) Ресімделген құжаттарды қайда қоямыз?
B) Қызметкерлердің құжаттарын ресімдеу керек.
C) Ертең қызметкерлердің құжаттарын ресімдейміз.
D) Қызметкерлердің құжаттарын ресімдеу үшін келдік.

**63** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бұл кісі – ... көп жүлде алған чемпион.
A) ең
B) дәл
C) нағыз
D) төтенше

**64** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... күте тұрсаңыздар, тапсырыстарыңызды орындаймыз.
A) Өте
B) Нақ
C) Аса
D) Сәл

**65** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Оның жұмысы өте көп, ... дайындыққа үлгеріп жүр.
A) себебі
B) дегенмен
C) әйтпегенде
D) сондықтан

**66** Сөйлемнің жалғасын табыңыз.
Найдите продолжение предложения.

Ол – жақсы әнші, ... .
A) себебі гастрольге кетеді
B) өйткені әртістер келіспеді
C) бірақ өнер жолына түспеді
D) дегенмен спектакль тамаша қойылды

**67** Өкінгенде айтылатын сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое выражает сожаление.

A) Мәссаған!
B) Шіркін-ай!
C) Япырым-ай!
D) Әттеген-ай!

**68** Сөйлемнің мағынасын анықтаңыз.
Определите смысл предложения.

Қап! Сенің келетініңді білмей қалдым ғой.
A) қуану
B) ұнату
C) өкіну
D) риза болу

**69** Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз.
Найдите правильно составленное предложение.

A) Уранға үлкен ғалымдардың пікірінше, соғылған астероид.
B) Ғалымдардың пікірінше, Уранға үлкен астероид соғылған.
C) Уранға үлкен астероид соғылған, ғалымдардың пікірінше.
D) Уранға, ғалымдардың пікірінше, астероид үлкен соғылған.

**70** Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз.
Найдите правильно составленное предложение.

A) Сегіз сағат ұйықтауы адам тәулігіне керек.
B) Сегіз сағат ұйықтауы керек адам тәулігіне.
C) Тәулігіне сегіз сағат ұйықтауы адам керек.
D) Адам тәулігіне сегіз сағат ұйықтауы керек.

# 2 Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау
# Лексико-грамматический блок. Анализ тестовых заданий



## ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ
## ЗАКОН СИНГАРМОНИЗМ

### Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар
### Аффиксы, которые не подчиняются закону сингармонизма

Ė

Қазақ тіліндегі сөздер не жуан, не жіңішке буынды болып келеді. Кірме сөздерде (кітап, мұғалім, мейрам, емтихан, қызмет т.б.), біріккен сөздер мен қос сөздерде (демалыс, баспасөз, бойжеткен, қыз-келіншек, жоғары-төмен т.б.) жуан, жіңішке буынды сөздер араласып келеді. Мұндай сөздерге жалғанатын қосымша сөздің соңғы буынына байланысты болады.

Исконно казахские слова бывают либо с твердыми, либо с мягкими гласными. В заимствованных словах кітап, мұғалім, мейрам, емтихан, қызмет и т.д., а также слитных и парных (демалыс, баспасөз, бойжеткен, қыз-келіншек, жоғары-төмен и т.д.) словах встречаются и твердые, и мягкие слоги. В таких словах присоединяемые аффиксы определяются по последнему слогу.

Алайда, сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарамай жалғанатын қосымшалар да кездеседі.
Олар:
1) Көмектес септігінің жалғауы -мен, -бен, -пен: маманмен, қарбызбен, жұмыспен және т.б.
2) Меншіктілікті білдіретін қосымшалар -нікі, -дікі, -тікі: қаланікі, әкемдікі, қонақтікі және т.б.
3) Зат есімнің кішірейту, еркелету мәнін білдіретін жұрнақтары -еке, -тай, -жан: Асеке, әжетай, әкежан;
4) -хана, -стан, -кент, -күнем: дәріхана, Қазақстан, Шымкент, пайдакүнем;
5) -кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -ғой, -кеш: суреткер, қаламгер, жемқор, өнерпаз, кәсіпқой, әзілкеш және т.б.
6) Тегіне жалғанатын қосымшалар -ов, -ев, -ин: Сейсенбековтің, Сейфуллиннің т.б.

Однако встречаются аффиксы, которые прибавляются к слову независимо от твердости или мягкости последнего слога.
1) Окончания көмектес септігі (творительного падежа) -мен, -бен, -пен: маманмен, қарбызбен, жұмыспен и т.д.
2) Суффиксы, которые обозначают принадлежность предмета: -нікі -дікі-тікі: қаланікі, әкемдікі, қонақтікі и т.д.
3) Уменьшительно-ласкательные суффиксы имен существительных: -еке, -тай, -жан: Асеке, әжетай, әкежан;
4) Суффиксы -хана, -стан, -кент, -күнем: дәріхана, Қазақстан, Шымкент, пайдакүнем;
5) Суффиксы -кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -ғой, -кеш: суреткер, қаламгер, жемқор, өнерпаз, кәсіпқой, әзілкеш и т.д.
6) Аффиксы, образующие фамилии на -ов, -ев, -ин: Сейсенбековтің, Сейфуллиннің и т.д.

1-ескерту: «Х» әрпіне аяқталған сөздерге жуан қосымша жалғанады: тарих-та, цех-та.
Примечание 1: Если слово оканчивается на букву х, то прибавляется твердый аффикс: тарих-та – в истории, цех-та – в цехе.

2-ескерту: соңы ог, уг, рг, рк, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, фт, бль сияқты дыбыстарға аяқталған кірме сөздерге жіңішке қосымша жалғанады. Мысалы: педагогке, хирургтен, банкке, лифтіде, киоскіге, бинокльден
Примечание 2: Если последний слог основы в заимствованных слов оканчивается на ог, уг, рг, рк, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, фт, бль, то присоединяется мягкий аффикс. Например: педагогке, хирургтен, банкке, лифтіде, киоскіге, бинокльден

---

♦ «-кер» қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому присоединяется аффикс «-кер».

A) сән
B) арда
C) кәсіп
D) сауда

1) Сән сөзі үнді дауыссызға аяқталған, үндіден кейін үнді не ұяң дауыссыз жалғанады.
2) Арда сөзі дауыстыға аяқталған, дауысты дыбыстан соң да қатаң дауыссыз жалғанбайды.
3. Кәсіп сөзінің соңы қатаң дауыссызға аяқталған, қатаң дауыссыздан соң қосымша қатаңнан басталады.
4) Сауда сөзі дауыстыға аяқталған, дауысты дыбыстан соң да қатаң дауыссыз жалғанбайды.

♦ Қосымшасы дұрыс жалғанбаған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому неверно присоединен аффикс.

A) циркта
B) лифтіде
C) деканда
D) киоскіде

1) циркта – түбірі цирк кірме сөз, 2-ескерту бойынша рк дыбысына аяқталған сөзге жіңішке қосымша жалғанады;
2) лифтіде – түбірі лифт те кірме сөз, 2-ескерту бойынша жіңішке қосымша жалғанады;
3) деканда – түбірі декан, соңғы буыны жуан, сондықтан жуан қосымша жалғанады;
4) киоскі – түбірі киоск, 2-ескерту бойынша жіңішке қосымша жалғанады.

♦ Жуан қосымша жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому присоединяется аффикс с твердыми гласными.

A) Геолог
B) Мұғалім
C) Емтихан
D) Конспект

1) геолог сөзіне 2-ескерту бойынша жіңішке қосымша жалғанады;
2) мұ-ға-лім сөзінің соңы жіңішке буынды;
3) ем-ти-хан сөзінің соңғы буыны жуан;
4) конс-пект сөзінің соңғы буыны жіңішке.

**1** Жіңішке қосымша жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому присоединяется аффикс с мягкими гласными.

A) банкет
B) планета
C) телефон
D) емтихан

**2** Қате жазылған сөзді белгілеңіз.
Отметьте неправильно написанное слово.

A) даяшы
B) заңгер
C) ұшқыш
D) ғарышкер

**3** Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Присоедините соответствующий аффикс.

Жұмысшы балға... жұмыс істеді.
A) -мен
B) -бен
C) -пен
D) -паз

**4** Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Присоедините соответствующий аффикс.

Болат базарда сауда... .
A) -кер
B) -гер
C) -кеш
D) -қой

**5** Дұрыс нұсқасын табыңыз.
Найдите нужное слово.

A) М. Әуезовтың кітабі
B) М. Әуезовтің кітабы
C) Б. Майлинның әңгімесі
D) С. Сейфуллинның өлеңі

## Дыбыс үндестігіне бағынбайтын қосымшалар
Аффиксы, которые не подчиняются закону сингармонизма

Ė

1) Егер түбір сөз к, қ, п қатаң дауыссыздарына аяқталса, оған дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда үндестік заңы сақталады. Мысалы: көйлектің, құлақтан, кітаптар және т.б.
Если корень слова оканчивается на глухие гласные к, қ, п, а присоединяемые к нему звуки являются согласными, то закон сингармонизма соблюдается. Например: көйлектің, құлақтан, кітаптар и т.д.

2) Егер түбір сөз к, қ, п қатаң дауыссыздарына аяқталып, оған жалғанатын қосымшалардың басқы дыбысы -ы, -і дауысты дыбыстарынан басталса, бұл үшеуі өзгеріп, ұяңданып айтылады (к-г-ға, қ-ғ-ға, п-б-ға) айналады. Жазуда естілуінше жазамыз. Мысалы: күрек-күрегімен, жапырақ-жапырағын, доп-добының және т.б.
Если последний звук корня глухой согласный к, қ, п, а прибавляемый к основе аффикс начинается с гласного -ы, -і, то глухие согласные становятся звонкими (к-г, қ-ғ, п-б). Пишем также, как и произносим. Например: күрек – күрегімен, жапырақ – жапырағын, доп – добының и т.д.

3) Түбірдің соңғы н дыбысы б, п дыбыстарының алдынан келсе, н дыбысының айтылуы өзгеріп, м дыбысына айналады. Жазуда мұны ескермейміз. Мысалы: сен-бе (сембе), Жанпейіс (Жампейіс), Құрманбек (Құрмамбек).
Конечный н корня, оказавшись перед б, п произносится как «м», но это не отражается при написании. Например: сен-бе (сембе), Жанпейіс (Жампейіс), Құрманбек (Құрмамбек).

4) Түбірдің соңғы н дыбысы к, қ, г, ғ дыбыстарының алдынан келсе, айтуда н дыбысы өзгеріп, ң дыбысына айналады. Жазуда оны елемейміз. Мысалы: бір күнгі (бір күңгі), Аманкүл (Амаңкүл), сәнқой (сәңқой), Дүйсен-қали (Дүйсеңғали).
Если последний звук корня н оказывается перед к, қ, г, ғ, то конечный согласный н произносится как ң, что не отражается при написании. Например: бір күнгі (бір күңгі), Аманкүл (Амаңкүл), сәнқой (сәңқой), Дүйсен-қали (Дүйсеңғали).

♦ Қосымшасы дұрыс жалғанған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово с правильным использованием аффикса.

A) тілекі
B) көлікі
C) жидекі
D) жүрегі

Ť

1) тілекі – 2-ереже бойынша к – г болып жазылады;
2) көлікі – 2-ереже бойынша к – г болып жазылады;
3) жидекі – 2-ереже бойынша к – г болып жазылады;
4) күрегі – түбірі жүрек, к қатаң дауыссызына аяқталып тұр, оған і дауысты дыбысы жалғанып, к дыбысы г ұяң дауыссызына айналып тұр.

♦ Қосымшасы дұрыс жалғанбаған сөзді белгілеңіз.
Укажите слово, к которому неправильно присоединен аффикс.

A) бағынан
B) қонақтар
C) парақымен
D) қасығының

Ť

1) бағынан – сөздің түбірі бақ, дауысты ы дыбысы қатаң қ дыбысын ұяң ғ дыбысына өзгертіп тұр (2-ережені қараңыз);
2) қонақтар – сөздің түбірі қонақ – қатаң (қ) дауыссыз, оған жалғанған қосымша да (т) қатаң дауыссыз (1-ережені қараңыз);
3) парақымен – түбірі парақ сөзі қатаң (қ) дауыссызға аяқталған, оған ы дауысты дыбысы жалғанғанда, қ – ғ дыбысына айналады, (2-ережені қараңыз);
4) қасығының – 2-ереже бойынша қ – ғ дыбысына айналған.

♦ Дұрыс жазылған сөзді табыңыз.
Найдите верно записанное слово.

A) Сәтпай
B) Болатбек
C) Қоныспай
D) Құнамбай

**Т́**

1) Сәтпай – Сәтбай болып естілуінше жазылады;
2) Болатбек – кісі аттарының көпшілігі кіріккен күйінде естілуінше жазылады;
3) Қоныспай – Қонысбай болып естілуінше жазылады;
4) Құнамбай – Құнанбай болып жазылады (3-ережені қараңыз).

**6** Дұрыс жазылмаған сөзді көрсетіңіз.
Укажите неверную запись слова.

A) еру
B) оқу
C) шоқу
D) тоқыу

**7** Дұрыс жазылмаған тіркесті белгілеңіз.
Отметьте неверную запись словосочетания.

A) алып кет
B) алып пар
C) әкеліп бер
D) апарып бер

**8** Дұрыс жазылған сөзді табыңыз.
Найдите правильную запись слова.

A) аспазшы
B) аспасшы
C) аспашщы
D) аспашшы

**9** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Атамның есімі – Жүсіп… .
A) -пек
B) -бек
C) -күл
D) -гүл

**10** Айтылуы бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, записанное так как произносится.

A) Ақайша
B) Досжан
C) Ботакөз
D) Жаңғара

## Антонимдер (күрделі түрі)
Антонимы (сложная форма)

Ė

Антонимдер мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер.
Антонимы – это слова с противоположным значением.

Зат есімнен жасалған антонимдер түбір және туынды түрінде келеді. Зат есімнің -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, -ыс, -іс, -с, -ік, -к, -ыш, -іш, -ш жұрнақтары арқылы туынды зат есімдер жасалады.
Мысалы: кеңшілік-таршылық, қуаныш-өкініш
Антонимы, выраженные именами существительными, могут быть непроизводными и производными. Образуются производные существительные при помощи суффиксов -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, -ыс, -іс, -с, -ік, -к, -ыш, -іш, -ш.
Например: кеңшілік-таршылық простор - теснота, қуаныш - өкініш радость -сожаление, досада

Сын есімнен жасалған антонимдер де түбір және туынды болып келеді. Сын есімнің -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары арқылы туынды сын есімдер жасалады.
Мысалы: ашулы-сабырлы, сыртқы-ішкі, қысқы-жазғы.
Антонимы, выраженные именами прилагательными, образуют производные прилагательные при помощи суффиксов -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -ғы, -гі, -қы, -кі.
Например: ашулы-сабырлы сердитый - спокойный, сыртқы-ішкі внешний внутренний, қысқы-жазғы зимний - летний.

Етістіктерден де түбір және туынды түрінде антонимдер жасалады.
Мысалы: кіру-шығу, апар-әкел, баста-аяқта, сөніп-жанып, ашулан-қуан
Производные и непроизводные антонимы могут быть образованы также от глаголов.
Например: кіру-шығу вход-выход, апар-әкел отнеси-принеси, баста-аяқта начинай заканчивай, сөну-жану угасать- зажигаться, ашулан-қуан злись-радуйся.

Үстеу сөздерден жасалған санаулы ғана антонимдер бар.
Мысалы: ілгері-кейін, жоғары-төмен, ерте-кеш
Антонимов, образованных от наречий, не так много.
Например: ілгері-кейін раньше-позже, жоғары-төмен вверх-вниз, ерте-кеш рано-поздно

♦ «Жақсылық» сөзіне қарама-қарсы сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово с противоположеным значением слову «жақсылық».

A) әділдік
B) азаттық
C) адалдық
D) жамандық

Ť

1) әділдік – жақсылық сөзіне қарсы мән туғызбайды;
2) азаттық – бостандық, еркіндік деген мағынада;
3) адалдық – таза болу, шын берілу деген мағынада;
4) жамандық – жаман нәрсе ойлау деген ұғымда.

♦ Сыңары қарама-қарсы мәндегі қатарды көрсетіңіз.
Укажите ряд противоположных по значению слов.

A) ой-пікір
B) көне-ескі
C) әдемі-сұлу
D) қысы-жазы

Ť

1) ой-пікір – бір-біріне мағыналас сөздер;
2) көне-ескі – екеуі де мағыналас, мәндес сөздер;
3) қысы-жазы – бір-біріне қарсы мәнде жұмсалып тұр;
4) әдемі-сұлу – мағыналас, мәндес сөздер.

♦ Мағынасы қарама-қарсы сөздермен келген сөйлемді белгілеңіз.
Отметьте предложение с противоположными по значению словами.

A) Бұл мейрамханада даяшылар көп.
B) Үлкен інім – осы мейрамханада даяшы.
C) Бұл мейрамхана даяшылары ұлттық киім киеді.
D) Даяшының жұмысы ертерек басталып, кешірек аяқталады.

Т́

1) бұл сөйлемде қарама-қарсы сөздер кездеспейді;
2) бұл сөйлемде де қарсы мағыналы сөздер жоқ;
3) бұл сөйлемде мағынасы қарама-қарсы сөздер кездеспейді;
4) ертерек-кешірек деген қарама-қарсы сөздері бар сөйлем.

**11** Мағынасы қарама-қарсы сөздермен келген сөйлемді белгілеңіз.
Отметьте предложение с противоположными по значению словами.

A) Ақ түсті киімдер тез кір болады.
B) Жазда ақ түсті киім киген дұрыс.
C) Қара түсті киім тез кір болмайды.
D) Апам ақ, әкем қара түсті жақсы көреді.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК

**12** Қарсы мәндес сөздер қатарын табыңыз.
Укажите ряд противоположных по значению слов.

A) Балалар алаңды айнала жүгіріп жүр.
B) Бала ойланып тұрып, артқа қарай қайтты.
C) Бала алды-артына қарамай жүгіре жөнелді.
D) Балалардың алдында жаттықтырушы келеді.

**13** Қарсы мағыналы сөздер қатарын көрсетіңіз.
Укажите ряд слов, противоположных по значению.

A) Біздің пәтеріміз жоғарғы қабатта.
B) Досымның пәтері төменгі қабатта.
C) Біз, екеуміз бірге, бір қабатта тұрамыз.
D) Мен жоғарғы қабатта, досым төменгі қабатта тұрады.

**14** Көп нүктенің орнына қажетті күрделі сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующее сложное слово.

Қалада ... ағылған көліктер.
A) ертелі-кеш
B) бүгін-ертең
C) мәз-мейрам
D) майда-шүйде

**15** Қарама-қарсы мағыналы сөздер қатарын көрсетіңіз.
Укажите ряд слов с противоположным значением.

A) үлкен-биік
B) ащы-тұзды
C) ұзын-қысқа
D) таулы-қыратты

## Синонимдер
Синонимы

Ė **Синонимдер** – мағыналары жағынан бір-біріне жақын, дыбысталуы әртүрлі, бірінің орнына бірі қолданыла беретін сөздер.
Қазақ тіліндегі синонимдік қатар құрайтын сөздер барлық сөз табынан кездеседі.
Зат есімнен жасалған синонимдер: ана-шеше, күйеу-жұбай-ер-жар, бала-перзент. Сын есім синонимдері: әсерлі-қызықты, сұлу-әдемі-көркем-әсем-ажарлы.
Етістікке жататын синонимдер: шабыттану-жігерлену, кіру-ену, көгеру-көктеу.
Дара сөзге тұрақты сөз тіркестері де синоним бола алады: қорқу-шошу-жүрегі ұшу-жүрегі зу ету.
Синоним сөздердің мағынасы бір-біріне қанша жақын болғанымен, өзара бір-бірінен сәл айырмасы да болады, үнемі бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Мысалы, ат, есім деген синоним сөздердің есім дегені тек адамға байланысты айтылады. Ал мекеме, қала, өзен, тау т.б. атауларға байланысты ат сөзі айтылады да (өзеннің аты, көлдің аты, ағаштың аты), сондай-ақ көрікті, келбетті, ажарлы, өңді, көркем, әдемі, сұлу деген синоним сөздер өзара мәндес, мағыналас сөздер болғанымен, бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Мысалы: көрікті адам, келбетті адам, ажарлы кісі, өңді кісі, сұлу қыз деп айтылады да, бұл синонимдердің әрқайсысын қала, үй, ат деген сөздермен тіркестіріп: келбетті қала, ажарлы қала, келбетті үй, өңді ат деп айтуға болмайды.
Қазақ тіліндегі синоним сөздер қосарланып та қолданылады. Мысалы: күш-қуат, құрбы-құрдас, ар-ұят, аман-сау, үлгі-өнеге азып-тозу т.б. Екі синоним қосарланғанда бұлардың жеке мағыналары жалпыға айналады, білдіретін ұғым кеңейеді.

**Синонимы** – разные по произношению, но близкие по значению слова. Синонимы составляют ряд слов, который называется синонимическим рядом. В казахском языке синонимические ряды могут быть представлены разными частями речи.
Например:
Синонимы существительные – ана-шеше мать, бай-ер-жар муж, бала-перзент ребенок, сұлулық-әдемілік-көркемдік-әсемдік-ажарлылық красота.
Синонимы прилагательные: сұлу, әдемі, көркем, әсем, ажарлы красивый.
Синонимы глаголы: шабыттану-рухтану вдохновиться, кіру - ену заходить,
көгеру - көктеу зеленеть.
Синонимами к отдельным словам могут быть устойчивые словосочетания: қорқу - шошу - жүрегі ұшу - жүрегі зу ету испугаться.
Синонимы выражают одно и то же значение, но отличаются друг от друга оттенками лексического значения и употреблением в речи. Например: синонимы ат, есім имя, слово есім употребляется только по отношению к людям, а слово ат употребляется отношению ко всем предметам, в том числе и к людям: адамның аты имя человека, мекеменің аты название учреждения, қаланың аты название города, өзеннің аты название реки, таудың аты название горы, көлдің аты название озера, ағаштың аты название дерева.
Слова көрікті, келбетті, ажарлы, өңді, көркем, әдемі, сұлу красивый являются синонимами, близкими по лексическому значению, но при употреблении в речи не заменяют друг друга. Например, көрікті адам красивый, изящный человек, келбетті адам симпатичный человек, ажарлы кісі миловидный человек, өңді кісі миловидный человек, сұлу қыз красивая девушка говорим, но нельзя сказать симпатичный город келбетті қала, миловидный город ажарлы қала, симпатичный дом келбетті үй.
В казахском языке синонимы иногда образуют парные слова: күш-қуат сила, мощь, құрбы-құрдас ровесник, ар-ұят совесть, аман-сау жив-здоров, үлгі-өнеге пример.
Парные слова-синонимы в речи используются для более точного выражения мысли.

♦ Сөйлемдегі «күрделі» сөзіне мағыналас сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, близкое по значению слову «күрделі».

Математикадан есептер күрделі болды.
A) қиын
B) жеңіл
C) қызық
D) қымбат

Ť
1) қиын – оңай емес деген мағына білдіреді;
2) жеңіл – оңай болды деген мағынада жұмсалады;
3) қызық – қызғылықты болды деген мағынаны білдіреді;
4) қымбат – бағалы болды деген мағынада.

♦ Мағынасы жақын сөздерді көрсетіңіз.
Укажите слова, близкие по значению.

A) аз, көп
B) кең, тар
C) дос, жау
D) дұшпан, жау

Ť

1) аз, көп – бір-біріне қарама-қарсы сөздер;
2) дос, жау – бір-біріне қарама-қарсы сөздер;
3) кең, тар – қарама-қарсы мәнді сөздер;
4) дұшпан, жау – мағыналас, мәндес сөздер.

♦ «Белгілі» сөзіне мағыналары ұқсас сөздер қатарын табыңыз.
Найдите ряд слов, близких по значению слову «белгілі».

A) салмақты, ұяң
B) әйгілі, танымал
C) танымал, батыр
D) абыройлы, айлакер

Ť

1) салмақты, ұяң – бір-біріне мәндес сөздер емес;
2) танымал, батыр – бір-бірінен алшақ сөздер;
3) абыройлы, айлакер – абыройлы сөзі мағына жағынан белгілі сөзіне жуықтап тұрғанымен, айлакер сөзінің мағынасы алшақ;
4) әйгілі, танымал – белгілі сөзіне мағыналас.

**16** Мағынасы жақын сөздерді көрсетіңіз.
Укажите слова, близкие по значению.

A) ас, тағам
B) ыстық, суық
C) дәмді, дәмсіз
D) қымыз, шұбат

**17** Мағынасы жақын сөздерді көрсетіңіз.
Укажите слова, близкие по значению.

A) ағаш, тал
B) алға, артқа
C) ұшақ, пойыз
D) жейде, шалбар

**18** «Тәрбиелі» сөзіне мағыналары ұқсас сөздер қатарын табыңыз.
Укажите слова, близкие по значению слову «тәрбиелі».

A) ақылды, жақсы
B) инабатты, ұялшақ
C) әдепті, үлгілі, өнегелі
D) парасатты, тентек, ұқыпты

**19** Мәндес сөздер қатарын көрсетіңіз.
Укажите слова, близкие по значению.

A) Ол жұмысқа жылдам жүріп келді.
B) Айгүл кез келген жұмысты шапшаң істейді.
C) Марат жұмысын бітірген соң, үйіне тез кетіп қалды.
D) Ажар жұмысын тез бітіріп, үйіне жылдам қайтып кетті.

## Біріккен сөздер (адам, жер-су атауларынан бөлек)
Слитные слова

Ė

Екі, кейде одан да көп сөз бірігіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі – біріккен сөздер деп аталады.
Мысалы: бүгін, биыл, әкел, апар, әпер дейтін сөздерді алсақ, солардың әрқайсысы екі түбірден бірігіп, бір сөзге айналған. Алғашқы екі сөздің құрамында бұл күн, бұл жыл деген сөздер бар. Демек, бұл күн, бұл жыл деп тіркесіп айтылатын екі сөздің жиі қолданылуының нәтижесінде, олар бірте-бірте өзгере келіп, бүгін, биыл деген түрде орныққан. Ал, әкел, әкет, әпер, апар деген сөздер: әкел – алып кел, әкет – алып кет, әпер – алып бер, апар – алып бар деген екі сөздің бірігуінен жасалған.
Сондай-ақ шекара, демалыс, еңбеккүн, баспасөз, айырбас, қолбасшы деген сөздер – бірігу тәсілі арқылы туған жаңа сөздер.
Біріккен сөздер әрқашан бірге жазылады.
Мысалы: өнеркәсіп, шикізат, күншығыс және т.б.
Біріккен сөздердің жазылу үлгісі екі түрлі болады:
а) біріккен сөздердің сыңарлары түбір тұлғасы сақталып, бірге жазылады.
Мысалы: еңбеккүн, итмұрын, саңырауқұлақ және т.б.;
ә) түбір тұлғалары дыбыстық өзгеріске ұшыраған кейбір біріккен сөздер дәстүр бойынша айтылуынша жазылады.
Мысалы: бүрсігүні, қолғанат және т.б.
Әлде, әр, бір, еш, кей сөздері жеке тұрып та, өзге сөздермен бірге де, бөлек те жазылады:
а) әлде, әр, бір, еш, кей сөздері есімдіктермен тіркескенде бірге жазылады.
Мысалы: ешбір, ешкім, ешқашан, қайсыбір, әлдекім, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдебір, әрбір т.б.
ә) әлде, бір, әр, еш, кей сөздері зат есімдердің анықтауышы ретінде қолданылғанда, анықталатын сөзден бөлек жазылады.
Мысалы: еш адам, бір адам, кей адам, әр адам, әлде шөп, әлде мал және т.б.

Словообразование – способ образования новых слов путем слияния двух или более основ.
Например: слова бүгін сегодня, биыл в этом году, апар отнеси, әкел принеси образованы путем слияния двух корней: бүгін – бұл күн, биыл – бұл жыл. А слова әкел, әкет, әпер, апар образованы путем слияния двух корней: әкел – алып кел, әкет – алып кет, әпер – алып бер, апар – алып бар.
Слова шекара граница, демалыс отдых, еңбеккүн трудодень, баспасөз пресса, айырбас замена, қолбасшы командующий – новые слова образованные путем объединения двух основ.
Слитные слова пишутся слитно.
Например: өнеркәсіп предприятие, шикізат сырье, күншығыс восход и т.д.
Слитные слова делятся на две большие группы:
а) К первой группе относятся слитные слова, в которых составные компоненты сохраняют свою морфологическую структуру.
Например: ақсақал старейшина, Мырзашөл, Кенжебек, Оқжетпес и т.д.
ә) Ко второй группе относятся слитные слова с упрощенной основой, в которых все компоненты или один из них подвержены фонетическому, этимологическому затемнению, десемантизации.
Например: бүрсігүні послезавтра, қолғанат помощник, қонағасы угощение для гостей и т.д.
Слова әлде или, либо, бір один, еш не, ни, вовсе кей некий, иной с сочетаемыми словами в некоторых случаях пишутся слитно, в некоторых раздельно.
а) Если слова әлде или, либо, бір один, еш не, ни, вовсе кей некий, иной в сочетании с местоимениями пишутся слитно.
Например: ешбір ни один, біреу кто-то, ешкім никто, ешқашан никогда, кейбір некоторый, әлдекім кто-то, әлдеқалай как-то, әлдеқашан давным-давно, әлдебір какой-то, әрбір каждый и т.д.
ә) слова әлде или, либо, бір один, еш не, ни, вовсе кей некий, иной при сочетании с именами существительными пишутся раздельно.
Например: еш адам ни один человек, бір адам один человек, кей адам некоторые люди, әр адам каждый человек, әлде шөп либо сено, әлде мал либо скот и т.д.

♦ Екі сөзден құралған сөзді табыңыз.
Найдите основу, которая состоит из двух слов.

A) мейрам
B) емтихан
C) қолөнер
D) мұғалім

**Ť**

1) қолөнер – қол және өнер деген екі сөзден құралған;
2) емтихан – бір сөзден құралған жалаң сөз;
3) мейрам – бір түбірден құралған жалаң сөз;
4) мұғалім – бір түбірден құралған жалаң сөз.

♦ «Бала» сөзіне қосылып, жаңа атау жасайтын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое, соединяясь со словом «бала», образует новое слово.

A) бақ
B) бау
C) бақыт
D) бақша

**Ť**

1) бақ – бала+бақ деген жаңа атау;
2) бау – бала+бау деген тіркес те жоқ;
3) бақыт – бала+бақыт деген жаңа атау тудырып тұрған жоқ;
4) бақша – бала+бақша деген кездеседі.

♦ Бірге жазылатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слова, которые пишутся слитно.

A) іс сапар
B) іс әрекет
C) алыс сапар
D) қарым қатынас

**Ť**

1) іссапар сөзі бір ұғымды білдіріп бірге жазылады;
2) іс-әрекет – біріккен сөз емес, қос сөз;
3) алыс сапар бірге емес, тіркесіп жазылады;
4) қарым-қатынас сөзі дефис арқылы жазылады.

**20** Бірге жазылатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слова, которые пишутся слитно.

A) ата әже
B) әке шеше
C) кемпір шал
D) кемпір қосақ

**21** Бірге жазылатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слова, которые пишутся слитно.

A) қара өлең
B) асыл сөз
C) сөз жұмбақ
D) сөздің мағынасы

**22** Екі сөзден құралған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое состоит из двух основ.

A) үйрек
B) жүрек
C) қабілет
D) беташар

**23** Екі сөзден құралған сөзді табыңыз.
Укажите слово, которое состоит из двух основ.

A) тәулік
B) уақыт
C) дәрумен
D) денсаулық

**24** Екі сөзден жасалған атауды көрсетіңіз.
Укажите слово, которое состоит из двух основ.

A) бастау
B) басшы
C) елбасы
D) бастық

## Қос сөздер. Қос сөздердің берілуі
Парные слова

Ė

Сөздердің қосарланып айтылуынан немесе қайталануынан жасалған сөздер қос сөздер деп аталады. Қос сөздер дефис арқылы жазылады.
Қос сөздердің берілуі:
1) Қос сөздер дара сөздерден құралып, жинақтық я жалпылық мағынада беріледі. Мысалы, ыдыс-аяқ, бала-шаға, қыз-келіншек, кемпір-шал және т.б.
2) Қос сөздер белгілі бір ұғымды дәл атамай, болжау мағынасында беріледі. Мысалы, бүгін-ертең, кешелі-бүгінді, жеті-сегіз, қырық-отыз, алпыс-жетпіс және т.б.
3) Қос сөздер амалдың бір рет емес, әлденеше рет қайталанғанын білдіреді. Мысалы, сөйлей-сөйлей, жүре-жүре, бара-бара, айтып-айтып және т.б.
4) Кейбір қос сөздер екі субъектінің арасындағы әрекеттің немесе қарым-қатынастың тікелей болатынын білдіреді.
Мысалы, көзбе-көз, жүзбе-жүз, қарама-қарсы, қолма-қол және т.б.
5) Қос сөздер заттың түсін, көлемін я болмаса сапасын күшейту үшін де қолданылады. Мысалы, қып-қызыл, сап-сары, күп-күрең, үлкен-үлкен және т.б.

Сложные слова, образованные путем парного произношения слов, называются парными словами. Парные слова пишутся через дефис.
Образование парных слов:
1) Парные слова, образованные при помощи соединения двух разных основ, выражают обобщенный смысл. Например: аяқ-табақ посуда, ыдыс-аяқ посуда, бала-шаға дети, қыз-келіншек девушки и женщины, кемпір-шал старуха и старик и т.д.
2) Парные слова, которые не являются названиями конкретных предметов, выражают значение предположения. Например: бүгін-ертең сегодня или завтра, кешелі-бүгінді вчера или сегодня, жеті-сегіз семь или восемь, қырық-отыз сорок или тридцать, алпыс-жетпіс шестьдесят или семьдесят и т.д.
3) Парные слова, образованные путем повторения одной и той же основы, имеют оттенки увеличения или выражают повтор действия.
Например: сөйлей-сөйлей говоря, говоря, жүре-жүре идя, идя, бара-бара пойти, пойти, айтып-айтып говоря, говоря и т.д.
4) Некоторые парные слова выражают отношения непосредственно между субъектами. Например: көзбе-көз с глазу на глаз, жүзбе-жүз лицом к лицу, қарама-қарсы напротив, қолма-қол из рук в руки и т.д.
5) Парные слова, образованные при помощи совместного произношения или его усилительного слога, выражают значение усиления.
Например: қып-қызыл очень красный, сап-сары очень желтый, күп-күрең очень бордовый, үлкен-үлкен большой-большой и т.д.

♦ Күрделі сөзді табыңыз.
Найдите сложное слово.

Аспандағы найзағай жарқ-жұрқ етті.
A) етті
B) аспанда
C) найзағай
D) жарқ-жұрқ

Ť

1) етті – қос сөз емес;
2) аспанда – біріккен сөз емес;
3) найзағай – жалаң сөз;
4) жарқ-жұрқ сөзі екі сөзден құралған, дефис арқылы жазылады.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... – отбасы тірегі мен жүрегі.
A) Ата-ана
B) Қыз-жігіт
C) Бала-шаға
D) Қыз қырқын

**Т́**

1) ата-ана – отбасын құрайтын негізгі адамдар;
2) қыз-жігіт – отбасы тірегі мен жүрегі емес;
3) бала-шаға – отбасының мүшелері, жалғасы;
4) қыз-қырқын – мағынасы алшақ жатқан сөз.

♦ Сәйкес сөздерді көрсетіңіз.
Укажите соответствующие слова.

Қазақстанның болашақтағы ... айқын.
A) ауа райы
B) бала-шағасы
C) мақта-матасы
D) мақсат-міндеті

**Т́**

1) ауа райы – Қазақстанның болашақтағы ауа райы айқын, сөйлемдегі сөздермен тіркесіп тұр. Алайда мағыналық байланыс айқын емес;
2) бала-шағасы – мағынасы сай келмейді;
3) мақта-матасы – мағыналық байланыс жоқ;
4) мақсат-міндеті – Қазақстанның болашақтағы мақсат-міндеті айқын, мағынасы сәйкес келеді.



**25** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующее слово.

Биыл құрғақшылық, ... аз болды.
A) тау-тас
B) ауа райы
C) темір-терсек
D) жауын-шашын

**26** Ата-ана ұғымындағы сөздерді көрсетіңіз.
Укажите слова, которые передают понятие «ата-ана».

A) аға мен әже
B) әже мен әке
C) әке мен шеше
D) шеше мен бала

**27** Арасына дефис қойылатын сөзді белгілеңіз.
Отметьте слова, которые пишутся через дефис.

A) төр аға
B) жаңа нұсқа
C) жеміс жидек
D) ресми құжат

**28** Қос сөздер қатарын табыңыз.
Найдите ряд парных слов.

A) кәрі-жас, төраға
B) ата-ана, балабақша
C) жан-жануар, көлбақа
D) айқай-шу, бала-шаға

**29** Көп нүктенің орнына қажетті қос сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующие парные слова.

Менің ... Тараз қаласында тұрады.
A) ата-анам
B) жоғары-төмен
C) ерсілі-қарсылы
D) ұзынды-қысқалы

Ė

## Қысқарған сөздер. Қысқарған сөздердің берілуі
Күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрі
## Сокращенные слова
Правописание сокращенных слов

Тек басқы дыбыстары қысқарған сөздер:
Сокращенные слова, образованные на основе начальных заглавных букв.
ҚР – Қазақстан Республикасы, ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы, ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тест, ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ӘЖК – Әлеуметтік жеке код, МҚА – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Бірінші сөздің басқы буыны және соңғы сөздердің басқы дыбыстары қысқаруынан жасалған сөздер:
Сокращенные слова, образованные из начального слога первого слова и начальных букв последующих слов.
ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті, ҚызМПУ – Қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті
Бірінші сөздің басқы буыны мен соңғы сөздің түбір күйінде жазылуынан жасалған сөздер
Сокращенные слова, образованные из начального слога первого слова и последующего целого слова.
Медколледж, пединститут, автопарк, биоөнім, автотұрақ т.б.
Әрбір сөздің басқы буынынан жасалған сөздер.
Сокращенные слова, образованные только из начальных слогов слов.
физмат – физика-математика, ұжымшар – ұжымдық шаруашылық
пәтерақы – пәтердің ақысы (квартплата)
Жазуда қолданылатын см (сантиметр), мм (миллиметр), кв (киловатт) т.б. (тағы басқалар), т.с. (тағы сондайлар), т.с.с. (тағы сол сияқтылар) секілді шартты белгілер де қысқарған сөздер тобына жатады.
Условные знаки: см (сантиметр), мм (миллиметр), кв (киловатт) и т.д. относятся к группе сокращенных слов.
Ескерту:
1) Жалпылама сипаттағы халықаралық ұйымдар мен мекемелердің атауындағы барлық сөздер бас әріппен жазылады.
Мысалы:
Дүниежүзілік Бейбітшілік Кеңесі (ДБК)
Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы (БҰҰБА), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД).
Примечание:
Каждое слово в составе названия международных организаций и учреждений общественного значения пишутся заглавными буквами.
Всемирный Мировой Совет (ВМС)
Главная Ассамблея Организаций Объединенных Наций (ГА ООН)
2) Жалпылама сипаты жоқ халықаралық ұйымдар мен мекемелердің атауындағы бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылады.
Мысалы:
Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)
Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)
В названиях международных организаций и учреждений, которые не несут обобщающего смысла, только первое слово пишется с заглавной буквы.

3) Сыртқы байланыстарды жүзеге асыруда қызмет ететін дипломатиялық лауазымдар мен ұйымдардың бірінші сөзі бас әріппен жазылады.
Мысалы:
Бас консулдық
Сауда өкілеттігі
Сыртқы байланыстар жөніндегі өкіл.
Только первое слово пишется с заглавной буквы в названиях дипломатических званий и организаций, занимающихся внешними связями.
Шетелдер мен халықаралық ұйымдардағы лауазымдар мен дәрежелердің атаулары кіші әріппен жазылады.
Мысалы:
БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы
БҰҰ-ның бас хатшысы
Названия должностей в иностранных и международных организациях пишутся маленькими буквами.
Например:
БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы – председатель Совета Безопасности ООН
БҰҰ-ның бас хатшысы – главный секретарь ООН

---

♦ Қысқарған сөзі бар сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение с сокращенными словами.

A) Сүт өнімдерін «Адал» ЖШС өндіреді.
B) Айран қорабында «Фуд-Мастер» деген жазу бар.
C) Рауан дүкеннен «Айналайын» деген сүтті сұрады.
D) Сәнім – «Алматы» мейрамханасындағы шебер аспаз.

Т́

1) «Алматы» – қысқарған сөз емес;
2) Бұл қатарда да қысқарған сөз жоқ;
3) Бұл қатардағы сөздер толық жазылған;
4) ЖШС – жеке шаруашылық серіктестік деген сөздің қысқарған түрі.

**30** ТМД сөзінің толық нұсқасын табыңыз.
Найдите вариант слова ТМД, записанный полными словами.

A) Мемлекеттер одағы
B) Мемлекеттер достастығы
C) Республикалардың тәуелсіз одағы
D) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

**31** Қысқарған сөздің дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.
Укажите правильный вариант сокращенного слова.

Биылғы ҰБТ көрсеткіші жаман емес.
A) Ұлттық Банк Тарифі
B) Ұлттық Біртұтас Тест
C) Ұлттық Бірыңғай Тест
D) Ұйымдасқан Бақылау Тобы

**32** «Қазақ ұлттық техникалық университетінің» қысқарған түрін табыңыз.
Найдите сокращенный вариант слова «Қазақ ұлттық техникалық университеті».

A) ҚТҰУ
B) ҚазТАГ
C) ҚазМҰУ
D) ҚазҰТУ

**33** Қысқартылған сөздің дұрыс жазылған нұсқасын табыңыз.
Найдите правильный вариант написания сложно-сокращенного слова.

Салтанат – ҚазҰУ-дың студенті.
A) Қазақ ұлт университетінің
B) Қазақ ұлттар университетінің
C) Қазақ ұлттық университетінің
D) Қазақстан ұлттар университетінің

**34** Қысқарған сөздің дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.
Укажите правильный вариант сложно-сокращенного слова.

Қазақстан 2010 жылдан бастап ЕҚЫҰ-ға төрағалық етеді.
A) Елдің қауіпсіздігін қорғау ұйымы
B) Европалық қаржы нарығын ұйымдастыру
C) Европалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
D) Европадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы

Ė

**Күрделі сөз**
Сложные названия

Күрделі сөз – екі немесе одан да көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіретін сөздер. Мысалы: ғаламшар, тұсаукесер, Жезқазған, бозбала, оқжылан және т.б. Күрделі сөз, біріншіден, тұтас бір ұғымды екі немесе одан да көп сөздер арқылы білдіреді, екіншіден, құрамындағы ұғымдары үнемі мағыналық байланыста тұрады, қызметі жағынан бөлшектенбейді, үшіншіден, сыңарлары бірте-бірте өздеріне тән мағынадан айырылып, жаңа ұғымның белгілерін көрсетуші қасиетке ие болады.
Сложные названия образуются при слиянии двух или нескольких самостоятельных слов и являются одним лексическим целым. Ғаламшар планета, тұсаукесер презентация, Жезқазған, бозбала юноша, оқжылан змея-стрела и т.д.
Некоторые сложные названия образуются при слиянии двух самостоятельных слов и мотивируют их значения.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Фирманың ашылу ... келесі аптаға жоспарланды.
A) бірлестігі
B) тұсаукесері
C) пікірталасы
D) телехабары

Ť

1) бірлестігі – мағынасы сай емес;
2) тұсаукесері – мағынасы келеді;
3) пікірталасы – ашылу пікірталасы болмайды;
4) телехабары – ашылу телехабары да мағыналық тұрғыдан сәйкес келмейді.

♦ Заттың атауын табыңыз.
Найдите наименование предмета.

A) ас қасық
B) шебер аспаз
C) өткір пышақ
D) күміс шанышқы

Ť

1) ас қасық – не? деген сұраққа жауап беріп, заттың атауын білдіріп тұр;
2) шебер аспаз – қандай аспаз? деген сұраққа жауап беріп, аспаздың шеберлігін білдіріп тұр;
3) өткір пышақ – қандай пышақ? деген сұраққа жауап беріп, пышақтың сынын білдіріп тұр;
4) күміс шанышқы – қандай шанышқы? деген сұраққа жауап беріп, заттың сынын білдіріп тұр.

**35** Ұйымның атауын көрсетіңіз.
Укажите название организации.

A) Министрлердің білімі
B) Білім және ғылым министрлігі
C) Министрліктің тоқсандық есебі
D) Мәжілістің төрағасы министрлікте

**36** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующее слово.

Елбасы туралы «Балалық шағымның аспаны» атты ... түсірілді.
A) клипті әуені
B) көркем фильм
C) пьесалық жанры
D) музыкалық скетч

**37** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующее слово.

... суы шипалы.
A) Аралдың
B) Балқаштың
C) Сарыағаштың
D) Сарыарқаның

**38** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... Оқжетпес тауы бар.
A) Алматыда
B) Үштөбеде
C) Көкшетауда
D) Жезқазғанда

**39** Бір ғана заттың атауын білдіретін күрделі сөзді табыңыз.
Укажите сложное слово, обозначающее одно понятие.

A) аяқкиім
B) киімнің бағасы
C) киімнің мөлшері
D) менің киімдерім

## Сөз түрлендіруші жұрнақтар
Формообразующие суффиксы

Ė

Өзі жалғанған сөзге (түбірге) сәл де болса жаңа мағына беретін, бірақ негізгі лексикалық мағынасын өзгертпейтін жұрнақты сөз түрлендіруші жұрнақ дейді. Мысалы: көл-шік, кітап-ша, кіші-рек, қызыл-дау, бар-мақ, кел-ген және т.б.
Формообразующие суффиксы отличаются тем, что они не образуют слов с новым лексическим значением, а передают новые оттенки значений. Например: көл-шік маленькое озеро, кітап-ша книжка, кіші-рек маловатый, қызыл-дау красноватый, бар-мақ намеревается поехать, кел-ген пришел и т.д.

**Сөз түрлендіруші жұрнақтардың түрлері**
Виды формообразующих суффиксов

| Сөз түрлендіруші жұрнақтар<br>Формообразующие суффиксы | |
|---|---|
| **Зат есім**<br>**Имя существительное** | |
| Жұрнақтары<br>суффиксы | Мысалдар<br>примеры |
| -шық, -шік<br>-ша, -ше<br>-шақ, -шек<br>-тай, -жан<br>-қай, -қан<br>-й | қап-шық, көл-шік<br>кітап-ша, көрпе-ше<br>құлын-шақ, іні-шек<br>апа-тай, әке-жан<br>бала-қай, бала-қан<br>ата-й, әже-й |
| **Сын есім**<br>**Имя прилагательное** | |
| Жұрнақтары<br>суффиксы | Мысалдар<br>примеры |
| -рақ, -рек<br>-ырақ, -ірек<br>-дау, -деу<br>-шіл, -шілтім және т.б. | жылы-рақ, күшті-рек<br>аз-ырақ, кіші-рек<br>қызыл-дау, күлгін-деу<br>көк-шіл, көк-шілтім |
| **Етістік**<br>**Глагол** | |
| Жұрнақтары<br>суффиксы | Мысалдар<br>примеры |
| -ған, -ген, -қан, -кен<br>-мақ, -мек, -пақ, -пек<br>-ар, -ер<br>-атын, -етін және т.б. | қой-ған, бер-ген, айт-қан, кет-кен<br>ал-мақ, бер-мек, жат-пақ, күт-пек<br>бар-ар, бер-ер<br>жаз-атын, көр-етін |

Ескерту: Қазақ тілінде үлкен кісілерге сый-құрмет көрсету мақсатында алғашқы буынға -еке, -аға, -ке, -а сияқты қосымшалар жалғану арқылы жасалады: Мәке, Сәке, Тәке, Бәке, Нұраға, Мұқа, Бауке.
Примечание: В казахском языке суффиксы -еке, -аға, -ке, -а придают уважительное значение словам.

♦ Құрмет көрсету мағынасында айтылған сөзді табыңыз.
Укажите слово, выражающее уважительное отношение.

A) Асан
B) Асеке
C) Аслан
D) Ақерке

Ť

1) Асан – қарапайым ер адам есімі;
2) Ас-еке – есімге -еке қосымшасы жалғанып, құрмет көрсету мағынасын білдіріп тұр;
3) Аслан – өз есімі бойынша айтылып тұр;
4) Ақерке – қыздың есімі, түбірі – ақ және ерке сөзінің бірігуінен жасалған.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Апам қонақтарға ... төседі.
A) кілемше
B) көрпеше
C) дастарқан
D) сандықша

Т́

1) дастарқанды төсемейді, жаяды;
2) кілемше – мағыналық жақтан келмейді;
3) көрпеше – көрпеше төсеу – қазақтың салтында бар;
4) сандықша – сандықша төсеу – мағынасы келмейді.

**40** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қоқыстың бәрін ... салды.
A) үйшікке
B) шелекке
C) көлшікке
D) балшыққа

**41** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Ит ... ұйықтап жатыр.
A) үйшігінде
B) көлшігінде
C) бөлмесінде
D) қалашығында

**42** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бауырым, маған ... болып келеді екенсің.
A) ағай
B) інішек
C) балақан
D) балақай

**43** Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Вставьте нужный аффикс.

- Аға..., маған көмектесіп жіберші.
A) -ша
B) -ше
C) -шік
D) -тай

**44** Еркелету мағынасындағы адам атын табыңыз.
Найдите имя человека с уменшительно-ласкательным оттенком.

A) Айжан
B) Айман
C) Гүлжан
D) Айгүлжан

## Көптік мағынаның берілуі
Значения множественного числа

Ė

Қазақ тілінде сөз тура мағынасында жұмсалғанда, көптік жалғаудың жалғануын қажет етпейтін біраз сөздер бар. Мұндай сөздердің бірқатары жалпылық мәнде жұмсалады. Олар:
1) Кәсіп түрлері: егіншілік, зергерлік, ақындық т.б.
2) Дерексіз зат есімдер: достық, сыйластық, байлық т.б.
3) Жұп зат атаулары: қолғап, етік, сырға т.б.
4) Қимылдың, процестің атаулары: күлкі, күйініш, реніш.
5) Ғылым: физика, тарих, диалектология т.б.
6) Сан жағынан заттың біреу емес, бірнешеу екендігін білдіретін сөздер: жүзге тарта адам, он шақты кітап, көп күн, аз кісі.
7) Есімдік сөздер – біраз, бірқатар, бірталай, бірқыдыру, бірнеше, бірсыпыра тәрізді сөздер.
Мысалы: біраз қой, бірталай жан, т.б.
8) Қос сөздер арқылы беріледі.
а) мағына жағынан біріне-бірі жуық келетін сөздер: ағайын-туған, құрал-сайман, ауыл аймақ, ыдыс аяқ, азық түлік, т.б.
б) мөлшер мәнді сөздің қайталануы.
Мысалы: үйір-үйір, қора-қора т.б.
9) Зат есімдер барлық, бар, бәрі, күллі, барша секілді есімдіктермен тіркесіп келгенде де көптік мағынаны білдіреді.
Мысалы: барлық ұлт, барша мүлік т.б.
10) Көптік ұғымды білдіретін сөздер: ұн, қант, шаш т.б.

В казахском языке есть слова, которые не употребляются во множественном числе и воспринимаются как множество:
1) Категории профессий: егіншілік земледелие, зергерлік ювилерный, ақындық поэтический и т.д.
2) Абстрактные существительные: достық дружба, сыйластық уважение, байлық богатство и т.д.
3) Названия парных предметов: қолғап рукавицы, етік сапоги, сырға серьги и т.д.
4) Существительные, которые являются названиями различных процессов: күлкі смех, күйініш горе, реніш обида.
5) В научных терминах, например: физика, тарих, диалектология и т.д.
6) Существительные, стоящие после количественных слов: жүзге тарта адам почти 100-летний человек, он шақты кітап около 10 книг, көп күн много дней, аз кісі мало людей.
7) Такие местоимения, как біраз многие, бірқатар целый ряд, бірталай множество, бірқыдыру несколько, бірнеше несколько, бірсыпыра несколько.
Например: біраз қой несколько овец, бірталай жан много людей и т.д.
8) Парные слова:
а) близкие по значению: ағайын-туыс родня, құрал-сайман орудие, ауыл-аймақ аул, ыдыс-аяқ посуда, азық-түлік продукты, т.б.
б) парные слова-существительные, обозначающие множество.
Например: үйір-үйір стайка, қора-қора множество и т.д.
9) Существительные, стоящие после слов с обобщающим значением: барлық, бар, бәрі, күллі, барша все не употребляются во множественном числе.
Например: барлық ұлт все нации, барша мүлік весь инвентарь и т.д.

♦ Көптік жалғауы жалғанбайтын сөзді табыңыз.
Найдите слово, к которому не присоединяется окончание множественного числа.

A) шай
B) кесе
C) қасық
D) пышақ

Т́

1) кесе – кесе-лер, көптік жалғауы жалғанады;
2) шай сөзі жеке тұрып жалпылық мәнде жұмсалады;
3) пышақ – пышақ-тар, көптік жалғауы жалғанады;
4) қасық – қасық-тар, көптік жалғауы жалғанады.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Далада ... жауа бастады.
A) қар
B) бұлт
C) толқын
D) найзағай

Т́

1) қалада қар жауады;
2) бұлт жаумайды, бұлт көшеді, торлайды және т.б.;
3) толқын жаумайды, толқын ойнайды, басталады, көтеріледі және т.б.;
4) найзағай жаумайды, найзағай ойнайды, жарқылдайды.

♦ Санауға келмейтін затты белгілеңіз.
Отметьте слово, не подлежащее счету.

A) гүл
B) құм
C) ағаш
D) кірпіш

Т́

1) кірпішті санауға болады;
2) гүлді де санай береміз;
3) құмды санай алмаймыз;
4) ағашты санауға болады.



**45** Қате құрылған сөйлемді белгілеңіз.
Отметьте неверно построенное предложение.

A) Кезекте үш адамдар тұр.
B) Дәрігерде кезекте тұрмын.
C) Дәрігерде кезекте адам көп.
D) Мен кезекте бір сағат тұрдым.

**46** Сұйық затты белгілеңіз.
Отметьте слово, обозначающее жидкое вещество.

A) су
B) қар
C) жел
D) тұман

**47** Көптік ұғымда қолданылатын сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, употребляемое как множество.

Өзен суы таза емес.
A) суы
B) таза
C) емес
D) өзен

**48** Көптік жалғауы жалғанбайтын сөздерді көрсетіңіз.
Найдите слова, к которым не присоединяются окончания множественного числа.

A) жер, ел
B) нан, қант
C) теңіз, көл
D) шұжық, кәмпит

**49** Көптік жалғауы жалғанбайтын сөздер қатарын көрсетіңіз.
Найдите слова, к которым не присоединяются окончания множественного числа.

A) қыз, жігіт
B) әнші, биші
C) айла, ақыл
D) ағаш, шөп

## Ілік септігі. Меншіктілікті білдіру қызметі
## Значение принадлежности родительного падежа

Ė

Ілік септігі тәуелділікті, меншіктілікті, иелікті білдіреді. Ол тәуелдік категориясымен тығыз байланысты. Зат есімдер ілік жалғауында келгенде, онымен тіркесетін тәуелдік жалғаулы сөз үшінші жақта тұрады.
Мысалы: Анамның көйлегі өзіне жарасып тұр.
Ілік септігінің жалғауы кейде түсіріліп, жасырын түрде де қолданылады.
Мысалы: кітаптың беті – кітап беті, дүкеннің жаны – дүкен жаны, кабинеттің іші – кабинет іші және т.б.
Жер-су аттары, әкімшілік атаулары жасырын ілік септігінде тұрады.
Мысалы: Алматы қаласы, Ақмола облысы, Құлан ауданы және т.б.
Ілік септік – используется для обозначения принадлежности.
Окончания родительного падежа могут присоединяться непосредственно к основе, к окончаниям множественного числа и окончаниям принадлежности. Ілік септік всегда употребляется в сочетании с формой принадлежности III лица.
Вопросы: кого? чей? чья? чье? чего?
В некоторых случаях окончания родительного падежа могут опускаться:
Мәдениет (тің) сарайы – Дворец культуры;
Қала (ның) жастары – Молодежь города.
В предложении данные формы в основном являются определениями.

Есте сақтаңыз!
Ілік септігіндегі сөз үнемі анықтауыш қызметінде жұмсалады.
Запомните!
Слово в родительном падеже выполняет функцию определения.

| Септік | Сұрақтары | Сөздің соңғы дыбысы | Жалғаулары | Мысалдар |
|---|---|---|---|---|
| Падеж | Вопросы | Последний звук слова | Окончания | Примеры |
| Ілік септік<br>Родительный падеж | кімнің?<br>ненің?<br>чьей? чье?<br>чья? чего? | Дауысты, үнді м, н, ң, I, II, III жақ тәуелдік жалғауы<br>Гласные, сонорные м, н, ң, I, II, III лица пр. формы | -ның<br>-нің | қала-ның<br>қалам-ның<br>қалаң-ның<br>анасы-ның<br>көше-нің<br>бөлмем-нің<br>үйің-нің<br>сөзі-нің |
| | | Ұяң звонкие з, ж, үнді сонорные р, л, й, у | -дың<br>-дің | су-дың<br>тау-дың<br>қар-дың<br>гүл-дің<br>көз-дің<br>үй-дің |
| | | Қатаң глухие, ұяң звонкие б, в, г, д | -тың<br>-тің | кітап-тың<br>кілт-тің<br>банк-тің |

♦ Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Уақыт өте ... оқу үлгерімі жақсара бастады.
A) Асылдан
B) Маратпен
C) Жәнібекте
D) Арманның

Ť
1) Жәнібекте – қатыстық мәнді білдірмейді.
2) Асылдан – шығу орнын көрсетеді.
3) Маратпен – бірлестік мәнін білдіреді.
4) Арманның – қатыстық мәнін білдіреді.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

… пәтеріміз бесінші қабатта.
A) Сіздің
B) Біздің
C) Сіздердің
D) Сендердің

Ť
1) Сіздің –сөйлемге мағыналық жақтан үйлеспейді.
2) Біздің –мағыналық жақтан сөйлемді толықтыра алады.
3) Сіздердің –пәтеріміз сөзімен байланыса алмайды.
4) Сендердің –сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды.

♦ Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Сен үшін кімнің пікірі дұрыс?
– ... .
A) Айшаны
B) Айсұлуда
C) Майнұрға
D) Фаризаның

Ť
1) Айшаны – сөйлемнің мағынасына сәйкес емес.
2) Айсұлуда – сөйлемнің мәніне үйлеспейді.
3) Майнұрға – бағытты білдіріп тұр.
4) Фаризаның – иелік мәнін білдіріп, сұраулы сөйлемнің жауабы бола алады.

**50** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мен тұратын ... экологиясы жақсарып келеді.
A) үйдің
B) қаланың
C) пәтердің
D) ғимараттың

**51** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Майра, ... қанша балаңыз бар?
A) сенің
B) біздің
C) сіздің
D) менің

**52** «Кімнің?» сұрағына жауап беретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое отвечает на вопрос «кімнің?».

Оның отбасында алты адам бар.
A) алты
B) адам
C) оның
D) отбасында

**53** Мәтелді толықтырыңыз.
Дополните поговорку.

Тату ... тамағы тәтті.
A) үйдің
B) отауға
C) бөлмеде
D) ғимаратпен

**54** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... қадірін адам ауырғанда біледі.
A) Ақшаның
B) Ағайынның
C) Ата ананың
D) Денсаулықтың

## Барыс септігінің бағытты білдіруі
Значение направления действия дательного падежа

Ė

Барыс септігі іс-әрекеттің, қимылдың кімге, неге бағытталғанын білдіреді.
Барыс септік (дательный падеж) обозначает направление действия.
Мысалы: Біз қонақ-қа барамыз. Мен Астана қаласы-на іссапарға барамын.
Например: Мы едем в гости. Я еду в Астану в командировку.

| Септік | Сұрақтары | Сөздің соңғы дыбысы | Жалғаулары | Мысалдар<br>Примеры | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жуан | жіңішке |
| Падеж | Вопросы | Последний звук слова | Окончания | твердый | мягкий |
| Барыс септік | кімге?<br>неге?<br>қайда?<br>кому?<br>чему?<br>куда? | 1. Дауысты, ұяң немесе үнді<br>Гласный, звонкий или сонорный | -ға/-ге | қала-ға | дүкен-ге |
| | | 2. Қатаң не ұяң б, в, г, д<br>Глухой или звонкий б, в, г, д | -қа/-ке | жұмыс-қа | мектеп-ке |
| | | 3.Тәуелдік жалғаудың I-II жағы<br>I-II лицо притяжательного оконч. | -а/-е | бала-м-а | үй-ім-е |
| | | 4.Тәуелдік жалғаудың III жағы<br>III лицо притяжательного оконч. | -на/-не | Алматы қала-сы-на | әке-сі-не |

Есте сақтаңыз!
Сөйлемде септік жалғауын дұрыс қолдану үшін етістік-баяндауышқа қараймыз. Етістік-баяндауыш қандай сұрақты талап етсе, сол сұраққа жауап береміз, яғни сұрақ қандай септіктің сұрағы болса, қосымшаны солай жалғаймыз.
Мысалы, (қайда?кімге?) бар.

дүкенге
мектепке
жұмысқа — бар
үйге
бастығына
әріптесіне
әжеңе

Запомните!
Чтобы правильно использовать падежные окончания, необходимо обратить внимание на глагол-сказуемое. Какой вопрос требует глагол, тот вопрос и ставится к существительному, чтобы определить его падеж.
Например, қайда – куда? кімге – кому? бар – идти

---

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мен ертең ... барамын.
A) конференция
B) конференцияға
C) конференцияны
D) конференцияның

1) Мен ертең конференция барамын – конференция сөзі атау септігінің сұрағына (не?) жауап беріп тұр;
2) Мен ертең конференцияға барамын – конференцияға (қайда?) сұрағына жауап беріп, баратын бағытты білдіріп тұр;
3) Мен ертең конференцияны барамын – конференцияны (нені?) сұрағына жауап беріп, объектіге бағытталып тұр;
4) Мен ертең конференцияның барамын – конференцияның (ненің?) сұрағына жауап беріп тұр.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жұмыс бабымен ... кетіп барамын.
A) іссапар
B) іссапарға
C) іссапарды
D) іссапардың

1) іссапардың – ілік септігінің сұрағына (ненің?) жауап беріп тұр;
2) іссапарды – табыс септігінің (нені?) сұрағына жауап беріп тұр;
3) іссапарға – барыс септігінің (қайда?) сұрағына жауап беріп, бағытты көрсетіп тұр;
4) іссапар – атау септігінің (не?) сұрағына жауап беріп, заттың атауын білдіріп тұр.

♦ Қимылдың бағытын білдіріп тұрған сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое обозначает направление действия.

Түстен кейін ... бару керек.
A) телеарнаға
B) теледидарды
C) тележүргізушінің
D) телебағдарламадан

1) телеарнаға – барыс септігінің (қайда?) сұрағына жауап беріп, қимылдың бағытын көрсетіп тұр;
2) теледидарды – табыс септігінің (нені?) сұрағына жауап беріп, объектіні білдіріп тұр;
3) тележүргізушінің – ілік септігінің сұрағына (кімнің?) жауап беріп, меншіктілікті қажет етіп тұр;
4) телебағдарламадан – (қайдан?) сұрағына жауап беріп, қайдан шыққанын білдіріп тұр.

**55** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

– Сен Мәскеу ... барасың ба?
A) қалаға
B) қаладан
C) қаламен
D) қаласына

**56** Диалогті қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните диалог нужным словом.

– Қайда барамыз?
– ... .
A) Мектепті
B) Банкіден
C) Асханада
D) Балабақшаға

**57** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутому слову.

Жұмыстан соң <u>киноға</u> барайық.
A) нені?
B) неде?
C) қайда?
D) кімге?

**58** «Бар» етістігімен тіркесетін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое сочетается с глаголом «бар».

A) ауылды
B) дәріхананы
C) әкімшілікке
D) мейрамхананың

## Жатыс септігінің мезгілдік мағынаны білдіруі
Значение времени местного падежа

Жатыс септігіндегі сөздер мекендік (орын), көлемдік, мезгілдік мағынада жұмсалып, етістікпен тіркеседі.
Жатыс септік (местный падеж) – обозначает место, положение, время и пространство, в которых находится лицо, предмет или совершается действие. В предложении может выступать в качестве обстоятельства или сказуемого.
Сұрақтары: кімде? кімдерде? неде? нелерде? қайда?
Вопросы: у кого? у чего? где?

| Септік Падеж | Сұрақ-тары Вопросы | Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова | Жалғау-лары Окончания | Мысалдар Примеры | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жуан твердый | жіңішке мягкий |
| Жатыс септік Мест-ный падеж | кімде? у кого? неде? у чего? қайда? где? | 1. Дауысты гласный, ұяң звонкий **з, ж** үнді сонорный, І, ІІ жақ тәуелдік жалғауы І, ІІ лицо притяжательного окончания | **-да/-де** | жаз-да | күз-де |
| | | 2. Қатаң глухой, ұяң звонкий **б, в, г, д** | **-та/-те** | қыс-та | кеш-те |
| | | 3. ІІІ жақ тәуелдік жалғауы ІІІ лицо притяжательного окончания | **-нда/-нде** | баласы-нда | шешесі-нде |

Жатыс септігінің мағыналары:
Значения местного падежа:

- мекенді білдіру обозначение места Мен емтиханда болдым.
- мезгілді білдіру обозначение времени Ол уақытында келді.
- әрекет мезгілі, уақыты Біз жылда кездесеміз (жалғасымы, қайталанымы)
- мезгіл (сағат, күн, уақыт, апта) Мен сені осы аптада көрмедім. Сәрсенбіде сабақ болмайды.

Мезгіл мәнді құрылымның жатыс септігінде берілуі

| апта | ай | ғасыр |
|---|---|---|
| өткен аптада<br>осы аптада<br>келесі аптада | өткен айда<br>осы айда<br>келесі айда | өткен ғасырда<br>осы ғасырда<br>келесі ғасырда |

Қай айда?

| қыста | көктемде | жазда | күзде |
|---|---|---|---|
| желтоқсанда<br>қаңтарда<br>ақпанда | наурызда<br>сәуірде<br>мамырда | маусымда<br>шілдеде<br>тамызда | қыркүйекте<br>қазанда<br>қарашада |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жұмыс ... аяқталады.
A) алтыға
B) алтыда
C) алтыны
D) алтымен

Т́

1) алтыға – аяқталады сөзімен тіркеспейді;
2) алтыда – аяқталды етістігімен тек жатыс септігіндегі сөз ғана тіркеседі;
3) алтыны – аяқталады сөзімен тіркеспейді;
4) алтымен – аяқталады сөзімен тіркесе алмайды;

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Семинар тура сағат ... басталды.
A) тоғыз
B) бестің
C) алтыны
D) тоғызда

Т́

1) тоғыз – атау септігінде тұр;
2) бестің – ілік септігінде тұр, ненің? сұрағына жауап береді;
3) алтыны – табыс септігінде тұр, нені? сұрағына жауап береді;
4) тоғызда – жатыс септігінде, семинардың қаншада басталатынын білдіріп тұр.

♦ Сөйлемнен мезгілді білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое обозначает период времени.

Досым екеуміз кинодан түнде қайттық.
A) түнде
B) қайттық
C) кинодан
D) досым екеуміз

Т́

1) түнде – мезгілді білдіреді;
2) қайттық – іс-әрекетті білдіреді;
3) кинодан – қайдан шыққанын көрсетеді;
4) досым екеуміз – бірлескен адамдарды білдіреді;

**59** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Театрда өткен ... болдым.
A) аптаға
B) аптада
C) аптаны
D) аптамен

**60** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қалың қар ... түседі.
A) шілдеде
B) қаңтарда
C) мамырда
D) маусымда

**61** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз сағат ... түскі үзіліске шығамыз.
A) он екіні
B) он екіде
C) он екіге
D) он екінің

62 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бастық іссапарға ... кететін шығар.
A) сейсенбіні
B) сәрсенбіге
C) дүйсенбіде
D) бейсенбімен

63 Мезгілді білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает период времени.

Бұл үй күзден бастап салынды.
A) бастап
B) күзден
C) бұл үй
D) салынды



## Шығыс септігінің мезгілдік мағынаны білдіруі
Значение времени исходного падежа

Ė

Шығыс септігі мезгілдік мағынада да жұмсалады.
Исходный падеж используется также для обозначения времени.
Мысалы: Мен сізге таңертеңгі сағат жеті-ден келіп тұрмын. Кадр бөлімі сағат тоғыздан бастап жұмыс істейді. Үйге бір сағат-тан соң қайтамын.

| Септік Падеж | Сұрақ тары Вопросы | Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова | Жалғау лары Окончания | Мысалдар примеры | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жуан твердый | жіңішке мягкий |
| Шығыс септік | кімнен? неден? қайдан? қашаннан? | 1. Дауысты, ұяң з, ж немесе үнді р, л, й, у | -дан/-ден | қыз-дан | дүкен-нен |
| | | 2. Қатаң, ұяң б, в, г, д | -тан/-тен | жұмыс-тан | көлік-тен |
| | | 3.Үнді м, н, ң, I, II, III жақ тәуелдік жалғауы | -нан/-нен | балам-нан | есік-тен |

Уақыт қанша? Қашаннан?
Который час? С каких пор?
12.07 – 12-ден жеті минут кетті. Түстен
9.05 – 9-дан 5 минут кетті. Кештен
10.15 – 10-нан 15 кетті. Бүгіннен
Кешеден
Таңертеңнен

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қоғамдық көліктер таңғы ... бастап жұмыс істейді.
A) алты
B) алтыда
C) алтыдан
D) алтымен

Т́

1) алты – атау септігінде тұр;
2) алтыда – жатыс септігінде тұр, қаншада? сұрағына жауап береді;
3) алтыдан – шығыс септігінде тұр, қашаннан? сұрағына жауап береді;
4) алтымен – көмектес септігінде, немен? сұрағына жауап береді.

♦ «Қашаннан?» сұрағына жауап беретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, отвечающее на вопрос «қашаннан?».

A) таңертеңге
B) таңертеңнің
C) таңертеңнен
D) таңертеңмен

1) таңертеңге – қашанға? сұрағына жауап береді;
2) таңертеңнің – ненің? сұрағына жауап береді;
3) таңертеңнен – шығыс септігінде тұр, қашаннан? сұрағына жауап береді;
4) таңертеңмен – көмектес септігінде, қаншада? сұрағына жауап береді.

♦ Мезгілді білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, обозначающее период времени.

A) Институтты қарап жүр.
B) Дүкенге бара жатырмын.
C) Бұл үйде жаздан бастап тұрады.
D) Жұмысқа көлікпен келген шығар.

1) институтты – объектіні көрсетіп тұр;
2) дүкенге – бағытты білдіріп тұр;
3) үйде – мекенді білдірсе, жаздан бастап – мезгілді білдіріп тұр;
4) жұмысқа – бағытты білдірсе, көлікпен – құралдық мағынаны білдіріп тұр.

**64** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Өткен ... бастап жаңа заң күшіне енді.
A) аптада
B) аптаны
C) аптамен
D) аптадан

**65** Мезгілді білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, обозначающее период времени.

Мен жазда шетелге оқуға кетемін.
A) Мен
B) жазда
C) кетемін
D) шетелге оқуға

**66** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующее слово.

Семинар тура сағат ... басталды.
A) тоғыз
B) бестің
C) алтыны
D) тоғызда

**67** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Әуежайға сағат ... келіп алдым.
A) сегізді
B) сегіздің
C) сегізден
D) сегізбен

**68** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Сенбі күні жұмыста ... түске дейін отырамын.
A) түнді
B) түсте
C) кештің
D) таңертеңнен

## Көмектес септігі және оның мағыналары (құралдық мағынаны білдіруі)
Творительный падеж и его значения

Ė

Бұл септіктің мағыналары мен қызметтерінің өрісі өте кең:
1. Істің, қимылдың немен, қандай құралмен істелгенін білдіреді. Мысалы: Шайды сүт-пен, бал-мен іштім.
2. Іс-әрекетті, қимылды атқаруға қатысқан адамды, яғни бірлесіп істелуін білдіреді. Мысалы: Үйге ағам-мен бірге қайттым.
3. Істің, қимылдың істелу тәсілін білдіреді. Мысалы: Ағайды сағыныш-пен еске алдық.
Көмектес септік – имеет несколько значений:
Көмектес септік используется:
1) для обозначения средства, материала, орудия, предметов, с помощью которых совершается действие.
2) для обозначения совместимости действия.
3) для обозначения способа действия, а также для обозначения средств передвижения.

Бұл септік жалғауының жуан түрі болмайды.
Не имеет твердые окончания.
Есте сақтаңыз!
Көмектес септігі көмектесу, бірігіп істеу мағыналарын білдіреді және кіммен? немен? қалай? сұрақтарына жауап береді.

| Септік<br>Падеж | Сұрақтары<br>Вопросы | Сөздің соңғы дыбысы<br>Последний звук слова | Жалғаулары<br>Окончания | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|---|---|---|
| Көмектес септік<br>Творительный падеж | кіммен?<br>с кем?<br>немен?<br>с чем?<br>на чем?<br>қалай?<br>как? | Дауысты, үнді, I, II, III жақ тәуелдік жалғауы | -мен/-менен | әкем-мен<br>гүл-менен<br><br>сөз-бен<br>көз-бенен<br><br>кілт-пен<br>кітап-пенен |
| | | Гласный, сонорный, притяжательное окончание I, II, III лица | -бен/-бенен | |
| | | Ұяң звонкие з, ж | -пен/-пенен | |
| | | Қатаң глухие,<br>ұяң звонкие б, в, г, д | | |

♦ Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Әкем ауылға немен кетті?
– Ол ауылға ... кетті.
A) ұшаққа
B) пойыздың
C) автобустан
D) жеңіл көлікпен

Ť

1) ұшаққа – бағытты білдіреді;
2) пойыздың – иелік мәнін білдіріп тұр;
3) автобустан – шығу орнын көрсетеді;
4) жеңіл көлікпен – жетіп алу құралын көрсетіп тұр.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қызметкер қажетті мәліметті ... жіберді.
A) факс
B) факсті
C) факспен
D) факстің

1) факс – не? деген сұраққа жауап береді;
2) факсті – нені? деген сұраққа жауап береді;
3) факспен – немен? деген сұраққа жауап беріп, жеткізу құралын білдіреді;
4) факстің – ненің? деген сұраққа жауап береді.

♦ Мақалды толықтырыңыз.
Дополните пословицу.

Адамның күні — … .
A) елмен
B) кісімен
C) адаммен
D) халықпен

1) елмен – мағынасы келмейді;
2) кісімен – адамның күні кісімен емес;
3) адаммен – мағынасы сәйкес келіп тұр;
4) халықпен – мағынасы үйлеспейді.

**69** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Гүлсім ... сөйлесіп отыр.
A) телефон
B) телефонда
C) телефонды
D) телефонмен

**70** Қажетті сөзді таңдаңыз.
Выберите нужное слово.

Мейрамхананың дастарқан ... танысып шықтық.
A) мәзірі
B) мәзірін
C) мәзірімен
D) мәзірінен

**71** Көп нүктенің орнына қажетті жауапты таңдаңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный вариант.

Біз ... санасуға тиіспіз.
A) өмірмен
B) сағатпен
C) уақытпен
D) мезгілмен

**72** «Кіммен?» сұрағын талап ететін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое требует вопроса «кіммен?».

A) бар
B) кетті
C) сұрады
D) сөйлейтін

**73** Сөйлемнен істің қандай құралмен істелгенін білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, обозначающее инструмент действия.

Атам қарбызды пышақпен кесті.
A) атам
B) кесті
C) қарбызды
D) пышақпен

**Сын есім**
Имя прилагательное

Ė

Заттың түрін, түсін, сапасын, сипатын, көлемін білдіретін сөздер сын есім деп аталады. Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді.
Сын есім – это часть речи, которая обозначает признаки, качества, свойства предметов и отвечает на вопросы қандай? (какой? какая? какое?) қай? (который?).
Сын есімдер семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сапалық және қатыстық болып бөлінеді.
В зависимости от семантических значений и грамматических особенностей имена прилагательные делятся на качественные (сапалық) и относительные (қатыстық) прилагательные.
Сапалық сын есімдер заттың сапасы мен белгісін, табиғи және физикалық қалып күйлерін, салмағын, дәмін, түрі мен түсін және т.б. білдіреді. Мысалы: жасыл зеленый, адал честный, таза чистый, аккуратный, ыстық горячий, жаңа новый және т.б.
Качественные прилагательные обозначают постоянные признаки и качества предметов: природные и физические свойства, вес, вкус, цвет и т.д. Например: жасыл зеленый, адал честный, таза чистый, аккуратный, ыстық горячий, жаңа новый и т.д.
Қатыстық сын есімдер бір зат пен екінші бір заттың қатысын, байланысын білдіретін сын есімдер. Мысалы: ауылдағы адам – ауылда тұратын адам, сөзшең адам – көп сөйлейтін адам, жаңбырлы жаз – жаңбыр көп жауған жаз айы.
Относительные прилагательные выражают отношение к предмету или явлению. Например: ауылдағы адам – человек, который живет в ауле, сөзшең адам – болтливый, разговорчивый человек, жаңбырлы жаз – дождливое лето.

**Қатыстық сын есімдер**
Относительные прилагательные

| Жұрнақтар және олардың мағынасы<br>Суффиксы и их значения | Мысалдар<br>Примеры |
|---|---|
| -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті<br>Бір заттың екінші бір затқа қатысын көрсетеді<br>Указывает на отношение одного предмета к другому. | Пайдалы полезный, өнерлі искусный, умелый<br>құранды сборный, желді ветренный<br>атақты популярный, знаменитый, епті ловкий. |
| -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік<br>Қоғамға, саясатқа, өнерге қатысын көрсетеді<br>Указывает на отношение к обществу, к искусству, политике. | қалалық городской, желілік линейный, қоғамдық общественный,<br>жылдық годовой, күздік осенний<br>қыстық зимний, реттік порядковый. |
| -сыз,-сіз<br>Болымсыздық мағынаны білдіреді<br>обозначает отрицание. | пайдасыз бесполезный, білімсіз не образованный, сусыз безводный, үйсіз бездомный. |
| -қы, -кі,- ғы, -гі<br>Мезгіл, уақыт және кеңістікке қатысты сын есімдер<br>Отношение к времени, пространству. | сыртқы внешний, ішкі внутренний<br>жазғы летний, қазіргі нынешний, современный. |
| -дай, -дей, -тай, -тей<br>Бір заттың екінші бір затқа қатысты сапасын көрсетеді<br>Указывает на признак одного предмета относительно другого. | таудай как гора, үйдей как дом,<br>тастай как камень, күмістей как серебро,<br>баладай как ребенок,<br>құстай как птица. |

♦ Болымсыздық мәндегі сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово с отрицательным значением.

A) өнерлі жас
B) үйсіз адам
C) аспалы көпір
D) әшекейлі қыз

Ť

1) өнерлі жас – жастың өнерлі екенін айтып тұр, болымды мағынада жұмсалып тұр;
2) үйсіз адам – үйі жоқ адам, болымсыз мәнде жұмсалып тұр;
3) аспалы көпір – көпірдің аспалы екендігін айтып тұр, болымды мағынада қолданылған;
4) әшекейлі қыз – қыздың әшекейінің (сырға, сақина, білезік және т.б.) бар екендігін айтып тұр.

♦ Қатыстық мәнді білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, указывающее на отношение одного предмета к другому.

A) жақсы адам
B) сыпайы қыз
C) атақты жазушы
D) озат студент

Ť

1) жақсы – адамның қасиетін білдіріп тұр;
2) атақты – тек адамға қатысты айтылады;
3) сыпайы – адамның да, қимылдың да сипатын көрсете алады;
4) озат – студенттің қасиетін көрсетіп тұр.

**74** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Анам тамақты ... пісіреді.
A) дәмді
B) тұщы
C) ыстық
D) қышқыл

**75** Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Выберите нужный вариант.

Әдепті бала – … бала, әдепсіз бала – … бала.
A) арлы, сорлы
B) сорлы, арсыз
C) арсыз, ақылсыз
D) ақылды, ақымақ

**76** Бір нәрсенің жоқ екенін білдіретін сөз қатарын белгілеңіз.
Укажите предложение, выражающее отсутствие чего-либо.

A) Балалы үй – базар.
B) Баласыз үй – мазар.
C) Ең қызық шақ – балалық шақ.
D) Жания «Балапан» балабақшасына барады.

**77** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... адам болашағын ойлайды.
A) Орта
B) Ұзын
C) Әдемі
D) Ақылды

**78** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Көлікте ... әйелге орын беру керек.
A) сәнді
B) балалы
C) сабырлы
D) ұстамды



**Күрделі сын есімдер**
Сложные прилагательные

Ė Сын есім құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді.
В зависимости от морфологической структуры прилагательное может быть простым или сложным.
Дара сын есімдер простые прилагательные: ақ, қызыл, қара, дәмді вкусный, жақсы, тар хороший, узкий және т.б.
Күрделі сын есімдер сложные прилагательные: ең күшті самый сильный, жақсының жақсысы лучший из лучших, қызық кітап интересная книга, кешкі ертегі вечерная сказка.

**Күрделі сын есімдердің жасалуы**
Образование сложных прилагательных

| **1. Қосарланған сын есімдер**<br>Парные прилагательные | |
|---|---|
| **Түрлері**<br>Типы | **Мысалдар**<br>Примеры |
| а) бірігу<br>сращение | аппақ, көкпеңбек, тапқыр, бауырмал, т.б. |
| ә) қайталану<br>повторение | биік-биік, ұзын-ұзын, қысқа-қысқа, т.б. |
| б) қосарлану (қайшы мәндес)<br>парные (противоположные) | ұсақ-түйек, жақсылы-жаманды, балалы-шағалы, таулы-тасты, қоғамдық-тарихи, ағашты-ағашсыз т.б. |
| в) күшейткіш буын арқылы жасалады.<br>Образуются посредством усилительных слогов | әп-әдемі, жап-жасыл, топ-толық, ұп-ұзын т.б. |
| **2. Тіркесті сын есімдер**<br>Сочетаемые имена прилагательные | |
| а) сапалық (негізгі) сын есімдер бір-бірімен тіркеседі; | сары ала, қара ала, торы ала және т.б. |
| ә) негізгі сын есіммен -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті формалы туынды сын есім тіркеседі; | кең маңдайлы, орта бойлы және т.б. |
| б) зат есім, сын есімдермен -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік формалы туынды сын есім тіркеседі; | мерекелік жиын, он айлық бала, бес жылдық жоспар және т.б. |
| в) бірінші сыңары III жақты тәуелді зат есім, екінші сыңары сын есім болады; | басы бос, көзі ашық, жүзі жылы, қолы ашық және т.б. |
| г) күшейтпелі буын арқылы жасалады. | өте әдемі, тым биік, аса маңызды, нағыз маман, орасан зор және т.б. |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... тіс
A) алмалы
B) жасанды
C) айнымалы
D) ауыспалы

1) алмалы – мағынасы келмейді;
2) жасанды – қолдан жасалған тіс болуы мүмкін;
3) айнымалы – айнып кету мағынасын білдіреді;
4) ауыспалы – ауысып отыратын тіс болмайды.

♦ Сөйлемдегі заттың түрін анықтап тұрған сөзді табыңыз.
Найдите слово, которое обозначает цвет.

Кеше әжем дүкеннен 15 метр қызыл ала шыт алды.
A) 15 метр
B) дүкеннен
C) шыт алды
D) қызыл ала

1) 15 метр сан есім мағынасында – зат есім, екі сөз де түр-түсті білдірмейді;
2) дүкеннен – шығыс септігіндегі зат есім, заттың қайдан алғанын білдіреді;
3) шыт алды – «шыт» матаның бір түрі, «алды» етістік, не зат алғанын білдіреді;
4) қызыл ала – екі сөзден құралған күрделі сын есім, заттың түсін білдіреді.

♦ Адамның сыртқы келбетіне қатысты күрделі сөзді табыңыз.
Укажите сложное слово, которое обозначает внешний вид человека.

A) қара торы
B) ақ жарқын
C) ұзын бойлы
D) өте қабілетті

1) қара торы – адамның бет әлпетін көрсетеді;
2) ақ жарқын – адамның мінезін көрсетеді;
3) ұзын бойлы – адамның сыртқы келбетін көрсетеді;
4) өте қабілетті – адамның қабілетін – іске икемділігін білдіреді.

**79** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутому слову.

Базарда үш кісілік орындық өте арзан бағада екен.
A) қашан?
B) қанша?
C) кімнің?
D) қандай?

**80** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – ... университеттердің бірі.
A) дұрыс
B) ең беделді
C) аса талапты
D) тым пайдалы

**81** Заттың түсін білдіретін сөз қатарын көрсетіңіз.
Укажите ряд, в котором есть слово, обозначающее цвет.

A) Жанар классикалық үлгіде киінеді.
B) Болат өзіне ыңғайлы костюмін киіп шықты.
C) Гүлжан өзіне қызыл гүлді көйлек сатып алды.
D) Сәлима – ажарлы қыз, киген киімі өзіне жарасады.

**82** Адамның дене бітіміне қатысты сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое имеет отношение к телосложению человека.

A) өте әдемі
B) тым сұлу
C) жүзі жылы
D) орта бойлы

**83** Заттың сапасын білдіретін сөздер қатарын көрсетіңіз.
Укажите ряд слов, которые обозначают качество предмета.

A) қап-қара, аппақ
B) өте сұлу, аса сүйкімді
C) тым жақсы, өте нашар
D) қоңыр қызыл, ашық сары

**Есептік сан есімдердің күрделі түрі**
Сложная форма количественных числительных

Ė

Есептік сан есім заттың санын білдіріп, қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді. Морфологиялық құрылымына қарай дара және күрделі болып бөлінеді.
Количественные числительные отвечают на вопрос сколько? (қанша? неше?) по морфологической структуре могут быть простыми (дара) и сложными (күрделі).

**Күрделі есептік сан есімдер**
Сложные количественные числительные

| Жүздіктер | Мыңдықтар | Миллион | Миллиард |
|---|---|---|---|
| 100 – (бір) жүз | 1000 – (бір) мың | 1000000 – (бір) миллион | 1000000000 – (бір) миллиард |
| 200 – екі жүз | 2000 – екі мың | 2000000 – екі миллион | 2000000000 – екі миллиард |
| 300 – үш жүз | 3000 – үш мың | 3000000 – үш миллион | 3000000000 – үш миллиард |
| 400 – төрт жүз | 4000 – төрт мың | 4000000 – төрт миллион | 4000000000 – төрт миллиард |
| 500 – бес жүз | 5000 – бес мың | 5000000 – бес миллион | 5000000000 – бес миллиард |
| 600 – алты жүз | 6000 –алты мың | 6000000 – алты миллион | 6000000000 – алты миллиард |
| 700 – жеті жүз | 7000 –жеті мың | 7000000 – жеті миллион | 7000000000 – жеті миллиард |
| 800 – сегіз жүз | 8000 – сегіз мың | 8000000 – сегіз миллион | 8000000000 – сегіз миллиард |
| 900 – тоғыз жүз | 9000 – тоғыз мың | 9000000 – тоғыз миллион | 9000000000 – тоғыз миллиард |

**Етістік. Негізгі етістіктер**
Глаголы. Основные глаголы

Есептік сан есімдер зат есімдер сияқты септеледі. Күрделі сан есімдер септелгенде жалғау соңғы сөзге жалғанады.
Количественные числительные склоняются также как имена существительные. При склонении составных количественных числительных падежные окончания (септік жалғау) присоединяются к последнему числительному.

| Септіктер<br>Падежи | Жүздіктер<br>Сотни | Мыңдықтар<br>Тысячные |
|---|---|---|
| Атау септік | жүз он, екі жүз елу | бес мың, үш мың екі |
| Ілік септік | жүз онның, екі жүз елудің | бес мыңның, үш мың екінің |
| Барыс септік | жүз онға, екі жүз елуге | бес мыңға, үш мың екіге |
| Табыс септік | жүз онды, екі жүз елуді | бес мыңды, үш мың екіні |
| Жатыс септік | жүз онда, екі жүз елуде | бес мыңда, үш мың екіде |
| Шығыс септік | жүз оннан, екі жүз елуден | бес мыңнан, үш мың екіден |
| Көмектес септік | жүз онмен, екі жүз елумен | бес мыңмен, үш мың екімен |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті санды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное число.

Фирмада ... қызметкер жұмыс істейді.
A) екі жүз
B) бір мыңдап
C) он мыңыншы
D) бес бүтін оннан бір

Ť

1) екі жүз – қызметкерлердің жалпы санын, есебін көрсетеді;
2) бір мыңдап – қызметкерлерді шамалап көрсетеді, бірақ мағыналық нақты сәйкестік жоқ;
3) он мыңыншы – қызметкерлердің санын білдіріп тұрған жоқ;
4) бес бүтін оннан бір – қызметкерлер санын көрсетіп тұрған жоқ.

♦ Дұрыс жауапты таңдаңыз.
Выберите правильный ответ.

Мына сөздікті ... теңгеге сатып алдым.
A) сегіз жүз елу
B) сегіз жүз елуінші
C) сегіз жүз елудеген
D) сегіз жүз елу шамасы

Ť

1) сегіз жүз елу – теңгенің жалпы санын, есебін көрсетіп тұр, қанша? деген сұраққа жауап береді;
2) сегіз жүз елуінші – ретті білдіріп тұр;
3) сегіз жүз елудеген – теңгенің санын шамалап, болжап көрсетеді, мағыналық сәйкестік жоқ;
4) сегіз жүз елу шамасы – теңгенің санын шамалап, болжап көрсетіп тұр, мағынасы сай емес.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті санды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные числа.

... малың болғанша, ... балаң ғалым болсын (мақал).
A) Бір, он
B) Бес, үш
C) Жүз, екі
D) Мың, бір

Ť

1) Бір, он – мақалды мағыналық жақтан толықтырмайды;
2) Бес, үш – мағыналық жақтан сәйкес келмейді;
3) Жүз, екі – мақалдың мағынасына үйлеспейді;
4) Мың, бір – мақалды мағыналық жағымен толықтырады.

**84** Заттың есебін, санын білдіретін сөзді табыңыз.
Отметьте слово, обозначающее количество предметов.

A) он мың бестей
B) мың қырық алты
C) жүз отыз алтыншы
D) бес жүз отыз бестен

**85** «Қанша?» сұрағына жауап беретін қатарды көрсетіңіз.
Укажите слово, отвечающее на вопрос «қанша?».

A) жүз он екі
B) жүз он екіден
C) жүз он екінші
D) жүз он екіден бір

**86** Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз.
Найдите правильно построенное предложение.

A) Бұл сұрақтың бір дұрыс жауабы бар.
B) Сұрақтың бірінші дұрыс жауабы бар.
C) Бұл сұрақтың біреу дұрыс жауабы бар.
D) Бұл сұрақтың бір дұрыс жауаптары бар.

**87** Көп нүктенің орнына қажетті санды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное число.

Біздің сыныпта ... оқушы бар.
A) отызыншы
B) жиырма бес
C) отыздың екісі
D) жиырмасыншы

**Реттік сан есімдердің күрделі түрі**
Сложная форма порядковых числительных

Ė Реттік сан есімдер заттың реттік санын білдіреді. Нешінші? қаншасыншы? деген сұрақтарға жауап береді.
Порядковые числительные обозначают порядок предметов и отвечают на вопросы который по счету? (нешінші? қаншасыншы?).
Реттік сан есімдер құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді.
По составу делятся на простые (дара) и составные (күрделі).
1) Дара сан есімдер: бірінші, оныншы, елуінші, мыңыншы және т.б.
2) Күрделі сан есімдер: жүз он екінші, екі мың он екінші, бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы және т.б.

♦ Қажетті нұсқаны таңдаңыз.
Выберите нужный вариант.

Аялдамада ... автобусты күтіп тұрмын.
A) жүз бестей
B) жүз бесінші
C) жүзден астам
D) жүз бестеген

Ť 1) жүзден астам – автобустың жалпы санын, есебін көрсетіп тұр;
2) жүз бесінші – автобустың реттік санын білдіреді;
3) жүз бестей – автобус санын болжап көрсетеді, мағыналық сәйкестік жоқ;
4) жүз бестеген – автобус санын шамалап көрсетіп тұр, мағынасы сай емес.

♦ «Нешінші?» сұрағына жауап беретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое отвечает на вопрос «нешінші?».

A) бір мыңдай
B) екі мың он бес
C) екі мыңнан аса
D) жүз жетпіс үшінші

Ť

1) бір мыңдай – санды шамалап, болжап көрсететін сөз, шамамен қанша? деген сұраққа жауап береді;
2) екі мың он бес – заттың санын, есебін білдіреді, қанша? неше? деген сұраққа жауап береді;
3) екі мыңнан аса – санды болжап, асыра көрсетеді, қанша? неше? деген сұраққа жауап береді;
4) жүз жетпіс үшінші – санның ретін білдіреді, нешінші? деген сұраққа жауап береді.

♦ Асты сызылған санның дұрыс жазылу нұсқасын көрсетіңіз.
Отметьте верно запись подчеркнутого числа.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы талқыланып жатыр.
A) екі мың он бір – екі мың жиырма
B) екі мың он – екі мың жиырмалап
C) екі мың он бір – екі мың жиырмасыншы
D) екі мың он екі – жиырма мың жиырмадай

Ť

1) екі мың он бір – екі мың жиырма –жалпы санды көрсетіп тұр;
2) екі мың он – екі мың жиырмалап –сан жобамен дұрыс көрсетілмей тұр;
3) екі мың он бір – екі мың жиырмасыншы – бағдарлама санының ретін білдіріп тұр;
4) екі мың он екі – жиырма мың жиырмадай – асты сызылған саннан басқа санды шамалап, болжап көрсетіп тұр.

**88** Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.
Выберите нужный вариант.

Мен ... жылы туылғанмын.
A) бір мың тоғыз жүз алпыс тоғыз
B) бір мың тоғыз жүз алпыс тоғыздай
C) бір мың тоғыз жүз алпыс тоғыздаған
D) бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы

**89** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

... нөмірлі ойыншы
A) жүзінші
B) жүздеген
C) жүз біреу
D) жүз екідей

**90** Асты сызылған санның дұрыс жазылу нұсқасын көрсетіңіз.
Отметьте правильное написание числа.

Алматы қаласының АХАЖ (Азаматтардың хал-актілерін жазу) орындары 2000-нәрестені тіркеуге алған.
A) екі мың
B) екі мыңдай
C) екі мыңыншы
D) екі мыңдаған

**91** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутому слову.

<u>Екі мың он бірінші</u> жыл – қоян жылы болды.
A) неше?
B) қанша?
C) қандай?
D) нешінші?

**Жатыс септігіндегі жіктеу есімдігі**
Личное местоимение в местном падеже

Ė Жіктеу есімдіктері кім? кімдер? деген сұрақтарға жауап береді және зат есімдерше септеледі.
Личные местоимения отвечают на вопрос кто? и склоняются как имена существительные. Личные местоимения изменяются по падежам.

| Жақ<br>Лицо | Жекеше түрі<br>Единственное число | | | |
|---|---|---|---|---|
| | I | II | II<br>сыпайы түрі | III |
| Жатыс септігі<br>Местный падеж | менде<br>у меня | сенде<br>у тебя | сізде<br>у вас | онда<br>у него, у нее |
| | Көпше түрі<br>Множественное число | | | |
| | бізде<br>у нас | сендерде<br>у вас | сіздерде<br>у вас | оларда<br>у них |

♦ Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Баяндама тақырыбы ... болуы керек.
A) сізді
B) сізге
C) сізде
D) сізден

Ť
1) сізді – болуы сөзімен тіркеспейді;
2) сізге – әрекетпен мағыналық байланыс жоқ;
3) сізде – қимылмен мағыналық байланысқа түседі;
4) сізден – әрекетпен тікелей тіркеспейді.

♦ Асты сызылған сөздің сұрағын табыңыз.
Поставьте вопрос к подчеркнутому слову.

Құжаттың мәтіні алдымен <u>бізде</u> қаралады.
A) кімді?
B) кімде?
C) кімнің?
D) кіммен?

Ť
1) кімді? – асты сызылған сөздегі сұраққа жауап бере алмайды;
2) кімде? – сұраққа жауап береді;
3) кімнің? – сұрақ қойылмайды;
4) кіммен? –сұрағы сәйкес келмейді.

♦ Мекенді, орынды білдіретін сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, которое обозначает месторасположение.

A) Менің анам сізде отыр.
B) Жаңа ол сіздің үйіңізге кеткен.
C) Сенен қайталап сұрауыма тура келді.
D) Анасын сізбен таныстырмақшы болды.

Ť
1) сізде – анасының отырған жерін көрсетіп тұр;
2) сіздің – үй сөзіне меншіктілікті білдіріп тұр;
3) сенен – әрекеттің шығуын білдіріп тұр;
4) сізбен – істің бірлесіп орындалатынын білдіріп тұр.

**92** Қажетті сөзді белгілеңіз.
Отметьте нужное слово.

Өткендегі құжат ... емес пе?
A) сені
B) сенің
C) сенен
D) сенде

**93** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Апам ... жақсы тауарлар болады деуші еді.
A) сендерді
B) сендерде
C) сендерден
D) сендердің

**94** «Кімде?» сұрағына жауап беретін сөзді көрсетіңіз.
Отметьте слово, которое отвечает на вопрос «кімде?».

A) бар
B) менде
C) жауабы
D) тапсырманың

**95** Сұраққа дұрыс жауап беріңіз.
Ответьте правильно на вопрос.

– Құжаттар кімде?
– ... .
A) Мені
B) Менің
C) Менде
D) Менімен

**96** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

... ұлттық киімдер сатылымда бар ма?
A) Сіздерді
B) Сіздерге
C) Сіздерде
D) Сіздерден

**Шығыс септігіндегі жіктеу есімдігі**
Личное местоимение в исходном падеже

Ė

| Жақ<br>Лицо | Жекеше түрі<br>Единственное число | | | |
|---|---|---|---|---|
| | I | II | II<br>сыпайы түрі | III |
| Шығыс септігі<br>Исходный падеж | менен<br>от меня,<br>у меня | сенен<br>от тебя,<br>у тебя | сізден<br>от вас, у вас | онан<br>от него, от нее, у него,<br>у нее |
| | Көпше түрі<br>Множественное число | | | |
| | бізден<br>от нас, у нас | сендерден<br>от вас, у вас | сіздерден<br>от вас, у вас | олардан<br>от них, у них |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Апай, ... үлкен кемшілік кетті, кешіріңіз.
A) мені
B) маған
C) менен
D) менімен

Ť

1) мені – сөйлемге қатысты мағынасы сай келмейді;
2) маған – кемшілік кетті деген сөз тіркесі жоқ;
3) менен – кемшіліктің, адамға қатысты екенін көрсетіп тұр;
4) менімен – сөйлемге қатысты мағыналық байланыс жоқ.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... бір аптаға сұранайын деп едім.
A) Сізді
B) Сізде
C) Сіздің
D) Сізден

Ť

1) сізде – әрекетпен тіркеспейді;
2) сізді – қимылмен байланыспайды;
3) сіздің – әрекетпен тікелей тіркеспейді;
4) сізден – әрекетке тікелей қатысты.

♦ Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Выберите правильный ответ.

... алдым.
A) Сенен
B) Сенде
C) Сеннің
D) Сенімен

Ť

1) сенің – әрекетпен байланыспайды;
2) сенен – қимылмен тікелей байланысады;
3) сенде – мағыналық жақтан үйлеспейді;
4) сенімен – сөйлемді толықтырмайды.

**97** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Мен <u>олардан</u> күртеше сатып алдым.
A) қайдан?
B) нелерден?
C) кімдерден?
D) кімдермен?

**98** Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Отметьте нужный вариант.

Мен ... үйрендім.
A) одан
B) онан
C) олдан
D) олнан

**99** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... белгілі спортшы Жақсылық Үшкемпіров туралы білейін деп едім.
A) Сізді
B) Сізден
C) Сізбен
D) Сіздің

**Ė**

**Ілік септігіндегі жіктеу есімдігі**
Личное местоимение в родительном падеже

| Жақ<br>Лицо | Жекеше түрі<br>Единственное число | | | |
|---|---|---|---|---|
| | I | II | II<br>сыпайы түрі | III |
| Ілік септігі<br>Родительный падеж | менің<br>мой, моя, мое | сенің<br>твой, твоя. твое | сіздің<br>ваш | оның<br>его, ее |
| | Көпше түрі<br>Множественное число | | | |
| | біздің<br>наш | сендердің<br>ваш | сіздердің<br>ваш | олардың<br>их |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... туған жері – Алматы.
A) Оның
B) Менің
C) Сенің
D) Сіздің

**Т́**
1) оның –туған жері деген III жақтағы сөзбен тіркеседі.
2) менің – I жақ көрсеткіші, сондықтан III жақтағы сөзбен тіркеспейді.
3) сенің – II жақта тұр, туған жері сөзімен тіркесе алмайды.
4) сіздің – II жақтың сыпайы түрі де III жақтағы сөзбен тіркеспейді.

♦ Дұрыс тіркесті көрсетіңіз.
Укажите правильное словосочетание.

A) Сенің әкеңіз
B) Сіздің қызы
C) Менің балам
D) Оның шешең

**Т́**
1) Сенің сөзі II жақтың анайы түрі, әкеңіз сөзі II жақтың сыпайы түрінде тұр, сондықтан сөздер тіркесе алмайды;
2) Сіздің сөзі II жақтың сыпайы түрі, қызы сөзі III жақта тұр, сөздер тіркесе алмайды;
3) Менің балам – менің сөзі де, балам сөзі де I жақта тұр, сондықтан менің, балам сөздері тіркесе алады;
4) Оның сөзі III жақта, ал шешең сөзі I жақта тұр.

♦ Заттың біреуге меншіктілігін білдіретін сөйлемді белгілеңіз.
Отметьте предложение с выражением принадлежности предмета.

A) Бізге қонақтар келеді.
B) Менің үйіме қонақ келді.
C) Олар бізбен қонаққа барады.
D) Қонақтарды біз қарсы алдық.

Т́

1) Сөйлемде меншіктілік, иелік мәнді білдіретін сөз жоқ қонақтардың баратын жері, бағытын айқындап тұр;
2) Сөйлемде заттың біреудің иелігінде екенін білдіретін сөз жоқ;
3) Сөйлемде заттың (үйдің) біреудің меншігінде екенін білдіретін сөз (менің) қолданылған;
4) Сөйлемде заттың біреудің меншігі екенін білдіретін сөз қолданылмаған.



**100** Тіркесетін сөзді қойыңыз.
Вставьте сочетаемое слово.

... шалбары
A) сіздің
B) сенің
C) менің
D) оның

**101** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... жұмысыңыз
A) оның
B) менің
C) сіздің
D) сенің

**102** Дұрыс сөзді таңдаңыз.
Выберите нужное слово.

... спортшылары көп шынығады.
A) Сіздің
B) Менің
C) Сенің
D) Оның

**103** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жас кезімде ... бойым ұзын болатын.
A) менің
B) сіздің
C) сенің
D) оның

**104** Дұрыс жауабын белгілеңіз.
Выберите правильный ответ.

A) Сіздің сүйікті ақының
B) Сізнің сүйікті ақыныңыз
C) Сіздердің сүйікті ақындарың
D) Сіздердің сүйікті ақындарыңыз

## Ė

**Көмектес септігіндегі жіктеу есімдігі**
**Личное местоимение в творительном падеже**

| Жақ<br>Лицо | Жекеше түрі<br>Единственное число | | | |
|---|---|---|---|---|
| | I | II | II<br>сыпайы түрі | III |
| Көмектес септігі<br>Творительный падеж | менімен<br>со мной | сенімен<br>с тобой | сізбен<br>с вами | онымен<br>с ним, с ней |
| | Көпше түрі<br>Множественное число | | | |
| | бізбен<br>с нами | сендермен<br>с вами | сіздермен<br>с вами | олармен<br>с ними |

♦ Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Присоедините соответствующий аффикс.

Болат мені... бірге бір бөлмеде тұрады.
A) -бен
B) -мен
C) -пен
D) -бенен

Ť

1) -бен қосымшасы мені сөзімен тіркеспейді;
2) -мен жалғауы мені сөзімен тіркеседі;
3) -пен қосымшасы мені сөзімен тіркеспейді;
4) -бенен қосымшасы мені сөзімен тіркеспейді.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Балжан да ... бірге шипажайға баратын болды.
A) сіз
B) сізге
C) сіздің
D) сізбен

Ť

1) сізбен «бірге» сөзімен тіркеседі;
2) сіз «бірге» сөзімен тіркеспейді;
3) сіздің «бірге» сөзімен тіркеспейді;
4) сізге «бірге» сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... бірге серуенге шығайын деп едім.
A) Сені
B) Одан
C) Сенен
D) Сіздермен

Ť

1) сені– табыс септігіндегі сөз «бірге» сөзімен тіркесе алмайды;
2) одан – шығыс септігіндегі сөз, «бірге» сөзімен тіркесе алмайды;
3) сенен – шығыс септігіндегі сөз, «бірге» сөзімен тіркесе алмайды;
4) сіздермен – көмектес септігіндегі сөз «бірге» сөзімен тіркесе алады.

**105** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... танысқым келеді.
A) Ол
B) Оны
C) Оның
D) Онымен

**106** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Кешіріңіз, … сұрауға болады ма, цирк қайда екен?
A) сіз
B) сізге
C) сізден
D) сізбен

**107** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Ол кешіккеніне ыңғайсызданып, … қайта-қайта кешірім сұрады.
A) бізде
B) біздің
C) бізбен
D) бізден

**108** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Астанаға ... бірге барамын.
A) сен
B) мен
C) сенімен
D) менімен

**109** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Марат … телефон арқылы ұзақ сөйлесті.
A) ол
B) оған
C) онан
D) онымен



**Сілтеу есімдігінің септелуі**
**Склонение указательных местоимений**

Ė

| Септіктер<br>Падежи | Жекеше түрі<br>Единственное число | | Көпше түрі<br>Множественное число | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Атау<br>Именительный | бұл<br>это, эта, этот | осы<br>это, эта, этот | бұлар<br>эти | осылар<br>эти |
| 2. Ілік<br>Родительный | мұның<br>этого | осының<br>этого | бұлардың<br>этих | осылардың<br>этих |
| 3. Барыс<br>Дательный | бұған<br>этому | осыған<br>этому | бұларға<br>этим | осыларға<br>этим |
| 4. Табыс<br>Винительный | мұны<br>этого, эту | осыны<br>этого | бұларды<br>этих | осыларды<br>этих |
| 5. Жатыс<br>Местный | мұнда<br>у этого, здесь | осыда, осында<br>у этого, здесь | бұларда<br>у этих | осыларда<br>у этих |
| 6. Шығыс<br>Исходный | бұдан, мұнан<br>от этого | осыдан<br>от этого, отсюда | бұлардан<br>от этих | осылардан<br>от этих |
| 7. Көмектес<br>Творительный | бұнымен<br>с этим | осымен<br>с этим | бұлармен<br>с этими | осылармен<br>с этими |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

… бері көп уақыт өтсе де, досымнан әлі хабар жоқ.
A) Сол
B) Сонда
C) Содан
D) Соның

1) содан – шығыс септігіндегі сөз, «бері» сөзімен тіркеседі;
2) сонда – жатыс септігіндегі сөз «бері» сөзімен тіркеспейді;
3) соның – ілік септігіндегі «бері» сөзімен тіркеспейді;
4) сол – атау септігіндегі «бері» сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Олар … тұрмайды, өткен айда көшіп кеткен.
A) мұны
B) мұнан
C) мұнда
D) мұның

1) мұнан – сөзі «тұрмайды» сөзімен тіркесе алмайды;
2) мұның – сөзі «тұрмайды» сөзімен тіркеспейді;
3) мұны – сөзі «тұрмайды» сөзімен тіркеспейді;
4) мұнда – сөзі «тұрмайды» сөзімен тіркесе алады, орнын, мекенін білдіріп, сөйлемді мағыналық жақтан толықтырады.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... қағазға тиіспеңіздер.
A) Мына
B) Мынаны
C) Мынаған
D) Мынаның

1) мына – сөзі «қағазға» сөзін айқындай түседі;
2) мынаған – сөзі «қағазға» сөзімен тіркеспейді;
3) мынаны – сөзі «қағазға» сөзімен тіркеспейді;
4) мынаның – сөзі «қағазға» сөзімен тіркесе алмайды.

**110** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Құжат ... ішінде тұр.
A) осыны
B) осының
C) осында
D) осыдан

**111** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

… менің досым тұрады.
A) Мұны
B) Мұнан
C) Мұның
D) Мұнда

**112** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бұл – ... ісі, сен маған босқа өкпелеме.
A) сол
B) сонда
C) соның
D) содан

**113** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... көмегімен үйге жеттік.
A) Біздің
B) Сіздің
C) Менің
D) Соның

**114** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мен ... киімді алғым келіп тұр.
A) мына
B) осыны
C) мынаны
D) осыдан



Сұрау есімдіктерінің септелуі
Склонение вопросительных местоимений

**Ė**

| Септіктер<br>Падежи | Жекеше түрі<br>Единственное число | | Көпше түрі<br>Множественное число | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Атау<br>Именительный | кім?<br>кто? | не?<br>что? | кімдер?<br>кто? | нелер?<br>что? |
| 2. Ілік<br>Родительный | кімнің?<br>кого?, чей? | ненің?<br>чего? | ненің?<br>чего? | нелердің?<br>чего? |
| 3. Барыс<br>Дательный | кімге?<br>кому? | неге?<br>чему? | кімдерге?<br>кому? | нелерге?<br>чему? |
| 4. Табыс<br>Винительный | кімді?<br>кого? | кімді?<br>кого? | кімдерді?<br>кого? | нелерді?<br>чего? |
| 5. Жатыс<br>Местный | кімде?<br>у кого? | неде?<br>у чего? | кімдерде?<br>у кого? | нелерде?<br>у чего? |
| 6. Шығыс<br>Исходный | кімнен?<br>от кого? | неден?<br>от чего? | кімдерден?<br>от кого? | нелерден?<br>от чего? |
| 7. Көмектес<br>Творительный | кіммен?<br>с кем? | немен?<br>с чем? | кімдермен?<br>с кем? | нелермен?<br>с чем? |

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Сонда сен ... сұрап отырсың?
A) ненің?
B) кімде?
C) қандай?
D) қайсысын?

Т́

1) ненің? сөзі «сұрап отырсың» сөзімен тіркесе алмайды;
2) кімде? сөзі «сұрап отырсың» сөзімен тіркесе алмайды;
3) қандай? сөзі «сұрап отырсың» сөзімен тіркесе алмайды;
4) қайсысын? табыс септігіндегі сөз, сондықтан «сұрап отырсың» сабақты етістігімен тіркесе алады.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Сіз ... барғалы жатырсыз?
A) қайда
B) қанша
C) қандай
D) қайсысы

Т́

1) қайда? сөзі «барғалы жатыр» сөзімен тіркесе алады, мекендік мәнді білдіріп, сөйлемді мағыналық жақтан толықтырады;
2) қанша? сөзі «барғалы жатырсыз» сөзімен тіркеспейді;
3) қандай? сөзі «барғалы жатырсыз» сөзімен тіркеспейді;
4) қайсысын? «барғалы жатыр» сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жиналыста ... қатар отырады?
A) қай
B) кімге
C) қайдан
D) кімдермен

Т́

1) қай? көмектес септігін меңгеретін «қатар» сөзімен тіркесе алмайды;
2) кімге? көмектес септігін меңгеретін «қатар» сөзімен тіркесе алмайды;
3) кімдер? кімдермен сөзі көмектес септік тұлғасындағы сөз сондықтан «қатер» сөзімен тіркеседі;
4) қайдан? көмектес септігін меңгеретін «қатар» сөзімен тіркесе алмайды.

**115** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мынау ... орамалы?
A) кім
B) кімге
C) кімнің
D) кіммен

**116** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Баласы ... толды?
A) неде
B) қанша
C) нешеге
D) қандай

**117** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... қызысың?
A) Кім
B) Кімге
C) Кімнің
D) Кіммен

**118** Асты сызылған сөзге қойылатын сұрақты көрсетіңіз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Дарынды шәкірті <u>ұстазынан</u> озды.
A) кімде?
B) кімге?
C) кімнен?
D) кіммен?

Өздік есімдігі
Возвратное местоимение

Ė Өздік есімдігі қимылдың, заттың, нәрсенің белгілі адамға тән екенін білдіреді. Өздік есімдігіне жалғыз өз деген сөз жатады. Өз есімдігі түбір тұлғада басқа сөздермен тіркесіп келсе, иемдену мағынасын білдіреді.
Мысалы: өз үйім, өз жұмысы, өз балаларың, өз төсегім, өз табысы.
В казахском языке возвратное местоимение выражается словом өз, которое преимущественно употребляется в притяжательной форме өзім я сам, өзің ты сам өзі он сам. В некоторых случаях в сочетании с именами существительными слово өз соответствует притяжательному местоимению в русском языке свой.
Например: өз үйім – свой дом, өз қаламым – своя ручка.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әрбір азамат ... Отанына адал қызмет етуі керек.
A) өз
B) сіз
C) сен
D) мен

Ť 1) өз – «Отанына» сөзімен тіркеседі;
2) сіз – сөзі «Отанына» сөзімен тіркеседі;
3) сен – сөзі «Отанына» сөзімен тіркесе алмайды;
4) мен – сөзі «Отанына» сөзімен тіркеседі.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Өзге елде сұлтан болғанша, ... елінде ұлтан бол.
A) ол
B) өз
C) біз
D) сен

Ť 1) ол сөзі иелік мәнді білдірмейді;
2) өз сөзі «Елінде» сөзімен тіркеседі;
3) сен сөзі иелік мәнді білдірмейді;
4) біз «елінде» сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Әрбір ер азамат ... елін қорғауы керек.
A) өз
B) сіз
C) мен
D) біздің

Т́

1) өз – иелік мәнді білдіреді, «елін» сөзімен тіркесе алады;
2) сіз – иелік мәнді білдірмейді, «елін» сөзімен тіркесе алмайды;
3) мен –иелік мәнді білдірмейді, «елін» сөзімен тіркесе алмайды;
4) біздің – І жақта, ал елі сөзі ІІІ жақта айтылып тұр.

**119** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Әркім де ... анасына борышты.
A) өз
B) сен
C) сіз
D) мен

**120** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Нағыз азамат ... елін сүйеді.
A) ол
B) өз
C) біз
D) сендер

**121** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Адал жандар ... отандары үшін аянбай қызмет етеді.
A) өз
B) мен
C) олар
D) сіздер

**122** Қай сөйлемде туыстық қатынас мәнін білдіретін сөз берілген?
В каком предложении находится слово, которое обозначает родственные отношения?

A) Менің көршім - ұстаз, шәкірті көп.
B) Дана өз анасына әдемі қамзол сыйлады.
C) Сенің досың ұлттық киімдерді ұната ма?
D) Сіздің жолдасыңыз үнемі сәнді киініп жүреді.

**123** Меншік мәнін білдіретін сөзді табыңыз.
Найдите слово, обозначающее обладателя предмета.

A) Маған спорттық мәнердегі киімдер ұнайды.
B) Бишілер ұлттық нақышы бар киімдер киеді.
C) Көрші қыз әрқашан еуропалық үлгіде киініп жүреді.
D) Сіңлім – тігінші, ол өз киімдерін көбінесе өзі тігіп киеді.

Өздік есімдігінің тәуелденуі
Склонение возвратных местоимений

Ė

| Өздік есімдігі көбінесе оңаша немесе ортақ түрде тәуелденіп айтылады. Возвратное местоимение өз изменяется по лицам в единственном и во множественном числе. | | |
|---|---|---|
| | оңаша единственное число | ортақ множественое число |
| І жақ | өзім | өзіміз |
| ІІ жақ анайы түрі | өзің | өздерің |
| сыпайы түрі | өзіңіз | өздеріңіз |
| ІІІ жақ | өзі | өздері |

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алмас, сен ... осы киноны көрдің бе?
A) өзі
B) өзің
C) өзіңіз
D) өзіміз

Ť

1) өзі – ІІІ жақта, ал сөйлем ІІ жақта айтылған;
2) өзің – сөзі ІІ жақта анайы түрде айтылып тұр, «сен» сөзімен тіркесе алады;
3) өзіңіз – ІІ жақтың сыпайы түрі, сөйлем анайы түрде айтылып тұр;
4) өзіміз – І жақтын көпше түрде, ал сөйлем жекеше түрде айтылып тұр, «сен» сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Сөйлемді аяқтаңыз.
Продолжите предложение.

– Алуаш, бүгін театрға барасың ...?
A) бе
B) па
C) ба
D) ма

Ť

1) бе шылауы – жіңішке дыбысты, ал барасың – жуан буынды сөз.
2) па шылауы – барасың сөзімен тіркесіп айтылмайды.
3) ба шылауы – сен сөзімен тіркесіп, айтылу мақсатына сай сұраулық мән беріп тұр.
4) ма шылауы – сен сөзімен тіркеспейді.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Олар бұл үйді ... салған еді.
A) өзі
B) өзім
C) өздері
D) өздерің

Ť

1) өзі – сөзі ІІІ жақта жекеше түрде, сөйлем ІІІ жақта көпше түрде айтылып тұр;
2) өзім– І жақта, ал өзім сөзі олар сөзімен тіркесе алмайды;
3) өздері – сөзі сөйлемдегі олар сөзі өздері сөзімен тіркеседі, сөйлем де ІІІ жақта көпше түрде айтылып тұр;
4) өздеріңіз сөзі ІІ жақта сыпайы түрде, сөйлем ІІІ жақта айтылып тұр.

**124** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Дариға, аудармашы болуды ... таңдадың ба?
A) өзі
B) өзің
C) өзіңіз
D) өзіміз

**125** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... киім тігетін өнерім бар.
A) Өз
B) Өзі
C) Өзіне
D) Өзімнің

Ė

**Етістіктің болымсыз түрі**
Отрицательная форма глагола

Болымсыз етістіктің жасалу жолдары:
1) түбір етістікке -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе жұрнақтарының жалғануы арқылы;
2) өткен шақ есімше тұлғасына жоқ, емес сөздерінің тіркесуі арқылы (жіктік жалғау жоқ, емес сөздеріне жалғанады);
Отрицательная форма глагола показывает, что действие не совершено или не будет совершено.
Отрицательная форма глагола образуется:
1) путем присоединения к основе глагола отрицательных суффиксов -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе.
Например: жазба – не пиши, сөйлеме – не разговаривай.
2) путем добавления к глаголу причастий прошедшего времени одного из отрицательных слов жоқ, емес. Личные окончания прибавляются к словам жоқ , емес.
Например: келген жоқ – не пришел, жазған емеспін – не писал.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Ол олимпиадаға ... жоқ.
A) болған
B) тұрған
C) жүрген
D) қатысқан

Ť

1) болған сөзі мекендік мәнді білдіреді, ал сөйлем бағыттық мәнде ұғымда айтылып тұр;
2) жүрген сөзі мекендік мәнді білдіреді, сөйлем бағыттық мәнде білдіріп тұр;
3) тұрған сөзі мекендік мәнді білдіреді, ал сөйлем бағыттық ұғымды білдіріп тұр;
4) қатысқан сөзі де сөйлем де бағыттық ұғымда айтылып тұр.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Сусыз өмір сүру ... .
A) мүмкінбе
B) мүмкін жоқ
C) мүмкін емес
D) мүмкіндік жоқ

Ť

1) мүмкін бе сөзі қате, себебі -ба/-бе қосымшасы етістікке ғана жалғанады;
2) мүмкін жоқ мүмкін сөзі мен жоқ сөзі тіркесе алмайды;
3) мүмкін емес тіркесі құрылымы бойынша дұрыс, сөйлем мазмұнына сәйкес;
4) мүмкіндік жоқ тіркесі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді.

♦ Орындалмаған қимылды көрсетіңіз.
Укажите действие, которое не было выполнено.

A) Жолаушылар көлігі кешігіп келді.
B) Келе жатқан көлікке жолаушы қол көтерді.
C) Жолаушы көлік күтіп аялдамада ұзақ тұрды.
D) Бос орын болса да, көлік жолаушыға тоқтаған жоқ.

Ť

1) қимыл орындалған;
2) іс-әрекет орындалған;
3) қимыл болымды түрде айтылып тұр;
4) іс-әрекет орындалмаған.

**126** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Күн әлі ... .
A) жылыды
B) жылыған
C) жылу жоқ
D) жылынған жоқ

**127** Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое не было выполнено.

A) Мен суретті жақсы саламын.
B) Динара аюдың суретін салды.
C) Айдар алманың суретін салған жоқ.
D) Сәуле де гүлдің суретін салғанды ұнатады.

**128** Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое не было выполнено.

A) Сурет сабағы өте қызық.
B) Гүлсім сурет сабағын жақсы көреді.
C) Бізде сурет сабағы аптасына екі рет болады.
D) Айгүл сурет үйірмесіне бұрын қатысқан емес.



**Етістіктің бұрынғы өткен шағы**
Давнопрошедшее время глагола

**Е** Етістіктің бұрынғы өткен шағы негізгі етістікке есімшенің -ған/-ген, -қан/-кен жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.
В казахском языке давнопрошедшее время глагола образуется с помощью присоединения к основе глагола суффиксов причастий -ған/-ген, -қан/-кен.
Например: бар-ған, кел-ген, айт-қан, кет-кен т.б.

♦ Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақты қойыңыз.
Вставьте нужный суффикс вместо многоточия.

Айтыл... сөзге құлақ сал.
A) -кен
B) -қан
C) -ған
D) -ген

**Т** 1) - айтыл сөзі жуан, сондықтан жіңішке дыбыстардан құралған қосымшаны қабылдай алмайды;
2) - қатаң дыбыстан басталаған –қан жұрнағын, ал айтыл сөзі (л) үнді дыбысқа аяқталған, сондықтан қабылдай алмайды;
3) -ған қосымшасы айтыл сөзіне жалғанып, өткен шақтық ұғым береді;
4) -ген қосымшасы жіңішке, ал айтыл сөзі жуан.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Анам жұмысқа жақында ... .
A) білген
B) жүрген
C) орналасқан
D) айналысқан

**Т** 1) білген сөзі жұмысқа сөзімен тіркесе алмайды;
2) жүрген сөзі жұмысқа сөзімен тіркесе алмайды;
3) орналасқан сөзі жұмысқа сөзімен тіркесе алады;
4) айналысқан сөзі жұмысқа сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Бұрын болып кеткен іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое было выполнено ранее.

A) Ол сабаққа дайындалып отыр.
B) Студент ертеңгі сабаққа дайындалуда.
C) Студент сабаққа мұқият дайындалған.
D) Ол сабаққа дайындалып келетін шығар.

Ť

1) дайындалып отыр – іс-әрекет қазір орындалып жатыр;
2) дайындалуда – іс-әрекет осы шақта іске асып жатыр;
3) дайындалған – іс-әрекет бұрын болып кеткен;
4) дайындалып келетін шығар – іс-әрекет әлі орындалмаған.

**129** Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақты қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный суффикс.

Кең ойла... кем ойламас.
A) -ған
B) -ген
C) -қан
D) -кен

**130** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Қаспий теңізі Қазақстанның батысында ... .
A) жасалған
B) қатысқан
C) орналасқан
D) қоныстанған

**131** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Бес жылдық мерзімге қабылданған бұл бағдарлама былтыр ... .
A) келді
B) болады
C) жиналған
D) қабылданған

**132** Бұрын орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое было выполнено ранее.

A) Біздің факультет жаңа ғимаратқа көшеді.
B) Біздің факультет жаңа ғимаратқа көшкен.
C) Біздің факультет жаңа ғимаратқа көшуі керек.
D) Біздің факультетті жаңа ғимаратқа көшіріп жатыр.

**Туынды етістіктер**
Производные глаголы

Ė

Туынды етістіктер әртүрлі сөз таптарына етістік тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады.
Производные глаголы образуются путем присоединения к корням разных частей речи глаголообразующих суффиксов.

Етістік тудырушы жұрнақтар:
Глаголообразующие суффиксы:
–а/- е: ат-а, тең-е, түн-е;
–ла/-ле, -да/-де, -та/те: ой-ла, сөй-ле, тұз-да, із-де, ақ-та, іс-те;
–лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес: таза-лас, әңгіме-лес, ақыл-дас, із-дес, ақ-тас, іс-тес.

♦ Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный аффикс.

Дариға, анаңа үй жинауға көмек… .
A) -тес
B) -тас
C) -дас
D) -дес

Ť

1) -тес қосымшасы буын, дыбыс үндестігі бойынша көмек сөзіне жалғана алады;
2) -тас – жуан, ал көмек сөзі жіңішке, сондықтан көмек сөзіне -тас қосымшасы жалғана алмайды;
3) көмек сөзі жіңішке дыбыстардан құралған, сондықтан жуан дыбыстардан тұратын -дас қосымшасы жалғана алмайды;
4) көмек сөзі қатаң дауыссызға біткен, -дес қосымшасы жалғана алмайды.

**133** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Мәжіліс төрағасына бүгін ... .
A) аяқта
B) таныс
C) сыйла
D) жолық

**134** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Гүлсім қонақтар кеткен соң анасына үй жинауға …
A) көмектес
B) көмектесті
C) көмектессе
D) көмектесіп

**135** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Асқар жазғы демалыста ауылға барып, атасына шөп шабуға …
A) жәрдесу
B) жәрдемдес
C) жәрдемдесті
D) жәрдемдессе

**136** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Болашағыңды бүгіннен ... .
A) ойла
B) қолда
C) сыйла
D) баянда

**137** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Әзиз досымен ... .
A) кеңес
B) ақылдасты
C) сәлемдессе
D) әңгімелескелі

**Ė**

**Мезгіл үстеу**
Наречие времени

Мезгіл үстеу іс-әрекеттің уақытын білдіреді де, қашан? қай кезде? қашаннан бері? қашанға дейін? деген сұрақтарға жауап береді.
Наречие времени обозначает время действия и отвечает на вопросы қашан? қай кезде? – когда? қашаннан бері? – с каких пор? қашанға дейін? – до каких пор?
Например: кеше – вчера, бүгін – сегодня, ертең – завтра, бүрсігүні – послезавтра, басында – в начале, сосын, кейін - потом, ерте –рано, кеш – поздно

♦ Тиісті сөзбен сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение соответствующим словом.

Радиодан ... жаңбыр жауатынын хабарлады.
A) сонда
B) кешке
C) былтыр
D) түнеугүні

**Ť**
1) сонда – сөйлемді мағыналық жағынан толықтырмайды;
2) кешке – сөйлемге мағыналық жағынан сәйкес келеді;
3) былтыр – өткен шақтық, сөйлемдегі әрекет келер шақтық мағынаны білдіреді;
4) түнеугүні – өткен шақта, сөйлемдегі әрекет келер шақта айтылып тұр.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

... тоқсандық есепті тапсырамыз.
A) Кеше
B) Ертең
C) Бұрын
D) Түнеугүні

**Ť**
1) кеше – өткен шақтық, ал сөйлем келер шақтық мағынада айтылып тұр;
2) ертең– сөз де, сөйлем де келер шақтық мағынада тұр;
3) бұрын – өткен шақтық, сөйлемдегі әрекет келер шақтық мағынада тұр;
4) түнеугүні – өткен шақтық, сөйлемдегі әрекет келер шақтық мағына береді.

♦ Диалогті аяқтаңыз.
Завершите диалог.

– Гүлнар, кезекті еңбек демалысыңа қашан шығасың?
– Мәдина, мен қаңтар айында, аязы қатты ..., шығамын.
A) күзде
B) қыста
C) қаңтар
D) көктемде

Т́

1) қыста – сөйлемге мағыналық жағынан сәйкес келеді, қаңтар – қыс айы;
2) қаңтар – мағыналық жағынан қайталау;
3) көктемде – сөйлемдегі мезгілге сай емес;
4) күзде – сөйлемге мағыналық жағынан сәйкес келмейді.

**138** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Менің анам ... түске дейін жұмыс істейді.
A) түстен соң
B) таңнан бері
C) кешке дейін
D) таңертеңнен

**139** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол ауылға ... ғана кетті.
A) кеш
B) ерте
C) бүгін
D) ертең

**140** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Жарқын ұзақ жолға ... дайындалды.
A) оқта-текте
B) күні бойы
C) күні ертең
D) бірен-саран

**Күшейткіш үстеу**
Усилительное наречие

Ė

Күшейткіш үстеулер заттың сынын немесе іс-әрекеттің сипатын асыра не төмендете көрсетеді.
Усилительные наречия выражают большую или меньшую степень признака предмета или действия. Например: өте жылдам, тым, үлкен, өте тез бітіру.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Майра өзіне жүктелген істі ... ұқыпты, тиянақты атқарады.
A) ең
B) өте
C) ыңғай
D) орасан

Т́

1) өте – сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алады;
2) ең – сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес келмейді;
3) ыңғай – ұқыпты сөзімен тіркеспейді;
4) орасан – ұқыпты сөзімен тіркесе алмайды.

♦ Дұрыс жауабын таңдаңыз.
Найдите правильный ответ.

Есет – біздің ұжымдағы ... сенімді, елгезек қызметкер.
A) ең
B) зор
C) тіпті
D) орасан

Т́

1) ең – сенімді сөзімен тіркесіп сөйлемді толықтырады;
2) зор – сенімді сөзімен тіркеспейді;
3) тіпті – сенімді сөзімен тіркесе алмайды;
4) орасан – сенімді сөзімен тіркеспейді.

♦ Күшейтпелі мәнді сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение, в котором есть слово со зна чением усиления.

A) Мен театрға барғанды ұнатамын.
B) Театрда өте қызық қойылым болады.
C) Билетті алдын ала сатып алып қойдым.
D) Мен бүгін отбасыммен театрға барамын.

Т́

1) сөйлемде күшейткіш мәнді сөз жоқ;
2) сөйлемдегі өте сөзі қызық сөзінің мағынасын күшейтіп тұр;
3) сөйлем күшейткіш мәнді білдірмейді;
4) сөйлемде күшейткіш мәнді үстеу жоқ.

**141** Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Шәкірттің талабы ... зор екен.
A) ең
B) өте
C) ыңғай
D) тамаша

**142** Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Марат сабақты ... беске оқиды екен.
A) өте
B) тым
C) кілең
D) орасан

**143** Күшейтпелі мәнді сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение, в котором есть слово с значением усиления.

A) Айгүлге корей сериалдары ұнайды.
B) Райхан үнді фильмдерін жақсы көреді.
C) Марат американдық фильмдерді жиі көреді.
D) Ал маған атыс-шабысы тым көп фильмдер ұнамайды.

**144** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Сенің көк түсті көйлегің ... тамаша.
A) сәл
B) тым
C) сондай
D) орасан

### Қарсылықты жалғаулық шылаулар
Противительные союзы

Ė Қарсылықты жалғаулық шылаулардың дербес лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөйлемдердің грамматикалық мағынасын нақтылап, оларға қарсылықты мән үстейді. Противительные союзы не обладают конкретным лексическим значением, но они уточняют грамматическое значение и дополняют смысловые оттенки предложений. Например: бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сөйтсе де, сонда да но, однако.

♦ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Көктем келді, ... қар әлі еріген жоқ.
A) себебі
B) алайда
C) өйткені
D) ендеш

Ť
1) себебі – қарсылықты мәнді білдірмейді;
2) алайда – қарсылықты мән беріп, сөйлемді толықтырады;
3) өйткені – сөйлемге мағыналық жағынан сай келмейді;
4) ендеше – жай сөйлемдерді байланыстыра алмайды.

♦ Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Дәрі іштім, ... басымның ауырғаны басылар емес.
A) егер
B) яғни
C) онда
D) бірақ

Ť
1) егер – қарсылықты мәнді емес, шартты мәндегі шылау;
2) яғни – қарсылықты мән бермейді, ойды тек нақтылайды;
3) онда – сөйлемге мағыналық жағынан сай келмейді;
4) бірақ – жай сөйлемдерді байланыстырып, қарсылықты мәнді білдіреді.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті шылауды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный союз.

Құжатты бүгін тапсыр, ... ертең кеш болады.
A) үшін
B) біресе
C) егер де
D) әйтпесе

Ť
1) үшін – қарсылықты мән бермейді, мақсатты білдіреді;
2) біресе – қарсылықты мәнді емес, шартты мәндегі шылау;
3) егер де –мағыналық жағынан сай келмейді;
4) әйтпесе – жай сөйлемдерді байланыстырып тұр.

**145** Көп нүктенің орнына қажетті шылауды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный союз.

Жиналыс аяқталды, … көп мәселе қаралмай қалды.
A) алайда
B) себебі
C) ендеше
D) егер де

**146** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ұялы телефон қажет, … оның пайдасынан зияны көп.
A) егер де
B) өйткені
C) әйтсе де
D) не болмаса

**147** Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Мен кітапханада отырдым, ... газет оқуға уақытым жетпеді.
A) бірақ
B) себебі
C) ендеше
D) егер де

**148** Көп нүктенің орнына қажетті шылауды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный союз.

Досымның мінезі жайлы, ... кемшіліктері де баршылық.
A) егер де
B) өйткені
C) әйтсе де
D) не болмаса

**149** Көп нүктенің орнына қажетті шылауды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужный союз.

Ертең жиналыс болады, ... ескерте салу керек.
A) себебі
B) ендеше
C) егер де
D) дегенмен

Ė

**Көңіл күй одағайлары**
Междометия, выражающие эмоции

Көңіл күй одағайлары деп адамның әртүрлі көңіл күйін білдіретін сөздерді айтамыз.
Междометия, выражающие эмоции – это слова, которые могут выражать различные чувства, настроение человека (удивление, настроение и др.).
Например: аһ, уһ, ойбай, шіркін.

♦ Тиісті одағаймен толықтырыңыз.
Дополните предложение соответствующим междометием.

..., байтақ елім!
A) Әттең
B) Ойбай
C) Па, шіркін
D) Ойпырым-ай

Ť

1) әттең –жекіруді білдіреді;
2) ойбай – шошу мағынасын береді;
3) па, шіркін – сүйсіну мағынасында айтылып тұр;
4) ойпырым-ай – өкіну мәнінде айтылып тұр.

♦ Қуанышты білдіретін одағайды белгілеңіз.
Найдите междометие, которое выражает радость.

A) алақай
B) пай-пай
C) әттең-ай
D) мәссаған

Ť

1) пай-пай –сүйсінуді білдіреді;
2) алақай – қуаныш сезімін білдіреді;
3) әттең-ай – өкіну мәнінде айтылып тұр;
4) мәссаған – таңдану мағынасында айтылып тұр.

♦ Көп нүктенің орнына қажетті одағайды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное междометие.

…, есіме жаңа түсті-ау!
A) Әй
B) О-о
C) Түу
D) Пай-пай

Ť

1) Әй – шақыру мәнінде айтылып тұр;
2) О-о – таңдануды білдіреді;
3) Түу – қиналу сезімін білдіреді;
4) Пай-пай – сүйсіну мағынасын білдіреді.

**150** Сүйсінуді білдіретін сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение, которое выражает умиление.

A) Уа, кім бар?
B) Бәсе, осы үй еді ғой.
C) Пәлі, қалай өсіп кеткенсің?
D) Шіркін, жастық шақ қайта айналып келсе!

**151** Көп нүктенің орнына ризашылық мәніндегі одағайды қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия междометие со значением благодарности.

…! Балам, аз уақыттың ішінде талай істі бітіріп тастапсың ғой.
A) Әттең
B) Ойбай
C) Шіркін
D) Бәрекелді

**Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі**
Порядок слов в предложении

Ė

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен грамматикалық (синтаксистік) байланыста болғандықтан, олардың белгілі бір орын тәртібі болады. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі тұрақты болып келеді.
Так как слова в предложении связаны грамматически, то существует определенный порядок слов. В казахском языке порядок слов является постоянным.
Бастауыш баяндауыштың алдында көбіне сөйлемнің бас жағында тұрады, баяндауыш сөйлемнің соңында келеді де, сөйлемді тиянақтайды.
Мысалы: Бүгін жарыс басталады. Мақсат іссапардан келді.
Подлежащее ставится перед сказуемым, в основном в начале предложения, а сказуемое в конце и завершает предложение.
Толықтауыш өзі толықтыратын сөздің алдында, көбіне баяндауыштың алдында келеді. Мысалы: Жанар құжаттарын алды.
Дополнение ставится перед словом, которое оно дополняет, в основном перед сказуемым.
Анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Мысалы: Кеше мен қызық фильм көрдім. Определение находится перед определяемым словом.
Мезгіл пысықтауыш бастауыштың басқа пысықтауыштар өзі тіркестен сөздің алдында келеді. Мысалы: Олар біздің құжаттарымызды ұзақ тексерді. Кеше басшылар бізді тест тапсыруға жіберді.
Обстоятельства времени в предложении ставятся перед подлежащим, другие обстоятельства ставятся перед теми словами, к которым они относятся.
Сұраулы есімдіктер баяндауыштың алдында тұрады, баяндауыш болмаған жағдайда сөйлемнің соңында қолданылады. Мысалы: Көрме қайда өткізіледі? Сіздердің құжаттарыңыз қайда?
Вопросительные местоимения ставятся перед сказуемым, если сказуемое отсутствует, вопросительные местоимения ставятся в конце предложения.
Ескерту: Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі дұрыс сақталмаса, сөйлемнің мағынасы дұрыс болмайды.

♦ Дұрыс құрылған сөйлемді белгілеңіз.
Отметьте правильно построенное предложение.

A) Ол курста биыл төртінші оқиды.
B) Ол биыл төртінші курста оқиды.
C) Төртінші биыл оқиды курста ол.
D) Курста биыл ол төртінші оқиды.

Т́

1) курста сөзі баяндауыштың алдында тұруы қажет;
2) сөйлем мүшелері өздеріне тиісті орындарында тұр, сөйлем мағынасы түсінікті;
3) сөйлем мағынасы түсініксіз,баяндауыш сөйлемнің соңында тұруы қажет;
4) төртінші сөзі курста сөзін анықтайды, сондықтан оның алдында тұруы қажет.

♦ Орын тәртібі дұрыс тұрған сөйлемді көрсетіңіз.
Найдите предложение с правильным порядком слов.

A) Анар гүл ұнатады өсіргенді.
B) Біздің бақшада жеміс ағаштары өседі.
C) Бүгін мектепте көп ағаш отырғызды балалар.
D) Көріктендіруіміз керек ағаштармен қала көшелерін.

Т́

1) баяндауыш сөйлемнің ортасында тұр;
2) сөйлем мүшелері бір-бірімен дұрыс байланыста тұр;
3) баяндауыш сөйлемнің ортасында тұр;
4) керек сөзі негізгі іс-әрекетпен тіркесіп сөйлемнің соңында келуі қажет.

♦ Дұрыс құрылмаған сөйлемді табыңыз.
Отметьте неверно составленное предложение.

A) Ұялы телефонды Мартин Купер ойлап тапқан.
B) Ұялы телефонмен ұзақ сөйлеспеуге тырысыңыз.
C) Ұялы телефонның салмағы алғашқы 1,5 кг болыпты.
D) Ұялы телефондар 1800-1900 Мгц жиілігінде жұмыс істейді.

Т́

1) сөйлем мүшелері жүйелі орналасқан, мағынасы түсінікті;
2) сөйлем мүшелері жүйелі орналасқан, мағынасы түсінікті;
3) сөйлем мүшелері жүйелі орналасқан, мағынасы түсінікті;
4) алғашқы сөзі ұялы телефон сөзін анықтайды, сондықтан ол ұялы телефон сөзінің алдында тұруы қажет.

**152** Дұрыс құрылған сөйлемді көрсетіңіз.
Отметьте правильно составленное предложение.

A) Қазақстанда зауыты машина құрастыру бар.
B) Машина құрастыру зауыты Қазақстанда бар.
C) Машина Қазақстанда құрастыру зауыты бар.
D) Қазақстанда машина құрастыру зауыты бар.

**153** Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз.
Отметьте правильно составленное предложение.

A) Апта соңында біздің отбасымыз саяжайға барады.
B) Апта соңында саяжайға отбасымыз біздің барады.
C) Апта соңында біздің отбасымыз барады саяжайға.
D) Апта соңында саяжайға барады біздің отбасымыз.

**154** «Қашан» сөзінің орнын анықтаңыз.
Определите место слова «қашан».

– Киноға ... барасыңдар ...?
A) сөйлемнің басында
B) сөйлемнің соңында
C) сөйлемнің жанында
D) сөйлемнің аяғында

**155** Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз.
Отметьте правильно составленное предложение.

A) Денсаулықтың қанағат – сақшысы.
B) Қанағат – денсаулықтың сақшысы.
C) Сақшысы – қанағат денсаулықтың.
D) Қанағат – сақшысы денсаулықтың.

# 3 Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест
## Лексико-грамматический блок. Итоговый тест

1 «-гер» қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому можно присоединить аффикс «-гер».

A) кәсіп
B) сауда
C) зейнет
D) қызмет

2 «-хана» қосымшасын жалғауға болмайтын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому нельзя присоединить аффикс «-хана».

A) ас
B) дәріс
C) сабақ
D) кітап

3 «-қор» қосымшасымен сөз жасаңыз.
Образуйте новое слово с помощью аффикса «-қор».

A) дүние
B) арман
C) міндет
D) қызмет

4 «-ші» қосымшасымен сөз жасаңыз.
Образуйте новое слово с помощью аффикса «-ші».

A) ән
B) бас
C) қос
D) адам

5 Қарама-қарсы мағынадағы сөзді көрсетіңіз.
Укажите слова с противоположным значением.

A) ой-пікір
B) жап-жарық
C) ғасыр-заман
D) алыс-жақын

**6** «Салқын» сөзіне қарсы мағыналас сөзді белгілеңіз.
Укажите слово с противоположным значением к слову «салқын».

A) суық
B) ашық
C) жылы
D) дымқыл

**7** Асты сызылған сөзге мағыналас сөзді табыңыз.
Найдите слово, близкое по значению подчеркнутому слову.

Ол осы ауылдың қадірлі азаматтарының бірі еді.
A) ақылды
B) көрікті
C) білімді
D) құрметті

**8** «Жеңіл» сөзіне мағыналас сөзді табыңыз.
Найдите слово, близкое по смыслу слову «жеңіл».

A) ауыр
B) оңай
C) қиын
D) күрделі

**9** Екі сөзден жасалған атауды көрсетіңіз.
Укажите слово, образованное от двух слов.

A) асаба
B) құлпынай
C) арманшыл
D) кәсіподақ

**10** «Қос» сөзіне қосылып жаңа атау жасайтын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое при помощи слова «қос» образует новое слово.

A) үй
B) аяқ
C) орын
D) мекен

**11** Сөздің түсірілген сыңарын табыңыз.
Найдите вторую часть слова.

Ол барлық нәрсені оңды-... айтып отыр.
A) бері
B) кесір
C) солды
D) жөнді

**12** Арасына сызықша қойылып жазылатын сөзді табыңыз.
Найдите сложное слово, которое пишется через дефис.

A) ағайын адам
B) ағайын жұрт
C) ағайын туыс
D) ағайын бауыр
Кәсіп, мамандық атауларын белгілеңіз.

**13** Асты сызылған сөздің қысқарған түрін көрсетіңіз.
Укажите сокращенное слово, соответствующее подчеркнутому слову.

Бүгін Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті басшыларының кезекті отырысы өтті.
A) ҰҚК
B) ҰБҰ
C) ДСҰ
D) ҚҰК

**14** Қысқарған сөздің толық түрін көрсетіңіз.
Укажите полный вариант сокращенного слова.

Биыл ҰБТ-ны барлық мектеп оқушылары жақсы тапсырды.
A) Ұлттық Бірлестік Құру
B) Ұлттық Бірлікті Тарату
C) Ұлттық Бірыңғай Тестілеу
D) Ұлттық Тестілеу Орталығы

**15** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Олар ... ойынынан әлем біріншілігінде жүлделі орынға ие болды.
A) футболдан
B) ат жарысқа
C) алтыбақанды
D) тоғызқұмалақ

**16** Бір ғана ұғымды білдіретін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое обозначает одно понятие.

A) тар етік
B) баскиім
C) кең жаға
D) қысқа көйлек

**17** Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз.
Определите значение подчеркнутого слова.

Абеке, кешке біздің үйге қонаққа келіңіз.
A) үлкенді түсіну
B) үлкенді мазақтау
C) үлкенді сыйламау
D) үлкенді құрметтеу

**18** Баланы еркелету үшін айтылған сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово с ласкательным значением, обращенное к ребенку.

A) Сая
B) Айгүл
C) Айсана
D) Саражан

**19** Ұсақ зат атауын белгілеңіз.
Отметьте название мелких предметов.

A) су
B) тас
C) тау
D) құм

**20** Санауға болмайтын ұғым атауын көрсетіңіз.
Укажите слово, которое не поддается счету.

A) алма
B) ағаш
C) әлем
D) емен

**21** Асты сызылған сөз тіркесіне сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому словосочетанию.

Қанай бүгін таңертеңнен мал іздеуге кетті.
A) неге?
B) кімге?
C) қайда?
D) қашан?

**22** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Арман кітапханаға емтихан сұрақтарына … келді.
A) қараған
B) орналасқалы
C) танысқанымен
D) дайындалғалы

**23** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

... бастап жол сақшыларының жалақысы 3 есе көбейеді.
A) Биылдан
B) Былтырдан
C) Өткен жылдан
D) Келесі жылдың

**24** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Тұрғындардың айтуынша ауыз су мәселесі ... бері қиын болып тұр.
A) күзбен
B) қыстан
C) жаздың
D) көктемге

**25** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Сәуір ... экспорт бағасы төмендеп, импорттық бағалар біршама көтерілген.
A) айы
B) айында
C) айынан
D) айының

**26** Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Ағылшын пәнінен қашан сынақ тапсырамыз?
– ... .
A) Жазда
B) Былтыр
C) Ақпанды
D) Келесі жылға

**27** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Бүгін ең үздік туынды жазған балғындарды ... марапаттады.
A) сыйлады
B) сыйлыққа
C) сыйлықтан
D) сыйлықпен

**28** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Біз жақсы ... істес болдық.
A) адамды
B) адамнан
C) адамның
D) адаммен

**29** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Уақыт өте ... мектептегі үлгерімі жақсара бастады.
A) Сәуледе
B) Мараттан
C) Асылмен
D) Айнаштың

**30** Дұрыс жауапты белгілеңіз.
Найдите правильный ответ.

... көйлегі әдемі.
A) Женге
B) Ғалияны
C) Кәусарды
D) Қымбаттың

**31** Сөйлемдегі заттың түсін анықтап тұрған сөзді табыңыз.
Найдите слово, обозначающее цвет предмета.

Күзгі бақ ... түске боялған.
A) көк ала
B) қара ала
C) сары ала
D) жасыл ала

**32** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Гүлсімнің күйеуі ұзын бойлы жігіт екен.
A) қашан?
B) қанша?
C) кімнің?
D) қандай?

**33** Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

... түнде жарық ай.
A) Сусыз
B) Желсіз
C) Таусыз
D) Борансыз

**34** Тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте соответствующий аффикс.

Шекараның көп бөлігі ел... дала арқылы өтіп жатыр.
A) -ді
B) -дік
C) -сіз
D) -сыз

**35** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

Бақылау кеңесінің құрамы көп дегенде ... адамнан тұрады.
A) бес
B) жетеу
C) төрттен
D) үшінші

**36** Дұрыс жауабын табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Мұнда ең арзан бөлмеде түнеп шығу үшін ... теңге жұмсауыңыз қажет.
A) елу мың
B) екі мыңнан
C) жүз мыңдап
D) үш мыңның

**37** Қажетті сөзді табыңыз.
Найдите нужное слово.

Қалалық жерлерде әрбір … бала балабақшаға барады.
A) жетеу
B) бестен
C) үшінші
D) екіден бір

**38** Қажетті сөзді табыңыз.
Найдите нужное слово.

Бұл - осымен, облыс орталығында ашылып отырған ... дүкен.
A) алтау
B) ондай
C) бестен
D) сегізінші

**39** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Егер ... сұрақтар туындап жатса, мына мекенжайға хабарласыңыз.
A) сізде
B) бізде
C) сенен
D) менде

**40** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Қазір ... демократияны дамытамыз деген талпыныс бар.
A) бізде
B) менде
C) сенен
D) сізден

**41** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Балалар да <u>оны</u> тыңдап, одан ақыл-кеңес сұрайды.
A) кім?
B) кімді?
C) кіммен?
D) кімнен?

42 Асты сызылған сөзді ауыстыруға болатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которым можно заменить подчеркнутое слово.

– <u>Арманнан</u> алған кітапты қайда қойдың?
A) Одан
B) Бұған
C) Мынау
D) Онымен

43 Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

... Отаным – Қазақстан.
A) Сенің
B) Оның
C) Біздің
D) Менің

44 Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

– Осы бағдарлама туралы ... ойыңызды білгім келеді.
A) сіздің
B) оның
C) сенің
D) кімнің

45 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Соңғы үш айда біз ... бірге еліміздегі аса маңызды оқиғаның куәсі болдық.
A) олардан
B) біздермен
C) сіздермен
D) сендердің

46 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Мен екі күн бойы … бірге болдым.
A) олармен
B) сендердің
C) сіздерден
D) біздермен

47 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бірақ та, сіз екеуміз ... білуіміз шарт.
A) содан
B) анадан
C) онымен
D) мынаны
D) қанша?

**48** Қажетті сөзді табыңыз.
Найдите соответствующее слово.

Біздің Ошекең де … көрді емес пе, ол да өзінен гөрі өзгелерді көбірек ойлайтын.
A) оларға
B) соларды
C) олардың
D) мыналарға

**49** Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Задайте вопрос к подчеркнутому слову.

Олар ауылға кеше жүріп кеткен.
A) қашан?
B) кімдер?
C) қайда?
D) қайдан?

**50** Дұрыс жауапты көрсетіңіз.
Найдите правильный ответ.

Сабақ ... басталады?
A) қашан?
B) қашанда?
C) қашанға?
D) қаншаның?

**51** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

... кемшілігіңді көре білу –дамудың алғашқы қадамы.
A) Өз
B) Өзің
C) Өзіңді
D) Өзгенің

**52** Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

Сенің істеген ісің ... өміріңе ғана емес, балаңның өміріне де әсер етеді.
A) өз
B) өзің
C) өзіңді
D) өзіңде

**53** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

"XXI ғасыр балалары: замана және ... туралы диалог" тақырыбында конференция болды.
A) өзіміз
B) өзгенің
C) өздеріңден
D) өздеріңізге

**54** Қажетті сөзді қойыңыз.
Найдите нужное слово.

Біз ... жасаған бағдарламаларды кең ауқымда таратамыз.
A) өзіміз
B) өзгенің
C) олардың
D) сендердің

**55** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Елбасы «қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деп тегін ... .
A) айтты ма
B) айтпақ па
C) айтар емес
D) айтқан жоқ

**56** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ертедегі халық емшілері қандай сырқатты жазса да, ақы ....
A) алар
B) төлемеген
C) алмақ емес
D) сұраған емес

**57** Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Үш жылдық мерзімге арналған бұл бағдарлама былтыр ... .
A) келген
B) болған
C) жиналған
D) қабылданған

**58** Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Бұл мәселелер өткен жиналыста ... .
A) айтылған
B) көтеріледі
C) көрсетіледі
D) жоспарланбақ

**59** Қажетті сөзді белгілеңіз.
Укажите нужное слово.

– Балалар, ауланы жақсылап ... .
A) жүріңдер
B) ойнаңдар
C) шығарсын
D) тазалаңдар

**60** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Өзіңе қарап, өзгені ... .
A) бар
B) қара
C) сына
D) сөйлес

**61** Қажетті сөзді белгілеңіз.
Вставьте нужное слово.

Болат әрқашан ... ерте тұрады.
A) кешке
B) түстен
C) таңнан
D) таңертең

**62** Қажетті сөзді белгілеңіз.
Вставьте нужное слово.

Біз ... саяхатқа барамыз.
A) кеше
B) ертең
C) өткен айда
D) өткен аптада

**63** Күшейту мағынасындағы сөзі бар сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение со словом, выражающем усиление.

A) Ол музыканы сүйіп тыңдайды.
B) Арманның талпынысы ерекше еді.
C) Марат бүгін ғана үйірмеге бармады.
D) Ол өз мүмкіншіліктерін тым асыра пайдаланды.

**64** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

«Жылдың ... үздік әні» атағына Ғ. Жаңайұлының өлеңі ие болды.
A) ең
B) зор
C) нық
D) тым

**65** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ол жаман жолдас емес, ... кейбір кемшіліктері бар.
A) егер де
B) әсіресе
C) дегенмен
D) сондықтан

66 Сөйлемді толықтырыңыз..
Дополните предложение.

Мен оған сенбеймін, ... кездесуге келістім.
A) ендеше
B) әсіресе
C) дегенмен
D) олай болса

67 Өкіну мағынасында тұрған сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором выражена досада.

A) Алақай, күн ашылды!
B) Қап, қар жауып кеткені-ай!
C) Ой шіркін, неткен тамаша еді!
D) Шіркін, осындай күндер көп болса!

68 Берілген сөйлемнің мағынасын анықтаңыз.
Определите значение данного предложения.

Алақай, ойнайық та ойлайық! Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймайық!
A) өкіну
B) қуану
C) қызғану
D) қапалану

69 Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз.
Найдите правильно составленное предложение.

A) Келісімшарт аумағына экологиялық аудит жүргізілді.
B) Келісімшарт экологиялық аумағына аудит жүргізілді.
C) Келісімшарт аумағына аудит экологиялық жүргізілді.
D) Экологиялық аудит жүргізілді келісім-шарт аумағына.

70 Дұрыс құрылған сөйлемді көрсетіңіз.
Найдите правильно составленное предложение.

A) Бүгінгі маңызды мәселе отырыста айтылды.
B) Бүгінгі отырыста мәселе маңызды айтылды.
C) Бүгінгі отырыста маңызды мәселе айтылды.
D) Бүгінгі отырыста айтылды маңызды мәселе.

III тарау

# Оқылым бөлігі

# Блок Чтение

- ☐ Оқылым бөлігіне шолу
- ☐ Алдын ала тест
- ☐ Тест тапсырмаларын талдау
- ☐ Қорытынды тест

# Оқылым бөлігіне шолу

Оқылым – бұл нақты бір тілдегі және басқа тілдегі жүйе бойынша графикалық таңбалар арқылы мағлұматты қабылдау және белсенді өңдеу үдерісі. Оқылым – сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі және тілдік тұлғаны қалыптастырудағы тілдік дағдыларының маңызды бөлігі.

Оқылым бөлігіндегі тестілеу объектісі – мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпаратын оқып түсіну барысында тілдік білік-дағдыларының қалыптасу деңгейі.

Базалық деңгейдегі мәтін түрлері: хабарлау, сипаттау, баяндау, аралас түрлері базалық деңгейге сәйкес лексика-грамматикалық материалдар негізінде арнайы құрастырылған күрделі емес, қысқа мәтіндер. Мәтін тақырыптары әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас саласында өзекті болып табылады.

Барлық деңгейлерде жалпы Оқылым бөлігі тапсырмаларын орындау уақыты – 65 минут, бөлік бойынша тапсырма саны – 50. Тест тапсырмалары тілді меңгеру деңгейіне байланысты түрленіп, қиындай түседі.

Оқылым бөлігінің **базалық деңгейінде**:
- мәтін көлемі: 5-10 сөйлемнен - 200 сөзге дейін;
- 1 мәтінге сәйкес тапсырмаларының саны: 5-6.

Тестілеу арқылы **базалық деңгейде** тіл қолданушының:

1) мәтін мазмұнындағы негізгі және қосымша ақпаратты ажырату біліктілігі;
2) сұраққа жауап беру үшін қажетті ақпаратты іріктеп алу біліктілігі;
3) мәтін мазмұнындағы негізгі және қосымша мағлұматты толық және нақты түсіну біліктілігі тексеріледі.

Базалық деңгейдегі **тест тапсырмаларының түрлері**:
Қарапайым деңгейдегі 4 тапсырма түрі берілген:
1) Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз;
2) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз;
3) Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз;
4) Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз;

және 2 тапсырма түрі қосылады:
5) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз;
6) Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз (сұрақ – жауап).

# Обзор блока Чтение

Чтение – это процесс восприятия и активной переработки информации, графически закодированной по системе того или иного языка. Чтение является одним из репродуктивных видов речевой деятельности и неотъемлемой частью формирования языковой личности.

Объект тестирования по блоку Чтение – уровень сформированности речевых навыков и умений при чтении текстов с общим и детальным охватом содержания.

Типы текстов на базовом уровне: сообщение, описание, повествование, тексты смешанного типа, специально составленные несложные и небольшие тексты, построенные на основе лексико-грамматического материала, соответствующего базовому уровню. Тематика текстов актуальна для социально-бытовой, социально-культурной сфер общения.

На всех уровнях владения языком время выполнения теста по чтению – 65 минут, количество тестовых заданий – 50. Тестовые задания заменяются и усложняются в зависимости от уровня владения языком.

**На базовом уровне блока** «Чтение»:

- объем текстов: от 5-10 предложений до 200 слов;
- количество заданий по одному тексту: 5-6.

В процессе тестирования **на базовом уровне** проверяется:

1) умение определять основную и второстепенную информацию по тексту;
2) умение находить необходимую информацию для ответа на вопрос по тексту;
3) умение понять достаточно полно и точно основную и второстепенную информацию текста.

**Виды тестовых заданий** на базовом уровне владения казахским языком:

4 тестовых задания элементарного уровня:

1) Выберите информацию, не соответствующую тексту;
2) Найдите главные опорные слова текста;
3) Выберите информацию, соответствующую тексту;
4) Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте;

а также дополнительно даются следующие 2 вида заданий:

5) Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту;
6) Найдите ответ на вопрос, соответствующий тексту (вопрос – ответ).

# 1 Оқылым бөлігі. Алдын ала тест
## Блок Чтение. Предварительный тест

**1-мәтін**

*Сәлемдесу*

*Адамдардың бір-біріне лебіз білдіруі сәлемнен басталады. Сәлемдесу тұрмыстық қатынастағы сөз басы. Сәлем – сөз анасы, сөздің қасиеті.*

*Кішінің үлкенге сәлем беруі, үлкенді құрметтеуінің белгісі.*

*Сәлемдесу ағайын мен туысты, дос-жаранды, іні мен ағаны, бала мен қарт адамды жарастыру ғана емес, ата салтын жалғастыру, алысты жақындату.*

*Сәлемдесудің ең басты шарты – жылы лебіз.*

*Сәлемді қабылдамау, жақтырмай немесе менсінбей қарау – әдепсіздік белгісі. Көңіл күйіңіз болмай тұрса да, сәлем берген адамға жылы шырай таныту мәдениеттіліктің нышаны.*

**Ė**
лебіз – слово, выражение
жылы лебізбен – с теплыми пожеланиями

**1** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Сәлемдесу – қарым-қатынас бастауы.
B) Жылы шырай таныту – мәдениеттіліктің белгісі.
C) Кішінің үлкен адамға сәлем беруі оның ізеттілігін білдіреді.
D) Сәлемді қабылдамау – көңіл күйіңіздің болмай тұрғандығының белгісі.

**2** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Сәлемдесудің қандай түрлері бар?
B) Дос-жарандар бір-бірімен қалай амандасады?
C) Адамдардың бір-біріне лебіз білдіруі неден басталады?
D) Ағайын-туыстар арасында сәлемдесудің қай түрі қолданылады?

**3** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қол беріп амандасу – әдептіліктің нышаны.
B) Төс қағыстырып амандасу – туыстықтың белгісі.
C) Сәлемдесу арқылы әр адам өзінің ізеттілігін білдіреді.
D) Жасы үлкен адам жасы кіші адамға бірінші сәлемдесуі керек.

**4** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите опорные слова в тексте.

A) дос, туыс, сәлем
B) сәлем, құрмет, лебіз
C) қасиет, шарт, құрмет
D) мәдениет, құрмет, ағайын

**5** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите точную и полную информацию по тексту.

A) Сәлем берудің бірнеше түрі бар.
B) Сәлемдесу – ата салтын жалғастыру.
C) Сәлемдесу – ағайынды жақындату белгісі.
D) Сәлем – сөздің анасы, мәдениеттілік нышаны.

**2-мәтін**

*Ғасыр биігінде*

*Қазақстан ХХ ғасырда спорт өнерінде біраз жетістікке жетті. Еліміздің атын әлемге танытпақ болып, аянбай тер төккен спортшыларымыз аз емес. Алғаш қазақ атын әлемге танытқан палуан Қажымұқан Мұңайтпасов. Кейін олимпиаданың тұңғыш күміс медалін желаяқ Ғұсман Қосанов, ал алтын медалін палуан Жақсылық Үшкемпіров иеленген. Қазақстандықтар бокс өнерінің ғажайып шебері Серік Қонақбаевты мақтан тұтады. Дара тұлғалы Дәулет Тұрлыханов елімізде спорт кешендерін ашып, ізбасарларын қайындауда.*

*Қазақ спортының осындай талантты тұлғалары өте көп.*

**6** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Серік Қонақбаев – атақты бокс шебері.
B) Алғаш алтын медалді Жақсылық Үшкемпіров алды.
C) Қ. Мұңайтпасов – Олимпиадаға қатысқан алғашқы қазақ палуаны.
D) Олимпиаданың алғашқы күміс медаль иегері желаяқ – Ғұсман Қосанов.

**7** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Қазақ атын әлемге алғаш танытқан кім?
B) Серік Қонақбаев қашан олимпиада чемпионы болды?
C) Жақсылық Үшкемпіров алтын медальді қай жылы иеленді?
D) Мәскеуде өткен олимпиада чемпионы болған қазақ спортшысы кім?

**8** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Серік Қонақбаев – қазақстандықтардың мақтанышы.
B) Ғұсман Қосанов – қазақ атын алғаш шығарған спортшы.
C) Дәулет Тұрлыханов – бокстан чемпион атанған спортшы.
D) Қазақстандықтар спорттық ойындарға үнемі қатысып келеді.

**9** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите опорные слова в тексте.

A) спорт, палуан, ғасыр
B) олимпиада, әлем, бокс
C) спорт, жүлдегер, желаяқ
D) спортшы, медаль, мақтаныш

**10** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

A) XX ғасыр – спортшылар дәуірі.
B) Д. Тұрлыханов спорт кешендерін ашты.
C) Қазақстандықтар – бокс өнерінің ғажайып шебері.
D) Еліміздің даңқын арттырып, ел мерейін асырған қазақ спортшылары көп.



### 3-мәтін

*Түнгі вокзал*

*Қаланың темір жол вокзалы түн болғанына қарамастан жап-жарық. Вокзал ішінде толған жолаушылар. Шығарып салушылар да кете қоймаған. Қазір ғана бірінші жолға жүрдек пойыздың келіп тоқтағаны хабарланды. Вагондарға қарай жүгірген жолаушылар, асыққан шығарып салушылар. Вокзалдың күту залы бос қалды. Пойыз жайлап орнынан қозғалды да, қою қараңғылыққа кіріп жоқ болды. Алыстан дауысы ғана естіледі. Вокзал маңы сәл тынышталғандай болды. Бірақ көп ұзамай күтіп алушылар келе бастады. Тағы да пойыздың келіп тоқтағаны ғана хабарланды. Ары-бері жүгірген жолаушылар мен күтіп алушылардың дауыстары естіледі. Адамдар вокзал сыртына тездете шығып, жеңіл көліктерге отырып жатыр. Қоғамдық көліктер әлдеқашан тоқтаған.*

**11** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Вокзал ішінде жолаушылар аз.
B) Вокзал маңында асыққан жолаушылар көп.
C) Қоғамдық көліктердің бәрі түнде тоқтайды.
D) Пойыздың келіп тоқтағаны жайлы хабарлама берілді.

**12** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Қаланың қоғамдық көліктері нешеге дейін жүреді?
A) Қаланың қоғамдық көліктері сағат онға дейін жүреді.
B) Қаладағы қоғамдық көліктердің жүру кестесі әртүрлі.
C) Қоғамдық көліктер түнгі уақытта жүрмейді, тоқтайды.
D) Қаланың барлық бағыттарына баратын автобустар жүріп тұр.

**13** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) вокзал, адамдар, жүк
B) пойыз, көлік, зал, вокзал
C) вокзал, жолаушылар, пойыз
D) вокзал, жолаушылар, хабарландыру

**14** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Түнгі вокзал көрінісі қандай?
B) Қоғамдық көліктер нешеде тоқтады?
C) Пойыз вокзалда қанша уақыт тұрады?
D) Астана бағытындағы пойызға отырғызу қашан басталады?

**15** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

Вокзалда ... .
A) асыққан шығарып салушылар да жүр
B) жолаушылар мен күтіп алушылардың дауыстары естіледі
C) жолаушылар, шығарып салушылар мен күтіп алушылар жүгіріп жүр
D) ары-бері жүгіріп жүрген жолаушылар мен шығарып салушылардың дауыстары естіледі

**4-мәтін**

*Денсаулық – зор байлық. Салауатты өмір салтын ұстанған адамның ұзақ өмір сүретіні белгілі. Көп қимылдау, шамадан тыс тамақ жемеу, дұрыс демалу, көңілді жүру денсаулықты сақтаудың алғышарты. Темекі тарту мен алкогольді ішімдіктер адам өміріне кері әсерін тигізіп, қысқартады.*

*Қазіргі өркениеттің негізі – дені сау, рухани дамыған адам. Денсаулықты үнемі күту керек. Таңертең ерте тұру, дене жаттығуларын жасау, таза ауада серуендеу бұлардың барлығы адам ағзасына пайдалы.*

*Халықтың денсаулығы мен рухани саулығы мемлекеттің жарқын болашағының кепілі.*

**16** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Көп қимылдау денсаулыққа пайдалы.
B) Тамақты көп жеу – адам ағзасын сақтаудың жолы.
C) Темекі мен спиртті ішімдіктер адам өміріне қауіпті.
D) Таңертең дене жаттығуларын жасау адам ағзасына пайдалы.

**17** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Дұрыс тамақтану дегенді қалай түсінесіз?
B) Қандай әрекеттер адам ағзасына пайдалы?
C) Адам ағзасының ауруға шалдығу себептері қандай?
D) Адам ағзасын аурудан емдеудің қандай жолдары бар?

**18** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Дені сау, рухани дамыған адам – өркениеттің негізі.
B) Әркім өз денсаулығын күту арқылы рухани дами алады.
C) Денсаулықты жақсарту үшін дәрігерлік тексерістен өту керек.
D) Денсаулықты нығайту үшін шамадан тыс қимылдың қажеті жоқ.

**19** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) денсаулық, адам, өмір
B) тамақ, өркениет, серуен
C) дене шынықтыру, ағза, халық
D) денсаулық, салауатты өмір салты, ағза

**20** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

A) Адам денсаулығын өзі сақтау керек.
B) Таза ауада серуендеу адам ағзасына пайдалы.
C) Салауатты өмір салты – қазіргі өркениет негізі.
D) Денсаулықты сақтау үшін дене жаттығуларын жасау керек.



## 5-мәтін

### *Орман*

*Табиғат сәні – орман-тоғайлар. Адам өмірінде орманның маңызы зор. Олардың маңызы тек құрылыс материалдарымен шектеліп қалмайды.*

*Орман өзен мен көлдердегі судың мөлшерін реттейді. Ондағы өсімдіктер топырақтың бүлініп кетуінен сақтайды. Орманның тазалық пен тәрбиелік мәні де зор. Ол аң мен құстардың таңдаулы мекені. Қалада және ауылды жерлерде, жол бойында, су қоймаларының жиегінде отырғызылған жасыл желекті ормандар елді мекенге көрік беріп қана қоймай, ауаны түрлі газ, шаң-тозаңнан сақтайды. Жасыл желек көп болса, денсаулыққа да жақсы, өсімдікке ықпалы зор.*

*Табиғи орман, тоғайлар, қолдан отырғызылған ормандар, жол бойындағы, көшелердегі жасыл ағаштар мен алуан түрлі өсімдіктер осылардың бәрі біздің жасыл достарымыз, жасыл сақшылар. Сондықтан әр адам ағаштарды мұқият сақтап, оны ретсіз сындырушыларға жол бермей, табиғатты қорғауға белсене қатысуы керек.*

Ė

**рет** – порядок
**реттеу** – регулировать
**ретсіз** – беспорядочность, безалаберность, неуместность
**жасыл желекті орман** – леса в зелёном наряде

**21** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Орман табиғатта судың мөлшерін реттейді.
B) Орман адам өмірінде маңызды рөл атқарады.
C) Жасыл желекті орманда аң мен құстар өмір сүрмейді.
D) Орман тек құрылыс материалдары болуымен ғана маңызды емес.

**22** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Жасыл желекті қашан отырғызуға болады?
B) Орманның адам өміріндегі маңызы қандай?
C) Орман өсімдіктерінің дәрілік пайдасы бар ма?
D) Орманда қандай аңдар мен құстар мекендейді?

**23** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қолдан отырғызылған орман табиғи емес.
B) Орман өзен мен көлдегі судың ретін бұзады.
C) Қалада су қоймаларының жиегіне ағаш отырғызылды.
D) Ормандағы өсімдіктер топырақты бүлінуден қорғайды.

**24** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) орман, ауа, табиғат
B) тоғай, адам, өсімдік
C) желек, қала, құстар
D) орман, тәрбие, ауыл

**25** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

A) Орманның пайдасы мол.
B) Жасыл желек адам денсаулығына пайдалы.
C) Орман ауаны түрлі газдар мен шаң-тозаңнан сақтап, елді мекенге көрік береді.
D) Жасыл желекті орман қалаға көрік беріп тұрады, сондықтан оны көп отырғызу қажет.

**26** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Топырақты ретсіз бұзылудан сақтайтын не?
A) өзен
B) аң мен құстар
C) су қоймалары
D) ормандағы өсімдіктер

## 6-мәтін

*Менің жұмысым*

*Менің жұмыс орным Астана қаласының Республика даңғылында орналасқан. Мен банк қызметкерімін. Біздің ғимарат үш қабатты. Жұмыс істейтін бөлімім бірінші қабатта орналасқан. Мен несиелендіру бөлімінде жұмыс істеймін. Несиелендіру бөлімі халықтың тұрмыс жағдайын жақсартатын бөлім. Жұмысым өзіме ұнайды. Күн сайын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсетемін. Оларға несие алуға керекті құжаттар тізімін ұсынып, өтініштерін қабылдаймын. Ұсынған құжаттарын тексеремін. Дайын болған құжаттарды ресімдеймін. Банк пен жеке немесе заңды тұлғалар арасында келісімшарттарға қол қойдырамын. Менің бөлімімде бір бас менеджер, екі заңгер, бір кеңесші қызмет істейді. Біз келушілерге сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз. Біздің жұмыс орнымыз қолайлы, жылы және жарық. Заманауи техникамен жабдықталған. Несие алушыларға да қолайлы жағдай жасалған. Олар біздің бөлімге кірісімен, бөлме ішіндегі ерекше ыңғайлылықты көріп, қызметкерлеріміздің ілтипатына риза болады.*

**27** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Мен банкте жұмыс істеймін.
B) Астана қаласында қызмет етемін.
C) Мен бас менеджер болып жұмыс істеймін.
D) Менің жұмыс орным Республика даңғылында орналасқан.

**28** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Сіз қай банкте жұмыс істейсіз?
B) Астана қаласында неше банк бар?
C) Несие алу үшін қандай құжаттар қажет?
D) Сіз банктің қай бөлімінде жұмыс істейсіз?

**29** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Жұмыс орнымыз ыңғайлы, жылы әрі жарық.
B) Мен тек жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсетемін.
C) Заңгер несие берушілердің құжаттарын тексереді.
D) Біздің бөлім жеке тұлғалардың өтінішін қабылдамайды.

**30** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите опорные слова в тексте.

A) банк, заңгер, бөлім
B) банк, қызмет, бөлім
C) бөлім, құжат, жылы
D) несие, өтініш, Астана

**31** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

A) Несиелендіру бөліміне келушілер көп.
B) Несиелендіру бөлімінде бірнеше қызметкер бар.
C) Несиелендіру – халықтың тұрмысын арттыратын бөлім.
D) Несиелендіру бөлімі несие алушыларға қызмет көрсетеді.

**32** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Несиелендіру бөлімінде кімдер қызмет етеді?
A) заңгер, екі менеджер, кеңесші
B) бас менеджер, кеңесші, екі заңгер
C) екі кеңесші, заңгер, бас менеджер
D) екі заңгер, менеджер және екі кеңесші

### 7-мәтін

*Мен Астана қаласында тұрамын. Астана жыл өткен сайын көркейіп, дамып келеді.*

*Біздің компанияға Лондон қаласынан бірнеше әріптестеріміз келді. Күн сайын гүлденіп, көркейіп келе жатқан қаламыздың көрікті жерлерімен таныстырып, кешкісін шетелдік әріптестерімді қазақтың ұлттық тағамдарымен таңғалдырғым келді. Оларды Есілдің сол жағалауындағы «Жерұйық» мейрамханасына апардым.*

*Жерұйық Астанадағы ең ірі мейрамханалардың бірі. Мейрамхана алдында жаңа саябақ бар. Саябақтың ауасы кең, әрі таза. Орындықтары да өте әдемі. Онда түрлі ағаштар мен сан алуан гүлдер өсіп тұр.*

*Мейрамхананың іші ұлттық нақышта безендірілген. Төбесінде шаңырақ, қабырғасы уықтармен қоршалған.*

*Мен әріптестеріме қазақтың салты бойынша ең алдымен шай дастарқаны жасалатынын, оның басты асы бауырсақ екенін айттым. Қазақтың ұлттық тағамы – сыйлы қонақтарға берілетін қазақша ет туралы әңгімелеп бердім.*

*Дастарқан басында шетелдік әріптестерім қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы көп сұрады. «Жерұйық» мейрамханасында әзірленген халқымыздың ұлттық тағамдары, біздің елдің жылы ілтипаты, орындалып жатқан әсем әндер әріптестеріме қатты ұнады. Олар қазақ халқының қонақжайлығына ерекше баға берді.*

Ė шаңырақ – деревянный круг на верхушке юрты, дымоход юрты
уық – унины вогнутые жерди, на которых держатся верхний купол юрты

**33** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Мен Астана қаласының тұрғынымын.
B) Астана қаласы жылдан-жылға гүлденіп келеді.
C) Таңертең шетелдік әріптестеріммен бірге саябақты араладық.
D) Шетелдік әріптестеріме Астананың көрікті жерлерін көрсеткім келді.

**34** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Мейрамхана алдындағы саябақ қалай аталады?
B) «Жерұйық» мейрамханасы қай жерде орналасқан?
C) Қазақтың ұлттық тағамы қазақша ет қалай жасалады?
D) Қонақтарға «бауырсақ» сөзінің мағынасын қалай түсіндірді?

**35** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Әріптестерім саябаққа барып, таңғалып қайтты.
B) «Жерұйық» мейрамханасында тек бауырсақ пісіреді.
C) Қонақтар Астана, оның тарихы туралы көп мәліметтер алды.
D) «Жерұйық» мейрамханасында қазақтың ұлттық тағамын жедік.

**36** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) Астана, Жерұйық, жыл
B) қонақ, әріптес, шаңырақ
C) Астана, әріптес, Жерұйық
D) Жерұйық, нақыш, бауырсақ

**37** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

A) Астана жылдан – жылға көркейіп келеді.
B) Жерұйықтың қабырғалары уықтармен қоршалған.
C) Жерұйық – сол жақ жағалаудағы ұлттық тағамдар әзірлейтін мейрамхана.
D) Астана қаласы мен мейрамханадағы қонақжайлыққа әріптестерім дән риза.

**38** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Шетелдік әріптестерім нені бағалады?
A) саябақ ауасын
B) Астана қаласын
C) Есілдің сол жақ жағалауын
D) ұлттық тағамдар мен қонақжайлылықты

## 8-мәтін

*Ғалым жолы*

*Кен ісі саласындағы қазақ ғалымы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Әбілқас Сағынұлы Сағынов үлкен еңбек жолынан өтті. Ұлы Отан соғысына дейін Днепропетровск кен институтын бітірген жас маман Қарағанды көмір шахтасына қызметке жіберіледі. Өзі сүйген ісіне бар ықыласымен берілген ол Қарағанды көмір шахталарында, содан соң трестерде басшы қызметте болады. Ол қызмет ете жүріп, ғылыми еңбекпен айналысады.*

*Әбілқас Сағынұлы Қарағанды көмір ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қарағанды кен институтының, Қарағанды политехникалық институтының, Қарағанды университетінің ректоры болып қызмет атқарды.*

*Әбілқас Сағынов жүзден астам ғылыми еңбектің авторы. Ғалым бұл еңбектерінде негізінен көмір қабаттарын қолайлы жүйелермен өндіру, кен техникасын жетілдіру, жерасты құрылыстарының беріктігін зерттеу, қауіпсіздік техникасына жете көңіл бөлді.*

*Ол 1970 жылы Югославияның Белград қаласы мен 1974 жылы АҚШ-тың Денверд қаласында өткен кен жыныстарының механикасы жөнінде халықаралық конгрестерге қатынасып, баяндамалар жасады.*

*Әбілқас Сағынов елімізде кен ісінің өркендеп дамуына елеулі еңбек сіңірген ғалым. Оның мыңдаған шәкірттері мемлекетіміздің әр түкпірінде еңбек етуде.*

**39** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Ә.С. Сағынов Қарағанды кен институтында оқыды.
B) Ә.С. Сағынов – Ғылым Академиясының академигі.
C) Әбілқас Сағынұлы Сағынов – техника ғылымдарының докторы.
D) Ә.С. Сағынов елімізде кен ісінің өркендеуіне орасан еңбек сіңірді.

**40** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Ә.С. Сағынов қай жылы дүниеге келді?
B) Ғалымның ғылыми еңбегі қашан жарық көрді?
C) Ғалым қандай халықаралық конгрестерге қатысты?
D) Днепропетровск кен институтында неше жыл білім алды?

**41** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Ә. Сағынов – көптеген ғылыми еңбектердің авторы.
B) Әбілқас Сағынұлы Сағынов Белград қаласында еңбек етті.
C) Ә. Сағынов Ұлы Отан соғысына дейін Днепропетровскіде еңбек етті.
D) Ә. Сағынұлы – кен өндіру туралы әдеби шығармалар жазған жазушы.

**42** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) ғалым, конгресс, кен
B) кен, зерттеу, құрылыс
C) ғалым, еңбек, қызмет
D) кен, университет, техника

**43** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

Ә.С. Сағынов ... .
A) ғылыммен айналысты
B) қауіпсіздік техникасына жете көңіл бөлді
C) Қарағанды көмір шахтасында көмірді өндірді
D) көмірді қолайлы жолмен өндіруге, қауіпсіздік техникасына көңіл бөлді

**44** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Әбілқас Сағынұлы еңбек жолын қай жерден бастады?
A) Днепропетровскіден
B) Қарағанды көмір шахтасынан
C) Қарағанды ғылыми-зерттеу институтынан
D) Қарағанды университетінің ректорлығынан

## 9-мәтін

### *Қаратау құпиясы*

*Қаратау Сыр еліне дейін созылып жатыр. Қазақ даласының оңтүстік өлкесін бойлап жатқан тау қашаннан да ұлтымыз үшін қадір тұтқан киелі мекеннің бірі. Қаратау туралы қариялар неше түрлі аңыздар айтады. Бұрынғылар «Әулиелі Қаратау», «Қазыналы Қаратау» дейді екен.*

*Табиғаттың тамашасын көргіңіз келсе, Қаратаудың баурайына барыңыз. Келбеті көркем көптеген көрікті жерлерді көріп, көңіліңіз көтеріліп қалады. Жаратылыстың сұлулығына таңғаласыз.*

*Қаратаудың қойнауындағы әсем жердің бірі Қатынқамал үңгірі. Оны мүсінші жасаған деп ойлайсыз. Алайда ол шебердің туындысы емес, табиғат ананың төл туындысы. Беткейінің топырағы да басқаша. Ол қоңыр және қызғылт қоңыр түсті. Келген адамның көзі осы бір айырықша топыраққа бірден түседі. Сан алуан өсімдіктер де таудың келбетіне шырай қосып тұр. Қаратау қойнауы аң мен құсқа да толы. Мұнда қасқыр, арқар, қызыл түлкі және киік те кездеседі.*

*Бүгінгі күні елімізде туризм саласы дамып келе жатыр. Қазыналы көне таудың көрікті жерлері көпшіліктің кәдесіне жарайтын байлық.*

Ė
қария – мудрый старец (форма вежливого обращения взрослого человека к пожилому человеку
кәдеге жарау – пригодиться для дела

**45** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Қаратау – еліміздің қазыналы көне тауы.
B) Қаратау – халқымыздың киелі жерлерінің бірі.
C) Қаратау – қазақ даласына көрік беріп тұрған жер.
D) Қаратау – бүкіл қазақ даласына созылып жатқан тау.

**46** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Қаратаудың биіктігі неше метр?
B) Қаратауды қариялар қалай атаған?
C) Көне таудан қанша үңгір табылған?
D) Қаратау аймағында қандай демалыс орны бар?

**47** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қаратау баурайында көптеген қамал бар.
B) Қаратау туралы аңыздарды халық сүйіп тыңдайды.
C) Қатынқамал үңгірі – табиғат ананың әсем туындысы.
D) Қаратау өлкесінде мүсіншілер жасаған ескерткіштер өте көп.

**48** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) жер, Қаратау, аң
B) Қаратау, табиғат, үңгір
C) табиғат, топырақ, арқар
D) Қаратау, байлық, қазына

**49** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите полную и точную информацию по тексту.

A) Қаратауда туризм дамып келеді.
B) Қаратау – өзіндік тарихы бар киелі өлке.
C) Қаратауда өсімдіктер мен аңдардың бірнеше түрі бар.
D) Қаратау – еліміздегі көрікті, аң мен құсы көп, аңызға толы киелі жер.

**50** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Үңгірге келгенде бірден көзге не түседі?
A) қара тас
B) көне қазына
C) шебер туындысы
D) қызғылт топырақ

# 2 Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау
## Блок Чтение. Анализ тестовых заданий

**1-мәтін**

*Маған ұлттық киімдер өте ұнайды. Себебі мен өзім қазақ театрында жұмыс істегендіктен, біз сахналық қойылымның бәріне де ұлттық киіммен шығамыз. Ұлттық киімдерді түрлі мерекелік кештерге, тойларға, концерт, сахналық қойылым қойғанда киіп шығуға болады. Қазақтың ұлттық киімдері түрлі ою-өрнекпен тігіледі. Әйелдердің ұлттық киімдеріне арнайы сырға, моншақ, білезік, шолпы сияқты әшекей бұйымдар қоса тағылады.*

Ė шолпы – подвески (серебряные украшения, подвешиваемые к женской косе)

**1** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Қазақтың көйлегі мен қамзолы әдемі көрінеді.
B) Мен сахналық қойылымдарға ұлттық киім киемін.
C) Маған ұлттық киімді әшекеймен қоса тағу өте ұнайды.
D) Қазақтың ұлттық киімдері түрлі ою-өрнексіз де болады.

Ť
1) Қазақтың көйлегі мен қамзолы әдемі екені рас, бірақ мәтін бойынша бұл ақпарат қамтылмаған.
2) Мәтін бойынша ұлттық киімді театрдағы қойылымдардың бәріне киеміз деген мәлімет береді.
3) Мәтінде әйелдердің ұлттық киімдеріне арнайы сырға, моншақ, білезік, шолпы сияқты әшекей бұйымдар қоса тағылады деген жалпы ақпарат берілген, ал оның әшекейді ұнататыны жайлы нақты ақпарат берілмеген.
4) Мәтінде қазақтың ұлттық киімдері түрлі ою-өрнекпен тігіледі деп анық көрсетілген.

Ė Тест тапсырмасында мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты табу қажет. Жауаптардың үшеуіндегі ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес емес, бір жауап мәтін мазмұнына сәйкес келеді. Сәйкес келмейтін жауаптарда мәтінде бар сөз бен сөз тіркестері алынуы мүмкін, бірақ мағынасы бойынша дұрыс болмайды.
В тестовом задании необходимо найти информацию, которая соответствует содержанию текста. В трех вариантах информация не соответствует содержанию текста, в одном из ответов информация является правильной. В неверных вариантах ответов допустимо употребление слов и словосочетаний, встречающихся в тексте, но смысловое значение не соответствует тексту.
Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну;
- мәтіндегі ақпаратты нақты және дәл түсіну;
- мәтіндегі сөздердің баламасын дұрыс пайдалану;
- мәтін бөліктері бойынша берілген ақпаратты дұрыс түсіну.

**2** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) ою-өрнек, сахна, ұлттық киім
B) әшекей бұйымдар, театр, ою-өрнек
C) әшекей бұйымдар, ою-өрнек, моншақ
D) ұлттық киім, қойылым, әшекей бұйымдар

**Т́**

1) «ою-өрнек», «сахна» мәтін мазмұнындағы негізгі ойды білдірмейді. Мұндағы «ұлттық киім» тіркесі жалғыз тұрып тірек бола алмайды.
2) Мәтін бойынша берілген «әшекей бұйымдар» деген тіркес тірек болғанымен, «театр», «ою-өрнек» сөздері негізгі ойды білдіріп тұрған жоқ.
3) «әшекей бұйымдар» тірек болып табылғанымен «ою-өрнек», «моншақ» сөздері тірек болып табылмайды.
4) Мәтіндегі «ұлттық киім», «қойылым», «әшекей бұйымдар» сөздерінің қатары мәтіннің негізгі ойын бере отырып, тірек сөздер бола алады.

**Ė**

Тапсырма мәтінде жиі пайдаланылған, негізгі ақпаратты білдіретін, мәтін құрауға тірек болып тұрған сөздерді таңдауды талап етеді. Дұрыс жауапта ғана берілген сөздердің барлығы басты тірек сөздер болып табылады.
В данном тестовом задании требуется найти тот ряд слов, в котором все слова будут являться главными опорными словами, отражающими суть текста. В неправильных вариантах ответа возможно сочетание главных слов со второстепенными.
Аталған тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну;
- мәтіндегі тірек сөздерді таба алу;
- мәтіндегі тірек сөздердің мағынасын толық және нақты түсіну;
- мәтіндегі тірек сөздердің баламасын таба білу;
- берілген сөздерді мәтін мазмұнымен салыстыру, ақпаратты жүйелеу.

**3** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Театрда қандай қойылым болады?
B) Ұлттық киімдерді қайда киюге болады?
C) Мерекелік концертте ұлттық киімді кімдер киіп шықты?
D) Тойға сыйлық ретінде сырға, моншақ, білезікті береді ме?

**Т́**

1) Мәтінде оның театрда жұмыс істейтіні айтылғанымен, театрда болатын қойылым жайлы ақпарат берілмеген.
2) Мәтінде ұлттық киімдерді мерекелік кештерге, тойларға, концерт, сахналық қойылым қойғанда киюге болатыны жайлы нақты ақпарат келтірілген.
3) Мәтін мазмұны бойынша ұлттық киімдерді мерекелік кеште кімдердің кигені жайлы ақпарат берілмейді.
4) Мәтінде киімге арнайы сырға, моншақ, білезік, шолпы сияқты әшекей бұйымдар қоса тағылады деп көрсеткенімен,оны тойға сыйлық ретінде апаруға болатыны айтылмаған.

**Ė**

Тапсырма мәтінде жауабы бар сұрақты таңдауды талап етеді. Берілген сұрақтардың үшеуі мәтін мазмұнына сәйкес келмейді, біреуі мәтін мазмұнына сәйкес келеді. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнымен салыстыра отырып жауабы бар сұрақты табуға болады.
В тестовом задании предлагается четыре вопроса, необходимо найти 1 вопрос из четырех, ответ на который есть в тексте. В неправильных вариантах даны вопросы, по которым лишь затронута какая-либо информация по тексту, но полных и точных ответов на эти вопросы нет.

**2-мәтін**

*Амандасу рәсімі туралы*

*Амандасу мәдениеттілік көрінісі. Әр халықтың амандасу рәсімі, салттары алуан түрлі болып келеді. Мысалы, славян халықтары бір-біріне қол беріп амандасса, жапон, қытай, үнді халықтары қос қолын біріктіріп, маңдайына тигізіп, тағзым ету арқылы амандасу рәсімін жасаған. Ал Орта және Кіші Азия, Африкадағы мұсылман халықтары ертеде оң қолын жүрегінің басына апарып тағзым ету арқылы амандық рәсімін жасаған. Сондай-ақ, мұсылман халқында амандық салты «Ассалаумағалейкум!» деген сөзден басталады. Ол жақсы тілек: «Сізге Алланың нұры жаусын» деген сөз. Жас адам жолы үлкен, жасы үлкен адамға бірінші болып, қос қолын ұсынады, ал сәлем алушы кісі «Уағалейкумассалам!» деп оң қолын ұсынады. Ол: «Алланың нұры маған бір есе жауса, сізге екі есе жаусын» - деген сөз.*

*Қазақ халқының амандасу салты мазмұны жағынан өте бай, ол жастарды кішіпейілдікке, сыйласымдылыққа тәрбиелейді.*

**4** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Амандасу салтының тарихы тереңде жатыр.
B) Амандасу рәсімі ел мәдениетінен хабар береді.
C) Қазақтың амандасу салтында терең тәрбиелік мән бар.
D) Қазақ халқы амандасу рәсімі арқылы сыйластыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді.

**Т́**

1) Әр елдің амандасу салтының тарихы тереңде жатқаны рас, бірақ жоғарыда берілген мәтінде Сіз олардың пайда болу тарихы туралы ақпаратты таппайсыз.
2) Мәтінде амандасу рәсімі әр ел мәдениетінің бір көрінісі болып табылатындығы нақты емес, жалпы ақпарат.
3) Мәтін бойынша қазақ халқының амандасу салты мазмұны жағынан өте бай, сондықтан ол жастарды тәрбиелеуде үлкен роль атқаратыны жайлы толық әрі нақты жазылған.
4) Мәтіндегі қазақ халықының амандасу арқылы тәрбиелеуі нақты ақпарат болып саналады, ал ұқыптылыққа тәрбиелеуі шынайы ақпарат емес.

**Ė**

Берілген тест тапсырмасында мәтін мазмұнына сай толық және нақты ақпаратты табу көрсетілген. Әрбір жауаптағы сөйлемдерді оқып, мәтінмен салыстыру арқылы нақты және толық жауапты табу керек. Қате жауаптардағы ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес келеді, бірақ ақпарат толық немесе нақты емес.
Тестовое задание представляет некоторую сложность для разработчиков тестовых заданий, но не является сложным для пользователей языка. Здесь необходимо выбрать наиболее полный и точный вариант ответа, в неправильных вариантах может быть дана нечеткая либо неполная информация. Не стоит ориентироваться на объем ответа, поскольку объем ответа может не отражать его полноту.
Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтін мазмұнында берілген ақпаратты дәл және нақты түсіну;
- мәтіндегі негізгі ақпаратқа сәйкес келетін тірек сөздерді дәл табу;
- мәтіндегі сөздердің мағынасын түсініп, ақпараттарды бір-бірімен салыстыру;
- мәтін мазмұнында ұсынылған ақпаратқа сұрақ қою қабілетін дамыту;
- мәтінде берілген ақпаратты есте сақтау;
- мәтіндегі толық және нақты ақпаратты табу.

**5** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Амандық салты мұсылмандарда қандай сөзден басталады?
A) «Қалайсың?» деген сөзден басталады.
B) «Сәлеметсіз бе?» деген сөзден басталады.
C) «Уағалейкұмассалам!» деген сөзден бастайды.
D) «Ассалаумағалейкұм!» деген сөзден басталады.

**Ť**

1) Мәтінде амандық салты мұсылмандарда «Қалайсың?» деген сөзден басталатыны туралы ақпарат берілмеген. Бұл құрбылар арасындағы амандасудың түрі.
2) Амандасқанда «Сәлеметсіз бе?» сөзі қазақ халқында күнделікті қолданылатын сөз болғандықтан, мәтін бойынша мұсылман халықтарында қолданылатын сәлемдесу түрі басқа.
3) «Уағалейкұмассалам» сөзі сәлем берген адамға жауап беру үлгісі болғандықтан, оны сәлемдескенде бірінші айта алмаймыз.
4) Мұсылман халқында амандасу «Ассалаумағалейкұм!» сөзінен басталатыны жайлы ақпаратты мәтіннен таба аласыз.

**Ė**

Берілген тапсырма түрі мәтін мазмұны бойынша жауабы бар сұрақты табуды талап етеді. Дұрыс емес жауапта берілген ақпарат қойылған сұраққа жауап бермейді, бірақ мәтінге ұқсас немесе мәтіндегі тақырыпты қозғайтын ақпарат болып табылады.
Дұрыс жауап сұраққа мәтін мазмұны бойынша нақты жауап береді.
Данное тестовое задание требует нахождения правильного ответа на вопрос, поставленный по содержанию текста. В неправильных ответах представленная информация не дает ответа на поставленный вопрос, но содержит информацию, соответствующую тексту либо затронутую в тексте. Правильный вариант дает четкий ответ на вопрос по содержанию текста.
Тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтіндегі ақпараттарды талдау қабілеті;
- сұрақ-жауап арқылы мәтін мазмұнын анықтай білу;
- мәтін мазмұнында ұсынылған ақпаратқа сұрақ қоя білу;
- мәтіндегі ақпараттың мазмұнын дұрыс және нақты түсіну;
- мәтіннің жауаптарында берілген ақпаратты бір-бірімен салыстыру;

**6** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) амандасу, рәсім, салт, қазақ
B) амандасу, рәсім, салт, халық
C) амандасу, рәсім, қол, тағзым
D) амандасу, рәсім, салт, кішіпейілділік

**Ť**

1) Мәтінде «амандасу», «рәсім», «салт» сөздері тірек болғанымен, «қазақ» сөзі мәтінге басты тірек сөз бола алмайды.
2) Мәтін бойынша берілген «амандасу», «рәсім», «салт», «халық» сөздері жиі кездесе отырып, мәтін мазмұнын құрауда қолданылғандықтан тірек сөздер қатары деуге негіз бар.
3) Мәтінде «амандасу», «рәсім» сөздері тірек болады, бірақ «қол», «тағзым» сөздері жиі қолданылғанымен мәтін мазмұнын құрауда қосымша қолданылатын сөздер болып табылады.
4) «Амандасу», «рәсім», «салт» сөздері тірек болса да, «кішіпейілділік» қосымша ақпарат беруде қолданылып, негізгі ойды құруда қолданылмаған.

## 3-мәтін

*Шахмат – өнер, спорт және өмір. Ол осы үш ұғыммен ұштасқанда ғана жемісін жегізеді. Шахматтағы бір ғана қате жүріс, өмірдегі шалыс қадам сияқты. Сондықтан бұл жердегі әрекеттің барлығы стратегиялық жоспар ретінде жүзеге асуы тиіс. Өмірде де осылай болғаны абзал. Адам әр қадамын «жеті рет өлшеп, бір рет кесіп» отыруы керек. Шахмат адамның ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттырады. Адамды байсалды, сабырлы болуға, қажырлықты шыңдауға, тәуекелге бел буға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйретеді. Табандылыққа тәрбиелейді, қайсарлыққа баулиды.*

**7** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Шахмат ойыны кімдер үшін?
B) Шахмат ойнауды бәрі білуі керек пе?
C) Шахмат ойыны адамды неге үйретеді?
D) Шахматта қандай қате жүріс болмауы керек?

Т́

1) Берілген мәтінде шахмат адамның ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыратындығы жөніде ақпарат берілген, бірақ кімдерге арналғандығы жөнінде ақпарат берілмеген.
2) Бұл жөнінде мәтінде ақпарат қарастырылмайды.
3) Шахмат ойыны байсалды, сабырлы болуға, қажырлықты шыңдауға, тәуекелге бел бууға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрететіндігі туралы ақпарат берілген.
4) Мәтінде бір ғана қате жүріс, өмірдегі шалыс қадам сияқты деген ақпарат болғанымен, шахмат ойынында қандай қате жүріс болмауы керек деген ақпарат жоқ.

**8** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Шахмат – адамның бұлшық еттерінің дамуына көмектеседі.
B) Берілген үш ұғым адам өмірі үшін маңызды болып табылады.
C) Шахмат стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға көмектеседі.
D) Спорт – тәрбиелеу құралы ретінде адамның жақсы қасиеттерін арттырады.

Т́

1) Шахмат адамның ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыратындығы туралы нақты ақпарат берілген, ал бұлшық ет дамуында шахматтың рөлі туралы мәтінде айтылмаған.
2) Өнер, спорт және өмір ұғымдары ұштасқанда ғана жемісін жегізеді деген ақпарат бар, бірақ адам өмірі үшін маңызы туралы ақпарат жоқ.
3) Шахмат ойынындағы әрекеттің барлығы стратегиялық жоспар ретінде жүзеге асуы тиіс, өмірде де осылай болғаны жақсы деген ақпарат көрсетіледі.
4) Мәтінде тәрбие құралы ретінде спортты пайдалану жайлы ешқандай ақпарат көрсетілмеген.

**9** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты таңдаңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Өмірде де осылай болғаны дұрыс.
B) Адамды байсалды, сабырлы болуға үйретеді.
C) Табандылыққа тәрбиелейді, қайсарлыққа баулиды.
D) Өмірдегі әрекеттің барлығы шахмат ойынындағыдай жоспарлы болуы керек.

**Т́**

1) Мәтінде дәл осы сөйлем берілгенмен, бастапқы сөзден бөлек тұрғанда ешқандай ақпарат бермейді.
2) Мәтінде адам бойындағы байсалды, сабырлы қасиеттері жөнінде ақпарат берілгенімен, өйткені ол ақпарат мәтінде қамтылмаған.
3) Бұл ақпарат мәтінде көрсетілгенмен, ақпарат толық емес.
4) Мәтінде өмір шахмат ойынындағыдай жоспарлы болуы керек деген ой негізгі ойды білдіреді.

## 4-мәтін

*Алматы – әсем қала. Қалада демалыс орындары мен мұражайлар өте көп. Солардың бірі – Қазақстанның мемлекеттік орталық мұражайы. Бұл мұражайда қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты екі жүз мыңнан аса экспонат бар.*

*Әбілхан Кастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы да Алматыда орналасқан. Бұл мұражайда ежелгі және қазіргі қолөнер мен бейнелеу өнерінің жиырма мыңнан астам түпнұсқасы бар.*

*Ықылас атындағы Халық аспаптар мұражайында өте бай экспонаттар жинақталған. Ол жерде қазақтың ғана емес, орыс, корей, ұйғыр, дүнген сияқты халықтардың ұлттық музыкалық аспаптары бар. Мұнда Абай, Біржан, Ықылас, Жамбыл, Динаның ұстаған аспаптары сақталған.*

*Сондай-ақ, қалада Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезовтің мұражайлары бар. Бұл мұражайлардан олардың өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген мәліметтер алуға болады.*

**Ė**

қолөнер - рукоделие
түпнұсқа – оригинал
бейнелеу өнері – изобразительное искусство

**10** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Алматы орталық мұражайы қазақ мәдениеті мен тарихынан хабардар етеді.
B) Ұлт аспаптар мұражайында орыс, корей, ұйғыр, дүнген халықтарының музыкалық аспаптары бар.
C) Алматыда орталық мемлкеттік, өнер мұражайы, ұлт аспаптар, С.Мұқанов пен М.Мұқанов мұражайлары бар.
D) Мұражайда ежелгі және қазіргі қолөнер мен бейнелеу өнерінің жиырма мыңнан астам түпнұсқасы бар.

Т́

1) Орталық мұражайда халқымыздың мәдениеті мен тарихының қатысты жүз мыңдаған экспонаттардын болуы мәтін мазмұнына сай келгенімен, оны толықтырмайды.
2) Алматыда халық аспаптар мұражайы Қазақстан халықтарының мәдениеті мен таныстыратыны шынайы ақпарат, дегенмен мәтін мазмұны толық қамтымайды.
3) Алматы қаласындағы аталған мұражайлардың болуы туралы ақпарат мәтін мазмұнын нақты әрі, толық қамтиды.
4) Нақты берілмегендіктен мәтін мазмұнын толық ашпайды.

**11** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты экспонаттар қайда сақталған?
A) Мұхтар Әуезов мұражайында
B) Мемлекеттік өнер мұражайында
C) мемлекеттік орталық мұражайда
D) Халық аспаптар мұражайында

Т́

1) Мәтін мазмұнында Мұхтар Әуезов мұражайында оның өмірі мен шығармашылығы жайлы ақпарат аласыз деп анық көрсетілген.
2) Мәтін мазмұнында Мемлекеттік өнер мұражайында ежелгі және қазіргі қолөнері мен бейнелеу өнерінің жиырма мыңнан астам түпнұсқасы бар деген ақпарат ондағы экспонаттардың қай сала бойынша жиналғанынан мәлімет береді.
3) Мәтін бойынша мемлекеттік орталық мұражайы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты экспонаттарды көрмеге қойған деген мәліметті беріліп отыр.
4) Халық аспаптар мұражайында мәтіндегі орыс, корей, дүнген ұлттарының музыкалық аспаптары бар дегенге қарағанда, мұражайда қазақ қана емес, Қазақстанда өмір сүретін өзге ұлт өкілдерінің де мәдениетімен танысуға болады.

**12** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) мұражай, экспонат, Ықылас, өнер, музыка
B) Алматы, мұражай, экспонат, мәлімет, аспап
C) мұражай, экспонат, түпнұсқа, қолөнер, қазақ
D) Алматы, мұражай, экспонат, мәдениет, халық

Т́

1) «Мұражай», «экспонат» сөздері мәтінге тірек болғанымен, «Ықылас», «өнер», «музыка» сөздері қосымша ақпаратты беріп, тірек сөз бола алмайды.
2) «Алматы», «мұражай», «экспонат» сөздері тірек болып тұр, бірақ, «мәлімет», «аспап» сөздері мәтінде маңызды мәліметтерді беріп отырған жоқ.
3) Мәтін мазмұны бойынша «мұражай», «экспонат», «қазақ» сөздері негізгі ойды білдірсе де, бұл қатарға «түпнұсқа», «қолөнер» сияқты қосымша сөздер кірген.
4) «Алматы», «мұражай», «экспонат», «мәдениет», «халық» сөздері мәтіндегі негізгі ойды ашады.

## 5-мәтін

*Ауылым*

*Бір жылда бір-ақ рет келер демалысты асыға күтетін әдетім. Асыға күтетінім ауыл атты анамның ыстық та дарқан құшағын сағынғаным шығар.*

*Ауыл тіршіліктің дәмін сездіретін қасиетті орта. Ауыл не үшін өмір сүріп жүргенімді аңғартады.*

*Ауылым – анадай ардағым, ауадай қажетім. Ауылым – Отаным. Мен мұнда күздің сұрғылт түнінде, таң атарда, әкем соғыста қан кешіп жүргенде туылыппын. Атымды ырымдап Жеңісхан қойыпты. Мен жеңіс ала келген екенмін. Мені осы ауыл асықтырады.*

*Егер ауылды сағынсам, көз алдыма бұрымды қыздар, су әкеле жатқан қыз-келіншектер елестейді. Күн қызарып батарда өрістен қайтқан малды тосуға шыққан балалар мен сиыр сауып отырған қыз-келіншектер, кешкі асын даярлап жүрген ақ жаулықты аналар ауыл сәнін келтіреді.*

**13** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Ауылды сағынғанда көз алдыма қалай елестетемін?

A) Әжелер елестейді.
B) Әкем елестейді.
C) Қариялар, балалар есіме түседі.
D) Ақ жаулықты аналар елестейді.

Т́

1) Мәтін мазмұны бойынша ақ жаулықты аналар ауылдың сәні екенін айтқан. Ал, ауылды сағынғанда көз алдына әжелердің елестейтіні жайлы ақпарат жоқ.
2) Мәтінде әкесі жайлы қосымша ақпарат берілгенмен көз алдында елестейтіні жайлы ешқандай ақпарат берілмеген.
3) Мәтін мазмұнында өрістен қайтқан малды тосуға шыққан балалар туралы ақпарат берілгенмен, қариялар жайлы ақпарат жоқ.
4) Мәтін мазмұны бойынша ауылды сағынған кезде кейіпкердің көз алдына кешкі асын даярлап жүрген ақ жаулықты аналар елестейтіні жайлы айтылған.

**14** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) ауа, сағыныш, асыға күту, дүниеге келу
B) дүниеге келу, ауыл, сағыныш, асыға күту
C) ауыл, сағыныш, асыға күту, қыз-келіншектер
D) ауыл, сағыныш, асыға күту, ақ жаулықты аналар

Т́

1) Мәтін мазмұны бойынша «сағыныш», «асыға күту», «дүниеге келу» тірек болғанымен, «ауа» сөзі тірек сөз бола алмайды;
2) Мәтін бойынша берілген «ауыл», «сағыныш», «асыға күту», «дүниеге келу» деген сөздерінің барлығы жиі кездесіп, тірек сөздерді құрайды;
3) Мәтіндегі «ауыл», «сағыныш», «асыға күту» сөздері тірек болады, ал «қыз-келіншектер» сөзі қосымша ақпарат беруде ғана пайдаланылып тірек сөз бола алмайды.
4) Мәтін бойынша «ауыл», «сағыныш», «асыға күту» сөздері тірек бола алады, бірақ «ақ жаулықты аналар» сөзі қосымша ақпарат беруде ғана қолданылғандықтан тірек сөз емес.

15 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Маған ауыл қатты ұнайды.
B) Мен ауылымды сағынып жүрмін.
C) Демалысты ауылда өткізгенді асыға күтемін.
D) Еңбек демалысымды үнемі ауылда өткіземін.

Т́

1) Маған ауыл қатты ұнайды деген ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес бірақ, толық және нақты ақпарат бола алмайды;
2) Мен үнемі ауылымды сағынып жүремін деген ақпарат мәтін мазмұнында бар, бірақ толық және нақты ақпарат бола алмайды;
3) Мәтін бойынша демалысты ауылда өткізуді асыға күтетінін, ауыл көрінісін үлкен әсермен айтып береді, бұл мәтіндегі негізгі ойды толық және нақты берілген ақпарат.
4) Еңбек демалысын үнемі ауылда өткізетіні жайлы нақты ақпаратты мәтін мазмұнынан кездестірмейміз.



### 6-мәтін

VII Қысқы Азия ойындарының ашылу салтанатында сахна төріне Азия Олимпиадалық кеңесінің туын Серік Қонақбаев, Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Әлия Жүсіпова, Кенже Сәрсекенова сынды елімізге белгілі спорт қайраткерлері көтеріп шықты. Осыдан кейін Азия Олимпиадалық кеңесінің ресми әнұраны орындалып, оның жалауы биікте желбіреген Қазақстан туының жанынан бой түзеді.

Астана қаласының әкімі сөз алды: «Бүгінгі күн – ерекше күн», - деді. Азиаданың басталуымен барша жұртты құттықтап, тілегін білдірді.

Осыдан кейін мінбеге Қазақстан Республикасының Президенті көтеріліп, Қысқы Азия ойындарын салтанатты түрде ашық деп жариялады. Жеті Ата дәстүрін негізге ала отырып, Азиада алауын жеті адам алып өтті. Әбілсейіт Айханов, Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов, Ермахан Ыбырайымов, Бақтияр Артаев, Жәнібек Қандыбаев, Тимур Тұрсынбаев сынды саңлақтар алауды салтанатты түрде жақты.

Кеш соңы отшашу мен жұлдыздар концертіне ұласты. Қазақ елі әлем алдында ұлттық рухы, ғажайып тарихы, рухани құндылығы бар екенін осы кеште барынша көрсете білді.

**16** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Азиада алауы жағылды.
B) Азиада қазақтың ұлттық рухын, ғажайып тарихын бейнеледі.
C) Азиада алауын жеті адам алып өтіп, салтанатты түрде жақты.
D) Ел Президенті Қысқы Азия ойындарын ашық деп жариялады.

**Т́**

1) Азиада алауының жағылуы жөніндегі ақпарат сәйкес келгенімен, сөйлем толық емес.
2) Азиада қазақ елі – әлем алдында ұлттық рухы, ғажайып тарихы, рухани құндылығы бар екенін осы кеште барынша көрсетті деп нақты әрі толық ойды білдіріп тұр.
3) Азиада алауын жеті адам алып өтіп, салтанатты түрде жағуы мәтін мазмұнын нақтылағанымен, бұл қосымша берілген ақпарат.
4) Елбасы Қысқы Азия ойындарын ашық деп жариялауы туралы ақпарат нақты ақпарат болғанымен, жалпы мәтін мазмұнын толық ашпайды.

**17** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Қысқы Азия ойындарының салтанатты ашылуы қандай шарамен жалғасты?
A) Спортшылар шеруіне ұласты.
B) Әлия Жүсіпова Азиада алауын жақты.
C) Әлем чемпиондарымен кездесу болды.
D) Атақты әншілер концертімен аяқталды.

**Т́**

1) Олимпиада спортшылар шеруіне ұласатыны рас, бірақ мәтінде ол туралы нақты мәлімет берілмеген.
2) Мәтінде Әлияның еліміздің туын көтеріп шыққаны айтылады, ал оның алауды жағуға қатысқаны жайлы ақпарат жоқ.
3) Салтанатты ашылудан кейін басқа шара болды.
4) Мәтінде қысқы Азия ойындарының салтанатты ашылуы отшашу мен жұлдыздар концертіне ұласты деп нақты айтылған.

**18** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) ашылу салтанаты, Президент, әкім
B) Азиада, ашылу салтанаты, олимпиада, алау
C) Жеті ата дәстүрі, ашылу салтанаты, құндылық
D) ашылу салтанаты, Жеті ата дәстүрі, қазандық

**Т́**

1) Жауаптағы «ашылу салтанаты» тірек сөз бола алғанымен, «Президент», «әкім» сөздері қосымша ақпаратты беруде қолданған сөздер болғандықтан мәтін негізін құрауға тірек сөздер емес.
2) Жауаптағы «ашылу салтанаты», «Азиада», «олимпиада», «алау» сөздері мәтін мазмұны үшін тірек сөздер болып табылады.
3) «Ашылу салтанаты» сөзі тірек сөз, бірақ «Жеті Ата дәстүрі», «құндылық» сөздері – мәтін мазмұнында жиі кездеспейді әрі мәтін құрауға негіз бола алмайтын сөз;
4) «Ашылу салтанаты» сөзі тірек сөз болғанымен, «Жеті Ата дәстүрі», «қазандақ» сөздері тірек сөздер емес, өйткені мәтіннің негізгі мазмұнын ашпайды.

## 7-мәтін

### *Мәңгілік ғұмыр*

*Қамшының сабындай қысқа ғана ғұмыр кешіп, артына өлмес мұра қалдырған қазақтың қайталанбас талантты ақыны Мұқағали Мақатаев қаламынан туған жырлар талайларды таңғалдырып, табындырғаны қашан! Бүгінгі күні Мағжан Жұмабаев екеуінің «XX ғасырдың ең үздік ақындары» деп танылуы да тегін емес. Кеше Жазушылар Одағында ақынға арналған «Өлеңмен өрілген өмір» атты кеш өтті.*

*Мұқағалидың туған күніне орай ұйымдастырылған кеште Сүйінбай атындағы филармонияның «Адырна», «Сазген» ансамбльдері мен белгілі әншілер ақынның сөзіне жазылған әндерді орындады. Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын жатқа айтқан жыр сүйер жастар да болды.*

Ė

қамшы – кнут, плетка
қамшының сабындай (өте қысқа) – короткая, как рукоять плетки
табындыру – покорять

**19** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) XX ғасырдың ең үздік ақындары кім?
B) Кеште Сүйінбайдың қандай әндері орындалды?
C) Мұқағали Мақатаевтың қандай шығармаларын білесің?
D) Жазушылар Одағы Мағжан Жұмабаевқа арналған кешті қашан өткізді?

Ť

1) Мәтін мазмұнында Мағжан Жұмабаевпен бірге Мұқағали Мақатаевтың XX ғасырдың ең үздік ақындары деп танылғандығы туралы ақпарат берілген.
2) Мәтінде «Адырна», «Сазген» ансамбльдері кеште Сүйінбайдың емес Мұқағалидың сөзіне жазылған әндерді орындағанын айтады.
3) Мәтін мазмұнында Мұқағали Мақатаев шығармаларының аттары аталмаған.
4) Мәтінде Жазушылар Одағы Мағжан Жұмабаевқа арналған кешті емес, Мұқағалиға арналған кешті өткізді.

**20** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Ол – қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақын.
B) Мұқағали – XX ғасырдың бірден-бір үздік ақыны.
C) «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын жастар жатқа айтты.
D) Жазушылар Одағы ақынның өшпес мұрасына арнап кеш өткізді.

Ť

1) Сөйлемде берілген ақпарат нақты мәтін емес.
2) Берілген жауапты толық деп айта алмаймыз, себебі ол атақ Мағжан Жұмабаевқа да берілген.
3) Жастардың поэманы жатқа оқуы қосымша ақпаратты береді, мәтінің негізгі ойын білдірмейді.
4) Бұл жауап мәтінді нақты баяндап және мазмұнын толық қамтып тұр.

**21** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) үздік екеу, мұра, жыр кеші
B) ұзақ ғұмыр, өшпес мұра, жыр кеші
C) үздік ақын, өшпес мұра, жыр кеші
D) үздік ақын, өмір, аққулар

**Т́**

1) «мұра», «жыр кеші» тіркестері тірек болғанымен, «үздік екеу» тіркесінен тірек жасауға келмейді.
2) «Өшпес мұра», «жыр кеші» тіркестері тірек бола алғанымен, «ұзақ ғұмыр» тіркесін тірек деуге болмайды. Себебі мәтінде қамшының сабындай қысқа ғана ғұмыр кешіп деп анық көрсетіп тұр.
3) «Үздік ақын», «өшпес мұра», «жыр кеші» тіркестері мәтін мазмұнын ашып, рет-ретімен беріліп отыр.
4) «Үздік ақын», «өшпес мұра» тіркестерін тірек етіп алғанымызбен, өмір, аққулар сөздері тірек сөздер емес, өйткені мәтіннің негізгі ойын ашпайды.

## 8-мәтін

*Қазақ еліндегі азаматтық қоғам мен ұлтаралық татулықты сақтау үлгісі демократиялық өрлеудің жаңа моделіне айналуда. Еліміздің бас қаласы Астанада болған саммит өте жақсы деңгейде өтті.*

*Қазақстан дүние жүзі елдерінің тұрақтылық аралы болды. Еліміздің рөлі ұлғайып, маңыздылығы артты. Соның арқасында әлем және Еуропа елдері парламентаралық байланыстар жасау арқылы қазақстандық модельді өз елдерінде іске асырмақ.*

**22** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Астанада халықаралық саммит өтті.
B) Алғашқы саммит Қазақстанда болып өтті.
C) Қазақстан басқа елдерге тұрақтылық аралы болып табылады.
D) Астана қаласында өткен саммит өте жоғары деңгейде болды.

**Т́**

1) Мәтінде Астанада өткен саммит туралы ақпарат берілген.
2) Елімізде өткен саммиттің алғашқы екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнында айтылмаған.
3) Қазақстан саммит кезінде басқа елдердегі тұрақтылық аймағы болды деген ақпарат мәтінде бар.
4) Мәтінде еліміздің астанасында өткен саммиттің өте жоғары деңгейде өтілгендігі туралы ақпарат берілген.

**Ė**

Тапсырма мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін жауапты табуды талап етеді. Жауаптарды мәтін мазмұнымен салыстыру арқылы сәйкес келмейтін ақпаратты табуға болады. Берілген жауаптардың үшеуі мәтін мазмұнына сәйкес, біреуі мәтін мазмұнына сәйкес келмейді.
В данном тестовом задании необходимо найти вариант, который не соответствует содержанию текста. Тестируемому необходимо понять содержание текста, содержание вариантов, ответов сравнить их с текстом и друг с другом и определить три варианта, соответствующих содержанию текста.
Правильный вариант ответа не будет соответствовать тексту.
Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтіндегі берілген нақты ақпаратты түсіну;
- тапсырмада және мәтінде берілген ақпаратты салыстыру;
- мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты табу.

**23** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Қазақстандағы демократиялық өрлеудің моделі қандай?
A) Азаматтық қоғамдағы татулықты сақтау үлгісі
B) Халықаралық байланыстың нығаюының көрінісі
C) Еліміздің аймақтық дамуы артып, экономикасы көркею жолында
D) Әлем және Еуропа елдерімен саяси байланыстарының даму бағыттары

Т́

1) Мәтінде еліміздегі демократиялық өрлеудің моделі ретінде азаматтық қоғам мен татулықты сақтау үлгісі танылғандығы туралы ақпарат бар.
2) Мәтін мазмұнында еліміздегі демократиялық өрлеудің моделі ретінде халықаралық байланыстың нығаюының көрінісі танылатындығы туралы ақпарат берілмеген.
3) Еліміздегі демократиялық өрлеудің моделі ретінде еліміздің аймақтық дамуы артып, экономикасы көркею жолы болғандығы туралы ақпарат жоқ.
4) Еліміздегі демократиялық өрлеудің моделі әлем және Еуропа елдерімен саяси байланыстарының даму бағыттары екендігі туралы ақпарат айтылмаған.

**24** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Қазақстанды тұрақтылық аралы деуге болады.
B) Қазақстанда табыс көзі артып, еліміздің рөлі ұлғая бастады.
C) Қазақстанның басқа елдерге қарағанда рөлі ұлғайып, ұлттық қорымыз молая түсті.
D) Қазақстан дүние жүзі елдерінің тұрақтылық аралы болып, еліміздің рөлі ұлғайып, маңыздылығы артуда.

Т́

1) Қазақстан тұрақтылық аралы деуге болады деген ақпарат мәтін бойынша толық ақпарат бола алмайды.
2) Мәтінде еліміздің рөлі ұлғайып деген ақпарат бар, бірақ табыс көзі артты деген ақпаратты толық деуге болмайды.
3) Мәтінде басқа елдерге қарағанда Қазақстанда ұлттық қордың артқанын салыстырған ақпарат жоқ.
4) Қазақстан дүние жүзі елдерінің тұрақтылық аралы болып, оның рөлі ұлғайып, маңыздылығы артқанын саммит кезінде байқалғандығы туралы ақпарат толық және нақты беріліп отыр.

**25** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) Астана, қала, саммит, іс
B) Қазақстан, қазақ елі, саммит, кәсіп
C) Қазақстан,тұрақтылық, саммит, қоғам
D) Қазақстан, тұрақтылық, демократия, қызмет

Т́

1) Мәтінде «Астана», «саммит» сөздері тірек сөздер болғанымен, «іс», «қала» сөздері – мәтін құрауға негіз болмайтын сөздер.
2) Жауаптағы «Қазақстан», «саммит», «қазақ елі» сөздері мәтінде жиі қолданылып тұрған, әрі мәтін мазмұнын ашып тұрған тірек сөздер болғанымен, «кәсіп» сөзі тірек сөз емес, қосымша берілген.
3) Мәтіндегі «Қазақстан», «саммит», «тұрақтылық», «қоғам» сөздері – мәтін құрауға негіз болып тұрған тірек сөздер тізбегі деуге болады, өйткені мәтіннің негізгі ойын ашады.
4) Берілген «Қазақстан», және демократия сөздері, «тұрақтылық» сөздері мәтінде жиі қолданылып тұрған тірек сөздер болғанымен, «қызмет», «демократия» тірек сөздер емес.

## 9-мәтін

*Жер деген әркімнің туған анасы тәрізді. Жалпы адамзат баласының өмір сүрген ортасы жер планетасы болғандықтан, жерде өсетін өнімдер түрлі жеміс-жидек көкөністер мен олардан бөлінетін дәрумендер адам ағзасына өз пайдасын тигізеді. Жердің құнары – адам өмірінің нәрі. Егер жерді сүйсең, сырын білсең, ол саған құнары мен нәрін береді. Жер ана тәрізді, жыламасаң, еңбек етіп тер төкпесең, ештеңе бермейді. Жер еңбек еткенді сүйеді. Еңбек оны түрлендіреді. Еңбек жердің қасиетін, құдіретін аңызға айналдырады. Біздің осы көп өнім алып жүрген жеріміз күнделікті түрлендіріп, гүлдендіріп бағып-күтуді талап етеді.*

*Мұндай жерден өнімді тыңайтқыштың күшімен және еңбектің, мына қолдың күшімен алып келеміз. Мысалы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақал-мәтелдер де осының дәлелі. Сол себепті «жердің қасиетін арпа, бидай дән егіп, оны орған біледі» демекші, күнделікті өмірде тұтынатын тағамдар мысалы, нанның өзі жерден өсіп шығатын арпа, бидайдан алынатынын білеміз.*

*Жерді сүйіп қана қою жеткіліксіз, оны баптап, аялай білу керек. Жерді тани білу оның қасиетін, топырағының қасиетін білу деген сөз.*

**26** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответсвующий содержанию текста.

Жерді тану дегеніміз не?
A) Ерінбей еңбек ету болып табылады.
B) Жердің құдіреті туралы аңызды білу.
C) Жерді тану – оның топырақ құнарлығын білу.
D) Жерді тану үшін топырақтың құрамын зерттеп білу керек.

**Т́**

1) Мәтіндегі ерінбей еңбек ету жерді танып білу дегеніміз негізгі ақпаратқа қосымша ақпарат ретінде қарастырылады. Мәтін мазмұны еңбек жайлы емес, жер туралы.
2) Мәтінде еңбек жердің қасиетін, құдіретін аңызға айналдырады деп баяндайды, ал жер құдіреті туралы аңыз мәтінде қамтылмаған.
3) Жерді танып білу дегеніміз оның қасиетін яғни топырақ құнарлығын білу деген ақпарат мәтін мазмұнына сай болып табылады. Мәтінде ол адам өмірінің нәрі деп анық көрсетілген.
4) Мәтін мазмұнында топырақтың құрамын зерттеп білу жайлы ақпарат кездеспейді.

**27** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Жерді аялап күту керек.
B) Туған жер – алтын бесік.
C) Адам еңбек етіп жемісін көреді.
D) Жерді сүйіп қана қою жеткіліксіз, оны баптау қажет.

**Т́**

1) Берілген жауаптағы жерді аялау, күту қажеттігі жайында ақпарат мәтінде бар.
2) Мәтін жер және оның құнарлығы туралы болғандықтан, оның мазмұнында туған жер туралы ақпарат қамтылмаған.
3) Мәтінде адамның еңбегі туралы ақпаратты «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақал арқылы көре аламыз.
4) Мәтінде адамзаттың жерді сүйіп және оны күтіп ұстау жөнінде ақпарат айтылған.

**28** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) жер, адамзат, бидай
B) ана, өмір, дәрумен, тағам
C) Жер ана, еңбек, адам, құнарлылық
D) Жер ана, арпа, топырақ, тыңайтқыш

**Т́**

1) Мәтінде «жер», «адамзат» сөздері тірек болғанымен, «бидай» тірек сөз бола алмайды, себебі қосымша ақпарат ретінде ғана қолданылған.
2) Мәтін мазмұны бойынша «ана», «өмір» негізгі ойды білдіргенімен, бірақ «дәрумен», «тағам» қосымша ақпарат беріп тұрғандықтан тірек сөздер бола алмайды.
3) Мәтін бойынша «Жер ана», «еңбек», «адам», «құнарлылық» деген сөздер жиі кездесіп әрі мәтіндегі негізгі ойды білдіруге көмек беретіндіктен тірек сөздер болып табылады.
4) Мәтінде кездесетін «Жер ана», «еңбек» сөздері мәтінде жиі қолданылады, алайда «топырақ», «тыңайтқыш», арпа сөздері мәтінге қосымша ақпарат беруде қолданылады.

**29** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Жерді аялау керек.
B) Еңбек жерді түрлендіреді.
C) Жер – өмір нәрі, оны сүю жеткіліксіз, баптап, аялау қажет.
D) Жер ана тәрізді – жыламасаң, тер төкпесең ештеңе бермейді.

**Т́**

1) Мәтін мазмұны бойынша жерді аялау керектігі жайлы ақпарат жеткіліксіз.
2) Мәтіндегі жерді еңбектің түрлендіруі нақты ақпарат болғанымен қосымша мәлімет ретінде беріліп отыр.
3) Мәтін мазмұнында жерді сүю жеткіліксіз, оны баптап, күтім жасау қажеттігі жайлы ақпарат нақты әрі толық дей аламыз. Өйткені, өмірге нәр беретін жер құнарлығын арттыру мәтіндегі негізгі ойды білдіреді.
4) Мәтін мазмұнындағы жерді анамен салыстырып беруі, нақты ақпарат болғанымен, толық емес.



### 10-мәтін

*Қазақстандағы шығармашылық, вокальды-хореографиялық ансамбль 1955 жылы ұйымдастырылды. Ансамбль 1989 жылдан «Салтанат» деп аталады. Ансамбльді алғаш ұйымдастырушылар: режиссер-хореограф Л.Д.Чернышева, сазгер Б.Байқадамов, балетмейстер А.Бекбосынов болды. Негізгі мақсаты – қазақтың ән және би өнерін, ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) елдері мен шетел сазгерлерінің вокальдық-хореографиялық шығармаларын көрермендерге насихаттау. Ансамбль репертуарында Қазақстан сазгерлері М.Төлебаев, Б.Байқадамов, Л.А.Хамиди, С.Мұқамеджанов, Н.А.Тілендиев, Е.Рахмадиев, Ғ.А.Жұбанова мен Б.С.Жұманиязовтың шығармалары және украин, чех, неміс, жапон, венгр, араб халықтарының ән-хорлары мен би сюиталары бар. Қазақ ән-би ансамблі республика қаларынан басқа шетелдерде де гастрольде болды. 1967 жылы ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ұжымы деген құрметті атақ берілді.*

**30** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) 1989 жылы ансамбль «Салтанат» деп аталды.
B) Б.Байқадамов – ансамбльдің алғаш ұйымдастырушы.
C) Қазақ ән-би ансамблі 1989 жылы ұйымдастырылды.
D) Ансамбль репертуарында араб халқының ән-хорлары бар.

Т́

1) Мәтін мазмұны бойынша ансамбль 1989 жылдан «Салтанат» деп аталды деген ақпарат берілген.
2) Мәтінде сазгер Б.Байқадамов – «Салтанат» ансамблін алғаш ұйымдастырушылардың бірі екендігі туралы ақпарат кездеседі.
3) Мәтінде вокальды-хореографиялық ансамбль 1955 жылы ұйымдастырылды деген ақпарат берілген.
4) Мәтінде әртүрлі халықтардың ән-хорлары бар екендігі туралы ақпарат кездеседі.

**31** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Ансамбль репертуарында қандай шығармалар бар?
B) Қазақ ән-би ансамблі қандай шетелдік байқауға қатысты?
C) А.Бекбосыновтың қандай хореографиялық туындылары бар?
D) Ансамбль репертуарында Л.Хамидидің қандай шығармалары бар?

Т́

1) Мәтінде Қазақстан сазгерлері және басқа халықтардың ән-хорлары бар екендігі жайлы ақпарат көрсетіледі.
2) Мәтін мазмұнында қазақ ән-би ансамблінің қандай шетелдік байқауға қатысқандығы туралы ақпарат берілмеген.
3) Ансамбльді алғаш ұйымдастырушыларының бірі балетмейстер А.Бекбосынов екендігі жайлы ақпарат берілгенімен, оның хореографиялық туындылары жайлы ақпарат жоқ.
4) Ансамбль репертуарына Л.Хамидидің ән-хорлары кіргендігі жайлы ақпарат берілгенімен, қандай шығармалары бар екендігі туралы нақты ақпарат жоқ.

**32** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Ансамбльдің мақсаты не?
A) байқауларға қатысу
B) жастарды тәрбиелеу
C) ұлттық өнерді насихаттау
D) Қазақстан сазгерлерін насихаттау

Т́

1) Мәтінде ансамбльдің мақсаты байқауларға қатысу екендігі туралы ақпарат айтылмаған.
2) Мәтінде ансамбльдің мақсаты жастарды тәрбиелеу деген ақпарат жоқ.
3) Мәтін мазмұны бойынша ансамбльдің негізгі мақсаты – ұлттық өнерді насихаттау екендігі туралы ақпарат айқын көрсетілген.
4) Берілген мәтінде Қазақстан сазгерлерінің әндері ансамбль репертуарына кіретіндігі жайлы ғана ақпарат беріліп, насихаттау жөнінде ақпарат жоқ.

**33** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) ансамбль, сазгер, гастроль
B) сазгер, өнер, балетмейстер
C) қазақ өнері, ансамбль, ұжым
D) хореография, шығарма, еңбек

Т́

1) Мәтіндегі «ансамбль», «сазгер» сөздері тірек сөздер болғанымен, «гастроль» сөзі тірек сөз бола алмайды.
2) «сазгер», «өнер» сөздері мәтін құрауға негіз болып тұрған сөздер болғанымен, «балетмейстер» сөзі тірек сөз емес.
3) «қазақ өнері», «ансамбль», «ұжым» сөздері мәтіннің негізгі ойын ашады.
4) «хореография», «шығарма» сөздері мәтінде жиі кездесіп тірек сөздер қатарына жатқанымен, «еңбек» сөзі мәтіндегі тірек сөздер қатарына жатпайды, бұл қосымша сөз.

**34** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) «Салтанат» – Қазақстандағы шетелдік алғашқы хореографиялық өнер ұжымы.
B) «Салтанат» – қазақстандық шығармашылық, вокальды-хореографиялық ансамбль.
C) «Салтанат» – араб, украин халықтарының Қазақстанда құрған алғашқы ән-би ансамблі.
D) «Салтанат» – араб әндерін орындайтын алғашқы вокальды-хореографиялық ансамбль.

Т́

1) Мәтін мазмұнында қазақ ән-би ансамблі республика қаларынан басқа шетелдерде гастрольде болды деген ақпарат берілген, бірақ ансамбльдің Қазақстандағы шетелдік алғашқы хореографиялық өнер ұжымы деген ақпарат көрсетілмеген.
2) Мәтін мазмұнында «Салтанат» ансамблінің қазақстандық шығармашылық, вокальды-хореографиялық ансамбль екендігі туралы және ол туралы толық ақпарат берілген.
3) Мәтін бойынша «Салтанат» ансамблінің Қазақстанда құрылған араб, украин халықтарының алғашқы ән-би ансамблі емес.
4) Мәтін мазмұнында «Салтанат» араб әндерін орындайтын алғашқы вокальды-хореографиялық ансамбль деген ақпарат айтылмаған.

**11-мәтін**

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында жазушы, түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Немат Келімбетовтің шығармашылығына арналған дөңгелек үстел және түрік, қытай, неміс тілдерінде шыққан жаңа кітаптарының тұсаукесер рәсімі болып өтті.

Немат Келімбетов өз өмірін түгелге жуық шығармашылыққа арнады. Ол қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі тың тақырып ежелгі түркілерден бастау алған әдеби қайнарларды ашу жолында зерттеулер мен оқулықтар жазды. «Ежелгі дәуір әдебиеті» әдебиет тарихының үлкен белесі болып табылады. Оннан астам романның авторы, сондай-ақ әлем әдебиеті кітапханасынан армян жазушысы Леонид Гурунцтың «Шіркін, біздің Шушикент», өзбек жазушылары Саид Ахмадтың «Көкжиек», Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер», украин қаламгері Василь Козаченконың «Найзағай» романдарын аударған. Немат Келімбетовке Юнеско аясындағы Еуропаның Франц Кафка қоғамының сыйлығы берілді. Бұл сыйлыққа жазушының неміс тіліне аударылған «Үміт үзгім келмейді» атты шығармасы лайық деп табылған еді. Сонымен қатар жазушының «Ұлыма хат» және «Қариялар» эссесі, «Күншілдік» шығармасы әдебиетімізге кейінгі жылдары қосылған жаңашыл бағыттағы мағыналы туындылар.

«Н. Келімбетов – жазушы, түрколог-ғалым» деген тақырыппен өткен кездесуге қазақтың зиялы қауымы өкілдері, Ыстамбұл М.Синан атындағы Көркемөнер университетінің профессоры Абдулвахап Кара, Бейжіңдегі «Ұлттар баспасы» редакторы Айқын Әбидин қатысты. Жиынды қаламгер Смағұл Елубай жүргізді.

**35** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) «Үміт үзгім келмейді» неміс тіліне аударылды.
B) Айқын Әбидин – «Ұлттар баспасының» редакторы.
C) Астанада Күлтегін атындағы мәдени орталық ашылды.
D) «Ежелгі дәуір әдебиеті» – әдебиет тарихының бір белесі.

Т́

1) Мәтінде Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» атты хикая-монологының неміс тіліне аударылған шығармасы Юнеско аясындағы Еуропаның Франц Кафка қоғамының сыйлығы туралы ақпарат бар.
2) Мәтін мазмұнында кездесуге қазақтың зиялы қауымының бірі «Ұлттар баспасының» редакторы Айқын Әбидин қатысты деген мәлімет беріледі.
3) Мәтін мазмұнында Астана қаласында Күлтегін атындағы мәдени орталық ашылғандығы жайлы ақпарат емес, басты кейіпкер туралы оның осы сыйлықтың лауреаты туралы ақпарат берілген.
4) Мәтінде Немат Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» тақырыбындағы еңбегі әдебиет тарихының бір белесі екендігі жайында ақпарат бар.

**36** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Н.Келімбетовтің қандай шығармалары бар?
B) «Ұлттар баспасында» қандай журналдар бар?
C) Жазушының «Қариялар» эссесі қай жылы жазылған?
D) Н.Келімбетов қай жылдары филология ғылымдарының докторы атанды?

Т́

1) Мәтін барысында Н.Келімбетовтің қандай еңбектері бар екендігі жайлы ақпарат берілген.
2) Мәтін мазмұнында кездесуге «Ұлттар баспасы» редакторының қатысқандығы жөнінде ақпарат берілгенімен, ол баспадан қандай журналдар бар екендігі көрсетілмеген.
3) Мәтін мазмұнында жазушының «Қариялар» эссесі жаңашыл туындыларының бірі екендігі жайлы ақпарат болғанымен, оның қай жылы жазылғандығы жайлы айтылмаған.
4) Мәтінде жазушы, түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор деген мәлімет берілген, қай жылдары атақты алғандығы жайлы ақпарат жоқ.

**37** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

Н.Келімбетов – ... .
A) қазақтың тұңғыш зерттеушісі
B) жазушы, түрколог-ғалым, аудармашы
C) ғалым, «Көкжиек» романының авторы
D) жазушы, «Ұлттар баспасының» редакторы

Т́

1) Мәтінде Н.Келімбетов – қазақтың тұңғыш зерттеушісі деген ақпарат берілмеген.
2) Мәтінде Н.Келімбетовтің жазушы, түрколог-ғалым, аудармашы екендігі айтылады.
3) Мәтінде Н.Келімбетов ғалым екендігі туралы ақпарат болғанымен, «Көкжиек» романының авторы ол емес, өзбек жазушысы Саид Ахмад деген қосымша ақпарат бар.
4) Н.Келімбетов жазушы деген ақпарат мәтін мазмұнындағы негізгі ақпарат болғанымен, «Ұлттар баспасының» редакторы емес.

**38** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
A) жазушы, әдебиет, роман, өнер
B) жазушы, әдебиет, редактор, Шушикент
C) жазушы, әдебиет, туынды, кездесу
D) жазушы, мәдениет, кітапхана, шығармашылық

Т́

1) «Жазушы», «әдебиет», «өнер», мәтінде тірек сөз табылғанымен «роман» сөзі тірек сөз болмайды.
2) «Жазушы», «әдебиет» сөздері тірек сөздері болып табылғанымен «редакция», «Шушикент» сөздері тірек сөзге жатпайды.
3) Берілген сөздер мәтіндегі негізгі тірек сөздерді құрайды.
4) «Жазушы» тірек сөзі болғанымен «мәдениет», «кітапхана», «шығармашылық» тірек сөз болып табылмайды.

**39** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Н.Келімбетовке – ғалым, жазушы, академик.
B) Немат Келімбетов өмірін шығармашылыққа арнады.
C) Ол Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты, академик.
D) Немат Келімбетов – жазушы, көптеген зерттеулер мен оқулықтардың авторы, армян, өзбек, украин жазушыларының еңбектерін аударған.

**Т́**

1) Бұл жауап мәтіндегі түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор деген ақпаратты жалпы ғалым сөзімен қамтыған. Жазушы, академик мәтінге сәйкес келеді.
2) Бұл ақпарат Н.Келімбетов қандай адам екенін бір сөзбен толық ашады, нақты ақпарат келтірілмеген.
3) Берілген ақпарат нақты ақпарат бола алмайды.
4) Н.Келімбетов – жазушы, коптеген романдарды аударған, сонымен қатар Н.Келімбетов үлкен ғалым, академик болды.

**40** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Н.Келімбетов Пірімқұл Қадыровтың қай шығармасын аударды?
A) «Жұлдызды түндер»
B) «Үміт үзгім келмейді»
C) «Найзағай», «Қариялар»
D) «Шіркін, біздің Шушикент»

**Т́**

1) Мәтінде Н.Келімбетовтің Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» туындысын аударғандығы туралы ақпарат берілген.
2) Мәтін мазмұнында Н.Келімбетовтің Пірімқұл Қадыровтан «Үміт үзгім келмейді» туындысын аударды деген ақпарат берілмеген.
3) Мәтінде украин қаламгері Василь Козаченконың «Найзағай», «Қариялар» еңбектерін аударғандығы туралы ақпарат айтылмаған.
4) Мәтін мазмұнында «Шіркін, біздің Шушикент» шығармасының авторы армян жазушысы Леонид Гурунц екендігі туралы ақпарат берілмеген.



### 12-мәтін

*Елімізде көне жәдігерлер мен сирек кездесетін қолөнер заттарын жинақтаушы жандар көп емес. Бақаргүл Төлегенқызы мен жолдасы Мұрат Әкімбеков алты жылдан бері өнер салонын ашып, ұлттық өнерімізді сақтап, халыққа ұсынып келеді. Тек елімізге ғана емес, шетелге де насихаттауда осы күні әлемнің түкпірлерін шарлап, қазақтың зергерлік қолөнерлерінің, тұрмыстық өнер туындыларының бес жүзден аса түрлерін жинақтаған. Өз елімізден басқа Қытай, Тибет, Моңғол, Өзбек, Ресей халқының да көне бұйымдары көптеп кездеседі. Тибет пен Қытайдың зергерлік бұйымдары мен аспаптары Қытай, Моңғолиядағы қандастарымыздың қолөнері, Қазақстанның әр өңірінен жиналған зергерлік, тұрмыстық заттары сонау XVII-XVIII ғасырлар куәсі етіп тарих қойнауына жетелейді.*

*Бақаргүл Төлегенқызы көне ою-өрнекті де әжелеріміздің көзі деп сақтап келеді. Бүгінде көпшілігіміз біле бермейтін ою-өрнек пен зергерлік бұйымдардың қыр-сыры көп. Ата-бабаларымыз ою-өрнекті де адамның жас ерекшелігіне қарай пайдаланған. Осындай жәдігерлер арқылы ұлттық жәдігерлеріміз сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болмақ. Бақаргүл Төлегенқызы жинаған жәдігерлер ішінде XIX ғасырдың самаурындары, жез шелектері мен ер тұрмандар, көне сағат түрлері, көптеген мүсін туындылары кездеседі. Әшекей бұйымдардан сонау XVIII ғасырдан келе жатқан шолпы, шашбау, бойтұмар мен тұмаршалар, құдағи жүзіктер т.б. кездеседі. Тіпті 1879 жылдан сақталған қалыңдық тәжісі де бар. Олардың көлемі, бетіне салынған қалың тастар қаншама уақыт өткенімен де өз көркін әлі жоғалтпаған.*

**41** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Шолпы, шашбау XVIII ғасырдан келе жатыр.
B) Баһаргүл Төлегенқызы жәдігерлерді жинайды.
C) Қытайдан 500-ден аса өнер туындылары табылды.
D) Ою-өрнектер адамның жас ерекшелігіне қарай пайдаланылған.

Т́

1) Мәтін мазмұны бойынша шолпы, шашбаудың XVIII ғасырдан бері келе жатқандығы туралы ақпарат бар.
2) Мәтінде Баһаргүл Төлегенқызының жәдігерлерді жинайтындығы жайлы ақпарат кездеседі.
3) Мәтін мазмұны бойынша Қытайдан бес жүзден аса өнер туындыларының табылғандығы туралы ақпарат жоқ.
4) Мәтінде ою-өрнектердің адамның жас ерекшеліктеріне қарай пайдаланғандығы туралы мәлімет беріледі.

**42** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Баһаргүл Төлегенқызы қандай жәдігерлерді жинайды?
B) 1879 жылы Моңғолия жерінде қандай зерттеулер жүргізілді?
C) Қытай жерінде қазақы ою-өрнектердің қандай түрлері кездеседі?
D) Ұлттық өнерді насихаттаушы Мұрат Әкімбеков қайда дүниеге келді?

Т́

1) Мәтін мазмұнында Баһаргүл Төлегенқызының қандай жәдігерлер жинайтындығы туралы ақпарат айтылған.
2) Мәтінде Моңғолияда жүргізілген зерттеулер туралы ақпарат кездеспейді.
3) Мәтін мазмұны бойынша Қытайда қазақы оюлардың қандай түрлері кездесетіндігі туралы мәлімет берілмейді.
4) Мәтінде Мұрат Әкімбековтің қайда дүниеге келгендігі туралы ақпарат айтылмаған.

**43** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

Баһаргүл Төлегенқызы ... .
A) – танымал тарихшы
B) қолөнер заттарын жинайды
C) – өнер салондарының басшысы
D) – қолөнер бұйымдарын жасайтын зергер

Т́

1) Мәтінде Баһаргүл Төлегенқызының танымал тарихшы екендігі туралы ақпарат кездеспейді.
2) Мәтінде Баһаргүл Төлегенқызының қолөнер заттарын жинайтындығы туралы ақпарат бар.
3) Мәтінде Баһаргүл Төлегенқызының өнер салонын ашқандығы жайлы ақпарат берілген, бірақ бірнеше өнер салонының басшысы екендігі туралы ақпарат берілмеген.
4) Мәтінде Баһаргүл Төлегенқызының қолөнер бұйымдарын жасайтын зергері жайлы ақпарат берілмеген.

**44** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) қолөнер, жинаушы, жәдігер
B) насихат, қандастар, қолөнер
C) қалыңдық, қолөнер, жинаушы
D) жинаушы, жәдігер, самаурын

Т́

1) «Қолөнер», «жинаушы», «жәдігер» деген сөздер қатары мәтін құрауға тірек бола алады, өйткені мәтіннің негізгі ойын ашады.
2) «Қолөнер» сөзі тірек болып тұрғанымен, «насихат», «қандастар» сөздері мәтін құрауға тірек бола алмайды, бұл қосымша ақпарат.
3) «Қолөнер» сөзі тірек сөз бола алғанымен, «қалыңдық», «жинаушы» сөздері тірек сөз бола алмайды.
4) «Жинаушы», «жәдігер» сөздері тірек болғанымен, «самаурын» сөзі мәтін құрауға тірек сөз бола алмайды, қосымша ақпараттардың біріне жатады.

**45** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

Баһаргүл Төлегенқызы жинаған жәдігерлер ішінде ... бар.
A) шолпы, шашбау, 1879 жылдан сақталған самаурын, жүзіктер
B) XX ғасырдың самаурындары, жез шелектері мен ер тұрмандар
C) көне сағат түрлері, шолпы, шашбау, құдағи жүзіктер, тұмаршалар
D) бойтұмар мен тұмаршалар, XVII ғасырдан келе жатқан бұйымдар

**Т́**

1) Баһаргүл Төлегенқызы жинаған жәдігерлер ішінде шолпы, шашбау, 1879 жылдан сақталған самаурын, жүзіктер бар ақпараты мәтін бойынша толық және нақты емес.
2) Жауапта берілген Баһаргүл Төлегенқызы жинаған жәдігерлер ішінде XX ғасырдың самаурындары, жез шелектері мен ер тұрмандары бар деген ақпарат нақты емес.
3) Баһаргүл Төлегенқызы жинаған жәдігерлер ішінде көне сағат түрлері, шолпы, шашбау, құдағи жүзіктер, тұмаршалар бар екендігі туралы жауап мәтін бойынша толық және нақты ақпарат берілген.
4) Баһаргүл Төлегенқызы жинаған жәдігерлер ішінде бойтұмар мен тұмаршалар, XVII ғасырдан келе жатқан бұйымдар бар жауабы мәтін бойынша толық және нақты емес.

**13-мәтін**

*Отандық өнімнің мол сұранысына ие болып отырған «Қарағанды конфеттері» акционерлік қоғамының даңқы елімізбен қатар, шет елдерге де танымал. 1956 жылдың қараша айында фабриканың негізі қаланды. 1941 жылы Қарағанды қаласына кондитерлік өнімдерді шығаруға арналған эшелон қондырғылар Астраханнан әкелінген деген дерек көздері тарихта айтылған. Алғаш жұмыс істеген сәттен бастап, фабриканың өнімдері сапасы және тартымдылығымен тұтынушы көңілінен шықты. Қазақстанда тағам өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бірі болып табылатын «Қарағанды конфеттері» акционерлік қоғамы бүгінде кондитерлік өнімдердің 247 түрін шығарады. Бір жыл ішінде 12 000 тонна өнім шығарылады.*

*1996 жылы жаңа цехтар ашыла бастады, соның бірі шоколадты конфеттер өндіретін жаңа цех ашылды. Шоколадты конфеттер өндіретін жаңа құрал-жабдықтармен жабдықталған шоколадты-бисквит цехы жұмыс істей бастады. Аталған цехта шоколад өнімдері мен торттардың оннан аса түрлері өндіріледі.*

*«Қарағанды конфеттері» акционерлік қоғамы халықаралық көрмелерге қатысып, жүлделерге ие болып жүр. 2003 жылдың тамыз айында Мәскеу қаласында өткен «Қазақстанның Ресейдегі күндері» бағдарламасының шеңберіндегі көрмеге қатысты.*

**46** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) «Қарағанды конфеттері» 1941 жылы құрылды.
B) Акционерлік қоғам Қарағанды қаласында орналасқан.
C) «Қарағанды конфеттерінің» өнімдері мол сұранысқа ие.
D) «Қарағанды конфеттерінде» кондитерлік өнім өндіріледі.

Ť

1) Мәтін мазмұны бойынша 1941 жылы Қарағанды қаласына кондитерлік өнімдерді шығаруға арналған эшелон қондырғылары әкелінгені туралы нақты ақпарат берілген, бірақ акционерлік қоғамның 1941 жылы құрылғандығы туралы ақпарат кездеспейді.
2) Мәтінде акционерлік қоғамның Қарағанды қаласында орналасқандығы туралы ақпарат бар.
3) Мәтін мазмұны бойынша акционерлік қоғам өнімдерінің мол сұранысқа ие екендігі жайлы ақпарат шынай болып келеді.
4) Мәтінде акционерлік қоғамды кондитерлік өнімнің өндіретінділігі жайлы ақпарат та кездеседі.

**47** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Қарағанды қаласының негізі қашан қаланды?
B) Халықаралық көрмеге неше кәсіпорын қатысты?
C) Акционерлік қоғам қандай көрмелерге қатысты?
D) Мәскеу қаласында қандай кәсіпорындар орналасқан?

Ť

1) Мәтінде «Қарағанды конфеттері» акционерлік қоғамы жайлы ақпарат берілгенімен, Қарағанды қаласының тарихы туралы ешқандай ақпарат берілмеген.
2) Мәтін мазмұнында «Қарағанды конфеттерінің» көрмелерге қатысқаны жайлы ақпарат көрсетілгенмен, халықаралық көрмеге неше кәсіпорынның қатысқандығы туралы ақпарат кездеспейді.
3) Мәтін мазмұны бойынша «Қарағанды конфеттерінің» қандай көрмеге қатысқандығы жайлы ақпарат берілген.
4) Мәтінде Мәскеу қаласында қандай кәсіпорындардың орналасқандығы туралы ақпаратты таппайсыз.

**48** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) 2003 жылы Қарағандыда халықаралық көрме өтті.
B) Соғыс жылдары Ресейден арнайы қондырғылар әкелінді.
C) Басында фабрика өнімдерінің сапасы халыққа ұнамады.
D) Соғыс жылдары фабрикада цехтар ашылды.

Ť

1) Мәтін мазмұнында Қарағанды қаласында өткен халықаралық көрме жайлы ешқандай мәлімет берілмеген.
2) Мәтінде соғыс жылдары Қарағанды кондитерлік өнімдер шығаратын қондырғылар Астраханнан әкелінгені жайлы нақты ақпарат бар.
3) Әуел бастан фабрика өнімдері өзінің сапасымен тұтынушылардың көңілінен шыққан.
4) Мәтін бойынша жаңа цехтар соңғы жиырма жыл ішінде ашылып, шоколад-бисквит өндіретіні айтылған.

**49** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) өнім, қала, фабрика, сапа
B) жыл, кәсіпорын, фабрика, цех
C) фабрика, көрме, сапа, көңіл
D) кәсіпорын, өнім, фабрика, сапа

Ť

1) Мәтін бойынша «фабрика», «сапа», «өнім» сөздері, тірек болғанымен, «қала» сөзі мәтін құрауда тірек сөз болмайды.
2) «Кәсіпорын», «фабрика» сөздері тірек сөз бола алғанымен, «жыл», «цех» сөздері тірек сөздері тірек болмайды.
3) Бұл жауаптағы «фабрика», «сапа» тірек болғанымен, «жоғары», «көрме» сөздер қатары мәтін құрауда тірек сөздер емес.
4) Бұл жауапта берілген «кәсіпорын», «өнім», «фабрика», «сапа» деген сөздер қатары мәтін құрауда тірек сөздер бола алады.

**50** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Фабрикада шоколад өнімдерінің оннан аса түрі мен бірнеше тағам түрлері өндіріледі.
B) Фабрикада 274-ден аса торт түрі мен шоколад өнімдерінің бірнеше түрлері шығарылады.
C) Фабрикада 247 кондитерлік өнім түрі, оннан аса торт түрі мен шоколад өнімдері өндіріледі.
D) Фабрика өнімдерінің он екіден аса тәтті тағам түрлері мен әртүрлі кондитерлік өнім түрлері бар.

Ť

1) Мәтінде шоколад өнімдерінің оннан аса түрі оннан аса түрімен бірнеше тағам түрлері бар деген ақпарат шынайы болғанымен, нақты ақпаратқа жатпайды.
2) Мәтін бойынша 274-тен аса торт түрі мен шоколад өнімдерінің бірнеше түрлері деген ақпарат та толық беріліп отырғанымен, нақты ақпарат бола алмайды.
3) Мәтін бойынша 247 кондитерлік өнімнің түрі, оннан аса торт түрі мен шоколад өнімдері өндіріледі деген ақпарат толық әрі нақты қамтылған.
4) Мәтіндегі берілген он екіден аса тәтті тағам түрлері деген ақпарат нақты болғанымен, толық ақпаратқа жатпайды.

# 3 Оқылым бөлігі. Қорытынды тест
## Блок Чтение. Итоговый тест

**1-мәтін**

*Сүйінбайдың әдеби ескерткіш мұражайы 1996 жылы 24 тамызда Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ (Қарақастек) ауылында ашылды. Мұражай алты бөлімнен Сүйінбай ақынның өскен ортасын, батырлық жырларын, Жамбылға ұстаздығын бейнелейтін экспонаттардан тұрады. 2003 жылы күрделі жөндеуден өткізілген мұражай үйі қосымша бөлімдермен толықтырылды. Оның тақырыптық жоспарын жасауға ақынның шөбересі, филология ғылымдарының докторы, профессор С. Садырбаев жетекшілік етті. Мұражай алдындағы алаңқайға ақынның ескерткіш-мүсіні орнатылған. Бұл ескерткіш-мүсіннің авторы - Б. Әбішев.*

**1** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Халық ақынының ескерткіш мұражайы ... ашылды.
A) Жамбыл ауылында
B) Жамбыл ауданында
C) Сүйінбай ауданында
D) Қарақастек ауданында

**2** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) С. Садырбаев – ақынның ескерткіш-мүсінінің авторы.
B) Ақынның әдеби ескерткіш мұражайында алты бөлім бар.
C) Әдеби ескерткіш мұражай 1996 жылы күрделі жөндеуден өтті.
D) Сүйінбай ақынның әдеби ескерткіш мұражайы 2003 жылы ашылды.

**3** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

Мұражай ... .
A) Сүйінбай ауданына қарасты Жамбыл аулында ашылды
B) жөндеуден соң қосымша алты бөліммен қайта толықтырылды
C) ақынның батырлық жырларын бейнелейтін жеті экспонаттан тұрады
D) ақын өскен ортаны, жырларын, ұстаздығын бейнелейтін экспонаттардан тұрады.

**4** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Профессор С. Садырбаевтың қандай еңбектері бар?
B) Сүйінбай ақын қай жылы қай жерде дүниеге келген?
C) Ақынның әдеби ескерткіш мүсінін қай мекеме тұрғызды?
D) Мұражайдың тақырыптық жоспарын жасауға кім көмектесті?

**5** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Б. Әбішев – ақынның ескерткіш-мүсінінің авторы.
B) С. Садырбаев мұражайды қосымша сегіз бөліммен толықтырды.
C) 2003 жылы Қарақастек ауылында Жамбыл ақынның мұражайы ашылды.
D) Жамбыл ақынның мұражайы 1996 жылы күрделі жөндеуден өткізілді.

## 2-мәтін

*Сайрамбаев Талғат Сайрамбайұлы 1937 жылы 19 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауылында дүниеге келген, Шымкент педагогикалық институтын бітіргеннен кейін біраз жыл Қызылорда мемлекеттік педагогика институтында қызмет етті. 1964 жылдан бастап ғылыми және ұстаздық жолы бұрынғы С.М. Киров, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. 1960 жылдардың басында осы университеттің аспирантурасында оқыды. Профессор М. Балақаевтың жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестері» тақырыбында кандидаттық, «Күрделі сөз тіркестері синтаксисінен» докторлық диссертация қорғады. Т. Сайрамбаев университеттің оқу және ғылыми жұмыстарына белсене араласты. Филология факультеті деканының орынбасары, деканы, практикалық қазақ тілі және қазақ филологиясы кафедраларының меңгерушісі болып ұзақ жылдар еңбек етті.*

**6** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Т. Сайрамбаев жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін ... қызмет етті.
A) Шымкент педагогикалық институтында
B) Қызылорда мемлекеттік педагогика институтында
C) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде
D) практикалық қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып

**7** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Талғат Сайрамбаев кім?
A) ұстаз, филолог, ғалым
B) ақын, қоғам қайраткері
C) танымал ғалым, жазушы
D) аудармашы, көрнекті жазушы

**8** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Шаян ауылы – Оңтүстік Қазақстанның орталығы.
B) Ғалым Қызылорда облысында дүниеге келген.
C) Ұстаз көп жылдар Шымкентте қызмет етті.
D) Т. Сайрамбаев – Оңтүстік Қазақстан облысының азаматы.

**9** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) институт, ғалым, Қазақстан
B) факультет, декан, меңгеруші
C) профессор, университет, кафедра
D) ғалым, еңбек жолы, университет

**10** Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точную тему текста.

A) Ғалымның туған жері
B) Филология факультеті
C) Университет жылдары
D) Ғалымның еңбек жолы

**3-мәтін**

*Алтай Азия құрлығының орта тұсында орналасқан тау жүйесі. Ол Сібір ойпатынан Гоби қаласына дейін екі мың шақырымға созылып жатыр. Ертіс өзені, Зайсан көлі арқылы өтеді, батысында Алтай – Қалба жотасы арқылы Сарыарқа қалаларына дейін ұласады. Жер бедері шыңды, құзды. Ең биік шыңы Мұзтаудың биіктігі 4056 метр. Шыңнан бастау алған тау сілемдері жан-жаққа тарамдала созылып, бірте-бірте аласара түседі. Әрбір сай-саласын қуалай үлкенді-кішілі тау өзендері ағады. Ертіс, Қаба, Қалжыр, Күршім, Нарын, Бұқтырма, Үлбі, Обь өзені саласына жататын Абақан, Қобда өзендері, Алтынкөл, Марқакөл, Қамысжал, Қаражал, Дайын сынды 3500-ден аса көлдері бар. Алтайдан қазба байлықтарының небір түрлерін, түрлі-түсті асыл және әшекей тастарды көптеп кездестіруге болады.*

**11** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алтай – ... орналасқан тау жүйесі.
A) Азия құрлығында
B) Сібір ойпатының маңында
C) Мұзтаудың биік шыңында
D) Бұқтырма өзенінің бойында

**12** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Алтайдан қандай тастарды көптеп кездестіруге болады?
A) гауһар тастарды
B) бағалы тастарды
C) маржан тастарды
D) асыл, әшекей тастарды

**13** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Мұзтаудың биіктігі 456 метр.
B) Алтай өңірінде 40-тан аса өзен бар.
C) Мұзтау – Алтай тауының ең биік шыңы.
D) Гоби – Алтай тау жүйесінің биік құзы.

**14** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

A) Зайсан көлінің сұлулығы сипатталады.
B) Алтай тау жүйесі туралы ақпарат беріледі.
C) Түрлі-түсті асыл және әшекей тастар сипатталады.
D) Қазба жұмыстары туралы қысқаша ақпарат беріледі.

**15** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Мұзтау Алтайда орналасқан.
B) Алтайда Қалба жоталары бар.
C) Алтай батысында Сарыарқамен ұласады.
D) Алтайдың жер бедері шыңды, құзды, кең өлке.

### 4-мәтін

*Көк базар*

*Алматы қаласындағы ірі сауда орталықтарының бірі көк базар. Көк базар халықтың көп жиналатын орны. Өйткені онда адамға қажетті заттың бәрі бар. Көк базардың төменгі қабатында азық-түлік, жеміс-жидек және көкөніс сатылады. Шаруашылық тауарларын, үйге керекті заттар мен күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттардың барлығын осы бірінші қабаттан табуға болады. Киім-кешек іздесеңіз, бірден екінші қабатқа көтеріліңіз. Мұнда киімнің неше түрін таба аласыз. Отандық тауарлар мен шетелден әкелінетін киім-кешектің сан алуан түрін осы екінші қабаттан кездестіресіз. Сүт өнімдері мен ет өнімдерін де осы қабаттан қиналмай таба аласыз.*

**16** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Көкөністі көк базардан сатып алуға болады.
B) Азық-түлік көк базардың төменгі қабатында сатылады.
C) Тұрмысқа қажет заттарды іздесеңіз, екінші қабатқа көтеріліңіз.
D) Көк базардың бірінші қабатында жеміс-жидек сатылады.

**17** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Көк базарға жиі барасыз ба?
B) Көк базарға қанша адам жиылды?
C) Көк базар қай көшеде орналасқан?
D) Көк базарда сүт өнімдері сатыла ма?

**18** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Көкбазарда тек отандық өнімдер сатылады.
B) Көк базардың екінші қабатында киім-кешек сатылады.
C) Күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды шетелден әкеледі.
D) Шаруашылық тауарларын екінші қабаттан табуға болады.

**19** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) Алматы, тауар, көк базар
B) көк базар, тауар, азық-түлік, халық
C) зат, қабат, жеміс-жидек, киім-кешек
D) көк базар, өнім, киім-кешек, тұрмыс

**20** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Отандық тауарлар көк базарда сатылады.
B) Жеміс-жидектер де екінші қабатта сатылады.
C) Базарда шетелден әкелінетін тауарлар өте көп.
D) Көк базар – адамдар көп жиналатын, керекті заттардың барлығы сатылатын сауда орталығы.

**5-мәтін**

*Қазақ музыкасының атасы, композитор, асқан күйші, шешен, жыршы, ойшыл, аңыз кейіпкері Қорқыт (Қорқыт ата) Сырдария өңірінде өмір сүрген. Қорқыт өз заманында Инал, Көл-Еркен, Қаңлықожа хандардың уәзірі болған. Ел жадында Қорқыт айтты деген «Ат тұяқты, ақын тілді келеді», «Сулы жердің қадірін құлан білер» сияқты көптеген мәтелдер сақталған. «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны» атты музыкалық туындылар жеткен. Бүкіл түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы саналатын «Қорқыт ата кітабы». Қорқыт жайындағы іргелі зерттеулер XIX ғасырдың басынан дүниежүзінің өркениетті елдерінде жарық көрген. Бұл салаға шетел ғалымдары В.В. Бартольд, Ф. Диц, В.М. Жирмунский қазақ ғалымдары Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев айырықша үлес қосқан. Қорқыттың мазары Сырдария өзені бойында салынған. Қызылорда облысының Жосалы кентінен 18 шақырым жерде Қорқыт ата кешені тұрғызылған. Қызылорда қаласындағы университетке оның аты берілген.*

**21** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

Қорқыт – ... .
A) ғұлама ойшыл, айтыскер ақын
B) ерлігімен танымал болған батыр
C) композитор, шешен, танымал ойшыл
D) Жосалы кентінің ақыны, жыршы, композитор

**22** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Ә.Марғұлан – «Қорқыт күйінің» авторы.
B) Қорқыт ата кешенін Инал хан тұрғызған.
C) Қорқыт Қаңлықожа ханның сұлтаны болған.
D) Қорқыт жайында зерттеулер XIX ғасырда жарық көрді.

**23** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) Қорқыт, Көл-Еркен, хан, уәзір
B) Қорқыт, ойшыл, жыршы, күйші
C) Қорқыт, ойшыл, музыка, халық
D) Қорқыт, Ә. Марғұлан, қазақ ғалымы

**24** Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точную тему текста.

A) Сырдария
B) Қорқыт ата
C) Қорқыт күйі
D) Іргелі зерттеулер

**25** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

A) Ғұлама ойшыл туралы ақпарат беріледі.
B) Қорқыт ата университеті туралы баяндалады.
C) Дүниежүзі ғалымдарының еңбегі сипатталады.
D) Сырдария мен Қызылорда туралы ақпарат беріледі.

**26** Мәтіндегі автордың пікірін анықтаңыз.
Укажите мнение автора в тексте.

A) Ел жадында Қорқыт ата туралы көп аңыз сақталған.
B) Көрнекті тарихи тұлғаға арналған кешен тұрғызылды.
C) Қорқыт – Жосалы кентінде өмірге ірі тұлғалардың бірі.
D) «Қорқыт ата кітабы» – түркі тектес халықтарға ортақ қазына.

## 6-мәтін

*Теңге ілу бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойлардың думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады. Теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жатағындар да көп болады.*

*Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда ырым үшін де ойналады. Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа-күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сиятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер жүз, жүз елу метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.*

**27** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Теңге ілу – ... .
A) ұлттық ойындардың бірі
B) көкпар ойынының бір түрі
C) келін түскенде жасалатын ойын
D) қыз ұзатыларда орындалатын дәстүр

**28** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Теңге ілу ойынында жігіттің қандай қасиеті сыналады?
A) ептілігі
B) шеберлігі
C) батырлығы
D) мықтылығы

**29** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Теңге ілу ойынын кім жүргізеді?
B) Ойынға неше ойыншы қатысады?
C) Теңге ілу ойынының шарттары қандай?
D) Ойынға қандай сәйгүліктер таңдалынып алынады?

**30** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) ойын, ептілік, әшекей
B) ойын, ептілік, жігіт, дене
C) ойын, ептілік, теңге ілу, ауыл
D) ойын, ептілік, теңге ілу, жігіт

**31** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

Теңге ілу ...
A) ұл баланы сүндетке отырғызған кезде ойналады.
B) бір ауылға жаңадан келін келіп түскенде ойналады.
C) қыз ұзатылғанда, келін түскенде, сүндет тойларда ойналады.
D) бозбала мен жігіттердің сүндет той-да атпен ойнайтын ойыны.

**32** Мәтіндегі автордың пікірін анықтаңыз.
Определите мнение автора в тексте.

A) Теңге ілу – ұлттық спорт ойыны.
B) Теңге ілуде ептілік сынға алынады.
C) Шұңқыр тұсында іркіліп қалуға болмайды.
D) Қыз ұзатыларда жеңгесі шолпысын сыйға тартады.

### 7-мәтін

*Соңғы жылдары Қазақстанға шетелдерден 4,5 млн. турист келіпті. Бұл әлемдік экономикалық дағдарыс кезіндегі дүниенің түкпір-түкпіріне ағылатын туристер легінің күрт төмендеген шағындағы ең нәтижелі көрсеткіш.*

*Алматы қаласына өзге елдерден келетін туристердің қатары толастаған емес. Әсіресе қыс мезгілінде «Медеу», «Шымбұлақ» секілді көрікті жерлерге туристер жиі келеді. Алматы қаласы бойынша туристерден түскен пайда көлемі 2007 жылғы көрсеткіш бойынша жиырма жеті миллиард теңгеден отыз үш миллиард теңгеге дейін өскен. Алматы қаласы республика бойынша туристік саланың 50,4 пайызын құрап отыр. Соңғы екі жыл көлемінде Алматыдағы туристік фирмалардың саны 870-ке дейін жетті. Бұл қаладағы туристік бағыттың кеңінен қанат жаюына зор ықпалын тигізді. Соңғы жылдары сұраныстың көптігінен Алматыға келетін әуе рейсінің саны жиырмаға дейін жетті. Алматы қаласы бүгінде кең ауқымда туристерді қабылдауға толықтай дайын. Бүгінде Алматы қаласында өте жоғары деңгейлі тоқсанға жуық қонақүй бар екендігі де белгілі.*

*Қысқы Азия ойындары қарсаңында Алматы мен Астана қалаларына шетелдерден он мыңға жуық турист келеді деген болжам бар.*

**33** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Қыс мезгілінде Алматыға ... .
A) әншілер келеді
B) туристер жиі келеді
C) танымал спортшылар келеді
D) Астаналық туристер жиі келеді

**34** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Алматыдағы туристік фирмалар көбеюде.
B) Дағдарысқа байланысты Алматыға келушілер саны кемуде.
C) Сұраныстың аздығынан әуе рейстері тоқтатылды.
D) Алматыда тоқсан қонақүй бар.

**35** Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

A) Алматы, Медеу, туристік фирма
B) Алматы, шетел, туристер, пайда
C) Алматы, туризм, туристер, пайда
D) Астана, туристер, Шымбұлақ, пайда

**36** Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точную тему текста.

A) Туристік фирмалар
B) Алматы – туризм ордасы
C) Алматы – әсем қала
D) Шымбұлақ – көрікті мекен

**37** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Алматы қаласында туристік бағыттың дамуына не ықпал етеді?
A) «Медеу» әуе рейсінің ашылуы
B) әуе рейсіне сұраныстың көбеюі
C) «Шымбұлақ» қонақүйінің салынуы
D) туристік фирмалар санының артуы

**38** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

A) Қазақстанның көрікті жерлері сипатталады.
B) Астананың туристік фирмалары туралы мәлімет.
C) Алматыда туризмнің дамуы туралы ақпарат беріледі.
D) Әлемдік экономиканың дамуы туралы ақпарат беріледі.

## 8-мәтін

*Дәрілік балшатыр биіктігі 15-30 сантиметр, көпжылдық өсімдік. Өсімдіктің бойы қысқа, сабағы тегіс емес. Жапырақтарының шеттері бүтін, ұштары сүйір. Тамыр жапырақтары жұмыртқа тәрізді, сопақша келген, түп жағы жіңішкеріп сағаққа айналып кеткен. Жапырақтары өсімдіктің түбін жартылай қоршап тұрады. Сабақтың жоғарғы жағына гүлдер шоғырланған. Өсімдіктің даму кезеңіне байланысты гүлдері әуелі қызыл, ашық қызыл түсті болса, кейінірек көкшіл бола бастайды. Гүлі жасыл түсті, түтікше сияқты.*

*Дәрілік балшатыр таулы аймақтарда, орман арасында, бұталардың көлеңкелерінде өседі. Дәрі үшін өсімдіктің жерге түскен бөлігін гүлдеген кезінде жинап алады. Құрамында минералды заттар: танин, аскорбин қышқылы, рутин бар.*

*Дәрілік балшатырдың қабынуға қарсы әсер ететін, несеп айдайтын, қан тоқтататын, жарақаттардың жазылуын тездететін қасиеттері бар. Халық медицинасында бұл өсімдік туберкулез ауруларын емдеу үшін, өкпе, жоғары тыныс жолдары және бронх қабынғанда, қақырыққа қан араласып түскенде қолданылады, асқазан-ішек жолдарының ауруларын және дене сыртындағы жарақаттарды емдейді. Болгар халық медицинасында дәрілік балшатыр бронх демікпесін емдеу үшін пайдаланылады.*

**Ė**

сүйір – острый, остроконечный
сопақша – овальный
сағақ, сабақ– стебель
шоғырлану – скапливаться
жоғарғы тыныс жолдары – верхние дыхательные пути

**39** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Дәрілік балшатыр – ... өсімдік.
A) өзен жағасында өсетін
B) жапырақтарының шеттері сүйір
C) таулы аймақтардан кездеспейтін
D) тамыр жапырақтары сопақша келген

**40** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Дәрі жасау үшін балшатырдың жерге түскен бөлігін қай кезде жинап алады?
A) күз мезгілінде
B) жаз айларында
C) гүлдеген кезінде
D) жапырақтары түскенде

**41** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Дәрі жасау үшін балшатырдың гүлін жерге түсіреді
B) Гүлдері сабағының ең төменгі жағына ғана шоғырланады.
C) Дәрілік балшатырдың бойы биік, сабағы сүйір болып келеді.
D) Халық емінде балшатыр тыныс жолдары қабынғанда қолданылады.

**42** Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

A) Дәрілік балшатырдың қандай қасиеттері бар?
B) Балшатырмен туберкулез ауруын қалай емдейді?
C) Қазақстанда дәрілік балшатырдың қандай емдік түрлері өсіріледі?
D) Халық медицинасында балшатырдың қандай түрлері қолданылады?

**43** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

A) Минералды заттар туралы сипатталады.
B) Қазақ халық емі туралы ақпарат беріледі.
C) Қазақстанның таулы аймақтары сипатталады.
D) Емдік қасиеті мол балшатыр туралы ақпарат беріледі.

**44** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

Балшатыр ... қолданылады.
A) Болгар халық медицинасында туберкулез ауруын емдеуге
B) медицинада дене сыртындағы жарақаттарды емдеуге, бронх демікпесін емдеуге
C) туберкулезге, асқазан-ішек жолдарының ауруларына, тыныс жолдарының қабынуына
D) асқазан ауруларын емдеуге, болгар халық емінде түрлі жарақаттарды емдеуге



### 9-мәтін

*Ұлтымыздың мәдениетінде «отау көтердің» деген сөз бар. Ол «үйлендің, жұпты болдың» деген мағынаны білдіреді. Демек, үйленумен бірге отау көтеру тиіс. Әдетте ұлы үйленетін, қызы тұрмысқа шығатын ата-ана алдымен отау дайындайды. Қыз жасауына отау қосыла берілген. Отау жас отбасының бақыт шаңырағы болып саналатындықтан, оны барынша әсемдеп, әдемілеп, толық жабдықтап әзірлеу аз шаруа емес. Оған көрші-көлем, жақын-туыс, нағашы-жиендер тегіс араласады. Кесе-аяқтан бастап үй киізіне дейін әкеледі. Сөйтіп, бүкіл ауыл болып отау көтеру әрі қызық, әрі міндетті іс. Отау алғаш тігілгенде оны құрметті әрі елге сыйлы аналар бастайды. Шаңырақты да бақанға ақ мата байлап, ел ағалары көтереді. Отқа май құйылады, «босаға майлау» жасалады. Алғашқы дастарқан жайылып, оған мол тағам жасалады. Кіргендер шашу шашып, «құтты болсын», «іші жанға, сырты малға толсын» деген тілекпен қуанышын білдіреді. Жақын туыстар отауға көрімдік әкеліп, мал атайды, бағалы мүліктер сыйлайды.*

*Жас отау әке үйінің оң жағына тігіледі. Бұл үйге жасы үлкендер шақырусыз кірмейді. Ал жастар мен балалар қызықтап, осы отауды төңіректейді. Ауылдастар мен жанашырлар жас отау түтінінің түзу шығуын, жаңа үйленгендердің тұрмыс-тіршілігін сырттай бақылап, келінге баға беріп отырады. Жас келіннің ерте тұрып өз үйінің ғана емес, жанындағы іргелес үйлердің де түндігін ашуы оның әдептілігі мен мәдениеттілігін білдіреді.*

Ė

отау көтеру, үйлену
отқа май құю – обряд казахского народа, совершаемый при заселении молодоженов в новый дом: для очищения семейного очага в огонь брызгается масло.
шашу – обряд казахов, совершаемый при радостных, счастливых событиях: сладости разбрасываются перед гостями, близкими, для того, чтобы у них в семье был той (свадьба, праздник, счастливые события).
көрімдік – обряд, совершаемый в случаях когда в дом приходит келін (см. элементарный уровень), близкие приносят в дар женге (см. элементарный уровень) денежную сумму либо драгоценные укращения прежде чем увидеть келін.

**45** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ұлы үйленетін, қызы тұрмыс құратын ата-ана ... .
A) дастарқан жаяды
B) мол тағам әзірлейді
C) әуелі отау дайындайды
D) алдымен жасау дайындайды

**46** Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ, соответствующий содержанию текста.

Жаңа үйленгендерді сырттай кімдер бақылап отырады?
A) жастар мен балалар
B) ел ағалары мен жастар
C) жанашырлар мен балалар
D) ауылдастар, жанашырлар

**47** Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

A) Шаңырақты елге сыйлы ел ағалары көтереді.
B) Жас отау әке шаңырағының сол жағына тігіледі.
C) «Босаға майлау» рәсімін елге сыйлы аналар жасайды.
D) Жақын туыстар жаңа үйленгендерге бата беріп отырады.

**48** Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точную тему текста.

A) Ел ағалары
B) Қыз жасауы
C) Отау көтеру
D) Ұлт мәдениеті

**49** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

A) Жас отауға жасы үлкен елге сыйлы адамдар жиі кіретін болған.
D) Жас келіннің отауы халықтың назарында болған.
C) Ұлы үйленетін, қызы ұзатылатын ата-аналар отауды толық әсемдеп жабдықтайды.
D) Қазақ халқының мәдениетінде қыз жасауымен бірге отау қоса берілетін болған.

**50** Мәтіндегі автордың пікірін анықтаңыз.
Определите мнение автора в тексте.

A) Жас отаудың шаңырағын ел ағалары көтереді
B) Жас отауға аналар мен әжелер шашу шашады.
C) Жас келіннің ерте тұруы оның әдептілігін білдіреді.
D) Өз алдына отау көтеру – әрі қызықты, әрі міндетті іс.

IV тарау

# Жазылым бөлігі

# Блок Письмо

- Жазылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

# 1. Жазылым бөлігіне шолу

Жазылым бөлігінің базалық деңгейі тіл қолданушының қазақ тілінде сауатты жаза білуін, бейімделген баяндау, хабарлау, аралас сюжетті мәтіндер негізінде өз пікірі мен көзқарасын жазбаша грамматикалық нормаларды сақтай отырып жеткізе алуын, ұсынылған тақырыпқа қатысты жазбаша диалог құрастыру дағдыларын бағалайды.

Базалық деңгейді бағалауға арналған Жазылым бөлігі үш тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырмада тіл қолданушы аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазады. Ол үшін арнайы аудиоқұрылғыға жазылған бейімделген баяндау, хабарлау, аралас сюжетті мәтін оқылады. Бұл деңгейдегі мәтіндер көлемі 80-100 сөзден тұрады. Олардың мазмұны күнделікті қарым-қатынас, әлеуметтік-мәдени және оқу салаларына қатысты.

Базалық деңгейдегі сюжетті мәтіндерде 5-10 пайызға дейін түсініксіз сөздер кездесуі мүмкін. Тіл қолданушы 3 рет оқылатын мәтінді тыңдау, есту арқылы диктант жазу барысында қазақ тілінің орфографиялық ережелері мен грамматикалық нормаларын сақтай отырып сауатты жазуға мән беруі тиіс.

Екінші тапсырмада жазылған диктант мәтінінің мазмұнына сәйкес 5 сұраққа жазбаша жауап беру талап етіледі.

Үшінші тапсырма берілген тақырып аясында ұсынылған тірек сөздер, сөз тіркестері арқылы диалог құрастыруға арналған.

Жазылым бөлігінің тапсырмаларын дұрыс орындау үшін: 1) мәтінді мұқият тыңдау; 2) онда кездесетін сөздердің дұрыс жазылуын еске түсіру; 3) сөйлемдердің оқылу мәнеріне, кідірістерге мән беріп, тыныс белгілерін қою; 4) сұрақтардың мазмұнын түсіну; 5) жауап беруде мәтіндегі кейбір сөздер мен сөз тіркестерін мағыналас сөздермен ауыстыру; 6) екінші адаммен пікір алмаса білу дағдысын меңгеруі қажет.

**Қосымша диск бойынша нұсқаулық**

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгі арқылы бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден «Жазылым бөлігін» таңдайсыз. Тақырыпқа сәйкес аудиожазбаны арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Тыңдау арқылы диктант мәтіні бойынша жазба жұмысын орындаңыз.

# Обзор блока Письмо

Базовый уровень блока Письмо оценивает навыки грамотного письма на казахском языке, также определяет уровень навыков письменного изложения своих мыслей, суждений, умение составить письменный диалог на заданную тему. При этом необходимо на основе сюжетных текстов в повествовательной, описательной либо смешанной форме ответить письменно на вопросы, соблюдая грамматические нормы и правила казахского языка.

Блок Письмо на этом уровне состоит из трех частей.

В первой части пользователь языка, прослушав аудиотекст, пишет творческий диктант. Сюжетный текст диктанта записан на аудиодиске. На данном уровне объем текстов увеличивается и состоит из 80-100 слов. Для этой цели выбраны тексты из социально-культурной, социально-бытовой сферы. Также охвачены темы сферы образования и повседневнего общения. Оцениваемому необходимо написать диктант грамотно, обращая внимание на орфографические правила и грамматические нормы казахского языка. При этом ему дается возможность прослушать текст диктанта 3 раза.

В сюжетных текстах базового уровня допустимо до 10% процентов незнакомой лексики.

Во второй части нужно ответить письменно на 5 вопросов по содержанию текста диктанта.

В третьей части необходимо составить диалог на заданную тему, используя опорные слова и словосочетания.

Для того, чтобы правильно выполнить задания блока Письмо на базовом уровне необходимо: 1) внимательно прослушать текст диктанта; 2) вспомнить правила правописания слов и словосочетаний; 3) обратить внимание на интонацию чтения, на паузу и поставить правильно знаки препинания; 4) понять содержание, суть вопросов; 5) в ответе заменить некоторые слова другими, близкими по значению словами; 6) умение поддержать беседу с другим человеком в пределах лексического минимума данного уровня.

**Инструкция к прилагаемому диску**

Установите данную на прилагаемом диске программу в операционную систему Windows. Щелкнув на специальный значок на рабочем столе, запустите программу. На появившемся окне выберите «Жазылым бөлігі» «Блок Письмо». Прослушайте аудиозапись, соответствующую тематике текста, нажав на кнопку проигрывателя. Прослушав запись, выполните письменную работу по тексту диктанта.

# 1 Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар

# Блок Письмо. Предварительные задания

Біліміңізді алдын ала тексеру үшін берілген 2 тапсырманы орындаңыз.
Выполните 2 задания, предложенные для предварительной проверки.

**1** Сізге арнайы аудиожазбадағы «Адам құқығы» тақырыбындағы диктант мәтіні оқылады.
Прослушайте аудиотекст диктанта по теме «Права человека».
Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

**2** Диктант мәтіні бойынша берілген 5 сұраққа жауап беріңіз.
Ответьте на 5 вопроса по содержанию диктанта.
Мәтін мазмұнына сүйене отырып, өз пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на текст диктанта.
Жауабыңызда диктанттағы сөйлемдерді сөзбе-сөз қайталауға болмайды.
Не допускается в ответах использовать предложения из текста дословно.
Оларға балама сөздер (синонимдер) тауып, ауыстыру керек.
Необходимо заменить их словами, близкими по значению (синонимами).
Тапсырманы орындау уақыты – 10 минут.
Время выполнения задания – 10 минут.

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
Вопросы по тексту:
1) Адам құқығы дегенді қалай түсінесіз?
   Как вы понимаете понятие «права человека»?
2) Қазақстанның адам құқықтары туралы заңдарында не айтылған?
   О чем говорится в законах Казахстана о правах человека?
3) Қазақстанда адам құқығы туралы заңдарды кім шығарады?
   Кто принимает и издает законы о правах человека в Казахстане?
4) Еліміздің Ата Заңы – Конституциясында не айтылған?
   О чем говорится в главном Законе страны – Конституции?
5) Парламент депутаттары не істейді?
   Чем занимаются депутаты Парламента?

**3** Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз. Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Составьте письменный диалог, используя данные опорные слова-клише. Время выполнения – 5 минут.
1) Қазақстан Республикасының Ата Заңы.
   Главный Закон Республики Казахстан.
2) Адамдардың құқығы мен бостандығы.
   Права и свобода человека.
3) Қазақстанның адам құқықтары туралы заңдары.
   Законы Казахстана о правах человека.

# 2 Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау
## Блок Письмо. Анализ заданий

**1-нұсқа**

**Мақал – сөздің мәйегі**
**Пословицы – украшение речи**

1. Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Сіздің әрекетіңіз:
Ваши действия:
Аудиожазбадағы мәтінді мұқият тыңдаңыз.
Внимательно прослушайте аудиотекст.

1-рет оқылғанда, мәтін мазмұнына мән беріңіз.
При первом прочтении обратите внимание на содержание текста.
2-рет оқылғанда, қазақ тіліне тән дыбыстардың жазылуын еске түсіріңіз. Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ескеріңіз.
При втором прочтении вспомните специфические звуки казахского языка и их правописание. Обратите внимание на соответствие произношения слова и его правописания.
Сөздердің бірге және бөлек жазылуын еске түсіріп, оларды қатесіз жазыңыз.
Вспомните слова, которые пишутся слитно и раздельно, напишите их правильно.
Сөйлемдердің оқылу мәнеріне көңіл бөліңіз.
Обратите внимание на интонацию при чтении.
3-рет оқылғанда кідірістерге мән беріп, тыныс белгілерін (,), (.), (–), («  ») дұрыс қойыңыз.
При заключительном прочтении обратите внимание на паузы и поставьте соответствующие (,), (.), (–), («  ») знаки препинания.

2. Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по содержанию диктанта.

- Жауабыңызда диктанттағы тірек сөздер мен сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды!
- Сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.
- Сұраққа анық, толық жауап беруге тырысыңыз.
- Жауабыңызда мәтіндегі мәселеге қатысты өз пікіріңізді білдіру қажет.
- Тапсырманы орындауға 10 минуттан артық уақыт жұмсамаңыз.

Не допускается в ответах дословное использование опорных слов и словосочетаний, встречающихся в диктанте.
Необходимо заменить их словами, близкими по значению (синонимами).
Постарайтесь ответить на вопросы полностью, четко и ясно.
Время выполнения – 10 минут.

Ė Диктант мәтіні бойынша сұрақтарға дұрыс жауап берудің жолдарын ұсынамыз.
1) Өзіңіз жазған диктант мәтінін қайта оқып шығыңыз.
2) Әрбір сөйлемнің мағынасын түсініп оқыңыз.
3) Сізден не сұралып отырғанын түсінуге тырысыңыз.
4) Жауабыңыз мәтіндегі мәселемен байланысты болу керек.
5) Жауапта сіздің пікіріңіз жүйелі, нақты, толық берілуі қажет.
6) Сөйлемдеріңіздегі сөздердің орын тәртібіне мән беріңіз. Қимыл иесі сөйлемнің басында, іс-әрекет сөйлемнің соңында келуі тиіс.
Мысалы: Асқар мақалдарды көп біледі.
Для того, чтобы правильно ответить на вопросы рекомендуется:
1) Еще раз внимательно прочитать текст написанного вами диктанта.
2) Постарайтесь при чтении понять смысл каждого предложения.
3) Необходимо понять суть вопроса.
4) Ответ должен соответствовать содержанию текста.
5) Сформулируйте свой ответ четко, ясно и грамотно.
6) Обратите внимание на порядок слов в предложений. Субъект действия, должен быть в начале предложения, а действие – в конце предложения.
Например: Асқар мақалдарды көп біледі (Аскар знает много пословиц).

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
**Вопросы по тексту:**

1) Мақал-мәтелдер дегеніміз не?
Что такое пословицы и поговорки?

Ť Мақал-мәтелдер – айналадағы мол дүние туралы білімнің жиынтығы.
Сұрау мәні «не?» есімдігі арқылы жасалып, атау тұлғалы жауапты талап етіп тұр.
Сіз мәтіндегі сөздерді сол күйінде қайталай алмайсыз. Сондықтан жауабыңызда пайдалануға болатын сөз тіркестері:
А) «айналадағы» сөзінің мағынасына жақындау сөз табыңыз.
В) «білім жиынтығы» сөз тіркесін мағыналас тіркеспен ауыстырыңыз.

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз
Составьте предложение, используя данные опорные слова.

2) Мақал-мәтелдер қандай рөл атқарады?
Какую роль выполняют пословицы?

Ť Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Олар тәрбиелік рөл атқарады.
А) «тәрбиелік» деген сөздің баламасын табыңыз.
В) «рөл атқарады» деген тіркесті мағынасы жақын сөз тіркесімен ауыстырыңыз.

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз
Составьте предложение, используя данные опорные слова.

3) Мақал-мәтелдер қандай тақырыптарда жазылады?
Какие темы охватывают пословицы?

Ť Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Мақал-мәтелдерде оқу мен еңбек, ойын мен өнер, адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, тағы басқа үлгі-өнегелер сөз болады.
А) «оқу» сөзін мағыналас сөзбен ауыстырыңыз;
В) «жақсы-жаман» сөздерінің орнына мағынасы жақын сөзді қолданыңыз;
С) «елін» деген сөздің баламасын табыңыз;
D) «құрметтеу» сөзін мағыналас сөзбен ауыстырыңыз.

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз
Составьте предложение, используя данные опорные слова.

4) Мақал-мәтелдер адамның сөз байлығына қалай әсер етеді?
Как влияют пословицы на словарный запас человека?

Ť

Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Егер мақал-мәтелдерді түсініп, орнымен қолданса, ол адамның сөзіне көрік береді.
А) «мақал-мәтелдерді» деген сөзді есімдікпен ауыстырыңыз.
В) «көрік береді» деген сөз тіркесінің орнына басқа тіркесті қолданыңыз.

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз
Составьте предложение, используя данные опорные слова.

5) Мақал-мәтелдерде ақыл-кеңестер қалай беріледі?
Каким способом даются советы в пословицах?

Ť

Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа әрі тұжырымды болады.
А) «қысқа» деген сын есімді етістік нысанымен беріңіз.
В) «тұжырымды» деген сөзді етістікпен ауыстырыңыз.
С) «беріледі» деген сөзді мағыналас етістікпен ауыстырыңыз.

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз
Составьте предложение, используя данные опорные слова.

Ė

«Жинақталып», «түйінделіп», «ықшамдалып» етістіктерін қолдансаңыз да болады.

**3** Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз. Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Используя данные опорные слова, составьте письменный диалог.
Время выполнения – 5 минут.

1) Халық даналығы.
Народная мудрость.
2) Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні.
Воспитательное значение пословиц.
3) Мақал-мәтелдер – тіл байлығының көрінісі.
Пословицы – яркий пример богатства речи.

**Диалог үлгісі**
**Образец диалога**

Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, тиісті қосымшаларды жазып, диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог, вставив вместо многоточия нужные слова, словосочетания и аффиксы.

– Халық даналығының үлгісіне не жатады?
– ...(1)
– Олардың атқаратын қызметі ...(2)?
– Мақал-мәтелдердің ... (3) мәні зор.
– Мысалмен түсіндіріңізші.
– «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген ... (4) заман талабына сай. Себебі күші көп адам күрессе, тек бір немесе екі-үш адамды ғана жеңуі мүмкін. Ал ... (5) адам, мысалы, компьютерлік технологияны білген адам жаңа бағдарламалар арқылы көп жетістікке жете алады.
– ... (6) тағы қандай қызметі бар?
– Мақал-мәтелдер адамның ... (7) көркейтеді, мағынасын кеңейтеді, үлгі-өнеге береді.
– Рақмет, мен де (8) жиі қолдануға тырысамын.

**2-нұсқа**

**Балмұздақ**
**Мороженое**

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

2 Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по тексту.

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
**Вопросы по тексту:**

1) Грек қолбасшысы Александр Македонский нені жақсы көрген?
Что любил греческий полководец Александр Македонский?

Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Ескі бір шежіреде ертедегі грек қолбасшысы Александр Македонскийдің әрбір соғыстан кейін қарды бал немесе жеміс шырынымен араластырып жегені айтылады.
А) «соғыстан кейін» тіркесін басқа сөз тіркесімен ауыстырыңыз;
В) «араластырып» сөзіне балама сөз табыңыз;
С) сұрақтағы «жақсы көрген» тіркесінің синонимін қолданыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

2) Қар мен жеміс шырынын қосып жеуді тұңғыш кімдер ойлап тапқан?
Кто придумал есть снег, перемешав его с фруктовым соком?

Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Қар мен жеміс шырынын қосып жеуді тұңғыш рет шығыс елдерінің тұрғындары ойлап тапқан.
А) «тұңғыш» деген сөздің синонимін табыңыз;
В) «тұрғындары» деген сөзді мағынасы жақын сөздермен ауыстырыңыз;
С) «ойлап тапқан» деген тіркесті мағынасы жақын сөздермен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

3) Батысқа балмұздақтың жасалу тәсілдерін кім әкелген?
Кто привез на Запад способы приготовления мороженого?

Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Бұл елдерден итальян саяхатшысы Марко Поло балмұздақтың жасалу жолының түрлі әдістерін жазып алып қайтқан екен.
А) «әдіс» деген сөздің баламасын табыңыз;
В) «алып қайтқан» деген етістікті мағынасы жақын сөзбен ауыстырыңыз;
С) «саяхатшы» деген сөздің синонимін қолданыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

4) Балмұздақтың «Пломбир» атауы қайдан шыққан?
Откуда появилось название мороженого «Пломбир»?

Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: 1676 жылы француз қаласы Пломбирьде тәтті тағамдар дайындайтын мамандар балмұздақтың жаңа түрін жасап шығарады. Осыдан бастап балмұздақтың бұл түрі сол қаланың атымен пломбир деп аталып келеді.
А) «қала» сөзінің баламасын табыңыз;
В) «жасап шығарған» етістігін басқа сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

5) Сіз қандай балмұздақтар жегенді ұнатасыз?
Какое мороженое нравится Вам?

Бұл сұраққа еркін жауап беруге болады. Мысалы, Маған ... балмұздақ ұнайды.
Көп нүктенің орнына ұнаған жауап нұсқасын қоюыңызға болады.
А) пломбирлі, кілегейлі (пломбир, сливочное);
В) шоколадты, мұзды (шоколадное, ледяное);
С) жеміс қосылған (фруктовое).

**3** Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз. Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Используя данные опорные слова, составьте диалог.
Время выполнения – 5 минут.

1) Александр Македонскийдің ермегі
Забава Александра Македонского
2) Қар мен жеміс шырынын қосып жеу
Есть смесь снега с фруктовым соком
3) Балмұздақты жасау әдістері
Способы приготовления мороженого
4) Балмұздақтың «пломбир» атауының шығуы
Происхождение названия мороженого «пломбир»

**Диалог үлгісі**
**Образец диалога**

Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, тиісті қосымшаларды жазып, диалогті толықтырыңыз.

– Даңқты ...(1) нені ермек еткенін білесіз бе?
– Жоқ.
– Ол әр ..(2) қарды ...(3).
– Қызық екен.
– Ал қарды солай жеуді шығыс халықтары ...(4).
– Балмұздақ ...(5) әлемге қалай тараған?
– Итальян саяхатшысы Марко Поло шығыс ...(5) Ол кезде ... (6) жасырын болған екен.
– ... (7) пломбир деген балмұздақ ... қайдан ... білесің бе?
– Жоқ, оны ...(8)
– Ол балмұздақты Франция қаласы ...(9) мамандар ... (10), солай аталған екен.
– ...(11), сенен көп ақпарат ...(12).

**3-нұсқа**

## Ананас – тропиктік жеміс
## Ананас – тропический плод

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При выполнении работы рекомендуется следовать следующим правилам:

Ė Жаңа сөздерді есте сақтаңыз.
Запомните новые слова.
дәрумен – витамин,
құрлық – материк,
жылыжай – теплица (от слов: жылы – теплый, жай – орын).
Егер бастаушы сөз (бастауыш) бен аяқтаушы сөз (баяндауыш) бір топқа (сөз табына) жатса, арасына сызықша (–) қойылады: Мысалы: Құрма – денсаулыққа пайдалы жеміс. Сонымен қатар бастауыш жіктік, сілтеу есімдіктерінен, баяндауыш зат есімнен болса, арасына сызықша (–) қойылады: Ол – оңтүстікте өсетін жидек.
Если подлежащее и сказуемое выражены одной частью речи, то между ними нужно ставить тире (–). Например: Құрма – денсаулыққа пайдалы жеміс. (Хурма – полезный для здоровья фрукт). Также если подлежащее выражено личным, указательным местоимением, а сказуемое – именем существительным, то между ними нужно ставить тире (–). Например: Ол – оңтүстікте өсетін жидек (Это – ягода, которая растет на юге).

2 Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
**Вопросы по тексту:**

1) Ананас қандай өсімдік?
Какое растение ананас?

Ṫ Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Ананас – көпжылдық шөптектес өсімдік.
А) «шөптектес» деген сөзді ауыстырыңыз;
В) «көпжылдық» деген сөзді мағыналас сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

2) Ананастың отаны қай жер?
Где родина ананаса?

Ṫ Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Ананастың отаны – Оңтүстік Америка құрлығы.
А) «Отаны» деген сөзді синонимімен ауыстырыңыз;
В) «құрлық» сөзінің баламасын табыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

3) Ананас қайда өсіріледі?
Где растет ананас?

Ť Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Ол тропиктік жерлерде өседі. Тропиктен алыс Голландияда ананасты жылыжайдан табасыз.
А) «аймақ» деген сөзді мағынасы жақын сөзбен ауыстырыңыз;
В) «алыс» сөзінің баламасын табыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

4) Ананастың қандай қасиеті бар?
Какие свойства у ананаса?

Ť Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Ананас жылуды, күн сәулесін сүйетін, сусыз жерге шыдайтын жеміс. Ананас – тәтті және пайдасы көп өсімдік.
А) «жарық сүйгіш» деген тіркесті мағынасы жақын сөздермен ауыстырыңыз;
В) «дәмді» сөзінің синонимін табыңыз;
С) «пайдалы» сөзін басқа сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

5) Ананас қандай ауруларға қарсы қолданылады?
При лечении каких болезней используют ананас?

Ť Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Ол қан қысымын төмендетуге және қан тамырларының қызметін жақсартуға қызмет етеді. Ананастың көптеген аурулардың алдын алуға тигізер көмегі де аз емес.
А) «төмендетуге» сөзінің синонимін табыңыз;
В) «қызметін жақсартуға» деген тіркесті мағынасы жақын сөздермен ауыстырыңыз;
С) «көмегі аз емес» деген тіркесті балама сөздермен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

**3** Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз. Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Используя данные опорные слова, составьте диалог. Время выполнения – 5 минут.

1) Ананас жемісінің ерекшелігі.
   Свойства ананаса.
2) Ананастың құрамы.
   Состав ананаса.
3) Ананастың пайдасы.
   Польза ананаса.

## Диалог үлгісі
## Образец диалога

Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, тиісті қосымшаларды жазып, диалогті толықтырыңыз.

– Ананас – қандай ...(1)?
– Ол жылы, жарық жерде ...(2), құрғақшылыққа ...(3) жеміс. Ананастың дәмі ...(4).
– ... (5)?
– Оның құрамы(6) ... (7)мол. Бірақ оны абайлап жеу керек.
– Неге?
– Себебі ол ...(8), оның тек толық піскен (9) ғана жеу керек.
– ... (10)?
– Ананас жоғарылаған қан қысымын ... (11).

### 4-нұсқа

### Қажымұқан
### Кажымукан

**1** Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
На основании прослушанного аудиотекста напишите диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При написании диктанта рекомендуется следовать следующим правилам:

**Ė** Қазақ тілінде дыбыс үндестігі заңына сәйкес кейбір сөздердің жазылуы мен айтылуы сәйкес келе бермейді.
В казахском языке в результате прогрессивной, регрессивной ассимиляции и лабиализации правописание некоторых слов не соответствует произношению.

| Айтылуы (Произношение) | Жазылуы (Правописание) |
|---|---|
| алып паланың | алып баланың |
| бір гүнүндө<br>осу гүңгү | бір күнінде<br>осы күнгі |
| баланың гүшүнө<br>өнөр гөрсөткөн | баланың күшіне<br>өнер көрсеткен |

**Ė** Еш, әр, кей, қай, әлде, бір деген сөздер есімдіктермен, үстеулермен тіркесіп келгенде, бірігіп жазылады.
Слова еш, әр, кей, қай, әлде, бір в сочетании с местоимениями, наречиями пишутся слитно.

| Бірге (слитно) жазылатын сөздер | Бөлек (раздельно) жазылатын сөздер |
|---|---|
| ешкім, ешбір, ешқайда, ешқашан, ешқандай, ештеңе, ешқайсысы, ешқалай | еш адам, еш нәрсе, еш уақытта, еш жұмысы |
| әрбір, әркім, әрқайсы, әрқашан, әркелкі, әртүрлі, әрқайда | әр адам, әр жылы, әр уақытта, әр кезде, әр нәрсе, әр жұмыс |
| кейбір, кейбіреу | кей адам, кей жылы, кей уақытта, кей кездері |
| қайбір, қайсыбір | қай адам, қайсы адам, қайсы жылдары |
| әлдеқашан, әлдебір, әлдекім, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдене, әлдеқайдан | әлде адам, әлде аң |

**2** Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
**Вопросы по тексту:**

1) Қажымұқан бала күнінде қандай болған екен?
Каким был Кажымукан в детстве?

Т́ Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Қажымұқан жас кезінен өте күшті болған.
A) «жас кезінен» тіркесінің баламасын табыңыз.
B) «күшті» деген сөзді ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

2) Қажымұқан бала күнінде не істеген?
Чем занимался Кажымукан в детские годы?

Т́ Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Байдың малын бағып жүрген алып баланың күшіне ел таңғалады екен.
A) «бала кезінде» тіркесін ауыстырыңыз.
B) «малын баққан» тіркесіне балама сөздер табыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

3) Бала Қажымұқан қандай ерлік жасаған?
Какой подвиг совершил мальчик Кажымукан?

Т́ Мәтінде бұл сұраққа сәйкес төмендегідей ақпарат бар: Бірде қыстың аязды бір күнінде бала жігіт отынға барыпты. Шанаға жеккен аты қардан жүре алмай, мұзға тайғанап, аяғын сындырып алыпты. Қажымұқан атты шанаға көтеріп салыпты да, шанасымен ауылға өзі сүйреп келіпті. Содан бастап оның атағы елге жайылыпты.
A) «қыстың аязды бір күнінде» деген тіркесті ауыстырыңыз.
B) «отынға барыпты» деген тіркесті мағынасы жақын сөздермен ауыстырыңыз.
C) «шанаға жеккен аты» деген сөздердің орнына мағынасы жақын сөздерді қолданыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

4) Атақты палуан қай жерлерде өнер көрсеткен?
Где выступал известный борец?

> **Т́** Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Атақты палуан Франция, Германия, Қытай, Түркия, Польша елдеріне барып, өнер көрсеткен.
> А) «елдеріне» деген сөзді мағынасы жақын сөзбен ауыстырыңыз.
> В) «өнер көрсеткен» деген тіркестің орнына басқа сөз қолданыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

5) Қажымұқанның өмірінің соңғы жылдары қайда өтті?
Где прошли последние годы жизни Кажымукана?

> **Т́** Мәтінде бұған мынадай жауап берілген: Қажымұқан өмірінің соңғы жылдарын Оңтүстік Қазақстан облысында өткізді. Осы күнгі Ордабасы ауданы оның қартайған кездегі құтты мекені болды.
> А) «өмірінің соңғы жылдарын» деген тіркесті басқа сөздермен ауыстырыңыз;
> В) «Қажымұқан» деген сөздің орнына басқа сөзді қолданыңыз;
> С) «өткізді» деген сөзді басқа сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

**3** Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз. Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Используя данные опорные слова, составьте диалог.
Время выполнения – 5 минут.

1) Жас палуан.
Молодой борец.
2) Атағы елге жайылу.
Слава на всю страну.
3) Қажымұқанның шет елдерде өнер көрсетуі.
Выступление Кажымукана за границей.
4) Палуанның өмірінің соңғы жылдары.
Последние годы жизни Кажымукана.

**Диалог үлгісі**
**Образец диалога**

Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, тиісті қосымшаларды жазып, диалогті толықтырыңыз.

– Қажымұқан жас кезі(...1) қандай болған?
– Ол ...(2) жігіт бол(...3)
– Ол қалай палуан атанған?
– Қыста отынға барғанда ... (4) шанамен өзі сүйретіп ...(5) әкелген. Оның күшіне сүйсінген жұрт ...(6).
– Қажымұқан ... (7) ?
– Ол ...(8) болып, олардың палуандарымен ...(9). Атағы әлем(...10) жайылған.
– Қажымұқан ... (11)?
– Ол ... (12).

**5-нұсқа**

**Құмырсқалар**
**Муравьи**

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

Диктант жазу барысында төмендегі ережелерді басшылыққа алыңыз:
При выполнении работы рекомендуется следовать следующим правилам:

Ė

| Айтылуы (Произношение) | Жазылуы (Правописание) |
|---|---|
| жұмұшшұ | жұмысшы |
| құрұлұшшұ | құрылысшы |
| күңгө ғыздырынып | күнге қыздырынып |
| көктем гезінде | көктем гезінде |
| қанат пітіп | қанат бітіп |
| әрбір ғұмұрсқа | әрбір құмырсқа |

Ė

Қазақ тіліне өзге тілден енген кірме сөздердегі дауыстылар буын үндестігі заңына бағынбай жуан, жіңішке болып араласып келеді. Мысалы: қауіп, қауіпті, қатер, рақмет, қатерлі, қатыгез, құдірет.
Гласные звуки в заимствованных словах не подчиняются закону сингармонизма. Они могут быть в одном слове и твердыми, и мягкими. Например: қауіп (опасность), қатер (опасность), қатерлі (опасный), рақмет (спасибо), қатыгез (жестокий), құдірет (сила, мощь, могущество).

Ė

илеу - муравейник

2 Диктант бойынша берілген сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша түрде өз пікіріңізді баяндаңыз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на вопросы по диктанту.

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
**Вопросы к тексту**

1) Құмырсқалардың ұйымшылдығы неден көрінеді?
В чем выражается организованность муравьев?

Т́

Мәтінде бұл сұраққа сәйкес төмендегідей ақпарат бар:
Құмырсқалар – ең ұйымшыл жәндіктер. Олар топтасып өмір сүреді.
А) «ұйымшыл» деген сөздің синонимін табыңыз.
В) «өмір сүреді» деген сөзді мағыналас сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

2) Әулеттің басшысын кім деп атайды?
Как называют главу семейства у муравьев?

Ť

Мәтінде бұл сұраққа сәйкес төмендегідей ақпарат бар: Әулеттің басшысын ханшайым деп атайды.
А) «басшы» деген сөздің орнына басқа сөз қолданыңыз.
В) «атайды» сөзін мағынасы жақын сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

3) Құмырсқалар бір-бірімен қалай амандасады?
Как муравьи здороваются друг с другом?

Ť

Мәтінде бұл сұраққа сәйкес төмендегідей ақпарат бар: Құмырсқалар бір-бірімен мұртшаларын тигізіп амандасады.
А) «бір-бірімен» деген сөзді мағынасы жақын сөздермен ауыстырыңыз;
В) «басқа» деген сөзді ауыстырыңыз;
С) «амандасады» деген сөздің синонимін табыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

4) Әулеттегі құмырсқалар еңбекті қалай бөліседі?
Как делят трудовые обязанности муравьи между собой?

Ť

Мәтінде бұл сұраққа сәйкес төмендегідей ақпарат бар: Әулеттегі әрбір құмырсқа негізгі бір жұмысты атқарады.
А) «жұмыс» сөзінің баламасын табыңыз;
В) «атқарады» сөзін мағынасы жақын сөзбен ауыстырыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

5) Құмырсқалардың атқаратын қызметіне қарай қандай түрлері болады?
На какие виды делятся муравьи по выполняемым ими обязанностям?

Ť

Мәтінде бұл сұраққа сәйкес төмендегідей ақпарат бар: Қысқа азық жиятын жұмысшы құмырсқалар, илеудің басында отырып, қауіп төнсе, хабар беретін күзетшілер, күнге қыздырынып, илеуге жылу таситын құмырсқалар, илеу жасайтын, құлаған жерін жөндейтін құрылысшы құмырсқалар бар. Әулетті жаудан қорғайтын жауынгер және жас құмырсқаларды күтіп, тәрбиелейтін күтуші құмырсқалар да кездеседі.
А) «азық жиятын» деген тіркесті ауыстырыңыз;
В) «күзетші» дегенді басқа сөздермен жеткізіңіз;
С) «жауынгер» сөзінің синонимін табыңыз;
D) «күтуші» сөзінің баламасын табыңыз.

Осы тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
Используя опорные слова, составьте предложения.

**3** Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз. Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Используя данные опорные слова, составьте диалог.
Время выполнения – 5 минут.

1) Құмырсқалар әулеті
Муравьиные семейства
2) Құмырсқалардың ұйымшылдығы
Организованность муравьев
3) Құмырсқалардың еңбекті бөлісуі
Распределение обязанностей между муравьями

Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін, тиісті қосымшаларды жазып, диалогті толықтырыңыз.

– Құмырсқалардың ...(1)?
– Олар әулет(...2) бөлінеді. Әулетті ...(3) басқарады.
– ...(4)?
– Оларда жылына бір рет, ...(5 ).
– Құмырсқалардың ... (6)?
– Олар ұжымдасып ....(7). Өздерін басқалармен шатастырмау үшін...(8). Барлық құмырсқа жұмыстар(... 9) бірлесіп атқарады.
– Құмырсқалар еңбекті қалай бөліседі?
– Біреулері ...(10).

# 3 Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар
## Блок Письмо. Итоговые задания.

**Қорқыт ата**
**Коркыт ата**

1 Аудиомәтін тыңдау арқылы шығармашылық диктант жазыңыз.
Прослушивая аудиотекст, напишите творческий диктант.

2 Диктант бойынша берілген 5 сұраққа жауап беріңіз.
Ответьте на 5 вопроса по тексту.

Мәтін мазмұнына сүйене отырып, өз пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.
Выразите письменно свое мнение, опираясь на текст диктанта.
Жауабыңызда диктанттағы сөздер мен сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды.
Не допускается в ответах использовать предложения из текста дословно.
Сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.
Необходимо заменить их словами, близкими по значению (синонимами).
Тапсырманы орындау уақыты – 10 минут.
Время выполнения– 10 минут.

**Мәтін бойынша сұрақтар:**
**Вопросы к тексту**

1) Қорқыт ата кім?
Кем был Коркыт ата?
2) Қорқыт қайда туып-өскен?
Где родился и жил Коркыт?
3) Қорқыт атануы жайлы қандай аңыз бар?
Какая легенда существует о возникновении его имени «Коркыт?»
4) Қорқыт туралы қандай еңбек бар?
Какой труд существует о Коркыт ата?
5) Қорқыт қазақ халқы үшін не істеген?
Что сделал Коркыт для казахского народа?

3 Ұсынылған тірек-клишеге сүйене отырып, жазбаша диалог құрастырыңыз.
Тапсырманы орындау уақыты – 5 минут.
Используя данные опорные слова, составьте диалог.
Время выполнения – 5 минут.

1) Қазақ халқының ұлы ойшылы.
Великий мыслитель казахского народа.
2) Қорқыт жайлы халық аңызы
Народная легенда о Коркыт ата.
3) Қорқыт ата кітабы.
Книга Коркыт ата.

V тарау

# *Қосымшалар*

# *Приложения*

# 1 Тыңдалым бөлігінің қосымшасы
## Приложение к блоку Аудирование

### Тыңдалым бөлігі бойынша тілдік дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар
Задания на формирование речевых навыков по блоку Аудирование

Базалық деңгейдің **бірінші бөлімі** бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар диалогтегі дұрыс, қате ақпараттарды таба білуге және диалог мазмұнына сәйкес ақпараттарды табу мен қолдана алуға, мазмұнды түсінгендігін айқындауға арналған.

Задания 1 части базового уровня направлены на формирование компетенции находить нужную информацию, правильно использовать ее в речи.

**1-диалог**

- Кешіріңіз, бас инженерсіз бе?
- Жоқ, мен бас инженер емеспін, ол офиске директорға кетті. Мен цех мастері боламын.
- Мен сіздерге жаңадан келген жұмысшымын. Атым – Жұмагүл.
- Жақсы, мен Ақай Сағатұлы боламын. Осында мастер болып істеймін. Қалай зауытпен таныстың ба?
- Жоқ, бүгін алғашқы жұмыс күнім, әлі зауытты жақсылап аралап көрмедім.
- Жарайды, түскі үзілісте осы цехты аралатып көрсетейін.

**1** Төмендегі ақпараттардың дұрыс/бұрысын көрсетіңіз. Дұрыс қатарға «д», ал қате қатарға «қ» әрпін қойыңыз.
Покажите правильную («д») и неправильную («қ») информацию.

А) Әңгіме жұмыс күнінің бірінші жартысында өтіп жатыр.
Ә) Әңгіме бастықтың кабинетінде, офисте өтіп жатыр.
Б) Әңгіме зауыт директорлары арасында жүріп жатыр.
В) Зауыттың бас инженері бүгін бірінші күн жұмысқа шықты.
Г) Зауытқа жаңа келген инженердің аты – Жұмагүл.
Ғ) Ақай Сағатұлы зауытта мастер болып істейді.

**2** Бос орындарды толтырыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные слова.

– Кешіріңіз, ____________ бе?
– Жоқ, мен ______________ _______, ол бастыққа кетті. Мен __________ боламын.
– Мен сіздерге жаңадан келген ____________. Атым – Жұмагүл.
– Жақсы, мен Ақай Сағатұлы боламын. Осында __________болып істеймін.
– Қалай _____________ таныстың ба?
– Жоқ, бүгін _______________, әлі зауытты жақсылап аралап көрмедім.
– Жарайды, ___________ осы цехты аралатып көрсетейін.

## 2-диалог

– Сәлем, қайда асығып барасың, Дархан?
– А, қалайсың, Сәуле. Вокзалға асығып барамын. Ауылдан атам келе жатыр, соны күтіп алу керек.
– Пойыз қашан келеді?
– 15 минуттан кейін.
– Үлгересің бе, неге кеш шықтың?
– Көлігім бұзылып қалды, соны жөндеймін деп уақытым кетті. Бәрібір болмады. Қазір көшеден такси ұстаймын.
– Жарайды, мен апарып салайын. Жүр, көлігім талдың көлеңкесінде.
– Сенде жұмыс жоқ па?
– Мен боспын, менде демалыс қой.
– Онда кеттік, жақсы болды, көрші деп сені айт. Рақмет!

**3** Бос орынға мағынасына қарай қажетті сөздерді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные по содержанию слова.

**Қажетті сөздер:** *демалыс, жұмыс, көлігім, вокзалға, қазір, такси.*

– Қайда асығып барасың?
– ________. Ауылдан атам келе жатыр, соны күтіп алу керек.
– Пойыз қашан келеді?
– 15 минуттан кейін.
– Үлгересің бе, неге кеш шықтың?
– _______ бұзылып қалды, соны жөндеймін деп уақытым кетті. Бәрібір болмады. Қазір _________ ұстаймын.
– Жарайды, мен апарып салайын.
– Сенде _________ жоқ па?
– _______ боспын, менде ________ қой.
– Онда кеттік, жақсы болды.

**4** Жақша ішіндегі сөздердің диалог мазмұнына сәйкес келетінін астын сызып көрсетіңіз.
Подчеркните слово, соответствующее содержанию текста из данных в скобках слов.

А) Дархан мен Сәуле (көшеде, вокзалда, пойызда, көлікте) кездесіп қалды.
Ә) (Дарханның, Сәуленің) көлігі бұзылып қалды.
Б) Вокзалға барып, (атасын, көршісін) күтіп алу керек.
В) Сәуленің машинасы (көлеңкеде, көшеде, вокзалда) тұр.
Г) Сәуле қазір бос, өйткені ол (түскі үзілісте, демалыста, іссапарда) жүр.
Ғ) Дарханның көп уақыты (бұзылған көлікті жөндеуге, такси ұстауға, пойызды күтуге) кетті.

Базалық деңгейдің **екінші бөлімі** бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар диалог немесе мәтінде баяндалған жайдың (оқиғаның) мазмұны бойынша сөйлемді аяқтау, сөйлемді толықтыру, сондай-ақ қолданылған диалог немесе мәтіндегі сөздерді мағыналас сөздермен алмастыруға арналған.

### 3-диалог

– «Кенесары хан» фильмін түсіру идеясы қалай пайда болды?

– Бір жыл Кенесары Қасымовтың еңбегі, өмірі туралы мәліметпен танысып, сценарий жазуға кірістім. Көркем фильмнің сценарийін дайындап қойған едім. Кейін деректі фильм түсіруге бел будым.

– Неге?

– Жұмыс барысында жастар арасында сауалнама жүргіздім. Нәтижесінде қазіргі жас буын өкілдерінің танымы Кенесарының қазақтың соңғы ханы болғандығы және оның басы шабылғаны туралы мәліметпен ғана шектелетінін байқадым. Кенесары ханның Қазақстан тарихындағы рөлі, не үшін күрескені туралы нақты түсінік жоқ. Сондықтан алдымен деректі фильм түсіруді жөн көрдім.

– Сценарий жазу барысында қандай еңбектерге, дерек көздеріне жүгіндіңіз?

– Кенесары туралы жазылған барлық еңбектерді қарап шықтым.

– Фильмнің ғылыми кеңесшісі белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиев болды.

*(«Кенесары хан» деректі фильмінің сценарий авторы әрі режиссері Марат Қоңыровпен сұхбаттан үзінді. «Аңыз адам» журналынан).*

**5** Берілген ақпараттарды негізгі және қосымша деп екіге топтастырыңыз.
Представленную информацию разделите на основную и дополнительную.

| Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

Кенесары хан туралы фильмнің сценарийі жазылды.
Жастар арасында сауалнама жүргізілді.
Белгілі тарихшы фильмнің ғылыми кеңесшісі болды.
Жас буын өкілдері Кенесарының қазақтың соңғы ханы болғандығын біледі.
Сауалнама нәтижесі режиссердің көркем фильм түсіру туралы ойына әсер етті.
Кенесарының не үшін күрескені туралы жастар біле бермейді.
Сценарий авторы Кенесарыға қатысты ақпараттармен бір жыл танысты.

**6** Ақпараттарды диалог мазмұны бойынша сәйкестендіріңіз.
Вставьте информацию в соответствии с содержанием диалога.

| | |
|---|---|
| Мәмбет Қойгелдиев «Кенесары хан» фильміне | сценарий жазған |
| | ғылыми кеңесші |
| | режиссер |
| | көрермен |

| | |
|---|---|
| Қазіргі жастардың Кенесары хан туралы танымы | Қазақ ханы болғанын біледі |
| | Қазақстан тарихындағы рөлін біледі |
| | Оның не үшін күрескенін жақсы біледі |

| | |
|---|---|
| Режиссер Кенесары хан туралы | көркем фильм түсірді |
| | фильмнің тұсаукесерін өткізді |
| | деректі фильм түсірді |

Базалық деңгейдің **үшінші бөлімі** бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар мәтін тақырыбын айқындау, бөліктегі ақпараттарды есте сақтауға, тірек сөздерді, мағыналас сөздерді, қарсы мағыналас сөздерді айқындауға арналған.

**1-мәтін**

Кірпінің Қазақстанда 3 түрі бар: кәдімгі кірпі, құлақты кірпі және қара кірпі. Кірпінің арқасында, бүйірінде инесі (тікенек) болады. Денесінің ұзындығы – 13-27 см, ал салмағы 700-800 грамм. Кірпі орманда, бау-бақшада, бұта арасында, тіпті елді мекендерде тіршілік етеді. Жемін әдетте, іңірде және түнде аулайды. Жәндіктермен, жыланмен қоректенеді. Қараша айында ұйқыға кетеді де, көктемде күн жылынғанда оянады. 35-42 күнде жылына бір рет көктемде 3-4-тен балалайды. Орта есеппен 6 жыл өмір сүреді. Мал пироплазмозы ауруын таратады.

**7** Берілген сөздер қатарынан асты сызылған сөздердің мағыналас баламасын табыңыз.
Из перечисленных слов найдите синономические слова к подчеркнутым словам.

**Қажетті сөздер:** *ауыл, қараңғы түскен кез, өмір сүру, жеу, ұстау, көбею, азық.*

А) Кірпі жемін әдетте, түнде аулайды.
Ә) Іңірде немесе түнде аулайды.
Б) Бұта арасында, тіпті елді мекендерде тіршілік етеді.
В) Жәндіктермен, жыланмен қоректенеді.
Г) Жылына бір рет көктемде 3-4-тен балалайды.

**8** Сұрақтарға мәтін мазмұнында бар ақпараттармен жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы, включив информацию, которая представлена в содержании текста.

– Кірпі қыста не істейді?
– ______________________________.

– Кірпі нешеден балалайды?
– _____________________________.

– Кірпі нені қорек етеді?
– _____________________________.

– Кірпі жемін қай уақытта аулайды?
– ____________________________.

– Кірпінің қандай зияны бар?
– _____________________________ .

## 2-мәтін

### Апта күндері

Үндістерде сейсенбі сәтсіз күн саналатындықтан, олар бұл күні маңызды істермен айналыспауды және алыс жолға шықпауды жөн санайды.

Қазақ танымында аптаның үшінші күні сәтті деп саналып, осы күнгі істерді жақсылыққа балаған.

Кеңес одағы кезінде барлық асханаларда бейсенбі «балық күні» деп аталып, осы күнгі ас мәзіріндегі тағамдардың барлық түрлері тек қана балықтан дайындалған. Жұма мұсылмандарда қасиетті күн саналады. Бұл күн барлық ислам елдерінде демалыс күні болып табылады. Аптаның жұма күніне қатысты басқа да наным-сенімдер бар. Кейбір ырымға сенетін адамдар 13 саны жұмаға сәйкес келген күн сәтсіздікке толы болады деп санайды.

**9** Мәтін мазмұны бойынша төмендегі ақпарттардың дұрыс/бұрыс екендігін көрсетіңіз. Дұрыс қатарға «д», ал қате қатарға «қ» әрпін қойыңыз.
В соответствии с содержанием текста укажите правильные и неправильные утверждения. Вставьте отметку «д», если утверждение правильное, в противном случае поставьте «қ».

А) Мәтіндегі негізгі ақпарат бейсенбі күнгі ас мәзірі туралы.
Ә) Үндістер сейсенбі күні жолға шығуды дұрыс деп таппаған.
Б) Қазақтар сәрсенбі күнді жақсы күн деп санаған.
В) Аптаның төртінші күні араб елдерінде қасиетті күн саналады.
Г) Үндістер маңызды істерін аптаның екінші күні бастаған.
Ғ) Ырымға сенбейтіндер он үш саны сәйкес келген аптаның бесінші күнін сәтсіздікке толы деп есептемейді.

**10** Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпараттарды көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

| | |
|---|---|
| Сәрсенбі | ___ |
| Бейсенбі | ___ |
| Сейсенбі | ___ |
| Жұма | ___ |

**11** Сұхбаттың аптаның қай күні өтіп жатқандығын көрсетіңіз.
Укажите день недели, в который проходит диалог.

| | |
|---|---|
| Аптаның жеті күнінің өз ерекшеліктері айтылған. | ____ |
| Мұсылман елдері үшін қасиетті саналатын күн көрсетілген. | ____ |
| Ұлттық асханаларда аптаның бір күні таза балық тағамдарын дайындауға арналады. | ____ |
| Адамдар арасында аптаның бесінші күніне қатысты екі түрлі түсінік бар: сәтті күн және сәтсіз күн. | ____ |

Базалық деңгейдің **төртінші бөлімі** бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар диалог бойынша тапсырмалар негізгі ақпаратты таба білуге, диалогтағы сындық және сандық деректерді ажырата білуге арналған

### 3-мәтін

Қорқыт ата – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, қобызшы, данышпан адам. Ол қазіргі Қызылорда облысының жеріндегі Сырдария өзенінің жағасында Жаңакент қаласында 8-9 ғасырларда, енді бір деректерде 10 ғасырдың басында өмір сүрген. Бұл Жаңа қала Сыр өзенінің Арал теңізіне құятын жерінде орналасқан.

Қазақтың аңыздарында Қорқыттың дүниеге келуін өте қорқынышты етіп көрсетеді. Сол күні Сырдария жағасын және Қаратаудың басын қара бұлт басады, қатты жел соғады, нөсерлі жауын құяды, үш күнге дейін күн көзі ашылмайды. Қорыққан халық осындай жағдайда дүниеге келген сәбиге Қорқыт деп ат қояды.

**12** Бос орындарды мазмұнға сай толтырыңыз.
Дополните предложения с содержанием текста.

1) Қорқыт ата қазіргі ______________________ жерінде туылған.
2) Жаңакент қаласы _________________________ жағасына орналасқан.
3) Сырдария _____________________ теңізіне құяды.
4) Қорқыт дүниеге келерде _____________ қара бұлт басады.
5) Қара бұлт _______________ соң ашылады.

**13** Мәтінде асты сызылған сөздердің қандай мағына беретінін көрсетіңіз.
Укажите смысл подчеркнутых слов.

| | |
|---|---|
| Қорқыт дүниеге келерде <u>күн көзі ашылмайды</u> | аспанда күн көрінбейді |
| | күн қатты суытады |
| | күн қатты ыстық болады |

| | |
|---|---|
| Жауын <u>құяды</u> | жаңбыр жаймен себелеп жауады |
| | жаңбыр қатты жауады |
| | жаңбыр сіркіреп жауып өтеді |

# 2 Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы
## Приложение к Лексико-грамматическому блоку

**Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар**
Аффиксы, которые не подчиняются закону сингармонизма

**1-жаттығу**
Жуан қосымша жалғанатын сөздерді бір бөлек, жіңішке қосымша жалғанатын сөздерді бір бөлек жазыңыз.
Выпишите в два столбика слова с твердым окончанием и слова с мягким окончанием

Декан, континент, мұғалім, емтихан, газет, банкет, концерт, комитет, депутат, семинар, компьютер, парк, цирк, лифт, әуежай, қасиет, қадір, кітап, театр, кәсіподақ, қолөнер, баспасөз, демалыс, банк, ансамбль.

| Жуан қосымша жалғанатын сөздер | Жіңішке қосымша жалғанатын сөздер |
|---|---|
| | |

***Жауабы:***

| Жуан қосымша жалғанатын сөздер | Жіңішке қосымша жалғанатын сөздер |
|---|---|
| Декан, емтихан, депутат, семинар, әуежай, кітап, театр, кәсіподақ, демалыс. | Континент, мұғалім, газет, банкет, концерт, комитет, компьютер, парк, цирк, лифт, қасиет, қадір, қолөнер, баспасөз, банк, ансамбль. |

**2-жаттығу**
Төмендегі сөздерге сингармонизм заңына бағынбайтын қосымшаларды жалғаңыз.
Присоедините к словам окончания, не подчиняющиеся закону сингармонизма.

Айла..., дүние..., әуес..., бал..., қалам..., сөз..., сән..., саясат..., өнер..., арба..., ем..., жұмыс..., әке..., мейрам..., ағам..., бала..., пайда..., әзіл..., үй..., кітап... .

**Қажетті қосымшалар:**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| кер | хана | гер | дікі | қой | мен | кеш |
| кер | хана | гер | дікі | қой | паз | кеш |
| кер | мен | кер | нікі | қор | күнем | |

***Жауабы:***

Айлакер, дүниеқор, әуесқой, балгер, қаламгер, сөздікі, сәнқой, саясаткер, өнерпаз, арбакеш, емхана, жұмыскер, әкенікі, мейрамхана, ағамдікі, баланікі, пайдақор, әзілкеш, үймен, кітапхана.

Ė Дыбыс үндестігіне бағынбайтын қосымшалар
Аффиксы, которые не подчиняются закону сингармонизма
(к - г; қ - ғ; п - б)

**1-жаттығу**

Берілген сөздерді соңғы дыбысына қарай анықтап, бағандарға орналастырыңыз.

Расположите данные слова по столбцам относительно последнего звука: твердый, мягкий, глухой, звонкий и сонорный.

Жер, ел, тамақ, қонақ, киім, денсаулық, сапар, айлық, пойыз, жоспар, еңбек, сағат, қоғам, ғасыр, өзен, бағыт, ғалым, мұғалім, емтихан, депутат, тәулік, темір, күз, құрылыс, ұстаз, жүз, көпір, көмек, шақырым, үзіліс, жиһаз, жаһан, ұйым, кең, газет, компьютер, кәсіпорын.

| | ҚАТАҢ | ҰЯҢ | ҮНДІ |
|---|---|---|---|
| ЖУАН | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| ЖІҢІШКЕ | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

***Жауабы:***

| | ҚАТАҢ | ҰЯҢ | ҮНДІ |
|---|---|---|---|
| ЖУАН | қонақ | пойыз | сапар |
| | денсаулық | жиһаз | жоспар |
| | айлық | ұстаз | қоғам |
| | сағат | | ғасыр |
| | бағыт | | емтихан |
| | депутат | | ғалым |
| | құрылыс | | шақырым |
| | | | жаһан |
| | | | ұйым |
| | | | кәсіпорын |
| ЖІҢІШКЕ | еңбек | күз | жер |
| | тәулік | жүз | ел |
| | көмек | | киім |
| | үзіліс | | өзен |
| | газет | | мұғалім |
| | компьютер | | темір |
| | | | көпір |
| | | | кең |
| | | | |

**2-жаттығу**

Қажетті қосымшаларды жалғаңыз.

Присоедините нужные аффиксы.

| п – б | қ – к | к - г |
|---|---|---|
| кітап – кіта_+ың<br>кәсіп – кәсі_+ің<br>тәртіп – тәртіб+...<br>топ – то_ +ымыз<br>қап – қа_ ыңыз<br>доп – до_+ымыз<br>мектеп – мекте_+ім | қазақ – қаза_+ым<br>бақ – ба_+ыңыз<br>тарақ – тара_ +...<br>иық – иы_ +ым<br>сабақ – саба_+ым<br>тамақ – тама_+ың<br>жазық – жазы_+ ы<br>қасық – қасы_+ ы<br>таяқ – тая_ +ыңыз<br>саусақ – сауса_+ым<br>қонақ – қона_+ымыз<br>орындық – орындығ+... | иек – ие_+ім<br>көлік – көлі_+іңіз<br>жүрек – жүре_+ің<br>бесік – бесі_+і<br>күрек – күре_+ің<br>серік – сері_ +і<br>тілек – тіле_+ім<br>білек – біле_+<br>кезек – кезе_ +ім<br>жидек – жиде_ +ім<br>бүйрек – бүйре _ +іңіз<br>шелек – шеле_ +ің<br>жүйрік – жүйрі_ +ім |

***Жауабы:***

| п – б | қ – к | к - г |
|---|---|---|
| кітап – кітабың<br>кәсіп – кәсібің<br>тәртіп – тәртібі<br>топ – тоб +ымыз<br>қап – қабыңыз<br>доп – доб+ымыз<br>мектеп – мектеб+ім | қазақ – қазағым<br>бақ – бағ_+ыңыз<br>тарақ – тарағ +ы<br>иық – иығ +ым<br>сабақ – сабағ+ым<br>тамақ – тамағ+ың<br>жазық – жазығ+ ы<br>қасық – қасығ+ ы<br>таяқ – таяғ +ыңыз<br>саусақ – саусағ+ым<br>қонақ – қонағ+ымыз<br>орындық – орындығ+ы | иек – иег+ім<br>көлік – көліг+іңіз<br>жүрек – жүрег+ің<br>бесік – бесіг+і<br>күрек – күрег+ің<br>серік – серіг +і<br>тілек – тілег+ім<br>білек – білег+ і<br>кезек – кезег +ім<br>жидек – жидег +ім<br>бүйрек – бүйрег +іңіз<br>шелек – шелег +ің<br>жүйрік – жүйріг+ім |

**Антонимдер (күрделі түрі)**
Антонимы (сложные формы)

**1-жаттығу**

Антонимдік қатарға кірмейтін сөздерді алып тастаңыз.
Вычеркните слова, которые не входят в антонимический ряд.

| | |
|---|---|
| ащылы – тұзды | ауызғы – төргі |
| зиянды – қауіпті | зиянды – қатерлі |
| пайдалы – шипалы | жеңілдеу – ауырлау |
| сәлемдесті – қоштасты | уақытында – дер кезінде |
| таңертеңгі – түскі | жазылды – жазылмады |
| жақындау – алыстау | ақылды – ақымақ |
| қабылдады – өткізді | мейірімді – мейірімсіз |
| басталды – аяқталды | айналысты – шұғылданды |
| тиімді – тиімсіз | қолайлы – тиімді |
| қайғыру – қуану | қуаныш – өкініш |
| жақсылық – жамандық | соңғы – ақырғы |
| төзімді – әлсіз | жоғарғы – төменгі |

***Жауабы:***

| | |
|---|---|
| сәлемдесті – қоштасты | ауызғы – төргі |
| жақындау – алыстау | төзімді – әлсіз |
| қабылдады – өткізді | жеңілдеу – ауырлау |
| басталды – аяқталды | ақылды – ақымақ |
| қайғыру – қуану | қуаныш – өкініш |
| жақсылықт -жамандық | жоғарғы – төменгі |
| мейірімді - мейірімсіз | тиімді - тиімсіз |

## Синонимдер (жиі қолданылатын түрлері)
Синонимы (часто используемые формы)

### 1-жаттығу

Синонимдік қатарға кірмейтін сөздерді алып тастаңыз.
Вычеркните слова, которые не входят в синонимический ряд.

| | | | |
|---|---|---|---|
| әдет<br>әдіс<br>дағды<br>машық | жағымсыз<br>ұнамсыз<br>сүйкімсіз<br>жағымпаз | нандыру<br>сендіру<br>иландыру<br>нақтылы | сауығу<br>жазылу<br>думандау<br>айығу |
| шөлдеу<br>сусау<br>шөліркеу<br>шөлейт | ұрпақ<br>әулет<br>отбасы<br>тұқым | сабырлы<br>байсалды<br>шыдамды<br>салмақты | неге<br>қалайша<br>немесе<br>неліктен |

***Жауабы:***

| | | | |
|---|---|---|---|
| әдейі<br>дағды<br>машық | жағымсыз<br>ұнамсыз<br>сүйкімсіз | нандыру<br>сендіру<br>иландыру | сауығу<br>жазылу<br>айығу |
| шөлдеу<br>сусау<br>шөліркеу | ұрпақ<br>тұқым | сабырлы<br>байсалды<br>салмақты | неге<br>неліктен |

## Біріккен сөздер (адам, жер-су атауларынан бөлек)
Слитные слова

### 1-жаттығу

Екі сөзден біріккен сөздерді бағандарға рет-ретімен орналастырыңыз.
Расположите слитные слова по столбцам.

| Құс атаулары | Жануар атаулары | Шөп атаулары |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**Қажетті сөздер:** *жолбарыс, ақбөкен, тауешкі, өгейшөп, таңқурай, түйежапырақ, саршұнақ, қосаяқ, адыраспан, мыңжапырақ, қарақұс, аққу, көкқұтан, тотықұс, бірқазан*

***Жауабы:***

| Құс атаулары | Жануар атаулары | Шөп атаулары |
|---|---|---|
| аққу | жолбарыс | өгейшөп |
| қарақұс | ақбөкен | таңқурай |
| көкқұтан | тауешкі | түйежапырақ |
| тотықұс | саршұнақ | адыраспан |
| бірқазан | қосаяқ | мыңжапырақ |

## Қос сөздер. Қос сөздердің берілуі

Парные слова

### 1-жаттығу

Берілген қос сөздерді мағынасына қарай екі бағанға орналастырыңыз.
Расположите парные слова по столбцам по смыслу.

| Қайталама қос сөздер | Қосарлама қос сөздер |
| --- | --- |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

**Қажетті сөздер:** *үлгі-өнеге, ата-ана, су-су, ағайын-туыс, бірлік-береке, өнер-білім, жолма-жол әрі-бері, емін-еркін, киім-кешек, бара-бара, тау-тау, көзбе-көз, өз-өзі, көрші-қолаң, көре-көре, ыдыс-аяқ, сөйлей-сөйлей, жүре-жүре, айта-айта*

***Жауабы:***

| Қайталама қос сөздер | Қосарлама қос сөздер |
| --- | --- |
| су-су | үлгі-өнеге |
| жолма-жол | ата-ана |
| бара-бара | ағайын-туыс |
| тау-тау | бірлік-береке |
| көзбе-көз | өнер-білім |
| өз-өзі | әрі-бері |
| көре-көре | емін-еркін |
| сөйлей-сөйлей | киім-кешек |
| жүре-жүре | көрші-қолаң |
| айта-айта | ыдыс-аяқ |

### 2-жаттығу

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

1. Баламның досы Андрей қазақша ... сөйлейді.
2. Маған ... тігілген киімдер қолайлы.
3. Ұшақтың салондары ..., стюардесса қыздар ... киінген.
4. Астананың сәулетті ғимараттарын ... жағым талды.
5. Апам бәлішті ... етіп дайындайды.
6. Түйіндемеде ... тұрғылықты орныңа байланысты дұрыс көрсету керек.
7. Қазақ тілін білетіндер саны ... көбейіп келеді.
8. ... таңертеңнен кешке дейін жұмыста, мен үй жұмыстарына көмектесемін.
9. Үй иесі дастарқанға ... апорт алмасын әкеп қойды.
10. Мен троллейбусқа ... мінемін.

**Қажетті сөздер:** *жап-жақсы, мақта-матадан, тап-таза, тап-тұйнақтай, айта-айта, дәп-дәмді, мекенжайды, жылдан-жылға, әке-шешем, қып-қызыл, анда-санда*

***Жауабы:***

*1. Баламның досы Андрей қазақша жап-жақсы сөйлейді.*
*2. Маған мақта-матадан тігілген киімдер қолайлы.*
*3. Ұшақтың салондары тап-таза, стюардесса қыздар тап-тұйнақтай киінген.*
*4. Астананың сәулетті ғимараттарын айта-айта жағым талды.*
*5. Апам бәліштi дәп-дәмді етіп дайындайды.*
*6. Түйіндемеде мекенжайды тұрғылықты орныңа байланысты дұрыс көрсету керек.*
*7. Қазақ тілін білетіндер саны жылдан-жылға көбейіп келеді.*
*8. Әке-шешем таңертеңнен кешке дейін жұмыста, мен үй жұмыстарына көмектесемін.*
*9. Үй иесі дастарқанға қып-қызыл апорт алмасын әкеп қойды.*
*10. Мен троллейбусқа анда-санда отырамын.*
*11. Мен троллейбуспен анда-санда жүремін.*

**2-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

1. Баламның досы Андрей қазақша ... сөйлейді.
2. Маған ... тігілген киімдер қолайлы.
3. Ұшақтың салондары ..., стюардесса қыздар ... киінген.
4. Астананың сәулетті ғимараттарын ... жағым талды.
5. Апам бәліштi ... етіп дайындайды.
6. Түйіндемеде ... тұрғылықты орныңа байланысты дұрыс көрсету керек.
7. Қазақ тілін білетіндер саны ... көбейіп келеді.
8. ... таңертеңнен кешке дейін жұмыста, мен үй жұмыстарына көмектесемін.
9. Үй иесі дастарқанға ... апорт алмасын әкеп қойды.
10. Мен троллейбусқа ... мінемін.

**Қысқарған сөздер**
Сокращенные слова

**1-жаттығу**
Қысқарған сөздерді жасалу жолына қарай топтап жазыңыз.
Сгруппируйте сокращенные слова по способу их образования.

| Басқы дыбыстары қысқарған сөздер | Бірінші сөздің басқы буыны мен соңғы сөздің түбір күйінде жазылуы | Әрбір сөздің басқы буыны |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

ҚОСЫМШАЛАР

**Қажетті сөздер:** *ҚР, ҰҚҚ, БҰҰ, мехмат, телебағдарлама, биоотын, кәсіподақ, медколледж, бейнекөрініс, геофак, экономфак, агробірлестік, фотокөшірме, авиабилет, т.с.с., саябақ, телекөпір, ФИФА, Аупартком, ІІМ, ДБК, ТМД, ХВҚ, Орсайком, ҚҚА, АҚШ т.б.*

***Жауабы:***

| Басқы дыбыстары қысқарған сөздер | Бірінші сөздің басқы буыны мен соңғы сөздің түбір күйінде жазылуы | Әрбір сөздің басқы буыны |
|---|---|---|
| ҚР | биоотын | мехмат |
| ҰҚҚ | телебағдарлама | Аупартком |
| БҰҰ | кәсіподақ | телешоу |
| ІІМ | медколледж | ұжымшар |
| ФИФА | бейнекөрініс | экономфак |
| ДБК | агробірлестік | Орсайком |
| ХВҚ | фотокөшірме | |
| АҚШ | авиабилет | |
| т.с.с. | саябақ | |
| ҚҚА | телекөпір | |

**Күрделі атаулар**
**Күрделі атаулардың белсенді түрлері**
Сложные названия

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

| Басқы дыбыстары қысқарған сөздер | Бірінші сөздің басқы буыны мен соңғы сөздің түбір күйінде жазылуы | Әрбір сөздің басқы буыны |
|---|---|---|
| ҚР | биоотын | мехмат |
| ҰҚҚ | телебағдарлама | Аупартком |
| БҰҰ | кәсіподақ | телешоу |
| ІІМ | медколледж | ұжымшар |
| ФИФА | бейнекөрініс | экономфак |
| ДБК | агробірлестік | Орсайком |
| ХВҚ | фотокөшірме | |
| АҚШ | авиабилет | |
| т.с.с. | саябақ | |
| ҚҚА | телекөпір | |

**Қажетті сөздер:** *Денсаулық сақтау министрлігі, жасөспірімдер, төрағасы, көшбасшы, пәтерақы, жолсерік, кинофильмі*

***Жауабы:***
*1. Осы айда пәтерақы қымбаттап кетті.*
*2. Қалада жасөспірімдер арасында қазақша күрестен жарыс өтті.*
*3. Денсаулық сақтау министрлігі темекі шегу денсаулыққа зиян екенін ескертеді.*
*4. Қазақстан – көшбасшы мемлекет.*
*5. «Қыз Жібек» кинофильмі көрсетіліп жатыр.*
*6. Пойызда жолсерік билет тексерді.*
*7. Қабылдау комиссиясының төрағасы жұмыс тобын құрды.*

**Сөз түрлендіруші жұрнақтар**
Формообразующие суффиксы

**1-жаттығу**
Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз.
Дополните предложения, вставляя нужное слово.

1. Асанның ... өзінен бес жас кіші.
2. ..., мен ауылды қатты сағындым.
3. ..., жаңа қызметің құтты болсын!
4. Қолындағы ... атасына көрсетіп жатыр.
5. Ауыл шетіндегі ... қарай жүрді.
6. Дәлізге әдемі ... төселіпті.
7. ..., ойыншығыңды кім әперді?
8. Жаңа үйлерінің бөлмелері ... сияқты.
9. Үстіне жеңсіз ... кофта киген.
10. Бүгін ауылдан апасы ... болды.

**Қажетті сөздер:** *келіншегі, апатай, Берікжан, кітапшасын, көлшікке, кілемше, балақай, кеңірек, күлгіндеу, келетін*

***Жауабы:***

*1. Асанның келіншегі өзінен бес жас кіші.*
*2. Апатай, мен ауылды қатты сағындым.*
*3. Берікжан, жаңа қызметің құтты болсын!*
*4. Қолындағы кітапшасын атасына көрсетіп жатыр.*
*5. Ауыл шетіндегі көлшікке қарай жүрді.*
*6. Дәлізге әдемі кілемше төселіпті.*
*7. Балақай, ойыншығыңды кім әперді?*
*8. Жаңа үйлерінің бөлмелері кеңірек сияқты.*
*9. Үстіне жеңсіз күлгіндеу кофта киген.*
*10. Бүгін ауылдан апасы келетін болды.*

**Барыс септігінің бағытты білдіруі**
Дательный падеж (значение направления)

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужные окончания.

Мен жұмыстан соң дүкен... барамын. Сен жазда ауыл... барасың. Айым ертең іссапармен Алматы... кетеді. Біз қазір қонақ... барамыз. Балалар цирк... бара жатыр. Кітапхана... барып, кітап қарасам ба деп отырмын. Ақша алуға банкі... бара жатырмын. Спорт сарайы... жаттығуға барамын. Пойыз таңертең Астана қаласы... келіп жетті. Ағам жолда досы... соғамын деген болатын. Апам ауырып, емхана... кетті.

**Қажетті қосымшалар: -***ге, -ға, -ға, -қа, -ке, -ға, -ге, -на, -на, -на, -ға.*

***Жауабы:***

*Мен жұмыстан соң дүкенге барамын. Сен жазда ауылға барасың. Айым ертең іссапармен Алматыға кетеді. Біз қазір қонаққа барамыз. Балалар циркке бара жатыр. Кітапханаға барып, кітап қарасам ба деп отырмын. Ақша алуға банкіге бара жатырмын. Спорт сарайына жаттығуға барамын. Пойыз таңертең Астана қаласына. келіп жетті. Ағам жолда досына соғамын деген болатын. Апам ауырып, емханаға кетті.*

**2 жаттығу**
Кестені қажетті сөздермен толтырыңыз.
Дополните таблицу, вставляя нужные по смыслу слова.

| Кімге барамын? | Неге барамын? | Қайда барамын? |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**Қажетті сөздер:** *Бастыққа, құрбыма, көршіме, бала-шағама, ата-анама; Оқуға түсуге, жұмыс іздеуге, ақша алуға, сәлем беруге, қонақ шақыруға; Театрға, жұмысқа, дәріханаға, үйге, дүкенге.*

***Жауабы:***

| Кімге барамын? | Неге барамын? | Қайда барамын? |
|---|---|---|
| бастыққа | оқуға түсуге | театрға |
| құрбыма | жұмыс іздеуге | жұмысқа |
| көршіме | ақша алуға | дәріханаға |
| бала-шағама | сәлем беруге | үйге |
| ата-анама | қонақ шақыруға | дүкенге |

## Шығыс септігінің мезгілдік мағынаны білдіруі
Исходный падеж (значение времени)

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

1. Дүкен таңертеңгі ... кешкі сегізге дейін жұмыс істейді.
2. Түскі үзіліс ... үшке дейін.
3. Қазанның ... бастап күн суыта бастайды.
4. Жұмыс ... басталады.
5. ... кейін жаз басталады.
6. ... соң үйге қайтамыз.
7. Сағат ... жұмыс басталады.

**Қажетті сөздер:** *сегізден, екіден, соңынан, дүйсенбіден, көктемнен, жұмыстан, тоғыздан*

***Жауабы:***

*1. Дүкен таңертеңгі сегізден кешкі сегізге дейін жұмыс істейді.*
*2. Түскі үзіліс екіден үшке дейін.*
*3. Қазанның соңынан бастап күн суыта бастайды.*
*4. Жұмыс дүйсенбіден басталады.*
*5. Көктемнен кейін жаз басталады.*
*6. Жұмыстан соң үйге қайтамыз.*
*7. Сағат тоғыздан жұмыс басталады.*

**2 жаттығу**
Төмендегі сөздерге қажетті жалғауды жалғаңыз.
Присоедините окончания к нижеследующим словам.

- Сен қайдан келдің?
- Мен Астана... келдім. Өзіңіз қайдан келдіңіз?
- Мен Алматы қаласы... келдім. Сен қай банк... келіп тұрсың?
- Мен «Халық банкі...» келдім. Өзіңіз қайдан келіп тұрсыз?
- Мен «ТұранӘлем» банкі... келдім. Есептеу бөлімі... келдім.
- Сіздерде жұмыс күні нешеден нешеге дейін?
- Сағат сегіз... алтыға дейін.
- Түскі үзілістеріңіз ше?
- Түскі үзіліс бір... бір жарымға дейін.
- Дүйсенбі... жексенбіге дейін бе?
- Жоқ, сенбі... бастап демаламыз.
- Жақсы екен.
- Кешіріңіз, семинар басталды ғой деймін. Сағат неше болды?
- Тоғыз... екі минут кетті.
- Онда кірейік.
- Жарайды.

***Жауабы:***

*- Сен қайдан келдің?*
*- Мен Астанадан келдім. Өзіңіз қайдан келдіңіз?*
*- Мен Алматы қаласынан келдім. Сен қай банктен келіп тұрсың?*
*- Мен «Халық банкінен» келдім. Өзіңіз қайдан келіп тұрсыз?*
*- Мен «ТұранӘлем» банкінен келдім. Есептеу бөлімінен келдім.*
*- Сіздерде жұмыс күні нешеден нешеге дейін?*
*- Сағат сегізден алтыға дейін.*
*- Түскі үзілістеріңіз ше?*
*- Түскі үзіліс бірден бір жарымға дейін.*
*- Дүйсенбіден жексенбіге дейін бе?*
*- Жоқ, сенбіден бастап демаламыз.*
*- Кешіріңіз, семинар басталды ғой деймін. Сағат неше болды?*
*- Тоғыздан екі минут кетті.*
*- Онда кірейік.*
*- Жарайды.*

**Жатыс септігінің мезгілдік мағынаны білдіруі**
Местный падеж (значение времени)

**1-жаттығу**
Сұраққа жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы.

Мен (қашан?) ауылға барамын. 2. Асан (қайда?) тұрады. 3. Ол сағат (қаншада?) оянды. 4. Шешем (кімде?) отыр. 5. Әкем (неде?) жатыр. 6. Жұмыс (нешеде?) бітеді. 7. Анам (қашан?) демалады.

**Қажетті сөздер:** *қалада, жетіде, алтыда, жазда, іссапарда, бастықта, қыста.*

***Жауабы:***

*1. Мен жазда ауылға барамын. 2. Асан қалада тұрады. 3. Ол сағат жетіде оянды. 4. Шешем бастықта отыр. 5. Әкем диванда жатыр. 6. Жұмыс алтыда бітеді. 7. Анам қыста демалады.*

**Көмектес септігі және оның мағыналары**
**құралдық мағынаны білдіруі**
Инструментальный падеж (значение средства)

**1-жаттығу**
Қажетті жалғауды жалғаңыз.
Присоедините соответствующие окончания.

- Сіз демалысқа кім... барасыз?
- Мен демалысқа әріптес... барамын. Ал сен ше?
- Мен демалуға отбасы... барамын.
- Не... барасыздар?
- Біз ұшақ... барамыз? Ал сен не... барасың?
- Мен пойыз... барамын. Қызым автобус... барады. Билет жоқ.
- Иә, ұшақ... бару уақытты үнемдейді.

***Жауабы:***

- *Сіз демалысқа кіммен барасыз?*
- *Мен демалысқа әріптесіммен барамын. Ал сен ше?*
- *Мен демалуға отбасыммен барамын.*
- *Немен барасыздар?*
- *Біз ұшақпен барамыз? Ал сен немен барасың?*
- *Мен пойызбен барамын. Қызым автобуспен барады. Билет жоқ.*
- *Иә, ұшақпен бару уақытты үнемдейді.*

**Ілік септігі. Меншіктілікті білдіру қызметі**
Родительный падеж. Значение принадлежности

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауын қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующие окончания родительного падежа.

Әкем... көлігі, анам... шайы, кітап... беті, кабинет... іші, қала... көшесі, үй... бөлмесі, қыз... шешесі, жүргізуші... куәлігі, есік... кілті, заңгер... кеңесі, досым... көмегі, жұмыс... аяғы, көше... басы, адам... көңіл күйі, қазақ... даласы, тау... етегі, табиғат... сыйы.

***Жауабы:***

*Әкемнің көлігі, анамның шайы, кітаптың беті, кабинеттің іші, қаланың көшесі, үйдің бөлмесі, қыздың шешесі, жүргізушінің куәлігі, есіктің кілті, заңгердің кеңесі, досымның көмегі, жұмыстың аяғы, көшенің басы, адамның көңіл күйі, қазақтың даласы, таудың етегі, табиғаттың сыйы.*

**Күрделі сын есімдер**
Сложные прилагательные

**1-жаттығу**
Сын есімдерді мағынасына қарай топтап көрсетіңіз.
Сгруппируйте прилагательные по значению.

| Адамның мінезіне қатысты сөздер | Түр-түсті білдіретін сөздер | Заттың пішінін, көлемін, салмағын білдіретін сөздер |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**Қажетті сөздер:** *ақкөңіл, жап-жасыл, кішіпейіл, тым ауыр, топ-томпақ, қолы ашық (щедрый), шұбар ала (пестрый), үп-үлкен, ұзын бойлы, аппақ, доп-дөңгелек, қанық көк (насыщенно синий), қара торы, аса жеңіл.*

***Жауабы:***

| Адамның мінезіне қатысты сөздер | Түр-түсті білдіретін сөздер | Заттың пішінін, көлемін, салмағын білдіретін сөздер |
|---|---|---|
| ақкөңіл | аппақ | доп-дөңгелек |
| кішіпейіл | қара торы | тым ауыр |
| қолы ашық (щедрый) | жап-жасыл | аса жеңіл |
| көңілі ашық (открытая душа) | шұбар ала (пестрый) | үп-үлкен |
| | | ұзын бойлы |
| ұзын бойлы | қанық көк | топ-томпақ |

**2-жаттығу**
Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте соответствующие слова.

1. ... күндер артта қалды. 2. Қаланың көшелері ... . 3. Анам мен үшін ... жан. 4. Атасы ..., ... кісі екен. 5. Хатшының ... қыз екені көрініп тұр. 6. Заттың бағасы ... . 7. Ол ... кітаптарды оқиды.

**Қажетті сөздер:** *түп-түзу; ең қадірлі; қыр мұрынды, ұзын бойлы; ең қиын; жүзі жылы; өте қымбат; ғылыми-көпшілік*

***Жауабы:***

*1. Ең қиын күндер артта қалды. 2. Қаланың көшелері түп-түзу. 3. Анам мен үшін ең қадірлі жан. 4. Атасы қыр мұрынды, ұзын бойлы кісі екен. 5. Хатшының жылы жүзді қыз екені көрініп тұр. 6. Заттың бағасы өте қымбат. 7. Ол ғылыми-көпшілік кітаптарды оқиды.*

**Қатыстық сын есімдер**
Относительные имена прилагательные

**1-жаттығу**
Тиісті қосымшаларды жалғаңыз.
Присоедините соответствующие аффиксы.

-лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-ті: тоғай... жер, ақыл... адам, сүйкім... қыз, күш... жел, әке...-іні..., бұлақ ..., жер;
-сыз/-сіз: бала... әйел, көңіл... кеш, бұлт... күн, жауын... көктем, дәм... тамақ, әдеп... жас, су... жер;
-дай/-дей/-тай/-тей: дала... кең, көл... терең, кітап... қалың, гүл... нәзік, сүт... ақ;
-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік: жанр... пьеса, мереке... концерт, қоғам... орын, киім... мата, ұлт... қазына, мемлекет... мәселе;
-ғы/-гі/-қы/-кі: жаз... демалыс, түн... көрініс, қыс... бақ, кеш... ауа, жоғар... қабат, төмен... сөре, күндіз... бөлім.

***Жауабы:***

*-лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-ті: тоғайлы жер, ақылды адам, сүйкімді қыз, күшті жел, әкелі-інілі, бұлақты жер;*
*-сыз/-сіз: баласыз әйел, көңілсіз кеш, бұлтсыз күн, жауынсыз көктем, дәмсіз тамақ, әдепсіз жас, сусыз жер;*
*-дай/-дей/-тай/-тей: даладай кең, көлдей терең, гүлдей нәзік, сүттей ақ;*
*-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік: жанрлық пьеса, мерекелік концерт, қоғамдық орын, киімдік мата, ұлттық қазына, мемлекеттік мәселе;*
*-ғы/-гі/-қы/-кі: жазғы демалыс, түнгі көрініс, қысқы бақ, кешкі ауа, жоғарғы қабат, төменгі сөре, күндізгі бөлім.*

**2-жаттығу**
Көп нүктенің орнына сын есімді қойыңыз.
Вместо многоточия поставьте подходящие прилагательные.

... дастарқан, ... ағаш, ... отбасы, ... спорт, ... жер, ... түн, ... шай, ... көше, ... пікір, бөлме ... кең.

**Қажетті сөздер:** *жапырақсыз, мерекелік, көп балалы, даладай, таулы, қысқы, айлы, қоғамдық, қантсыз, жарықсыз*

***Жауабы:***

*Мерекелік дастарқан, жапырақсыз ағаш, көп балалы отбасы, қысқы спорт, таулы жер, айлы түн, қантсыз шай, жарықсыз көше, қоғамдық пікір, даладай кең.*

**Есептік сан есім (күрделі түрі)**
Количественные числительные (сложная форма)

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына септелген сан есімдерді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточий числительные в нужном падеже.

1. Ағамның жасы ... . 2. Мен сағат ... таман келемін. 3. Менің атам ... үстіндегі кісі. 4. ... асқанға дейін үйленбей жүрді. 5. Еліміздің шекарасының ұзындығы ... шақырымды құрайды. 6. Жүзге ... қосса, екі жүз он бес болады. 7. Дүкенге ... келіп едім, түк те қалмады.

**Қажетті сөздер:** *Қырықтан, он мыңмен, он бірге, жиырма бесте, жүз он бесті, он төрт мың, сексеннің*

***Жауабы:***

*1. Ағамның жасы жиырма бесте. 2. Мен сағат он бірге таман келемін.*
*3. Менің атам сексеннің үстіндегі кісі. 4. Қырықтан асқанға дейін үйленбей жүрді.*
*5. Еліміздің шекарасының ұзындығы он төрт мың километрді құрайды.*
*6. Жүзге жүз он бесті қосса, екі жүз он бес болады. 7. Дүкенге он мыңмен келіп едім, түк те қалмады.*

**Реттік сан есім (күрделі түрі)**
Порядковые числительные (сложная форма)

**1-жаттығу**
Сан есімдерге қосымшаларды дұрыс жалғаңыз.
К числительным присоедините нужные аффиксы.

| -ыншы | -інші | -ншы | -нші |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**Қажетті сөздер:** *жиырма бір, екі мың он бір, мың тоғыз жүз он алты, бір мың тоғыз жүз он жеті, үш жүз жетпіс, миллион, екі жүз алты, мың тоғыз, жеті жүз жеті, бір миллион алты, он мың, бір мың тоғыз жүз он бес, бес жүз, сегіз жүз отыз, екі мың он екі, жүз елу*

***Жауабы:***

| -ыншы | -інші | -ншы | -нші |
|---|---|---|---|
| мың тоғыз | жиырма бір | екі жүз алты | жеті жүз жеті |
| екі мың он | бір мың тоғыз жүз он бес | бір мың тоғыз жүз он алты | екі мың он екі |
| он мың | бес жүз | бір миллион алты | бір мың тоғыз жүз он жеті |
| миллион | жүз елу | | |
| сегіз жүз отыз | үш жүз жетпіс | | |

## Жатыс септігіндегі жіктеу есімдігі
Личное местоимение в местном падеже

### 1-жаттығу
Қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте нужное слово.

1. – Әкем сендерде ме?
 – Иә, әкең ... отыр.
2. – Менің кітабым сенде ме?
 – Иә, сенің кітабың ... болуы керек.
3. – Сен онда не істейсің?
 – Мен ... шахмат ойнаймын.
4. – Кімдерде білікті мамандар көп?
 – ... білікті мамандар өте көп.
5. – Сіздерде жаңа кинотеатр ашылыпты ғой.
 – Бұл кинотеатр ... бір ай бұрын ашылған.
6. – Сендерде қандай жаңалықтар бар?
 – ... еш жаңалық жоқ.

**Қажетті сөздер:** *менде, Бізде, Оларда, онда, бізде, менде, бізде*

***Жауабы:***

*1. – Әкем сендерде ме?*
 *– Иә, әкең бізде отыр.*
*2. – Менің кітабым сенде ме?*
 *– Сенің кітабың менде болуы керек.*
*3. – Сен онда не істейсің?*
 *– Мен онда шахмат ойнаймын.*
*4. – Кімдерде білікті мамандар көп?*
 *– Оларда білікті мамандар өте көп.*
*5. – Сіздерде жаңа кинотеатр ашылыпты ғой.*
 *– Бұл кинотеатр бізде бір ай бұрын ашылған.*
*6. – Сендерде қандай жаңалықтар бар?*
 *– Бізде еш жаңалық жоқ.*

**2-жаттығу**
Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Присоедините нужные аффиксы.

1. Үйдің кілті сен... болсын. 2. Оның баласы біз... жүр. 3. Бұл зат олар... да бар. 4. Сіз... билет бар ма? 5. Бұл тапсырма сен... неге жоқ? 6. Сіздер... қыз болса, біз... ұл бар. 7. Біз... жатқан қағазды апарып бер.

***Жауабы:***

*1. Үйдің кілті сенде болсын. 2. Оның баласы бізде жүр. 3. Бұл зат оларда да бар. 4. Сізде билет бар ма? 5. Бұл тапсырма сенде неге жоқ? 6. Сіздерде қыз болса, бізде ұл бар. 7. Бізде жатқан қағазды апарып бер.*

**Шығыс септігіндегі жіктеу есімдігі**
Личное местоимение в исходном падеже

**1-жаттығу**
Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Присоедините нужные аффиксы.

1. Ол біз... бір көше жоғары тұрады. 2. Түсінбеген сұрақтарыңды мен... сұрай беріңдер. 3. Кеше сен... сұрап жатыр еді ғой. 4. Жауапты сендер... қашан аламыз? 5. Сіз... кешірім сұрайын деп едім. 6. Сіздер... басқа бөлімге ауысып кеттім. 7. Олар... жауап ала алмай отырмын.

***Жауабы:***

*1. Ол бізден бір көше жоғары тұрады. 2. Түсінбеген сұрақтарыңды менен сұрай беріңдер. 3. Кеше сенен сұрап жатыр еді ғой. 4. Жауапты сендерден қашан аламыз? 5. Сізден кешірім сұрайын деп едім. 6. Сіздерден басқа бөлімге ауысып кеттім. 7. Олардан жауап ала алмай отырмын.*

**2-жаттығу**
«Кімнен?» сұрағына жауап беретін сөздердің астын сызыңыз.
Подчеркните слова, отвечающие на вопрос «кімнен?».

1. Менің бойым ұзын. 2. Сенімен бірге барамын. 3. Сенен жақсы жаңалық естідім. 4. Бізге жаңа бас есепші келді. 5. Сені танымай қалдым. 6. Одан сұрап едім, жауап бермеді. 7. Бізден кеткен қателік шығар. 8. Сіздің көңіл күйіңіз жоқ сияқты. 9. Сенде екі көлік бар. 10. Менен сұрап алыңдар. 11. Сендердің ақылдарың дұрыс екен. 12. Сіздің ұсынысыңыз бізге ұнады.

***Жауабы:***

*1. Менің бойым ұзын. 2. Сенімен бірге барамын. 3. Сенен жақсы жаңалық естідім. 4. Бізге жаңа бас есепші келді. 5. Сені танымай қалдым. 6. Одан сұрап едім, жауап бермеді. 7. Бізден кеткен қателік шығар. 8. Сіздің көңіл күйіңіз жоқ сияқты. 9. Сенде екі көлік бар. 10. Менен сұрап алыңдар.11. Сенен ақылды адам жоқ. 12. Сіздің ұсынысыңыз бізге ұнады.*

## Ілік септігіндегі жіктеу есімдігі
Личное местоимение в родительном падеже

**1-жаттығу**
Бағандарды сәйкестендіріңіз.
Найдите соответствие.

| | |
|---|---|
| Менің | бағасы |
| Сенің | қаламыз |
| Сіздің | кітабың |
| Оның | балам |
| Біздің | үйіңіз |
| Сендердің | адамдарыңыз |
| Сіздердің | елдері |
| Олардың | аулаларың |

***Жауабы:***

| | |
|---|---|
| Менің | балам |
| Сенің | кітабың |
| Сіздің | үйіңіз |
| Оның | бағасы |
| Біздің | қаламыз |
| Сендердің | аулаларың |
| Сіздердің | адамдарыңыз |
| Олардың | елдері |

**2-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия нужное слово.

1. ... басым ауырып тұр. 2. ... ертең жол жүруің керек. 3. ... үйіңіз өте әдемі екен. 4. ... халқымыз өте қонақжай. 5. ... заттарың ауыр боп кетті. 6. ... жұмыстарыңыз қиын екен. 7. ... қазақшасы сауатты жазылған.
Қажетті сөздер: сенің, менің, сендердің, оның, сіздердің, біздің, сіздің.

***Жауабы:***

*1. Менің басым ауырып тұр. 2. Сенің ертең жол жүруің керек. 3. Сіздің үйіңіз өте әдемі екен. 4. Біздің халқымыз өте қонақжай. 5. Сендердің заттарың ауыр боп кетті. 6. Сіздердің жұмыстарыңыз қиын екен. 7. Оның қазақшасы сауатты жазылған.*

**Көмектес септігіндегі жіктеу есімдігі**
Личное местоимение в творительном падеже

**1-жаттығу**
Тиісті қосымшаны қойып, сөйлемдерді көшіріңіз.
Перепишите, вставляя нужные аффиксы.

1. Саматтың біз... ойнағысы келді. 2. Гүлшаттың оны... сөйлескісі келмеді. 3. Болат сабаққа сендер... бірге барады. 4. Айнұр, мені... бірге киноға барасың ба? 5. Оспан сіздер... бірге тұра ма?

**Тиісті қосымшалар:** *-мен, -бен, -менен.*

***Жауабы:***

*1. Саматтың бізбен ойнағысы келді. 2. Гүлшаттың онымен сөйлескісі келмеді. 3. Болат сабақққа сендермен бірге барады. 4. Айнұр, менімен бірге киноға барасың ба? 5. Оспан сіздерменен бірге тұра ма?*

**2-жаттығу**
Қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріңіз.
Спишите предложения, вставляя вместо многоточия нужное слово.

1. Гүлнар, сен ... сөйлестің бе? 2. Нұрлан, ... бірге саябаққа барайын деп едім. 3. Болат, ... бірге саяхатқа барасың ба? 4. Жандос, сен бүгін ... бірге жаттыға алмайсың, себебі Айбек пен Таңат тауға кеткен.
Қажетті сөздер: бізбен, олармен, сенімен, онымен.

***Жауабы:***

*1. Гүлнар, сен онымен сөйлестің бе? 2. Нұрлан, сенімен бірге саябаққа барайын деп едім. 3. Болат, бізбен бірге саяхатқа барасың ба? 4. Жандос, сен бүгін олармен бірге жаттыға алмайсың, себебі Айбек пен Таңат тауға кеткен.*

**Сілтеу есімдігінің септелуі**
Склонение указательных местоимений

**1-жаттығу**
Қажетті сөздерді қойып, көшіріңіз.
Спишите предложения, вставляя вместо многоточия нужное слово.

1. Мына кітапты Айсұлу ... алды. 2. ... бері біраз уақыт өтті. 3. Мен ... еш өкінбедім. э4. Дариға, ... ешкімге көрсетпе. 5. ... іс бітті.

**Қажетті сөздер:** *осымен, мынаны, бұған, содан, анадан*

***Жауабы:***

*1. Мына кітапты Айсұлу содан алды. 2. Анадан бері біраз уақыт өтті. 3. Мен бұған еш өкінбедім. 4. Дариға, мынаны ешкімге көрсетпе. 5. Осымен іс бітті.*

**Сұрау есімдігінің септелуі**
Склонение вопросительных местоимений

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына тиісті сұрақты қойыңыз.
Вставьте вместо многоточия соответствующие вопросительные слова.

1. Айгүл, сенің жасың ...? 2. Гүлнар, сенің ұлың биыл ... толды? 3. Ол ... мектепке барады? 4. Балам, сабақтарың ... бітеді? 5. Гүлнәзия, мына кітаптарды ... сатып алдың?

**Тиісті сұрақтар:** *Қаншада? Нешеде? Қашан? Нешеге? Қаншадан?*

***Жауабы:***

*1. Айгүл, сенің жасың нешеде? 2. Гүлнар, сенің ұлың биыл нешеге толды? 3. Ол қашан мектепке барады? 4. Балам, сабақтарың бітеді? 5. Гүлнәзия, мына кітаптарды қаншадан сатып алдың?*

**Өздік есімдігі**
Возвратное местоимение

**1-жаттығу**
«Өз» сөзін қажетті тұлғада қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.
Перепишите, вместо многоточия вставляя слово «өз» в нужной форме.

1. Айнұр таңертең тұрып, ... бөлмесін жинады. 2. Олар ... ауланы сыпырды. 3. Оның үйі үлкен, ол ... үйін тазалады. 4. Достарым әке-шешелерін жақсы көреді, олар ... ата-аналарына көмектесті.

***Жауабы:***

*1. Айнұр таңертең тұрып, өз бөлмесін жинады. 2. Олар өздері ауланы сыпырды. 3. Оның үйі үлкен, ол өз үйін тазалады. 4. Достарым әке-шешелерін жақсы көреді, олар өз ата-аналарына көмектесті.*

**2-жаттығу**
Сөз бен сөзді байланыстыр.
Соедините слова.

| | |
|---|---|
| Менің өз | отанымыз |
| Сенің өз | отбасыңыз |
| Сіздің өз | бөлмесі |
| Оның өз | елім |
| Біздің өз | атамекенің |
| Сендердің өз | үйлеріңіз |
| Сіздердің өз | туған жері |
| Олардың | пәтерлерің |

***Жауабы:***

| | |
|---|---|
| *Менің өз* | *елім* |
| *Сенің өз* | *атамекенің* |
| *Сіздің өз* | *отбасыңыз* |
| *Оның өз* | *бөлмесі* |
| *Біздің өз* | *отанымыз* |
| *Сендердің өз* | *пәтерлерің* |
| *Сіздердің өз* | *үйлеріңіз* |

**Өздік есімдігінің тәуелденуі**
Притяжательная форма возвратного местоимения

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына «өз» есімдігін қажетті тұлғада қойып, жаттығуды жазыңыз.
Перепишите, вместо многоточия вставляя слово «өз» в нужной форме.

1. Мен ... таңертең ерте тұрамын. 2. Сен ... суық сумен жуындың. 3. Ол ... киінді. 4. Біз ... сабаққа дайындалдық. 5. Сіздер ... үй тапсырмасын орындадыңыздар. 5. Сабақтан соң олар ... үйге қайтады.

***Жауабы:***

*1. Мен өзім таңертең ерте тұрамын. 2. Сен өзің суық сумен жуындың. 3. Ол өзі киінді. 4. Біз өзіміз сабаққа дайындалдық. 5. Сіздер өздеріңіз үй тапсырмасын орындадыңыздар. 5. Сабақтан соң олар өздері үйге қайтады.*

**2-жаттығу**
Сөйлемдерді толықтырыңыз.
Дополните предложения.

| | | |
|---|---|---|
| 11. Он жасар Аружан | ... | сабаққа барады. |
| 2. Менің жасым жетіде, мен мектепке | ... | бара аламын. |
| 3. Дана, сен сабаққа | ... | бар. |
| 4. Әзиза, Айдар, сендер сабаққа | ... | дайындалыңдар. |

***Жауабы:***

| | | |
|---|---|---|
| *1. Он жасар Аружан* | *өзі* | *сабаққа барады.* |
| *2. Менің жасым жетіде, мен мектепке* | | *өзім бара аламын.* |
| *3. Дана, сен сабаққа* | *өзің* | *бар.* |
| *4. Әзиза, Айдар, сендер сабаққа* | *өздерің* | *дайындалыңдар.* |

**Етістіктің болымсыз түрі**
Отрицательная форма глагола

**1-жаттығу**
Жақшаны ашып тиісті сөзді қойып жазыңыз.
Спишите, раскрывая скобки и вставляя нужные слова.

1. Айнұр бүгін досының үйіне барған (жоқ, емес). 2. Айнұр бұрын Мәскеуге барған (жоқ, емес). 3. Людмила бүгін кітапханаға келген (жоқ, емес). 4. Людмила бұл кітапханаға бұрын келген (жоқ, емес). 5. Ол Айнұрдың үйіне барып көрген (жоқ, емес). 6. Ол бүгін сабаққа барған (жоқ, емес).

***Жауабы:***

*1. Айнұр бүгін досының үйіне барған жоқ. 2. Айнұр бұрын Мәскеуге барған емес. 3. Людмила бүгін кітапханаға келген жоқ. 4. Людмила бұл кітапханаға бұрын келген емес. 5. Ол Айнұрдың үйіне барып көрген емес. 6. Ол бүгін сабаққа барған жоқ.*

**2-жаттығу**
Кестедегі үлгіні пайдалана отырып, «танысқан емес» сөзін жекеше және көпше түрде жіктеңіз.
Используя образец, поставьте словосочетание «танысқан емес» в единственном и множественном числе.

**Үлгі:**

| Жекеше: | Көпше: |
|---|---|
| Мен танысқан жоқпын<br>Сен танысқан жоқсың<br>Сіз танысқан жоқсыз<br>Ол танысқан жоқ | Біз танысқан жоқпыз<br>Сендер танысқан жоқсыңдар<br>Сіздер танысқан жоқсыздар<br>Олар танысқан жоқ |

***Жауабы:***

| Жекеше: | Көпше: |
|---|---|
| Мен танысқан емеспін<br>Сен танысқан емессің<br>Сіз танысқан емессіз<br>Ол танысқан емес | Біз танысқан емеспіз<br>Сендер танысқан емессіңдер<br>Сіздер танысқан емессіздер<br>Олар танысқан емес |

**Етістіктің бұрынғы өткен шағы**
Давно прошедшее время глагола

**1-жаттығу**
Тиісті қосымшаны қойып, жазыңыз.
Перепишите, вставляя нужные аффиксы.

1. Айбек былтыр жазда Бурабайға бар... . 2. Ол шипажайда 2 апта демалып кел... . 3. Ал Нұрлан 1 ай Сарыағашта болып қайт... . 4. Биыл ол демалуға Меркі шипажайына кет... . 5. Дана демалысын шетелде өткіз... .

**Қосымшалар:** *-ған, -ген, -қан, -кен.*

***Жауабы:***
*1. Айбек былтыр жазда Бурабайға барған. 2. Ол шипажайда 2 апта демалып келген. 3. Ал Нұрлан былтыр 1 ай Сарыағашта болып қайтқан. 4. Биыл ол демалуға Меркі шипажайына кеткен. 5. Дана демалысын шетелде өткізген.*

**2-жаттығу**
Жақшаны ашып, етістіктің тиистісін қойыңыз.
Спишите, раскрывая скобки и вставляя нужное слово.

1. Олар демалыс күні саяхатқа (барған, қайтқан). 2. Саяхатшылар Көлсайға жорыққа (келген, кеткен). 3. Мақсат кеше саяхаттан (кеткен, келген). 4. Ол Есікте (жүрген, болған). 5. Мақсат достарымен Есіктегі «Алтын адам» ескерткішін (аралаған, көрген).

***Жауабы:***
*1. Олар демалыс күні саяхатқа барған. 2. Саяхатшылар Көлсайға жорыққа кеткен. 3. Мақсат кеше саяхаттан келген. 4. Ол Есікте болған. 5. Мақсат достарымен Есіктегі «Алтын адам» ескерткішін көрген.*

**Туынды етістіктер**
Производные глаголы

**1-жаттығу**
Тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.
Перепишите, заполняя пропуски соответствующим аффиксом.

1. Айнұр, анаңмен ақыл... . 2. Маржан, жұмысыңды көп созбай аяқ... . 3. Нұрайым, мына істі тез бас... . 4. Аружан, құрбыңмен сөй... . 5. Әзиза, далаға ойн... .

**Тиісті қосымшалар:** *-а, -та, -дас, -лес*

***Жауабы:***
*1. Айнұр, анаңмен ақылдас. 2. Маржан, жұмысыңды көп созбай аяқта. 3. Нұрайым, мына істі тез баста. 4. Аружан, құрбыңмен сөйлес. 5. Әзиза, далаға ойна.*

**2-жаттығу**
Сөз бен сөзді байланыстыр.
Составьте словосочетания.

Отан туралы ____________________
«Қара жорғаны» _________________
Жай ғана _______________________
Ақшаны ________________________
Үйді ____________________________

**Қажетті сөздер:** *әндет, сана, ақта, биле, ойла*

***Жауабы:***
*Отан туралы ойла.*
*«Қара жорғаны» биле.*
*Жай ғана әндет.*
*Ақшаны сана.*
*Үйді ақта.*

**Мезгіл үстеу**
Наречия времени

**1-жаттығу**
Жақшаны ашып, үстеудің тиістісін қойып жазыңыз.
Спишите, раскрывая скобки и вставляя соответствующие наречия.

1. (Қыста, жазда) күн ұзақ болады. 2. Ал (жазда, қыста) түн ұзарып, күн қысқарады. 3. (Көктемде, күзде) күн жылиды, қар ериді. 4. (Күзде, көктемде) күн салқындайды, жапырақтар сарғаяды. 5. Бір жылда төрт мезгіл бар, бір (айда, аптада) жеті күн бар.

***Жауабы:***

*1. Жазда күн ұзақ болады. 2. Ал қыста түн ұзарып, күн қысқарады. 3. Көктемде күн жылиды, қар ериді. 4. Күзде күн салқындайды, жапырақтар сарғаяды. 5. Бір жылда төрт мезгіл бар, бір аптада жеті күн бар.*

**2-жаттығу**
Сөйлемдерді көшіріп жазыңыз, мезгіл үстеулерді тауып астын сызыңыз.
Перепишите предложения, найдите наречия времени и подчеркните их.

1. Марат Астанадан кеше келді. 2. Айнұр ертең Алматыға қайтады. 3. Жанат кешеден бері ресми сапарға дайындалып жатыр. 4. Бүгін ауа райы жақсы, күн ашық. 5. Биыл жаз ыстық болды.

***Жауабы:***

*1. Марат Астанадан <u>кеше</u> келді. 2. Айнұр <u>ертең</u> Алматыға қайтады. 3. Жанат <u>кешеден</u> бері ресми сапарға дайындалып жатыр. 4. <u>Бүгін</u> ауа райы жақсы, күн ашық. 5. <u>Биыл</u> жаз ыстық болды*

**Күшейткіш үстеу**
Усилительные наречия

**1-жаттығу**
Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазыңыз.
Перепишите предложения, вместо многоточия вставляя нужные слова.

1. Айгүл «Қара жорғаны» ... жақсы билейді. 2. Айнұр – біздің топтағы ... өнерлі қыз. 3. Гүлнәзия спорттан ... табысқа қол жеткізді. 4. Жиналыс ... кеш басталды. 5. Кезекті отырысқа адам ... көп жиналмады.
Қажетті сөздер: тым, аса, орасан, өте, ең

***Жауабы:***

*1. Айгүл «Қара жорғаны» өте жақсы билейді. 2. Айнұр – біздің топтағы ең өнерлі қыз. 3. Гүлнәзия спорттан орасан табысқа қол жеткізді. 4. Жиналыс тым кеш басталды. 5. Кезекті отырысқа адам аса көп жиналмады.*

**Қарсылықты жалғаулық шылаулар**
Противительные союзы

**1-жаттығу**
Тиісті шылауды қойып, сөйлемді толықтырыңыз.
Перепишите предложения, вставляя вместо многоточий соответствующие союзы.

1. Айсұлу мен Нұрсұлу – егіз қыздар, ... та бір-біріне онша ұқсамайды.
2. Досжан мен Нұржан – өте тату достар, балабақшаға бірге барады, ... қазір екеуі басқа мектептерде оқиды. 3. Балам, бұл ойың дұрыс, ... де анаңмен ақылдасқаның жөн. 4. Дариға - зерек қыз, ... да мына есепті шығара алмады.
Тиісті шылаулар: алайда, дегенмен, сонда, бірақ.

***Жауабы:***

*1. Айсұлу мен Нұрсұлу – егіз қыздар, бірақ та бір-біріне онша ұқсамайды.*
*2. Досжан мен Нұржан – өте тату достар, балабақшаға бірге барады, алайда қазір екеуі басқа мектептерде оқиды. 3. Балам, бұл ойың дұрыс, дегенмен де анаңмен ақылдасқаның жөн. 4. Дариға – зерек қыз, сонда да мына есепті шығара алмады.*

**Көңіл күй одағайлары**
Междометия настроения

**1-жаттығу**
Тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.
Спишите, раскрывая скобки и вставляя нужные союзы.

1. ..., мынауың не тағы да? 2. ..., мына аттың жорғасын-ай. 3. ..., ...! Апам маған көп ертегі кітаптар әкеліпті. 4. Жарайсың, ..., балам, ризамын саған! 5. ..., қазақ тілінде емін-еркін сөйлей білсем ғой!
Тиісті сөздер: алақай, бәрекелді, пай-пай, шіркін, ойбай

*Жауабы:*

*1. Ойбай, мынауың не тағы да? 2. Пай-пай, мына аттың жорғасын-ай. 3. Алақай, алақай! Апам маған көп ертегі кітаптар әкеліпті. 4. Жарайсың, бәрекелді, балам, ризамын саған! 5. Шіркін, қазақ тілінде емін-еркін сөйлей білсем ғой!*

## Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі

Порядок слов в предложении

### 1-жаттығу

Сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложения, правильно соединив слова.

Мен, бүгін, бардым, жәрмеңкеге.
...
Сіздің, Астана, туған жеріңіз, бе?
...
Қазақстан, мен, мемлекетінің, азаматымын.
...
Шетелдік, Астананы, қонақтар, аралады.
...
Самал, тұшпара, дайындады, дәмді.
...
Костюмді, жеке, тіктірдім, тапсырыспен.
...
Өндіріс, көп, орындары, Өскеменде.
...
Ең, суы, дүние жүзіндегі, көп, өзен, Амазонка.
...
Мен, мұнда, бері, екі жылдан, жұмыс, істеймін.
...
Сіздің, қайда, ата-анаңыз, тұрады?
...

***Жауабы:***

*Мен бүгін жәрмеңкеге бардым.*
*Сіздің туған жеріңіз Астана ма?*
*Мен Қазақстан мемлекетінің азаматымын.*
*Шетелдік қонақтар Астананы аралады.*
*Самал дәмді тұшпара дайындады.*
*Костюмді жеке тапсырыспен тіктірдім.*
*Өскеменде өндіріс орындары көп.*
*Дүние жүзіндегі ең суы көп өзен – Амазонка.*
*Мен мұнда екі жылдан бері жұмыс істеймін.*
*Сіздің ата-анаңыз қайда тұрады?*

# 3 Оқылым бөлігінің қосымшасы
## Приложение к блоку Чтение

**Оқылым бөлігі бойынша дағды қалыптастыратын жаттығулар**
Упражнения для формирования навыков чтения

**Қымыз**

Қымыз – ауруға ем, сау адамға – қуат. Қымыздың денсаулыққа тигізер пайдасын айтып тауыса алмайсың. Қымыз құрамында «С» дәрумені мол, сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Оның емдік қасиеттері, әсіресе, құрт ауруын емдеу қасиеті жоғары. Оның адам ағзасын әлсірететін, созылмалы ауруларға қарсы күресетін артықшылығын да айта кеткен жөн.

**1** Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на следующие вопросы по тексту.

1) Қымыз қандай сусын?
2) Қымызды қалай ашытады?
3) Қымыздың қандай қасиеттері бар?
4) Қымызды ненің сүтінен дайындайды?

Құрт – қой, сиыр сүтінен әзірленеді. Ашыған сүттен іркіт жинап, қазанға құйып қайнатып, суыған соң қапшыққа салып суын сорғытады, сосын әртүрлі үлгіде жасап кептіреді. Құртты жақсы көрмейтін қазақ жоқ. Суық суға ұн қосып араластырып, басқа ыдыста қайнаған суға тұз, күріш салып, екі сұйықты араластырып қайнатады да, оған езілген құртты құйып, құрткөже жасайды. Ыстықтай ыдысқа (кесеге, тостағанға) құйып, үстіне сары май салып ішеді.

**2** Берілген сөздердің мағынасын толық және нақты түсіндіріп жазыңыздар.
Напишите значения слов, дав точное и полное разъяснение.

**Құрт, құрткөже, қымыз.**

***Үлгі:*** Шұбат – түйенің сүтінен дайындалатын сусын. Айран – сиыр сүтінен қайнатылып, ұйытылып дайындалатын сусын әрі тағам.

**Біз қонақжаймыз**

Біз, қазақ халқы, бұрынғы заманнан бері қонақжаймыз. Қолымыздағы барымызды қонағымызға ұсынамыз. Сол разы болса екен дейміз. Көңіліне қараймыз. Біздің халық – өте мейірімді, инабатты, қонақжай, аққөңіл, бауырмал халық.

**3** Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на следующие вопросы по тексту.

1) Қазақ қандай халық?
2) Қазақтар келген қонақты қалай қарсы алған?

**4** Берілген көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырып жазыңыз.
Дополните предложения, вставив нужные слова.

1. Қымыздың адамға ... пайдасы көп. 2. Оның ... қасиеті жоғары. 3. Құртты қазанға құйып, ... . 4. Қазақ - ... , ... халық. 5. Барымызды ... ұсынамыз.

**Қажетті сөздер:** қайнатады, қонақжай, емдік, қонаққа, мейірімді, тигізетін.

**5** Жақшаның ішіндегі сөздердің қажеттісін қойып сөйлемді толықтырып жазыңыз.
Дополните предложения, вставив нужное слово из предложенных в скобках слов.

1. Отаным менің - (мақтанышым, жұмысым.) 2. Туған жердей жер (келмес, болмас). 3. Туған жерге туың (апар, тік). 4. Қазақтың ұлттық тағамдарына (палау, қазақша ет) жатады. 5. Сүттен (нарын, ірімшік) әзірлейді. 6. Қазақтың ұлттық сусындарына (жүзім, қымыз, шырын, шұбат, алма) жатады.

Менің атым – Гауһар. Мен Арқалық қаласында тұрамын. Менің отбасымда бес адам бар. Олар – әкем, шешем, ағам, сіңлім және мен. Әкемнің аты – Жақсылық. Ол қырық бесте. Әкем зауытта жұмыс істейді. Анамның аты – Сәуле, жасы қырық бірде. Ағамның аты – Сырым. Ол он тоғыз жаста. Ағам әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде екінші курста оқиды. Сіңілім – Ажар. Ол жетінші сыныпта оқиды. Біздің отбасымыз өте тату.

**6** Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, не соответствующую тексту.

A) Гауһар – Астана қаласының тұрғыны.
B) Гауһардың әкесінің аты Жақсылық.
C) Сіңлісі Сәуле сегізінші сыныпта оқиды.
D) Ағасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінің бірінші курс студенті.

**7** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Сырым ... .
A) Арқалықта оқиды
B) зауытта жұмыс істейді
C) сегізінші сыныпта оқиды
D) шығыстану факультетінің студенті

**Қазақстан**

Менің туып-өскен жерім – Қазақстан. Қазақстан – Еуразия құрлығындағы үлкен мемлекеттердің бірі. Еліміздің жер көлемі ұлан-ғайыр.

Қазақстанда асқар тау да, айдын шалқар көл де, ну орман да бар. Алатау, Қаратау, Тянь-Шянь, Тарбағатай сынды таулар, Ертіс, Балқаш, Есіл, Сырдария, Әмудария, Іле сияқты өзен-көлдер бар.

Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері бар. Отанымызда орыс, қырғыз, өзбек, татар, неміс, дүнген, кәріс халықтары бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруде.

Мен Қазақстанда тұратынымды мақтаныш етемін. Туған Отанымды, халқымды құрмет тұтамын.

**8** Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на следующие вопросы.

1. Елімізде қандай таулар бар?
2. Қазақстанның жер көлемі қандай?
3. Қазақстанда қандай ұлт өкілдері тұрады?

### Бурабай көлдері

Бурабай көлдеріне Бурабай, Шортанды, Үлкен Шобақты, Кіші Шобақты, Қотыркөл жатады. Бұл – Сарыарқаның, Көкшетау тауларының аралығында бір-біріне жақын орналасқан ұсақ көлдер тобы. Олар суының тазалығымен, тауларымен, қарағайлы-қайыңды ормандарымен ерекшеленеді. Елімізде алғашқы демалыс орны 1810 жылы Бурабай көлі жағасында ашылған. Бурабайда биші қайыңдар өседі. Көкшетауда табиғат күштерінің әсерінен әртүрлі пішінге ие болған тастар бар. Оларға қызықты аңыз-әңгімелері көп әйгілі Оқжетпес пен Жұмбақтас және биіктігі шамамен 1000 метрге жуық, алыстан көрінетін Көкшетау тасы жатады. Көкшетаудың әсем табиғаты – барша қазақстандықтардың мақтанышы, оның жұпар ауасы дертке дауа.

**9** Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на следующие вопросы:

1. Бұлар қандай көлдер тобы?
2. Көкшетау туралы не білесіз?
3. Алғашқы демалыс орны қашан ашылды?
4. Бурабай көлдеріне қандай көлдер жатады?
5. Еліміздегі алғашқы демалыс орны қай жерде ашылды?

**10** Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

1) Бурабайда биші қайыңдар өседі.
2) Бурабай - Көкшетаудағы көрікті жерлердің бірі.
3) Көкшетаудың табиғаты – қазақстандықтардың мақтанышы.
4) Бурабай көлдеріне Бурабай, Шортанды, Үлкен Шобақты, Кіші Шобақты, Қотыркөл сияқты ұсақ көлдер жатады.

Көктемгі ауа райы өте тамаша болады. Көктемнің мұндай ауа райы сапар шегуге қолайлы. Көктемде дала табиғаты ерекше болғандықтан, адамдар Түркістан қаласына саяхатқа жиі шығады. Себебі Түркістан – Қазақстанның мәдени орталығы. Түркістан даласының табиғаты ерекше сұлу. Түркістанға келушілерге қолайлы жағдай жасалған. Қаланы тамашалауға келген қонақтарды қала басшылары қонақүйге орналастырады. Қалаға саяхатқа автобуспен және пойызбен баруға болады.

**11** Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы по тексту.

1. Көктемде ауа райы қандай болады?
2. Адамдар қай қалаға саяхатқа жиі шығады?
3. Түркістанда келушілерге қандай жағдай жасалынған?

Біздің елімізде беделді университеттер көп. Айжан Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны болып саналатын беделді университеттердің бірі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқиды. Университет 1928 жылы қазанда Алматы қаласында ашылды. Бұл оқу орнында көптеген профессорлар, ғалымдар студенттерге дәріс оқиды.

Айжан – білімді студенттердің бірі. Бүгінде үлгерімі жоғары студенттерге шетелде оқуын жалғастыруға көп мүмкіндік бар. Айжан да биыл өз білімін шетелде жалғастыру үшін «Болашақ» бағдарламасына құжаттарын тапсырмақ. Жыл сайын «Болашақ» бағдарламасына үміткерлерді таңдау конкурсы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде болады. Шетелде оқу үшін үміткердің үлгерімі 4,5 балдан жоғары болуы және қазақ тілі мен шет тілін жетік білуі керек. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін жыл сайын көптеген жас мамандар бітіріп шығады.

**12** Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую тексту.

1. Айжан университетте заңгер мамандығында білім алды.
2. Университеттің тарих мамандығында студенттер көп оқиды.
3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – алғашқы жоғары оқу орны.
4. Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті – беделді университеттердің бірі.

**13** Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на следующие вопросы.

1) Ол құжаттарын қайда тапсырады?
2) Таңдау конкурсының талаптары қандай?
3) Айжан қай жоғары оқу орнында білім алады?

Менің құрбымның есімі – Жадыра. Ол «Тұран Әлем Банкінде» бас есепші болып жұмыс істейді. «Тұран Әлем Банкінің» биік ғимараты Өскемен қаласының орталығында орналасқан. Жадыра – есептеу бөлімінің қызметкері, банк қызметкерлерінің айлық есебін қабылдаумен айналысады. Ол қазақ тілін жетік біледі, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді. Жадыраның жұмысы ауыр. Бірақ, Жадыра жақсы жұмыс істейді.

Он бесінші желтоқсанда банкте жиналыс болды. Жиналыста банк басшысы баяндама жасады. Жадыра банк қызметкерлерінің айлық есебін қабылдап, банктің жылдық жоспарының жобасымен таныстырды. Банкте мұндай жиналыстар, конференциялар, мәжілістер жиі болып тұрады. Жиналыста Жадыра банк қызметкерлерін ресми құжаттармен таныстырып, өзінің жылдық жоспары туралы қосымша мәліметтер берді. Жиналыс соңында мекеме қызметкерлерін он алтыншы желтоқсан – Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Өзінің туыстарына да осы мерекемен құттықтап хат жолдады.

Құрбыма жұмысы қатты ұнайды.

**14** Мәтіннің негізгі ойын көрсетіңіз.
Укажите основную мысль текста.

1. Қала орталықтарын сипаттау.
2. Конференция туралы ақпарат беру.
3. Өскемен қаласы туралы ақпарат беру.
4. Банк қызметкерінің жұмысын сипаттау.

**15** Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую тексту.

1. Құрбым қалада тұрады.
2. Жадыра қазақ тілін жақсы біледі.
3. Он алтыншы желтоқсанда жиналыс өтеді.
4. Өскемен қаласында орталық банктер көп.

# 4 Жазылым бөлігінің қосымшасы
## Приложение к блоку Письмо

**1** Тыныс белгілерін дұрыс қойып үйреніңіз.
Научитесь правильно ставить знаки препинания.

1) Жақында қарашаның ортасында халықаралық конференция өтеді.
2) Үлкен нағашым анамның ағасы күрестен спорт шебері.
3) Киви, ананас, долана (боярышник), лимон бәрі қан қысымын түсіреді.
4) Осы ғимаратта салауатты өмір салтын сақтау орталығында «Денсаулық зор байлық» атты семинар ұйымдастырылды.
5) Түсте сағат екілерде кездесуге уәде берді.
6) Бірнеше күннен кейін Әділханның Қытайдан келген әншінің концертіне барамыз.

**2** Сөздер мен қосымшаларды, шылауларды бірге, бөлек жазыңыз.
Напишите раздельно или слитно слова, окончания, союзы, предлоги.

1) Әкем (де), анам (да) мәдениет саласында жұмыс істейді.
2) Лимон (мен) салыстырғанда киви (де) С дәруменінің мөлшері өте көп.
3) Наурызда күн (мен) түн теңеледі.
4) Құжат (пен) сызбаларды факс (пен) жіберуге болады.
5) Өмірбаянның кейбір түрлері оқырманды жеке адам өмірі (мен) ғана емес, қоғам дамуы (мен) таныстырады.
6) Қазақтар қонағын зор ықылас (пен) күтіп алады.
7) Мақал-мәтелдер (де) халықтың тіл байлығы көрінеді.

**3** Ережеге сай жазылмаған сан есімді тіркестерді табыңыздар.
Найдите словосочетания числительных, которые записаны не по правилам правописания.

XXI-ғасыр, 14-қараша, 11-сынып, XXII том, 8 наурыз, 2012 жылдың 31 желтоқсаны, 217-пәтер, VIII-сайлау округі, 1969-жыл, 5-қабат.

**4** Берілген мәтінге сүйеніп, диалогтерді толықтырыңыз.
Дополните диалог, опираясь на данный текст.

**Жер туралы деректер**

Жер – күн жүйесіндегі тіршілігі бар бірден-бір ғаламшарлардың бірі. Сан түрлі табиғат ерекшеліктері, ыстығы мен аязы, суы мен құрғақшылығы бар, миллиондаған жылдар бойы өсіп-өнген тірі ағзалар мен өсімдіктер әлеміне бай планета. Дегенмен, бүгінде Жер табиғат күштерінің әсерінен бөлек, адам әрекетінің ықпалынан көбірек өзгерістерге ұшырап келеді. Күн және оның тоғыз ғаламшары шамамен 4 миллиард 600 миллион жыл бұрын қалыптасты. Жер тартылыс күші әсерінен бір орталыққа жиналған айналмалы газдар мен шаңның ғарыштық бұлтынан пайда болды. Жер – Күн жүйесіндегі үлкендігі бойынша бесінші ғаламшар. Жер өзінен үш жүз есе ірі Юпитер ғаламшарымен салыстырғанда, доптың жанындағы жаңғақтай өте кіші.

- Жер қандай ғаламшар?
- .......................................
- Күн, оның тоғыз ғаламшары қашан қалыптасты?
- .......................................
- Ал Жер қалай пайда болды?
- ........................................
- Жердің көлемі қандай?
- .................................................

| **Диктант мәтіндерінде кездесетін сөздерге балама (синоним) сөздердің үлгілері:** |
|---|
| Образцы некоторых близких по значению слов (синонимов), встречающихся в диктанте: |
| **А**<br>*адам ~ азамат*<br>*айғақ ~ дәлел ~ дәйек*<br>*аймақ ~ жер*<br>*айтылады ~ баяндалады*<br>*ажырата білу ~ айыра білу ~ шатастырмау*<br>*азық жиятын ~ тамақ жинайтын ~ қор жинайтын*<br>*ақын ~ жырау*<br>*ақысыз ~ тегін*<br>*амандасады ~ сәлемдеседі*<br>*анасы ~ шешесі*<br>*аңғарғыш ~ байқағыш ~ байқампаз*<br>*араластырып ~ қосып*<br>*ата ~ баба*<br>*атағы елге жайылыпты ~ аты шығыпты*<br>*аталып келеді ~ атап кеткен*<br>*аты ~ жылқысы*<br>*аязды күні ~ қатты суық күні* |
| **Ә**<br>*әдіс ~ тәсіл ~ амал*<br>*әрекет ~ қимыл*<br>*әрқашан ~ әрдайым*<br>*әсер еткен ~ ықпал еткен*<br>*Б*<br>*бай ~ асыл, баға жетпес*<br>*бала жігіт ~ жас жігіт*<br>*басқа ~ өзге ~ бөгде ~ бөтен*<br>*басшысы ~ басқарушысы*<br>*белгілі ~ әйгілі*<br>*беріледі ~ жеткізіледі*<br>*бостандығы ~ еркіндігі* |
| ***Д***<br>*дайындайтын ~ әзірлейтін*<br>*дарын ~ талант ~ қабілет*<br>*дауыл ~ қатты жел*<br>*дәмді ~ тәтті*<br>*дәрумен ~ витамин*<br>*дворян тұқымынан ~ дворян әулетінен ~ ауқатты отбасынан*<br>*дүниежүзі ~ әлем* |

**Е**

*елдер ~ мемлекеттер*
*ел-жұрт ~ халық*
*елдің құрметіне бөленген ~ жұрт қадірлеген*
*елін ~ туған жерін ~ Отанын*

**Ж**

*жақсарту ~ нығайту ~ реттеу*
*жақсы-жаман қасиеттері ~ жағымды-жағымсыз мінездері*
*жарық ~күн көзі ~ күн сәулесі*
*жасау ~ дайындау ~ әзірлеу*
*жас кезі ~ балалық шағы*
*жауынгер ~ әскер ~ сарбаз*
*жауып ~ құйып*
*жетістік ~ табыс*
*жұмыс атқарады ~ қызмет атқарады ~ қызмет істейді*
*жылу таситын ~ жылытатын ~ жылу жинайтын*

**З**

*зақымдайды ~ бүлдіреді*
*зерек ~ алғыр ~ зерделі*

**К**

*кездеседі ~ жолығады ~ бар*
*келер күн ~ болашақ ~ келешек*
*кең ~ мол ~ берекелі*
*кеш батқан соң ~ күн батқан соң ~ кеш түскен соң ~ қараңғыда*
*көз жауын алардай ~ көз тартардай*
*көмек ~ жәрдем*
*көмектесу ~ жәрдемдесу*
*көңілін жайлы етеді ~ көңілін табады ~ көңіліне жағады ~ көңілінен шығады*
*көрнекті ~ атақты*
*көріпкел ~ сәуегей ~ болашақты болжаушы ~ жорамалшы*
*күзетші ~ қарауыл*
*күтуші ~ тәрбиеші*
*күшті ~ мықты ~ қуатты ~ қайратты*
*кісі ~ адам ~ жан*

**Қ**

*құрметтеу ~ сыйлау ~ қадірлеу ~ ардақтау*
*қала ~ кент ~ шаһар*
*қартайған кезі ~ қарттық шағы*
*қатық ~ айран*
*қонақ ~ мейман*
*қонақжай ~ меймандос*
*қорқытты ~ үрейлендірді ~ үрейін ұшырды ~ зәресін алды*
*құмарлық ~ қызығушылық ~ әуестік*
*құпия ~ жасырын*
*құтты мекен ~ құтты тұрақ ~ қолайлы орын*
*қызмет етеді ~ ықпал етеді ~ әсер етеді*
*қыстың бір күні ~ қыстыгүні*

**М**

*мол ~ көп*
*мұра ~ қазына байлық*

| **Н** |
| --- |
| *нөсер жаңбыр ~ қатты жауын ~ толассыз жаңбыр* |
| **О** |
| *ойшыл ~ дана ~ ақылшы ~ ақылгөй*<br>*ойлап тапқан ~ ойына келген*<br>*оқу ~ білім*<br>*Отаны ~ туған жері ~ өсетін жері ~ шыққан жері*<br>*отынға барыпты ~ ағаш жинауға барыпты ~ ағаш кесуге барыпты* |
| **Ө** |
| *өлең шығаратын ~ өлең жазатын*<br>*өмір сүреді ~ тіршілік етеді*<br>*өмірінің соңғы жылдары ~ өмірінің соңы ~ кейінгі жылдары*<br>*өнер көрсеткен ~ күрескен, ауыр темір көтерген ~ күресу шеберлігін танытқан* |
| **П** |
| *пайдалы ~ шипалы* |
| **Р** |
| *рөл атқарады ~ қызмет атқарады* |
| **С** |
| *себепкер болған ~ әсер еткен ~ ықпал еткен*<br>*соғыс ~ жорық* |
| **Т** |
| *тағам ~ тамақ ~ ас*<br>*таңғалады ~ таңданады ~ қайран қалады*<br>*тәрбиелік ~ үлгі-өнегелік, ғибраттық*<br>*тәрбиеші ~ күтуші*<br>*тәуелсіз ~ егемен*<br>*топтасып ~ ұжымдасып ~ бәрі бірге*<br>*төзімді ~ шыдамды*<br>*төмендету ~ азайту ~ кеміту*<br>*туып-өскен ~ тұрған ~ мекендеген ~ мекен еткен*<br>*тұрғындары ~ халқы* |
| **Х** |
| *халық ~ ұлт*<br>*хабар беретін ~ хабарлайтын* |
| **Ұ** |
| *ұсынады ~ береді ~ алдына қояды ~ әкеледі*<br>*ұйымшыл ~ ынтымақты ~ ұжымды ~ ұжымшыл* |
| **Ү** |
| *үйі ~ шаңырағы ~ отбасы*<br>*үш күн, үш түн ~ үш тәулік* |
| **Ш** |
| *шалғай ~ алыс ~ қашық*<br>*шанаға жеккен ~ шанаға қосқан*<br>*шежіре ~ жылнама ~ аңыз*<br>*шөптектес ~ шөптұқымдас*<br>*шырын ~ сусын* |

# Қосымша ережелер

■ Сан есімдердің емлесі:
1. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис (-) жазылады да, рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды. Мысалы, 7-орын, 65-мектеп, XXI ғасыр, XII том.
2. Ай, жыл аттарымен тіркесіп келген сан есімдер араб цифрымен берілсе, дефис қойылмайды. Мысалы, 1969 жыл, 16 желтоқсан, 30 тамыз.

■ Правописание числительных:
1. Если порядковые числительные обозначаются арабскими цифрами, то вместо суффиксов -ыншы, -інші, -ншы, -нші ставится дефис (-), а если римскими цифрами, то дефис не нужен (-). Например, 7-орын, 65-мектеп, XXI ғасыр, XII том.
2. Если после порядковых числительных, обозначенных арабскими цифрами, следует слово жыл или названия месяцев, дефис (-) не нужен. Например, 1969 жыл, 16 желтоқсан, 30 тамыз.

Орыс тіліндегі Москва сөзі қазақ тілінің заңдылығына сәйкес Мәскеу, Россия – Ресей, Европа – Еуропа деп жазылады.
Слова Москва, Россия согласно фонетическим законам казахского языка в казахском языке пишутся соответственно Мәскеу, Ресей.

■ Оңашаланған айқындауыштың тыныс белгісі:
Өзінен бұрын тұрған белгілі бір мүшені (сөзді) заттық, мекендік, мезгілдік т.б. жағынан дәлелдеп, айқындап тұратын сөздер тобын оңашаланған айқындауыш деп атайды. Мысалы:
Оңашаланған айқындауыш сөйлем ішінде екі жағынан үтірмен ажыратылады. Мысалы, Біздер, студенттер, тәуелсіз мемлекетте өмір сүргенімізді мақтан тұтамыз!
Кейде сөйлемнің бірыңғай мүшелерімен ұқсап кетпеу үшін екі жағынан сызықша қойылып жазылады. Мысалы, Атасы – Бауыржан Момышұлы – ел таныған батыр, жазушы.

■ Обособленный член предложения выделяется запятыми с двух сторон. Например: Біздер, студенттер, тәуелсіз мемлекетте өмір сүргенімізді мақтан тұтамыз!
В некоторых случаях для того, чтобы не принять обособленные члены предложения за однородные члены предложения, с двух сторон ставится тире.
Например: Атасы – Бауыржан Момышұлы – ел таныған батыр, жазушы.

# Жазылым бөлігінің бағалау межелері

Жазылым бөлігі бойынша тапсырмалардың орындалуын бағалау арнайы бланкіде жүргізіледі. Жазба жұмыстары балл жүйесі арқылы бағаланады.

**Базалық деңгей:**
1. Аудиожазбадағы диктант мәтінін жазуға жоғары балл – 25, яғни жалпы көрсеткіштің 50%-ы.

2. Диктант мәтініндегі мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде өз пікірін жазуға берілетін жоғары балл – 25, яғни жалпы көрсеткіштің 50%-ы.

Базалық деңгей бойынша тапсырма орындауды бағалаудағы жоғары балл – 50, жеткілікті балл – 30, яғни жалпы көрсеткіштің 60%-ын құрайды.

Шығармашылық диктант балл жүйесі арқылы бағаланады (сауаттылығы және қосымша тапсырманы орындау мазмұны).

Базалық деңгей бойынша тапсырма түрлері мен жазба жұмыстарын тексеруге қойылатын талаптар мазмұны, межелері төмендегі кестеде көрсетілген:

| Тапсырма түрлері | Мәтін көлемі | Жазба жұмыстарын тексеруге қойылатын талаптар | Межелер | Балл |
|---|---|---|---|---|
| 1) шығармашылық диктант | 80-100 сөз | - тіл қолданушының сауатты жазуы; | - грамматикалық қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қате (1/0) немесе тыныс белгісінен жеңіл 1 қатесі бар (0/1); | 25 |
| | | | - грамматикалық 6 қатесі бар: орфографиялық 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар (3/3) немесе орфографиядан 2, тыныс белгісінен 4 қатесі бар (2/4) немесе емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (1/5); | 20 |
| | | | - грамматикалық 11 қатесі бар: емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (6/5) немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қате бар (5/6) немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі бар (3/8); | 15 |
| | | | - грамматикалық 14 қатесі бар: емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар (9/5) немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар (8/9); | 10 |
| | | | - грамматикалық 14-тен жоғары қатесі бар диктантқа қойылады; | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2) диктант мәтініне байланысты берілген сұрақтар негізінде өз пікірін жазу | - | - тапсырмаларды орындауда мәтіндегі сөйлемдердің сөзбе-сөз жазылмауы; | - сұрақтарға толық жауап берген; | 5 |
| | | - сөздердің баламасын қолдану; | - тапсырмаға байланысты әр сұраққа жауап бергенде сөздердің баламасын қолданған; | 5 |
| | | - сөйлемдердің бір-бірімен байланысы; | - сөздік қорды дұрыс қолдана алған; | 5 |
| | | - тапсырмаларды орындауда жауаптың толық, мәтіндегі мәселеге қатысты болуы; | - мәтін идеясын толық түсінген; | 5 |
| | | | - күрделі грамматикалық құрылымды жоғары деңгейде дұрыс орындаған; | 5 |
| | | | - сұрақтарға дұрыс, бірақ толық жауап бермеген; | 4 |
| | | | - тапсырмаға байланысты екі сұрақтың жауабында сөздердің баламасын қолданған; | 4 |
| | | | - оңай сөздерді дұрыс қолданса немесе күрделі сөздерді аз қатемен жазған; | 4 |
| | | | - тіл қолданушы мәтіннің негізгі идеясын түсінген; | 4 |
| | | | - оңай грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдаланғанда немесе күрделі грамматикалық құрылымдарды аз қатемен қолданған; | 4 |
| | | | - тіл қолданушы сұраққа жалпы дұрыс жауап берген; | 3 |
| | | | - тапсырмаға байланысты бір сұрақтың жауабында сөздердің баламасын қолданған; | 3 |
| | | | - сөздерді бірнеше қателермен жазса немесе негізгі сөздік қорды дұрыс қолданған; | 3 |
| | | | - мәтін идеясын жалпылай түсінеді; | 3 |
| | | | - бірнеше грамматикалық қателер жіберген немесе негізгі грамматикалық сауаттылықты сақтаған; | 3 |
| | | | - сұраққа тікелей жауап бермейді, бірақ тапсырманы талқылай алған; | 2 |
| | | | - барлық сұрақтың жауабында сөздердің баламасын қолданбаған; | 2 |
| | | | - сөзді қолданудағы қателері сөз мағынасын өзгертіп жіберген; | 2 |
| | | | - жауаптары дұрыс емес; | 2 |
| | | | - грамматикалық қателері сөз мағынасына әсер еткен; | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | - жауаптардың тақырыпқа еш қатысы жоқ; | 1 |
| | | | - тапсырмаға байланысты 3 сұраққа да толық жауап бермеген; | 1 |
| | | | - тіл қолданушының сөздік қоры өте төмен; | 1 |
| | | | - ойлау жүйесі, логикасы мүлдем дұрыс емес; | 1 |
| | | | - жауаптарының грамматикалық сауаттылығы өте төмен; | 1 |
| | | | - тіл қолданушы ештеңе жазбаған немесе барлық сұраққа жауап бере алмаған. | 0 |

Ė Бағалау кезінде қателердің қайталануы мен бірдейлігіне назар аударылады. Егер бір қате бір сөздің құрамында немесе түбірлес сөздердің түбірінде қайталанса, бір қатеге саналады. Бір ережеге жататын қателер бір қате болып есептелінеді. Тіл қолданушы жұмыс орындау барысында диктант мәтінінде 5-тен артық түзету жасаса, жалпы көрсеткіштен 5 балл кемітіледі.

## Критерии оценивания по блоку Письмо

Оценивание выполненных заданий по блоку Письмо осуществляется на специальном бланке по балльной системе.

1. Высший балл за написанный диктант по тексту, воспроизведенному на аудионосителе – 25 баллов, т.е. 50% от общего показателя.

2. Высший балл за отражение своего мнения на основе вопросов, имеющих отношение к проблеме текста диктанта – 25 баллов, т.е. 50% от общего показателя.

Высший балл при оценивании выполненных заданий по элементарному уровню – 50 баллов; необходимый балл для прохождения данного уровня – 30 баллов, т.е. 60% от общего показателя.

Виды заданий по данному уровню, содержание требований, предъявляемых к проверке письменных работ, критерии к ним указаны в таблице:

| Виды заданий | Объем текста | Требования, предъявляемые к проверке письменных работ | Критерии | Балл |
|---|---|---|---|---|
| 1) творческий диктант | 80-100 слов | - грамотное написание текста и каллиграфия; | - нет грамматических ошибок или 1 незначительная (1/0) орфографическая ошибка или 1 незначительная пунктуационная ошибка (0/1); | 25 |
| | | | - 6 общих грамматических ошибок: 3 орфографических, 3 пунктуационных (3/3) или 2 орфографических, 4 пунктуационных (2/4) или 1 орфографическая, 5 пунктуационных ошибок (1/5); | 20 |
| | | | - 11 общих грамматических ошибок: 6 орфографических, 5 пунктуационных (6/5) или 5 орфографических, 6 пунктуационных (5/6) или 3 орфографических, 8 пунктуационных ошибок (3/8); | 15 |
| | | | - 14 общих грамматических ошибок: 9 орфографических, 5 пунктуационных (9/5) или 8 орфографических, 9 пунктуационных ошибок (8/9); | 10 |
| | | | - свыше 14-и грамматических ошибок в диктанте; | 5 |
| 2) выражение своего мнения на основе вопросов, имеющих отношение к теме диктанта | | - при выполнении заданий не использовать дословно предложения и слова из текста; | - дал полный ответ на вопросы; | 5 |
| | | - правильно использовать слова, близкие по значению (синонимы); | - при ответе правильно использовал близкое по значению слово (синоним); | 5 |
| | | - взаимосвязь слов в предложений; | - правильно использовал словарный запас в пределах лексического минимума данного уровня; | 5 |
| | | - при выполнении заданий дать полный ответ, соответствие ответа проблеме, изложенной в тексте. | - полностью понял идею текста; | 5 |
| | | | - употребления сложных грамматических конструкций на высоком уровне; | 5 |
| | | | - на вопросы ответил правильно, но не полностью; | 4 |
| | | | - в ответах на два вопроса правильно использовал близкое по значению слово (синоним); | 4 |
| | | | - правильно использовал простые слова или написал с незначительными ошибками сложные слова; | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | - пользователь языка понял основную идею текста; | 4 |
| | | | - правильно использовал простые грамматические конструкции или сложные грамматические конструкции использовал с незначительными ошибками; | 4 |
| | | | - пользователь языка ответил на вопросы в целом правильно; | 3 |
| | | | - в ответе на один из вопросов задания правильно использовал близкое по значению слово (синоним); | 3 |
| | | | - написал слова с несколькими ошибками или использовал только основной словарный запас; | 3 |
| | | | - понял идею текста обобщенно; | 3 |
| | | | - допустил несколько грамматических ошибок или соблюдает основы грамотности; | 3 |
| | | | - ответил на вопросы косвенно, но сумел проанализировать задание; | 2 |
| | | | - во всех ответах на вопросы не использовал близкие по значению слова (синонимы); | 2 |
| | | | - неправильное употребление слова изменило значение данного слова; | 2 |
| | | | - все ответы неправильные; | 2 |
| | | | - если грамматические ошибки тестируемого повлияли на значение слов; | 2 |
| | | | - ответы не соответствуют теме текста; | 1 |
| | | | - не дал полный ответ на все 3 вопроса; | 1 |
| | | | - словарный запас пользователя языка очень низкий; | 1 |
| | | | - неправильное логическое мышление; | 1 |
| | | | - грамотность на низком уровне; | 1 |
| | | | - пользователь языка ничего не написал или не ответил на все вопросы. | 0 |

Ė При оценивании учитывается повторение одних и тех же ошибок и их однообразие. Если одна ошибка повторяется в составе одного слова или в корне однокоренных слов, то считается за одну ошибку. Ошибки, имеющие отношение к одному и тому же правилу, тоже считаются за одну ошибку. Если пользователь языка при написании диктанта допускает более 5-ти исправлений, то снижают 5 балла от общего показателя.

# Өзін-өзі бағалау парағы

| | | |
|---|---|---|
| 1-дағды | – | Жазған диктант мәтінін жақсылап оқып шықтым. |
| 2-дағды | – | Әрбір сөйлемнің мағынасын түсінуге тырыстым. |
| 3-дағды | – | Тақырыптағы негізгі мәселелерді анықтадым. |
| 4- дағды | – | Сұрақтардың жауабына негіз болатын сөйлемді, тірек сөздерді таптым. |
| 5- дағды | – | Сөйлемдегі сөздер мен кейбір сөз тіркестерінің баламасын таптым. |
| 6-дағды | – | Оларды пайдаланып, пікірімді жүйелеп жаздым. |
| 7- дағды | – | Жауабымдағы сөйлемдердің құрылымын тексердім. |
| 8- дағды | – | Жауабымның грамматикалық сауаттылығын тексердім. |
| 9-дағды | – | Диалог құрастыру үшін сұрақтар жаздым. |
| 10-дағды | | Сұрақтарға сәйкес жауап таптым. |

# Лист самопроверки

| | | |
|---|---|---|
| 1-ый навык | – | Внимательно перечитал написанный диктант. |
| 2-ой навык | – | Постарался вникнуть в суть каждого предложения. |
| 3-ий навык | – | Определил основные моменты темы. |
| 4-ый навык | – | Нашел предложение, опорные слова, которого являются основой для ответа на вопросы. |
| 5-ый навык | – | Нашел близкие по значению слова для тех слов, которые нужно заменить. |
| 6-ой навык | – | Используя данные синонимы, написал свое мнение в логической последовательности. |
| 7-ой навык | – | Внимательно проверил правильность конструкции предложений. |
| 8-ой навык | – | Проверил грамматически правильное написание ответов. |
| 9-ый навык | – | Сформулировал вопросы для составления диалога. |
| 10-ый навык | – | Нашел подходящие ответы на них. |

# 5 Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
# Блок Аудирование. Тексты аудиозаписей и ключи правильных ответов тестовых заданий

## Алдын ала тест бойынша аудиожазба мәтіндері
## Тексты аудиозаписей предварительного теста

### Бірінші бөлім

**1-диалог**

– Сіз таксиді не үшін шақырттыңыз?
– Аслан әуежайға Салтанатты күтіп алуға барады.
– Салтанат Қызылордадан келе ме?
– Иә.
– Қонақүйге орналасатын шығар?
– Жоқ, біздің үйде болады.

**2-диалог**

– Қазақтың қандай ұлттық спорт ойындарын білесіз?
– Қазақтың ұлттық ойындары көп қой. Қазіргі кезде ойналып жүрген тоғызқұмалақ, көкпар, қыз қуу сияқты ойындарды, ат бәйгесін атауға болады.
– Сіз қайсысын ойнап көрдіңіз?
– Бір-екі рет көкпар тартып көргенмін. Ол үшін атқа міне білу керек.

**3-диалог**

– Мына костюм жеке сатыла ма?
– Жоқ. Бірақ осы сауда орталығының бірінші қабатында бізбен серіктес ателье бар. Сонда тапсырыс беруге болады.
– Сіздіңше, ол сапалы шыға ма? Қандай матадан тіктіруге болады?
– Онда істейтіндер кәсіби тігіншілер ғой. Мына костюм атластан тігілген, қандай сәнді! Сіз де атластан тіктіріңіз.
– Кеңесіңізге Рақмет!

**4-диалог**

– Сәкен мектепті қашан бітірді?
– Биыл. Кеше Ұлттық бірыңғай тест тапсырып келді.
– Соңғы төртінші пәні қандай?
– Ол физика пәнінен жақсы, үш жыл қатарынан Олимпиада жеңімпазы болды. Соны таңдаған.
– Қандай оқуға тапсырмақшы?
– Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне барады. Құжаттарды тамыздың 25-іне дейін қабылдайды екен. Әлі 1,5 ай уақыт бар.

### Екінші бөлім

**5-диалог**

– Аға, «Бекзат» атты деректі фильм туралы білесіз бе?
– Иә, білемін. Бұл фильм 2009 жылы «Құлагер» жүлдесін алған.

– «Құлагер» қандай жүлде?
– Қазақстан кинематографистер одағының сыйлығы.
– Ал фильмнің тұсаукесері қайда өтті?
– Фильмнің тұсаукесері Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде өтті. Кейін теледидардан «Еларнадан» ғана көрсетіліп, басқа арналардан көрсетілмей қалды.
– Бекзаттың рөлін фильмде кім ойнаған?
– Фильм Түркістанда түсірілген, Бекзаттың балалық шағын көрсету үшін сол ауылдан Бекзатқа ұқсайтын Абылайхан деген бала оның рөлін ойнаған.
– Фильм қай кезде түсірілген?
– 2009 жылдың көктемінде басталып, сол жылы күзде түсіру жұмысы бітті.
– Рақмет, аға. Мен ертең Бекзат аға туралы жазатын шығармама осы мәліметтерді де қосамын.

**6-диалог**

– Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» атты романы шықты деп естідім. Не дүкенге, не кітапханаға түспепті. Ол туралы сен не білесің?
– «Жармақ» романы – жазушының соңғы жылдары шетелде жүріп жазған туындыларының бірі.
– Бұрын жарияланған ба?
– Біраз жыл бұрын алғаш Чехия астанасы Прагада жеке кітап болып шығыпты. Кейбір тұстары қысқартылып, «Жамбыл» журналында да жарияланған. Роман оқырманның қызығушылығын туғызды.
– Өзіңнің біраз хабарың бар екен. Романды оқып шықтың ба? Маған айтып берші!
– Мен жолдасымнан алып оқығанмын. Жазушының жетпіс жылдығына орай «Жұлдыз» журналының биылғы бірінші санында жарияланды ғой. Өзің оқыған қызығырақ болады.

**Үшінші бөлім**

**7-диалог**

– Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры сәуір айында Алматы көрермендерін бірнеше қойылыммен риза етті. Солардың ішіндегі «Махаббат мелодрамасы» пьесасының авторы ретінде өзіңізбен сұхбаттасқанды жөн көрдік. Пьесада трагедиялық та, комедиялық та сюжеттер кездеседі. Осы жағынан басқа қойылымдардан өзгеше. Бұл сіздің жаңашылдығыңыз ба?
– Негізгі жанры мелодрама болғаннан кейін, оның ішіне бәрі сияды. Онда комедия да, діни сарын да, романтикалық сюжет те болады.
– Пьесаны жазудағы негізгі идея қандай?
– Негізгі идея – қазақ қызының дәрежесін көтеру. Пьесаны жазуға негіз болған мәселе – арын сақтаған ару бейнесі. Ол – тәрбие көрген қазақ қызы, қазақ анасының бейнесі.
– Режиссер қойылымды қалай алып шықты?
– Қойылым режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Қойылым ойдағыдай болды.

**8-диалог**

– Суық тиіп ауырғанда лимонмен шай ішкен пайдалы деп жатады. Шынымен де, лимонның пайдасы зор болғаны ма?
– Кейбір дереккөздер бойынша лимоннан гөрі апельсиннің пайдасы көп көрінеді. Өйткені лимондағы аскорбин қышқылы – С дәрумені апельсинге қарағанда шамамен 30%-ға ғана аз екен.
– Аскорбин қышқылы не үшін керек?
– Ол – адам иммунитетін көтеруге негіз болатын дәрумен.

– Сонда күніне қанша апельсин жеу керек?
– Көлемі орташа бір апельсин жесең болады. Ол аталған дәруменнің ағзадағы бір күндік нормасы – 60 мг-мен қамтамасыз ете алады.
– Ал қанша лимон жеу керек?
– Лимонды жей алмайсың ғой. Ол – қышқыл. Егер лимонның екі тілігін ыстық шайға салсаң, ондағы аскорбин қышқылының әсері әлдеқайда төмендейді.
– Онда не істеу керек?
– Сондықтан ағзадағы С дәруменін басқа жолдармен толықтырған тиімді.
– Ол қандай жолдар?
– Тамақтанғанда басқа жеміс, көкөніс түрлерін пайдалану керек. Мысалы: грейпфрут, киви, болгар бұрышы немесе мандарин. Олардың құрамында да С дәрумені бар. Тұмау маусымы қашан басылғанша, аскорбин қышқылының күндік нормасын қалайда толтыруға тырысқан абзал.

**Төртінші бөлім**

**1-мәтін**
Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Ол отбасы ерекше екен, отбасының өзара келісімде, татулықта өмір сүруі елді таң қалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал атымен болмайды екен.
Бұл отбасы жайлы патшаның да құлағына жетеді. Патша естігенінің ақ-қарасын білгісі келіп, ауылға келеді. Ауыл тап-таза, барлығы да жеткілікті. Адамдар тыныштық пен берекеде өмір сүріп жатыр. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-мейрам екен. Бұған патша таң-тамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді.
Ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді. Сонда қарт үнсіз ғана «Жүз рет сүйіспеншілік, жүз рет кешірім, жүз рет бірлік және шыдамдылық» деп қағазға жазып берген екен.

**2-мәтін**
Журнал – мерзімді басылым, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Журнал газетпен салыстырғанда оқиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайды. Өзінің ұстанған көркемдік бағытына қарай қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етеді. Мазмұны жағынан қоғамдық-саяси журнал, әдеби-көркем журнал, спорттық журнал, сатиралық журнал, өндірістік-техникалық журнал, ғылыми-көпшілік журнал болып бөлінеді.
Дүниежүзіндегі тұңғыш журнал Францияда 1665 жылы бесінші қаңтарда «Журнал де Саван» деген атпен жарық көрді. Алғашқы журналдар әр түрлі кітаптарға шолу жасап, көркем әдебиет, ғылым, көркемөнер, дін салаларындағы жаңалықтарды баяндаумен шектелді. XIX ғасырдың екінші жартысында көпшілікке арналған аралас мазмұнды, безендірілген журналдар көбірек шығарылды.
Қазақ тілінде алғашқы журнал 1911-1915 жылдар арасында жарық көрді және ол «Айқап» деп аталды. Кейіннен татарша-қазақша «Садақ», «Айна», «Қызыл Қазақстан», «Мұғалім» атты тағы да басқа бірнеше журналдар болды. Қазақстан Республикасында демократиялық құндылықтардың орнығуына байланысты мемлекеттік және жеке меншік журналдар саны көбейді.

## Қорытынды тест бойынша аудиожазба мәтіндері
## Тексты аудиозаписей итогового теста

**Бірінші бөлім**

**1-диалог**

**Дінмұхамед Қонаевтың бойынан мына асыл қасиетті байқадым. Сапарға ш**ығарда ылғи әкесі Меңдіахмет ақсақалдың алдына барып:

– Жол-ана қасиетті. Іссапарға жүргелі жатырмын. Батаңызды беріңіз, - деп бата сұрайтын.

– Жолың болсын балам! – деп тау тұлғалы ұлының алдына келіп бата сұрағанына әкесі риза болатын.

– Көзі тірісінде Димекеңе:

– Димаш Ахметұлы, орындалмай қалған арманыңыз бар ма? Өміріңізде қол жеткен нәрселеріңіз көп қой? - деген сауал қойдым.

– Сонда ол кісі:

– Алматыға жер асты жолы метроны салып үлгермедім, - деді де, терең ойға қалған еді.

*(Мырза Акуевтің естелігінен, «Елу жыл – ел ағасы». – Алматы, Санат, 2002 жыл).*

**2-диалог**

– Кешіріңіз, театрға дейін әлі алыс па?

– Театр көп қой, сізге қай театр керек?

– Иә, маған Абай атындағы опера және балет театры, дәлрек айтқанда соның жанындағы саябаққа бару керек еді.

– Түсінікті, ол саябаққа дейін біраз жер бар. Таксимен немесе осы жерге № 9 - троллейбус тоқтайды, сонымен баруға болады. Қай жерден түсу керектігін кондуктордан сұрарсыз. Аялдамадан түскен соң, 300 метрдей алға жүрсеңіз, іздеген саябағыңыз оң жағыңызда болады.

**3-диалог**

**–** Мен несиені уақытынан бұрын толықтай төлеп тастайын деп едім. Қандай құжаттар қажет және қайда бару керек?

– Отырыңыз, несие мәселесімен осы бөлім айналысады. Ең алдымен мына өтініш қағазын толтырасыз. Содан кейін кассаға барып, мына қағазда көрсетілген соманы төлейсіз. Түбіртектің көшірмесін осында әкеп көрсетесіз.

– Кепілдікке қойылған пәтердің құжаттарын қашан алуға болады?

– Барлық құжаттар бес жұмыс күні ішінде рәсімделіп, дайын болады. Келесі аптаның сәрсенбі күні келіңіз.

– Жақсы, онда мен кассаға қажетті соманы төлейін. Сол бұрынғы кассаға төлейміз ғой.

Иә, сол бұрынғы жерде. Бірінші қабатқа түсесіз. Тезірек барыңыз, қазір түскі үзіліске жабылып қалады.

**4-диалог**

– Сәуле Алматқызы, түйіндемеңізді қарап шықтым, біздің қойған талабымызда үш тілді маман керек деп көрсетілген.

– Дұрыс айтасыз. Мен қазақ, орыс тілдерін жетік білемін. Магистратураны Англияда бітірдім, ағылшын тілім де жоғары деңгейде. Мамандығым бойынша тәжірибем аз, бар болғаны 2 жыл 3 ай.

– Бос орындарға байқау жариялау туралы хабарландыруда мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем болмау керек деген талап бар. Сол себепті сіздің байқауға тапсырған құжаттарыңызды тағы бір рет қарап шығамыз.
– Рақмет, нақты шешімін қашан айтасыздар?
– Апта соңына қарай хабарласыңыз.

**Екінші бөлім**

**5-диалог**
– Қазақ тілін өз бетінше оқып үйренуге арналған кітаптар бар ма?
– Бізде қазақ тілін үйренуге байланысты оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер мен екі және үш тілді тілдескіштер өте көп. Іздеген кітаптарыңызды осы қатардан таба аласыз.
– Жақсы, Рақмет. Ал егер бірнеше кітап, сөздік, тілдескіш, оқу құралын, үнтаспа алсам, жеңілдік бола ма? Сыртта барлық тауар түріне 10-нан 50 %-ға дейін жеңілдік деп жазылған екен, ол қандай жеңілдіктер?
– Алған заттарыңыздың бағасы 15 мың теңгеден көп болса, онда жеңілдік 10 %.

**6-диалог**
Ұмытпасам, 1997 жыл болса керек, бір күні түс кезінде Шыңғыс Айтматов мені Қырғызстанға ресми сапармен келген Түрік Республикасының президенті Сүлеймен Демирельге ертіп апарды.
Президент:
– Шыңғыс бей, осы Сіздің Нобель сыйлығына ұсынылып келе жатқаныңызға неше жыл болды? - деп сұрады.
– Жиырма, жиырма бес жылдай болған шығар? - деді Шыңғыс.
– Тіпті осы сыйлықты Сізбен мүлде салыстыруға келмейтін төмен деңгейдегі қаламгерлер алып кетті. Мұның себебі неде екен? - деді Президент.
– Күні бүгінге дейін әдебиет саласында бұл сыйлыққа түркі тілдес халықтарды былай қойғанда, күллі мұсылман әлемінен бір ғана Нағип Махфуз деген араб жазушысы ие болды. Бірақ, әрине, үлкен дарынымен қатар, әйелі еврей ұлтынан болғандықтан, - деп әңгімеге мен араластым.
Кейіннен Түркияда Шыңғыс Айтматовпен бірге болғанымызда Түркия Президенті Сүлеймен Демирел қатысқан халықаралық үлкен бір жиында Шыңғысты бүкіл түрік халықтары атынан Нобель сыйлығына ұсыну мәселесі сөз болды. Сонымен, Шыңғыс Айтматов мемлекетаралық деңгейде Нобель сыйлығына ұсынылды.

*М. Шахановтың «Қырғыз Эвересі және мәңгүрттендірудің егеуқұйрықтық тәсілі аға-дос Ш.Айтматов туралы эсселер атты кітабынан»)*

**Үшінші бөлім**

**7-диалог**
– Шәкәрім тақырыбына қалай келдіңіз?
– Абайдың өмір жолын телешежіре етіп көрсеткісі келген адам Шәкәрімді айналып өтуі мүмкін емес. Сондықтан Абай, Шәкәрім шығармаларын оқып өскен бізге ұлы бабаларды зерттеу, олар туралы жазу, фильм түсіру қашан да арман болатын.
– Сонда бұған дейін Абай туралы фильм түсіріп пе едіңіз?
– 2005 жылы «Қазақстан» ұлттық телеарнасының базасында Абай өмірбаянын толық қамту мақсатында «Анық Абай» атты тұңғыш деректі сериалды қолға алғанмын.

– «Мұтылған» фильмі арқылы не айтқыңыз келді?
– Фильмде Шәкәрім өмірінің бір жағын, яғни Абаймен қатынасын ғана қамтыдым. Фильмнің мазмұнын Шәкәрім мен Абай арасындағы үш жайт құрайды. Олар мыналар: біріншісі – Абай шәкірттерінің өлең жазуы және оны Абайдың сынауы; екіншісі – Абайдың Шәкәрімді дүние ғылымын жинауға жіберу ойы; үшіншісі – Абай қайтыс болғаннан кейінгі Шәкәрімнің өкініші.
– Біз білмейтін Шәкәрім ... Фильмде нені көрсете алдыңыз, нені қамти алмадыңыз?
– Меніңше, деректі фильм, оның ішінде жеке тұлғаға арналған фильм сол адамның өмірін хронологиялық баяндаумен ғана айналыспау керек. Деректі фильмде көрерменді селт еткізетін детальдар болуы қажет. Мен «Мұтылғанда» ондай детальдарды бере білдім деп ойлаймын. Ал Шәкәрімнің Мекке мен Мәдинедегі, Каир мен Стамбулдағы күндерін де беруге болар еді. Мен фильмде өзім мақсат еткен екі данышпанның арасындағы рухани қатынасты қозғадым.

*(«Мұтылған» фильмінің сценарий авторы және қоюшы режиссері Қасым Аманжолұлымен сұхбаттан)*

**8-диалог**
– Құсбегілік өнердің қиындығы неде?
– Балапан құс күту бірнеше сатыдан тұрады: балапанды үйрету, томаға кигізу, аяқбау тағу. Кейін түрлі дыбысқа, атын атап шақыруға үйрету, сосын тамақ беру тәртібі – осының бәрі оңай жұмыс емес.
– Сіздің құсыңыздың аты қалай?
– Менің бүркітімнің аты – Ақжелке.
– Ақжелкені қалай тамақтандырасыз?
– Таза, тұздалмаған, жаңа сойылған ет беремін. Жазда бір-екі ай түлеуге отырады, қауырсындары жаңарады. Сосын күзден бастап ұшырып үйретемін. Ал қыста аң аулауға шығамыз.
– Бүркітпен аңға шыққанда қандай киім киесіз?
– Саятшының киімі ең алдымен өзіне қонымды әрі қозғалуға икемді болу керек. Жарысқа барғанда қызыл түлкі терісінен тігілген қысқы тымақ пен қазақы ою-өрнек салынған киімімді киемін.
– Құсбегілік өнердің өзіне тән бір-екі терминіне тоқталып кетсеңіз?
– Мысалы, томаға, оны құс иесіне және басқа адамдар мен аңдар үшін сақтық ретінде құстың басына кигізеді. Ақжелкенің томағасын өзім тігіп, көз тимесін деп ырымдап үкі тағып қойдым. Қыранды қолға қондырғанда құсбегі міндетті түрде оң қолына биялай киеді. Ол ішіне жұмсақ киіз немесе мата салынған, теріден тігілген қолғап.

*Құсбегі қыз Мақпал Әбдіразақовамен болған сұхбат.*

**Төртінші бөлім**

**1-мәтін**
Жазушы Оралхан Бөкейдің көрнекті қаламгер Шерхан Мұртаза 60 жасқа толғанда жазушыға арнап жазған хаты: «Аға! Мен Сізді ешқашан да аты-жөніңізбен атаған емеспін. Ең алғаш көргеннен бастап «Аға» деп амандастым және сол 1967 жылдан бері туған ағамдай шын көңілмен сыйлап, құрметтеп келемін. Сіз бен біздің арамызда ширек ғасырдан бері ағалық-інілік жарастыққа жарықшақ түскен жоқ. Мен Сізді, Аға, жаһандағы жалғыз ұстазым деп айтудан ұялмас едім және әрі осының өзін мақтан тұтар едім.

Қарғадай кезімде «Лениншіл жас» газетінде жарияланған үш-төрт очеркімді оқып, ауылда жүрген кезімде республикалық басылымға жұмысқа шақырдыңыз. Университеттің үшінші курсында сырттай оқып жүргенде, ең қиын да жауапкершілігі үлкен бөлімді сеніп тапсырдыңыз. Бұдан кейін де әдебиет пен журналистикадағы кезеңдерді бірге өткізіп келеміз. Мен кейде туған айымыз бен күніміздің де дәл келуін жақсылықтың нышанына балаймын. Міне, Сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екен?».

**2-мәтін**

Дойбы – спорт түрі. Дойбыны арнайы шаршыға бөлінген тақтайда екі адам ойнайды. Ойын тасы, әдетте, он екі немесе жиырма тас болады. Он екі тас – орыс дойбысы, ал жиырма тас халықаралық дойбыда қолданылады.
Ойынның мақсаты – қарсыластың тастарын түгел жою немесе оның жүріс жолдарын жабу. Дүниежүзілік дойбы федерациясы 1947 жылы құрылған. Оған отыздан астам ел мүше. Дойбының пайда болған жері Мысыр елі саналады. Кейбір деректерге қарағанда Қазақстанға дойбы шамамен 1740 жылдары келген. Абайдың атасы Өскенбай, әкесі Құнанбай, атақты Кемпірбай ақын дойбыны құмарта ойнаған. Абайдың Жидебайдағы мұражайында ұлы ақынның дойбысы әлі күнге дейін сақтаулы. 1956 жылдан бастап дойбыдан Қазақстан чемпионаты өтіп келеді.

*(Балалар энциклопедиясынан)*

# Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

## Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

| Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | B | 11 | D | 21 | D |
| 2 | A | 12 | D | 22 | A |
| 3 | B | 13 | A | 23 | B |
| 4 | D | 14 | D | 24 | C |
| 5 | C | 15 | C | 25 | B |
| 6 | B | 16 | B | 26 | A |
| 7 | C | 17 | D | 27 | A |
| 8 | A | 18 | A | 28 | C |
| 9 | C | 19 | B | 29 | D |
| 10 | C | 20 | C | 30 | B |

# Тыңдалым бөлігі. Талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

## Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

| Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A | 11 | C | 21 | C |
| 2 | C | 12 | A | 22 | B |
| 3 | D | 13 | A | 23 | C |
| 4 | C | 14 | D | 24 | D |
| 5 | B | 15 | A | 25 | B |
| 6 | D | 16 | A | 26 | D |
| 7 | D | 17 | C | 27 | C |
| 8 | B | 18 | D | 28 | C |
| 9 | A | 19 | A | 29 | A |
| 10 | C | 20 | B | 30 | B |

# Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

## Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

| Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап | Тапсырма | Дұрыс жауап |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | C | 11 | D | 21 | C |
| 2 | B | 12 | C | 22 | A |
| 3 | A | 13 | B | 23 | B |
| 4 | D | 14 | C | 24 | D |
| 5 | A | 15 | A | 25 | B |
| 6 | B | 16 | D | 26 | A |
| 7 | D | 17 | A | 27 | C |
| 8 | A | 18 | C | 28 | A |
| 9 | B | 19 | B | 29 | B |
| 10 | C | 20 | A | 30 | A |

# 6 Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
## Лексико-грамматический блок. Ключи правильных ответов тестовых заданий

Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Лексико-грамматический блок. Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | B | 11. | B | 21. | B | 31. | C | 41. | C | 51. | D | 61. | D |
| 2. | C | 12. | D | 22. | D | 32. | A | 42. | D | 52. | A | 62. | C |
| 3. | B | 13. | B | 23. | C | 33. | C | 43. | D | 53. | B | 63. | A |
| 4. | B | 14. | B | 24. | D | 34. | B | 44. | A | 54. | B | 64. | D |
| 5. | C | 15. | D | 25. | B | 35. | A | 45. | C | 55. | C | 65. | D |
| 6. | A | 16. | A | 26. | B | 36. | C | 46. | D | 56. | B | 66. | C |
| 7. | C | 17. | D | 27. | C | 37. | C | 47. | A | 57. | C | 67. | D |
| 8. | C | 18. | C | 28. | B | 38. | B | 48. | B | 58. | A | 68. | C |
| 9. | D | 19. | B | 29. | A | 39. | C | 49. | B | 59. | B | 69. | B |
| 10. | C | 20. | A | 30. | B | 40. | B | 50. | A | 60. | C | 70. | D |

Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Лексико-грамматический блок. Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | A | 21. | C | 41. | A | 61. | B |
| 2. | D | 22. | D | 42. | B | 62. | C |
| 3. | A | 23. | D | 43. | D | 63. | B |
| 4. | B | 24. | C | 44. | D | 64. | D |
| 5. | B | 25. | D | 45. | A | 65. | B |
| 6. | D | 26. | C | 46. | A | 66. | D |
| 7. | B | 27. | C | 47. | A | 67. | C |
| 8. | A | 28. | D | 48. | B | 68. | D |
| 9. | B | 29. | A | 49. | C | 69. | D |
| 10 | D | 30. | D | 50. | B | 70. | C |
| 11. | D | 31. | C | 51. | C | 71. | C |
| 12. | C | 32. | D | 52. | C | 72. | B |
| 13. | D | 33. | C | 53. | A | 73. | D |
| 14. | A | 34. | C | 54. | D | 74. | A |
| 15. | C | 35. | B | 55. | D | 75. | A |
| 16. | A | 36. | B | 56. | D | 76. | B |
| 17. | A | 37. | C | 57. | C | 77. | D |
| 18. | C | 38. | C | 58. | C | 78. | B |
| 19. | D | 39. | A | 59. | B | 79. | B |
| 20. | D | 40. | B | 60. | B | 80. | B |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 81. | C | 101. | C | 121. | A | 141. | B |
| 82. | D | 102. | D | 122. | B | 142. | C |
| 83. | C | 103. | A | 123. | D | 143. | D |
| 84. | B | 104. | D | 124. | B | 144. | C |
| 85. | A | 105. | D | 125. | D | 145. | A |
| 86. | A | 106. | C | 126. | D | 146. | C |
| 87. | B | 107. | D | 127. | C | 147. | A |
| 88. | D | 108. | C | 128. | D | 148. | C |
| 89. | A | 109. | D | 129. | A | 149. | D |
| 90. | A | 110. | B | 130. | C | 150. | C |
| 91. | D | 111. | D | 131. | D | 151. | D |
| 92. | D | 112. | C | 132. | B | 152. | D |
| 93. | B | 113. | D | 133. | D | 153. | A |
| 94. | B | 114. | A | 134. | B | 154. | D |
| 95. | C | 115. | C | 135. | C | 155. | B |
| 96. | C | 116. | C | 136. | A | | |
| 97. | C | 117. | C | 137. | B | | |
| 98. | A | 118. | C | 138. | D | | |
| 99. | B | 119. | A | 139. | C | | |
| 100. | D | 120. | B | 140. | B | | |

## Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Лексико-грамматический блок.
Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | B | 11. | C | 21. | C | 31. | C | 41. | D | 51. | A | 61. | D |
| 2. | A | 12. | C | 22. | D | 32. | C | 42. | A | 52. | A | 62. | B |
| 3. | A | 13. | A | 23. | A | 33. | B | 43. | D | 53. | A | 63. | D |
| 4. | A | 14. | C | 24. | B | 34. | C | 44. | A | 54. | A | 64. | A |
| 5. | D | 15. | D | 25. | B | 35. | A | 45. | C | 55. | D | 65. | C |
| 6. | C | 16. | B | 26. | A | 36. | A | 46. | A | 56. | D | 66. | C |
| 7. | D | 17. | D | 27. | D | 37. | C | 47. | D | 57. | D | 67. | B |
| 8. | A | 18. | D | 28. | D | 38. | D | 48. | B | 58. | A | 68. | B |
| 9. | D | 19. | A | 29. | D | 39. | A | 49. | B | 59. | D | 69. | A |
| 10. | B | 20. | C | 30. | D | 40. | A | 50. | A | 60. | C | 70. | A |

# 7 Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

## Блок Чтение. Ключи правильных ответов тестовых заданий

Оқылым бөлігі. Алдын ала тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Блок Чтение. Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | D | 11 | A | 21 | C | 31 | D | 41 | A |
| 2 | C | 12 | C | 22 | B | 32 | B | 42 | C |
| 3 | C | 13 | C | 23 | D | 33 | C | 43 | D |
| 4 | B | 14 | A | 24 | A | 34 | B | 44 | B |
| 5 | D | 15 | C | 25 | C | 35 | D | 45 | D |
| 6 | C | 16 | B | 26 | D | 36 | C | 46 | B |
| 7 | A | 17 | B | 27 | C | 37 | C | 47 | C |
| 8 | A | 18 | A | 28 | D | 38 | D | 48 | B |
| 9 | D | 19 | D | 29 | A | 39 | A | 49 | D |
| 10 | D | 20 | C | 30 | B | 40 | C | 50 | D |

Оқылым бөлігі. Талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Блок Чтение. Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | B | 11 | C | 21 | C | 31 | A | 41 | C |
| 2 | D | 12 | D | 22 | B | 32 | C | 42 | A |
| 3 | B | 13 | D | 23 | A | 33 | C | 43 | B |
| 4 | C | 14 | B | 24 | D | 34 | B | 44 | A |
| 5 | D | 15 | D | 25 | C | 35 | C | 45 | C |
| 6 | B | 16 | B | 26 | C | 36 | A | 46 | A |
| 7 | C | 17 | D | 27 | B | 37 | B | 47 | C |
| 8 | C | 18 | B | 28 | C | 38 | C | 48 | B |
| 9 | D | 19 | A | 29 | D | 39 | A | 49 | D |
| 10 | C | 20 | D | 30 | C | 40 | A | 50 | C |

Оқылым бөлігі. Қорытынды тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Блок Чтение. Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | B | 11 | B | 21 | C | 31 | C | 41 | D |
| 2 | B | 12 | D | 22 | D | 32 | B | 42 | A |
| 3 | D | 13 | C | 23 | C | 33 | B | 43 | D |
| 4 | D | 14 | B | 24 | B | 34 | A | 44 | D |
| 5 | A | 15 | D | 25 | A | 35 | C | 45 | C |
| 6 | B | 16 | C | 26 | D | 36 | B | 46 | D |
| 7 | A | 17 | D | 27 | A | 37 | D | 47 | A |
| 8 | D | 18 | B | 28 | A | 38 | C | 48 | C |
| 9 | D | 19 | B | 29 | C | 39 | B | 49 | B |
| 10 | D | 20 | D | 30 | D | 40 | C | 50 | C |

# 8 Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері
## Блок Письмо. Тексты аудиозаписей и образцы правильных ответов заданий

**Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмаларының дұрыс жауап үлгілері**

1

**Адам құқығы**

Әр адам – өзі өмір сүрген ортадағы қоғамның мүшесі. Әр елдің өз адамдарына арнаған Ата Заңы – Конституциясы болады. Қазақстан Республикасының өз Ата Заңы бар. Онда жеке адамдардың құқығы мен бостандығы туралы айтылған.

Қазақстан Республикасын Президент басқарады. Тәуелсіз Қазақстанның халық сайлаған тұңғыш Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Адам құқығын қорғайтын Заңды Парламент шығарады. Парламентте халық сайлаған депутаттар қызмет етеді. Қазақстан басқа мемлекеттермен әртүрлі қарым-қатынастар орнатты. Білім, мәдениет, экономика салаларында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстанның адам құқықтары туралы заңдарында балаларды қорғау, олардың мектепте ақысыз білім алу қажеттігі айтылған.

2

**Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Әр адамның өзі өмір сүрген қоғамдағы әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген мүмкіндігі мен бостандығы.
2) Балаларды қорғау, олардың мектепте тегін білім алу қажеттігі туралы баяндалған.
3) Адам құқығы, оны қорғауға қатысты Заңды Парламент шығарады.
4) Конституцияда жеке адамдардың құқығы мен бостандығы туралы сөз болған.
5) Адам құқығы туралы заңдардың орындалуын қадағалайды.

3

**Диалог үлгісі**

– Республиканың ең басты заңы қалай аталады?
– Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституция деп аталады.
– Онда не туралы айтылған?
– Адамдардың құқығы мен бостандығы жөнінде баяндалған.
– Қазақстанның адам құқықтары туралы заңдарын қандай орган шығарады?
– Қазақстан Республикасының Парламенті.

**Жазылым бөлігі.**
**Талдау бойынша тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері**

**1-нұсқа**

1 **Мақал – сөздің мәйегі**

Мақал-мәтелдер – айналадағы мол дүние туралы білімнің жиынтығы. Олар тәрбиелік рөл атқарады. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа әрі тұжырымды болады. Сөздер бейнелі, орынды қолданылады. Мақал-мәтелдерден халықтың тіл байлығы көрінеді. Олардың бай сөздік қорымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай берілуіне көмегі мол. Адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі мақал-мәтелдерде жақсы бейнеленген.

Мақал-мәтелдерде оқу мен еңбек, ойын мен өнер, адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, тағы басқа үлгі-өнегелер сөз болады. Өмірдің әр саласына байланысты болғандықтан, оларды әртүрлі тақырыпқа бөлуге болады. Адам мақал-мәтелдерді түсініп, өз сөзінде орнымен қолданып жүрсе, ол адамның сөзіне көрік береді.

2 **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Ата-бабаларымыздың ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы (қасиетті байлығы) – мақал-мәтелдер.
2) Олар үлгі-өнегелік қызмет атқарады (Олардың үлгі-өнегелік маңызы зор).
3) Олар білім, адамның жағымды-жағымсыз мінездері, туған жер, ата-ананы сыйлау (қадірлеу) сияқты тақырыптарға арналған.
4) Олар адамның сөзін көркейтеді, байытады.
5) Мақал-мәтелдерде ақыл-кеңестер қысқартылып, ықшамдалып, түйінделіп жеткізіледі.

3 **Диалог үлгісі**

– Халық даналығының үлгісіне не жатады?
– Мақал-мәтелдер.
– Олардың атқаратын қызметі қандай?
– Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні зор.
– Мысал арқылы түсіндіріңізші.
– «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген мақал заман талабына сай. Себебі, күші көп адам күрессе, тек бір немесе екі-үш адамды ғана жеңуі мүмкін. Ал білімді адам, мысалы, компьютерлік технологияны білген адам жаңа бағдарламалар арқылы көп жеңіске жете алады.
– Мақал-мәтелдердің тағы қандай қызметі бар?
– Олар бейнелі сөздер арқылы адамның тілін көркейтеді, мағынасын кеңейтеді, үлгі-өнеге береді. Сол себепті де мақал-мәтелдерде тіл байлығының көрінісі жатады.
– Рақмет, мен де мақал-мәтелдерді жиі қолдануға тырысамын.

**Диалог үлгісі**
Образец диалога

**2-нұсқа**

1

**Балмұздақ**

Ескі бір шежіреде ертедегі грек қолбасшысы Александр Македонскийдің әрбір соғыстан кейін қарды балмен немесе жеміс шырынымен араластырып жегені айтылады.

Қар мен жеміс шырынын қосып жеуді тұңғыш рет шығыс елдерінің тұрғындары ойлап тапқан. Бұл елдерден итальян саяхатшысы Марко Поло балмұздақтың жасалу жолының түрлі әдістерін жазып алып қайтқан екен. Алайда ол кездері балмұздақты жасау әдісі өте құпия түрде сақталған.

Дүниежүзінің көптеген елдеріне балмұздақ дайындаудың жолы итальяндықтар мен испандықтардан таралған. 1676 жылы француз қаласы Пломбирьде тәтті тағамдар дайындайтын мамандар балмұздақтың жаңа түрін жасап шығарады. Осыдан бастап балмұздақтың бұл түрі сол қаланың атымен пломбир деп аталып келеді.

2

**Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Александр Македонский әр шайқастан соң қарға бал не жеміс шырынын қосып жеуді ұнатқан.
2) Қарға жеміс шырынын араластырып жеу алғаш рет шығыс халықтарының ойына келген.
3) Балмұздақты дайындау тәсілдерін Италия жиһанкезі Марко Поло әкелген.
4) Балмұздақтың осы түрін ойлап тауып әзірлеген Францияның Пломбирь шаһарының атымен аталған.
5) Мен пломбирлі, кілегейлі (шоколадты, мұзды, жемісті) балмұздақты жақсы көремін.

3

**Диалог үлгісі**

– Даңқты қолбасшы Македонскийдің нені ермек еткенін білесің бе?
– Жоқ.
– Ол әр жорықтан соң қарды балмен немесе жеміс шырынымен қосып жеуді ұнатыпты.
– Қызық екен.
– Ал қарды солай жеуді шығыс халықтары ойлап тапқан деседі.
– Балмұздақ жасау әлемге қалай тараған?
– Итальян саяхатшысы Марко Поло шығыс халықтарынан жазып әкелген. Ол кезде балмұздақ жасау әдістері жасырын болған екен.
– Сен пломбир деген балмұздақ атауының қайдан шыққанын білесің бе?
– Жоқ, оны білмедім.
– Ол балмұздақты Франциядағы Пломбирь қаласындағы мамандар ойлап тауып, дайындағандықтан, солай аталған екен.
– Рақмет, сенен көп ақпарат алдым.

**3-нұсқа**

1

**Ананас – тропиктік жеміс**

Ананас – көпжылдық шөптектес өсімдік. Ананастың отаны – Оңтүстік Америка құрлығы. Қазіргі кезде тропиктік аймақтарда өсіріледі. Бір қызығы, тропиктен шалғай жатқан Голландияда ананас өсімдігі жылыжайда өсіріледі. Ананас – жылу мен жарықты сүйгіш, құрғақшылыққа төзімді өсімдік. Ананастың жемісі өте дәмді әрі пайдалы. Ананас шырынындағы ферменттердің ас қорыту барысында пайдасы зор. Құрамындағы ферменттердің диеталық қасиеттері де бар. Ананас жемісінің тек жақсы піскенін ғана жеу керек. Себебі, піспеген жеміс ерін мен ауыз қуысын зақымдайды. Ананастың құрамында барлық дәрумендер мен көптеген минералды заттар бар. Ол қан қысымын төмендетуге және қан тамырларының қызметін жақсартуға қызмет етеді. Ананастың көптеген аурулардың алдын алуға тигізер көмегі де аз емес.

2

**Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Ананас – шөптұқымдас, жеміс беретін көпжылдық өсімдік.
2) Ананастың туған жері – Оңтүстік Америка материгі.
3) Ол тропиктік жерлерде өседі. Тропиктен алыс Голландияда ананасты жылыжайдан табасыз.
4) Ананас – жылуды, күн сәулесін сүйетін, сусыз жерге шыдайтын жеміс. Ананас – тәтті және пайдасы көп өсімдік.
5) Ананастағы дәрумендер мен минералды заттар қан қысымын реттеу мен қан тамырларының қызметін жақсартуға көмектеседі. Ол бірқатар сырқаттың алдын алуға жәрдемдеседі.

3

**Диалог үлгісі**

– Ананас – қандай жеміс?
– Ол жылы, жарық жерде жақсы өсетін, құрғақшылыққа шыдамды жеміс. Ананастың дәмі тәтті және жемісі шипалы.
– Ананастың құрамы туралы не білесіз?
– Оның құрамында дәрумендер мен минералды заттар мол. Бірақ ауыз қуысын бүлдіретіндіктен, оның тек толық піскен жемісін ғана жеу керек.
– Ананас жоғарылаған қан қысымын төмендетуге, қан тамырларының жұмысын реттеуге, ас қорытуға, көптеген сырқаттың алдын алуға жәрдемдеседі.

**4-нұсқа**

1

**Қажымұқан**

Қажымұқан жас кезінен өте күшті болған. Байдың малын бағып жүрген алып баланың күшіне ел таңғалады екен. Бірде қыстың аязды бір күнінде бала жігіт отынға барыпты. Шанаға жеккен аты қардан жүре алмай, мұзға тайғанап, аяғын сындырып алыпты. Қажымұқан атты шанаға көтеріп салыпты да, шанасымен ауылға өзі сүйреп келіпті. Содан бастап оның атағы елге жайылыпты.

Атақты палуан Франция, Германия, Қытай, Түркия, Польша елдеріне барып, өнер көрсеткен. Қажымұқан өмірінің соңғы жылдарын Оңтүстік Қазақстан облысында өткізді. Осы күнгі Ордабасы ауданы оның қартайған кездегі құтты мекені болды.

Қайда жүрсе де елдің құрметіне бөленген адам әрқашан бақытты.

2 **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Ол мықты, қайратты, қуатты болған.
2) Қажымұқан балалық шағында байдың малына қараған.
3) Қыстыгүнгі қатты суықта жас Қажымұқан отынға барыпты. Шанаға қосылған жылқысы мұзға тайғанап, аяғы сынып кеткен. Қажымұқан жылқыны шанаға көтеріп салыпты да, шананы ауылға өзі сүйреп келіпті.
4) Қажымұқан Франция, Германия, Қытай, Түркия, Польша мемлекеттерінде болып, күресіп, атағы шыққан.
5) Палуан кейінгі жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданында тұрды.

3 **Диалог үлгісі**

− Қажымұқан жас кезінде қандай болған?
− Ол денесі ірі, күші көп, мықты жігіт болған.
− Ол қалай палуан атанған?
− Қыста отынға барғанда мұзға құлап, аяғы сынған атын шанамен өзі сүйретіп ауылға әкелген. Оның күшіне сүйсінген жұрт «палуан» деп атап кетіпті.
− Қажымұқан қай жерлерде күрескен?
− Ол Франция, Германия, Қытай, Түркия, Польша мемлекеттерінде болып, олардың палуандарымен күресіп, жеңген. Атағы әлемге жайылған.
− Қажымұқан қай жерде тұрған?
− Ол кейінгі жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданында тұрған. Сол жердегі Темірлан ауылында оған арналған мұражай бар.

**5-нұсқа**

1 **Құмырсқалар**

Құмырсқалар – ең ұйымшыл жәндіктер. Олар топтасып өмір сүреді. Әулеттің басшысын ханшайым деп атайды. Құмырсқалар бір-бірімен мұртшаларын тигізіп амандасады. Бұл – басқа отбасы құмырсқаларын ажырата білу үшін жасалатын әрекет. Құмырсқалар жұмыртқадан пайда болады. Жұмыртқаларды ханшайым басып шығарады.

Әулеттегі әрбір құмырсқа негізгі бір жұмысты атқарады. Қысқа азық жиятын жұмысшы құмырсқалар, илеудің басында отырып, қауіп төнсе, хабар беретін күзетшілер, күнге қыздырынып, илеуге жылу таситын құмырсқалар, илеу жасайтын, құлаған жерін жөндейтін құрылысшы құмырсқалар бар. Әулетті жаудан қорғайтын жауынгер және жас құмырсқаларды күтіп, тәрбиелейтін күтуші құмырсқалар да кездеседі. Құмырсқалар жылына бір рет қанат бітіп ұшады. Бұл көктем кезінде болады. Бірақ кеш батқан соң, қанаттары түсіп қалады.

2 **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Құмырсқалардың ұжымшылдығы олардың топтасып тіршілік ететіндігінен көрінеді.
2) Әулетті басқаратын құмырсқаны ханшайым дейді.
3) Олар өз әулетіндегі құмырсқаларды өзгелермен шатастырмау үшін мұртшаларын тигізіп сәлемдеседі.
4) Әулеттегі әрбір құмырсқа негізгі бір еңбек түрімен айналысады.
5) Тамақ жинайтын, қарауыл, әскер, тәрбиеші құмырсқалар бар.

1 **Диалог үлгісі**

− Құмырсқалардың ерекшілігі неде?
− Олар әулетке бөлінеді. Әулетті ханшайым басқарады.
− Құмырсқалар ұша ма?
− Оларда жылына бір рет, көктемде, қанат бітіп ұшады. Бірақ кеш батқан соң, қанаттары түсіп қалады.
− Құмырсқалар қалай тіршілік етеді?
− Олар ұжымдасып өмір сүреді. Өздерін басқалармен шатастырмау үшін мұртшаларын тигізіп сәлемдеседі. Барлық құмырсқа жұмыстарын бірлесіп атқарады.
− Құмырсқалар еңбекті қалай бөліседі?
− Біреулері қысқа қор жинайды, екіншілері илеуді күзетеді, жаудан қорғайды, кейбіреулері үйді жөндейді, біразы бала тәрбиелейді, ханшайым жұмыртқа басып шығарады.

**Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмаларының дұрыс жауап үлгілері**
Блок Письмо. Образцы правильных ответов итоговых заданий

1 **Қорқыт ата**

Қорқыт ата – қазақ халқының ұлы ойшылы, ақын, күйші, келер күнді болжайтын көріпкел. Қорқыт оғыз-қыпшақ тайпаларынан шыққан. Ол кісінің туып-өскен жері – Сыр өзенінің жағасында орналасқан Жанкент қаласы.

Қорқытты анасы құрсағында үш жыл бойы көтеріп, босанған кезде, жер үстіне үш күн, үш түн қараңғылық орнап, нөсер жаңбыр жауып, қатты дауыл соғып, ел-жұртты қорқытқан екен деген аңыз бар. Содан болар, баланың аты Қорқыт атанып кетіпті. Қорқыт туралы ең алғашқы хатқа түскен айғақ – «Қорқыт ата кітабы». Қорқыт – қазақ үшін күй атасы, қобызын серік етіп, ел қамы мен халық тағдырын болжайтын көріпкел.

2 **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап**

1) Ол халқымыздың данасы, ақылшысы, күйшісі, жырауы, сәуегейі болған.
2) Қорқыт баба Сырдария бойындағы Жанкент қаласында өмір сүрген.
3) Анасы Қорқытты көтергеннен соң үш жылдан кейін босанған. Сол кезде айналаның бәрі үш тәулік бойы қараңғы болған. Қатты жаңбыр жауып, күшті жел тұрған. Халықты қатты үрейлендіріп дүниеге келгендіктен, Қорқыт деп ат қойған.
4) Ол жөнінде «Қорқыт ата кітабы» деген шығарма бар.
5) Қорқыт қобызын тартып, күйі арқылы музыка өнеріне үлес қосты, халықтың жағдайын ойлады, ұлт болашағын болжады.

3 **Диалог үлгісі**

− Қорқыт ата кім болған және қайда өмір сүрген?
− Қазақ халқының ұлы ойшылы, қобызшысы, ақылшысы болған. Сырдария бойында өмір сүрген.
− Оның атын неге Қорқыт қойған?
− Халық аңызы бойынша, анасы Қорқытты үш жылдан соң босанған. Ол дүниеге келгенде үш тәулік бойы күн шықпай, жер бетінде қараңғылық орнаған. Содан қорыққан халық оған Қорқыт деген ат беріпті.
− Қызық екен. Ондай аңыздарды қайдан білуге болады?
− «Қорқыт ата кітабы» деген еңбектен оқуға болады.
− Рақмет.

**Жазылым бөлігі. Қосымша берілген жаттығулардың дұрыс жауап үлгілері**
Блок Письмо. Образцы правильных ответов упражнений, данных в приложении

**1-жаттығу**

1) Жақында, қарашаның ортасында, халықаралық конференция өтеді.
2) Үлкен нағашым – анамның ағасы – күрестен спорт шебері.
3) Киви, ананас, долана (боярышник), лимон – бәрі қан қысымын түсіреді.
4) Осы ғимаратта, салауатты өмір салтын сақтау орталығында, «Денсаулық – зор байлық» атты семинар ұйымдастырылды.
5) Түсте, сағат екілерде, кездесуге уәде берді.
6) Бірнеше күннен кейін Әділханның, Қытайдан келген әншінің, концертіне барамыз.

**2-жаттығу**

1) Әкем де, анам да
2) Лимонмен; кивиде
3) күн мен түн
4) Құжат пен сызбаларды факспен
5) өмірімен; дамуымен
6) ықыласпен
7) Мақал-мәтелдерде

**3-жаттығу**

XXI-ғасыр, 14-қараша, VIII-сайлау округі, 1969-жыл.

**4-жаттығу**

− Жер қандай ғаламшар?
− Ыстығы мен аязы, суы мен құрғақшылығы бар, тірі организмдер мен өсімдіктер әлеміне бай планета.
− Күн, оның тоғыз ғаламшары қашан қалыптасты?
− Шамамен 4 миллиард 600 миллион жыл бұрын.
− Ал Жер қалай пайда болды?
− Тартылыс күші әсерінен бір орталыққа жиналған айналмалы газдар мен шаңның ғарыштық бұлтынан пайда болды.
− Жердің көлемі қандай?
− Юпитер планетасымен салыстырғанда, доптың жанындағы жаңғақтай өте кіші.

# ӘДЕБИЕТТЕР

**1.** ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».

**2.** ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».

**3.** ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».

**4.** ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

**5.** ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

**6.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 30 бет.

**7.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 бет.

**8.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 66 бет.

**9.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 108 бет.

**10.** З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 156 бет.

**11.** Preparation Course for the TOEFL Test, DEBORAH PHILLIPS, Pearson Longman, Education Testing Service, USA

**12.** IELTS with answers. Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007

**13.** Pamela J. Sharpe, TOEFL IBT Internet-Based test, Barrons Educational Series, NY, 2007

**14.** Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.

**15.** А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. – 384 бет.

**16.** М. Балақаев, А. Ысқақов, Т. Қордабаев, А. Хасенова. Қазақ тілінің грамматикасы. I Морфология, Алматы, 1967. – 264 бет.

**17.** Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамади, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. – 535 бет.

**18.** З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ Әбдірәсілов. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. – 156 б.

**19.** Ғ. Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы, 2002, – 191б.

**20.** Г.Қ. Рысбаева. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.

**21.** А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.

**22.** Н. Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. Алматы, 2007, – 454 б.

**23.** Н.Т. Сауранбаев редакциясымен, Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1954.

**24.** Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші-екінші-үшінші деңгей. Алматы, Арман-ПВ, – 2010.

**25.** Қ. Бектаев. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1999.

**26.** Ұ.А. Жанпейісова, Х.К. Мауленова. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік, Алматы, 1997.

**27.** Э.Д. Сүлейменова, А.М. Алдашева, Д.Х. Аканова, Ж.Б. Алдаш. Ресми-іскери тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, Алматы, 2005.

**28.** З.С. Күзекова, Т. Тұяқбаев. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық сөздік, Астана: Елорда, 1998.

Пішімі 210х275
Қәріп түрі «Arial»
Таралымы 5000 дана
Тапсырыс № 733

Дизайн және басып шығару «Ақарман-медиа» ЖШС
Астана қ-сы, К. Байсейітова к-сі, 114/2
тел. 28 96 67, 28 96  68

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

# ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

**A2** Базовый уровень / Базалық деңгей

**Қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралдар қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау емтиханына дайындалу үшін ұсынылады.**

Емтиханға дайындық нәтижелі болу үшін оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны төмендегідей берілген:

• тіл қолданушыға бастапқы бағыт ретінде әр сөйлеу әрекетінің түріне қысқаша шолу жасалынған;

• қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін алдын ала тест ұсынылады;

• тілдік дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бөлік бойынша тест тапсырмаларына талдау жасалынып, дұрыс жауапты анықтау тәсілдері берілген;

• тілдік дағдыларды шыңдау үшін қорытынды тест ұсынылады;

• қосымшада қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес жаттығу тапсырмалары мен анықтамалық ақпарат берілген;

• сондай-ақ қосымшада тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері мен аудиожазбалардың мәтіндері қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралдарға **CD-дискіде** қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес Тыңдалым және Жазылым бөліктерінің аудиожазба мәтіндері қосымша беріледі.

**Емтиханды сәтті тапсыруға тілектеспіз!**

**Учебно-методические пособия по пяти уровням владения казахским языком рекомендованы для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком.**

Для эффективности подготовки предложено следующее содержание:

• в качестве экскурса дана краткая характеристика каждого вида речевой деятельности;

• для определения своего уровня владения казахским языком предложен предварительный тест;

• с целью формирования речевых навыков приведен подробный анализ достаточного количества тестовых заданий по каждому блоку, в ходе которого предложены способы определения правильного варианта ответа;

• для закрепления речевых навыков предлагается итоговый тест;

• в приложении даны тренировочные упражнения и необходимая для определенного уровня справочная информация;

• ключи правильных ответов тестовых заданий, тексты аудиозаписей, материалы самопроверки также приведены в приложении.

К учебно-методическим пособиям прилагаются **CD-диски** с аудиозаписями текстов по блокам Аудирование и Письмо, соответствующими уровню владения казахским языком.

**Желаем успешной сдачи экзамена!**

Қарапайым, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер үшін келесі оқу-әдістемелік құралдар ұсынылады:
Для элементарного, среднего, уровня выше среднего и высокого уровней предлагаются следующие учебно-методические пособия:




ISBN 978-601-7185-45-9




ISBN 978-601-7185-47-3




ISBN 978-601-7185-48-0




ISBN 978-601-7185-49-7